

**СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

**ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА**

**Зәки Ахметовтің туғанына 95 жыл толуына орай
«ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» атты**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

I бөлім

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Республиканской научно-практической конференции на тему

**«НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ ЗАКИ АХМЕТОВА И
НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ»,
в честь 95-летнего юбилея Заки Ахметова**

Часть I

COLLECTION OF MATERIAL

Republican scientific and practical conference on the topic

**«SCIENTIFIC HERITAGE OF ZAKI AKHMETOV AND
NATIONAL VALUES»,
dedicated to the 95th anniversary of Zaki Akhmetov**

Part I

Өскемен - Усть-Каменогорск, 2023

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз.)
Н 34

Бас редактор:

Төлеген Мұхтар Әділбекұлы,
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы – ректор,
профессор, PhD

Бас редактордың орынбасары:

Ровнякова Ирина Владимировна,
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасының орынбасары -
стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, п.ғ.к.

Редакция алқасы:

Алимбекова Нурлана Бауржановна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің
инновациялық даму және коммерциаландыру департаменті директоры;
Шарапиева Гульнур Даулетхановна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғылым
және ғылыми жобаларды коммерциализациялау бөлімі жетекшісі;
Адиқанова Салтанат, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің IT және
жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің деканы, PhD;
Оразалин Слямбек Калибекович, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің
гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, т.ғ.к.;
Куленова Гульнара Борисовна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің педагогика
жоғары мектебінің деканы, мед.ғ.к.;
Апышева Асель Ануарбековна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің экономика
және құқық жоғары мектебінің деканы, э.ғ.к.;
Ислямова Сара Аскарловна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Берел»
баспасының директоры

Н 34 «Зәки Ахметовтің ғылыми мұрасы және ұлттық құндылықтар» атты Респуб. ғыл.-тәжір. конф.
матер. жинағ. = Сб. матер. Респуб. науч.-практ. конф. на тему «**Научное наследие Заки Ахметова и
национальные ценности**». – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2023. – 365 б.
– I бөлім.

ISBN 978-601-314-702-4

Жинақта «Зәки Ахметовтің ғылыми мұрасы және ұлттық құндылықтар» атты Республикалық
ғылыми-тәжірбиелік конференциясының материалдары жинақталған. Мақалалар Зәки Ахметов және
әлемдік әдебиеттанудың даму бағыттары; тіл білімінің теориясы, тарихы және өзекті мәселелері; қоғамдық
ғылымдар және бүгінгі рухани-адамгершілік даму; қазіргі ұлттық білім беру жүйесі: дәстүрлер,
құндылықтар және инновациялар саласындағы зерттеулерге арналған.

В сборник включены материалы Республиканской научно-практической конференции «Научное
наследие Заки Ахметова и национальные ценности». Статьи посвящены Заки Ахметов и направления
развития мирового литературоведения; Теория, история и актуальные вопросы языкознания;
общественные науки и современное духовно-нравственное развитие; современная национальная система
образования: традиций, ценности и инновации.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз.)

ISBN 978-601-314-702-4

© С. Аманжолов атындағы ШҚУ, 2023

ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

ЗАКИ АХМЕТОВ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ МИРОВОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ

УДК 37.10

КЛАССИЧЕСКИЙ И СОВРЕМЕННЫЙ ТЕКСТ В ТЕОРЕТИЧЕСКОМ ПРОЧТЕНИИ АКАДЕМИКА ЗАКИ АХМЕТОВА

Ананьева С.В.

к.ф.н., зав. отделом международных связей и мировой литературы
Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова
г. Алматы, Казахстан

Теоретическое наследие академика З. Ахметова актуально переосмыслить через современную теорию культуры, сравнительную поэтику. Круг литературной, научной деятельности и окружающее интеллектуальное пространство являются важными факторами становления личности ученого, формирования научного мышления, метода и стиля. Литература, стихосложение, поэтика художественного текста были для Заки Ахметовича не только объектом его научных интересов, они стали, по праву, путеводителем в духовный мир человека.

Бережное и внимательное перечитывание исследований известного ученого приводит к осмыслению того, как расширение этнокультурных и языковых контактов позволяет выводить научные гипотезы и их подтверждение на уровень мировой филологической науки.

Академик НАН РК З. Ахметов научной биографией и творческим наследием олицетворял связь между казахстанской и российской филологической науками. И, думаю, что станет объектом дальнейших научных исследований отечественных литературоведов.

Широкое признание получает литературовед З. Ахметов после выхода в свет в 1954 году книги «Лермонтов и Абай», в которой не только глубоко осмыслены процессы творческого восприятия Абаем произведений русских классиков, особенно М.Ю. Лермонтова, но и впервые четко определен круг переводов Абая, устранены имевшие место неточности. Абаеведение стало призванием для молодого ученого.

Глубокая эрудиция, классическая литературоведческая подготовка, умение сформулировать и обозначить определяющие тенденции литературного процесса отражены в монографиях «Казахское стихосложение» (1964), «О языке казахской поэзии» (1970), «Теория поэтического искусства» (1973), «Современное развитие и традиции казахской литературы» (1978), «Поэтика эпопеи “Путь Абая” в свете истории ее создания» (1984), «Поэтический мир Абая» (1995) и в учебном пособии «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» (1997).

«Самого положительного отзыва», по словам академика В.М. Жирмунского, удостоилась докторская диссертация З.А. Ахметова «Казахское стихосложение» (1965). Ее автор использовал «большие знания зрелого и самостоятельного ученого как в области родной ему казахской литературы и фольклора, так и в обширной научной общей и тюркологической библиографии предмета его исследования».

В монографии «Абайдың ақындық әлемі» [1] З. Ахметов определяет авторство ряда произведений, ранее переведенных Абаем, исследуя его творчество в тесной связи с предшественниками и продолжателями поэтических традиций (Магжан, Шакарим, Султанмахмут). Стремление приобщиться к мировой культуре, созвучность с русской классикой, совершенствование личности – ведущие мотивы лирики Абая. Тема духовного одиночества роднит его поэзию с русской классикой. Переводы из Пушкина, Лермонтова, Крылова, Бунина, Полонского... Так, известны несколько вариантов перевода монолога Ленского из «Евгения Онегина» А. Пушкина. Перу великого казахского поэта принадлежат переводы «Думы», «И скучно, и грустно», «Молитвы», «Вечера», отрывков из «Вадима», «Демона», «Мцыри» М.Ю. Лермонтова.

За монографию «Современное развитие и традиции казахской литературы» в 1980 году З. Ахметов удостоен премии имени Ч. Валиханова I степени АН КазССР. За цикл работ по изданию и научному изучению творческого наследия Абая ему присуждена Государственная премия РК за 1996 год в области литературы, искусства и архитектуры.

Взгляд М.О. Ауэзова на историю казахского народа и литературу опирался на социальный опыт новой исторической эпохи, пробудившей в начале XX века общественное сознание передовой части казахского народа, выдающихся деятелей литературы, культуры и общественной мысли А. Букейханова, А. Байтурсынова, М. Дулатова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева и др. Мухтар Ауэзов глубоко осознавал устремленность творчества Абая в будущее, историческую прозорливость великого поэта и мыслителя. Первоначальный вариант (роман из трех книг) трансформировался в четырехтомную эпопею, посвященную историческому прошлому казахского народа. З. Ахметов пишет: «Углубленное исследование эпохи Абая дало возможность Ауэзову яснее видеть современную жизнь, ее сложности и противоречия и, наоборот, причастность к современной идеологической борьбе и хорошее знание взаимоотношений людей помогали глубже осмыслить события истории. В роман-эпопею вошло многое, что было выношено и выстрадано писателем в его нелегкой жизни. Но самое важное здесь состоит, пожалуй, в том, что непоколебимая вера Абая в правду и справедливость отражает и жизненную позицию самого Ауэзова» [2, с. 7].

Интерес мировой науки и общественности к казахской литературе и искусству, к творчеству М.О. Ауэзова, одного из выдающихся мастеров художественного слова XX века, и его бесценному духовному наследию, как провидчески подчеркнул Заки Ахметов, выступая на юбилейных торжествах, посвященных 100-летию со дня рождения классика казахской и мировой литературы, отмечаемых под эгидой ЮНЕСКО в 1997 году, «несомненно, будет возрастать» [3, с. 53].

Мы являемся свидетелями того, как М.О. Ауэзов продолжает шествие по планете. Международный научный симпозиум «М.О. Ауэзов и духовное возрождение нации», проведенный Институтом литературы и искусства имени М.О. Ауэзова в год 120-летия со дня его рождения, стал событием в ряду компаративистских исследований творчества М.О. Ауэзова. В Международном форуме приняли участие литературоведы Беларуси, Великобритании, Кыргызстана, России, США, Татарстана, Турции, Узбекистана, высоко оценив вклад казахского прозаика в мировую культуру. Международные научные симпозиумы в 2022 году в Алматы, Лейдене (Нидерланды), Семее, Шымкенте и других городах, новые переводы произведений М.О. Ауэзова на английский, белорусский, татарский и другие языки раскрывают новое в прозе, драматургии, публицистике классика казахской и мировой литературы.

Увидели свет новые издания романа-эпопеи М.О. Ауэзова «Путь Абая» в Минске, в переводе на белорусский язык М. Позднякова. «Шлях Абая» М.О. Ауэзова издан по инициативе Посольства Республики Казахстан в Беларуси. Заки Ахметович посетил Минск осенью 1997 года. И в средней школе имени М.О. Ауэзова в городе Минске, расположенной на улице имени М.О. Ауэзова, в школьной библиотеке хранится монография З. Ахметова «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова».

Сборники повестей М.О. Ауэзова в новых переводах на английский, татарский языки изданы в Нью-Йорке, Лондоне, Казани...

Незавершенное, неопубликованное возвращается, спустя десятилетия, и включается в научный оборот. Незавершенное как феномен творческой практики всесторонне рассматривает главный редактор журнала «Вопросы литературы» И. Шайтанов. Монография «Незавершенное. Феномен творческой практики», изданная Уральским университетом, посвящена теории литературы как «способу познания поэтики и современного художественного мышления» [4, с.3].

У З. Ахметова остались, следуя логике современных исследователей, тексты на уровне замысла, фрагменты неоконченного... Жизнь Заки Ахметовича трагически оборвалась. Но светлый облик известного ученого-литературоведа, его книги и монографии, коллективные труды под его научным руководством будут востребованы новыми поколениями ученых Казахстана, литературоведов и гуманитариев. Выстраивать слова, строго придерживаясь стиля; погружаться в поэтические лабиринты; изучать конкретные связи литератур, относящихся к разным национальным культурам; оперировать современными подходами и исследовательскими приемами Заки Ахметович мог блистательно. Отсюда – признание его высочайшей образованности и компетентности в вопросах истории и теории литературы, профессионализма и творческой одаренности.

Литература

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 с.
2. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы: Санат, 1997. – 288 с.
3. Мамраев Б., Ананьева С. Юбилейная сессия Общего собрания МН – АН РК «М. Ауэзов – великий писатель и гуманист XX века» // Ананьева С. Встречи, которые выбрали нас. – Алматы: Школа XXI века, 2004. – С. 51-56.
4. Незавершенное. Феномен творческой практики (И. Шайтанов) // Вопросы литературы. – 2022. – №1. – С. 298-303.

**ПРОБЛЕМА ЦВЕТА В РОМАНЕ А.И. ЕГОРОВА
«ТАЕЖНЫЙ ЗАТВОРНИК»**

Арзамаскина П.Ю., Бердюгина К.В.

Научный руководитель: Сидихменова Т.И., сениор-лектор,
кандидат филологических наук

ВКУ имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: arzamkinapolina@gmail.com, xenia.b13@mail.ru

Нравственные проблемы публицисты, как правило, связывают с экологическими проблемами. Тема отношения человека к окружающей среде сегодня особенно актуальна. Бережное отношение человека к природе нужно воспитывать с детства. Отец А.И. Егорова был охотником и часто брал его с собой, что и произвело на мальчика большое впечатление и отразилось в его творчестве.

Егоров Александр Иванович родился 10 апреля 1926 года в селе Кутиха, Зырянского района.

А. Егоров назвал свой роман робинзонадой. В основе сюжета романа история 15-летнего мальчика, вынужденного выживать самостоятельно в тайге. Теперь этого подростка знают, как автора замечательных рассказов и романов о настоящих людях - сибиряках, о великолепной Алтайской природе.

«Таежный затворник» - автобиографическая книга о детстве А. Егорова наполненная реальными событиями того времени и достоверными описаниями местности, а именно природы Кутихи. Уже, будучи писателем, автор как-то сказал: «...с детских лет меня зазывно, неудержимо влекли к себе лес и горы родной мне Тургусунской округи. Помню, всегда ходил по таежной тропе счастливый и восторженный, будто окружили меня не знакомые места, а совершенно новые, никогда не встречавшиеся мне деревья и травы сказочного мира, и я готов был целовать каждую былинку, каждый цветочек, как диковинную невидаль, как прекрасное порождение волшебства. И мне казалось, что горы, одернутые иссиня-зеленой роздымью осин и берез, осыпанные прочесанными стрелами вороненых пихт, всегда ласково глядели на меня и сияли в солнечной материнской улыбке» [3; с. 4-5]. Таким образом, уже с первых страниц произведения мы ясно видим выраженный взлет «природности».

Описание окружающей природы начинается с самого начала романа. Автор описывает местность, способную потрясти своей красотой. Особое внимание уделяется деревьям, поскольку леса играют ключевую роль в жизни самого автора. Через описание природных явлений, таких как перепады температур, автор приобщает читателя к тяжелой жизни «затворника» в тайге.

Методологической основой нашей работы являются работы С.Д. Абишевой.

Мир природы – это своего рода мир глазами автора, или как в своих трудах пишет С.Д. Абишева: «...это особое видение природы, характерное для творчества поэта, имеющее свои художественные закономерности развития и воплощения» [1; с. 145].

Тайга оплодотворяется как место, где он сам нашел покой и смысл жизни. В произведении одну треть текста занимает описание леса, реки, гор.

Цветовая гамма в произведении «Таежный затворник» насыщенная и разнообразная. В самом начале произведения идет описание осенней тайги, а значит, преобладают в описаниях яркие и насыщенные цвета: «...Березы прихваченные первыми заморозками приближающейся осени, светились чистым червонным золотом; багрянцем и притушенным пестрым пурпуром пылали кусты рябины, черемушника и осинника; и на этом светлом и ярком зареве привядшего леса особенно четко выделялись черно-зеленые, острозубые гребешки пихтачей». «Солнце уже подожгло снега южных склонов лесистых гор в ровное розовато-алое пламя. Правда, в самом речном ущелье, узком, по-змеиному извилистом, сжатом с двух сторон высоченными хребтами, все еще стыл прозрачный, голубоватый сумрак» [3; с. 16-23]. В романе мы насчитали более тридцати пяти оттенков и цветов, из которых двадцать пять являются наиболее яркими «...пыхнули пурпурно-розовыми, фиолетово-алыми свечами длинные метелки иван-чая», «На противоположной стороне высился коричневый утес, сплошняком упятнанный крупными листьями бадана – красными, бордовыми, розовыми, зелеными» [3; с. 39-42].

Образ природы представляет собой символ, передающий определенную концепцию. Изображение цветущей весны может обозначать возрождение и обновление жизни. Например: «Горы, облитые пурпурной соковицей, млели в яром пожарном зареве. А затененная еще широченная пола Канайки дыбилась сочно-черной щетиной уремного пихтача» [3; с. 30].

Еще одним важным аспектом изображения природы в художественном произведении является ее эмоциональное воздействие на героя. Например, темные облака, гром и молнии могут создать атмосферу страха и тревоги. «...куда убежал его синеватый след...», «...в белесом снежном сееве нечего не было видно» [3; с. 71-72].

Кроме того, образы природы в романе, фактически становятся героями произведения наравне с людьми. Море, лес или горы могут стать центральными персонажами книги. «Черные до этого дальние горы высветились, точно вырядились во все белое, свадебное», «Казалось, весь мир был сегодня в ватных комьях и серебряных кружевах» [3; с. 105]. Горы как невесты готовятся к новому этапу своей жизни.

Описание летней тайги не отличается от осенней, автор продолжает описывать рассветы и закаты, сама же тайга предстает перед нами цветущей, зеленой, местами темной и яркой: «Горы, облитые пурпурной соковицей, млели в яром пожарном зареве. А затененная еще широченная пола Канайки дыбились сочно-черной щетиной уремного пихтача... Серые, желтоватые, красновато-коричневые камни громоздились то здесь, то там...». «...сахарно-золотистыми, комьями светиться по мочажинам лабазник, буйно вспениваются высоко взметанные белые шляпки и светло-зеленые, крапистые окатыши...». «...любуюсь темным разливом хвойного леса на гривах Кедровки, яркой россыпью цветущих трав, живописным разбросом крупных бадановых листьев на утесе, игрою солнечных зайчиков в водоворотах плеса» [3; с. 30-40]. Как и в предыдущих

пейзажах, автор использует в метафорах цветовые характеристики, стремится передать оттенки.

Зимние пейзажи ассоциируются автором с тяжелым периодом ВОВ. Краски обретают новый смысл: «Белее белого выглядели снежные шапки на лапах пихт, стволы берез. Красновато-сизые стволы хвойных великанов, окрапленные гирляндами подтеков золотисто-зеленоватой смолки...». «Над головой, куда колонной дыбились сизые, бурые, красноватые стволы пихт, темно-зеленым шатром мохнатилась хвоя» [3; с. 186-193]. Трагизм происходящего передается через цветовые контрасты. На белом фоне мы видим красные и бурые пятна стволов, по которым стекает как кровь золотисто-зеленоватая смола.

Художественный мир Егорова органичен и целостен, «...целостность выступает не как организующий принцип, навязывающий элементам произведения схему их организации, так сказать, идею порядка, а как нечто имманентно присущее этим элементам в их совокупности, точнее внутренне присущее процессу и энергии их взаимодействия» [2; с. 44].

Важное место в тексте произведения занимают метафоры: «Пихтовые пади сиверов еще выстуживались в льдистом мраке утра, и зубчатые ряды колючих хвойников выглядели тусклыми, а не иссиня-черными, как днем, будто они за ночь поседели и набросили на себя дымчатую сивость. А макушки задних, южных, горных гребней и куполов всходящее солнце уже лизнуло, и они, облитые жаром, млели в чистом пламени, как раскаленное докрасна железо» [3; с. 190]. Метафоры, как правило, динамичны, о чем свидетельствует обилие глаголов - выстуживались, поседели, набросили, выглядели, млели. Именно эти глаголы позволяют писателю показать переливы и живое движение цветовой палитры.

Автор использует сравнения, в романе он сравнивает лог с языком: «И лог этот, сдавленный с двух сторон березняком и хвойной чернью, похож был на длинный серебряный язык...» [3; с. 24]. Мы встречаем сравнение тропы с ручьем: «...и тогда проторенная в снегу тропа виделась ему хорошо, как синий, бегущий между кустов ручей» [3; с. 81]. Снежинки сравниваются с бабабульками - бабочками. «Снежинки сперва порхали на ветру этакими крохотными, бабабульками - бабочками, мотались то вверх, то вниз...» [3; с. 131]. В основе сравнений лежат цветовые характеристики объектов сопоставления.

В романе "Таежный затворник" А. И. Егорова образы заката и рассвета имеют символическое значение для главного героя - Семена.

Закат - это символ конца чего-то, ухода в прошлое. Герой видит много закатов в своей жизни - это закат крестьянской жизни, закат традиционных ценностей. Закат - это тоска, разочарование, отчаяние. «А кромка восточного горизонта неба, как бы притаив, уже млела в голубом отсвете: оттуда скоро выплывет луна... Темнота пугала и настораживала» [3; с. 18]. Неслучайно закаты пугают Семена, он опасается конца собственной жизни.

Напротив, рассвет - это символ нового дня, новой возможности и новых надежд. Это солнце восходит после ночи тьмы и холода, дарующее жизнь и надежду. Главные герой романа, перед восходом солнца и новым днем испытывает чувство надежды и обновления. Рассвет - это возрождение жизни. Например: «Верхняя часть хребта уже тоже полыхала там от солнца розовым заревом» [3; с. 48].

Поэтому, образы заката и рассвета в романе "Таежный затворник" имеют знаковое значение для персонажей. При описании закатов преобладают холодные оттенки, а рассветов - теплые.

Рысь в романе представлена как бравое и сильное животное, которое способно выживать в условиях жестокой природы. Она обладает быстрым рефлексом, острым зрением и слухом, что позволяет ей охотиться и избегать опасности.

Нападение рыси в романе "Таежный затворник" А.И. Егорова играет важную роль в развитии сюжета и демонстрирует трудности, с которыми герой сталкивается, выполняя сложное поручение и делая мгновенный выбор между жизнью и смертью: «В страшной своей борьбе они все ниже и ниже скатывались по лыжне, оставляя за собой бордовые пятна и брызги крови» [3; с. 194]. Окрас самой рыси, а также оттенки ее кровавого следа составляют общий цветовой фон произведения, в котором доминируют красные, бордовые цвета и их оттенки.

Из вышесказанного, можно сделать следующие выводы:

1. Цвет является органической частью характеристики образов: людей, животных, природы в романе А.И. Егорова «Таежный затворник»;
2. Цветовая палитра влияет на эмоциональное состояние героев, выражает такие чувства, как тревога, страх, радость;
3. Автор при написании романа использует цветовые образы, как основу при создании метафор, эпитетов и сравнений.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Абишева С.Д. Мир природы в поэтической системе (история и теория вопроса) // Алматы. Алматинский Гос. У-нт им. Абая, 2002. – 268 с.
2. Гиршман М.М. Литературное произведение как художественная целостность. Истоки, основное содержание, понятия //Караблев А.А. Донецкая филологическая школа. Опыт полифонического осмысления – Донецк, 1997. – С. 39-47.
3. Егоров А.И. Испытание: Диалогия. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2005. – 424 с.

ӘОЖ 8.80

ӨМІРІ ТҰНҒАН ӨНЕГЕ

Әбдіғазиев Б.Ә.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Алматы қ., Қазақстан

Тарих көшінде әрбір ұрпақтың өз жүгі, өзіндік үлесі болары сөзсіз. Әріге бармай-ақ, жиырмасыншы ғасырдың шытырман-шырғалаңы аса мол болғанын еске алғанда сол заманды бастан кешірген ұрпақтар буынының өмірдің әр саласында да соншалықты қайсар, еңбекқор, жан-жақты талантты болғанын байқаймыз. Оның айқын мысалын ардақты Алаш арыстарының ізгі жолын ілгері оздырып,

халқымыздың жаны мен жүрек тынысы саналатын ұлттық әдебиетіміздің батпан жүгін арқалаған, күні кеше ғана ортамызда жүрген С.Қирабаев, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин, З.Ахметов сынды асыл ағаларымыздың өмір жолынан іздесек те болады. Олардың қай-қайсысы да өмірде жаны таза азамат бола білудің, адал еңбек етудің, талмай ізденудің, тамаша ғалым, қажымас қайраткер болудың, ең бастысы өмірімен де, ісімен де замандастарына, келешек ұрпақтарға ұстаз болудың ғажайып үлгісін көрсетті.

Өмір жолдары өшпес өнегеге толы осынау жандардың алдын көріп, ұстаздық ұлағатын сезіну, адами және рухани дәрісін алып, сан түрлі орталардағы салихалы сөздерінің нәрлі нұрын санамызға сіңіру, ізбасар шәкірт болу бақыты біздің ұрпақтың маңдайына бұйырғанын айрықша атап өткім келеді. Осынау асыл ұстаздардың әрқайсысы біз үшін өмірде де, еңбекте де, ғылымда да, тіпті әрбір басқан қадамымызда десек болады, айрықша мектеп болды дер едім.

Зәки аға Ахметов - міне осы саптағы ұлағатты ұстаздарымыздың бірі. Жиырма үш жасында Мәскеудің марғасқа ғалымдарының ортасында ғылыми диссертациясын абыроймен қорғап, ғылым кандидаты атанған Зәки ағаның жиырмамыншы жүзжылдықтағы ұлттық әдебиеттану ғылымымыздың соңғы жарты ғасырлық тарихына, оның өсуі мен өркендеуіне таудай-таудай үлестерін қосқан талантты ағаларымыздың тобындағы орны айрықша еді. Оның бүкіл өмір жолы, ғалымдық, ұстаздық өмірбаяны өз елінің академиялық іргелі ғылымының шежіресімен астасып, астарласып жатты. Замандасы академик З.Қабдоловтың сөзімен айтқанда, ол «... осынау ұлы өнерге қосылған жолаушы емес, осы өнер үшін тура құдай жаратқан тума талант» еді. (З.Қабдолов. «Өмірі-үлгі, өнері-өнеге» // «Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері». А.: Үш қиян, 2003. 25 б.)

Академик Зәки Ахметов ең алдымен өзінің артына мол шығармашылық, ғылыми-зерттеу мұрасымен қоса бүгінгі және келешек ұрпақтарға ұлтымыздың рухани асыл қазыналарына деген айрықша құрмет, ғылымға адалдық, адами тазалық тәрізді ұлағатты үлгісін қалдырып кетті.

Ол ең алдымен өзінен кейінгі ізбасар шәкірттерінің ортасына ұстаздық жолдың қадір-қасиетін ұқтырып, **ұстаз бола білудің өлмес өнегесін** көрсетіп кетті. Өзі де өмірінің көп жылдарын студент аудиториясында дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеуге арнады. Жоғары мәртебелі білім ордасы - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында кафедра меңгерді, факультет басқарды. Еліміздегі жоғары білім беру саласының іргетасын бекітуге, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыру мен басқару ісіне мол үлесін қосты.

Сонымен қатар әдебиетші ғалымдар тәрбиелеуде, ғылыми зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасауда да ғалым аға ұлағатты ұстаз екенін танытты. Зәки Ахметұлының жетекшілігімен қорғалған бірнеше докторлық, ондаған кандидаттық диссертация осының айғағы. Мұның сыртында ғалым ағаны рухани ұстаз тұтатын, ғылым жолындағы жолбасшысы деп сезінетін сансыз шәкірттер тобы және бар.

Академик Зәки аға Ахметовтың **өмірлік өнегесі ретінде ең алдымен еңбекқорлығын, белсенді азаматтық позициясын, айрықша жігері мен ұйымдастырушылық талантын атап айтар едім**. Қазақ әдебиеттанушы ғалымдарының ішінде алғашқыларының бірі болып 23 жасында кандидаттық, 37

жасында докторлық диссертация қорғаған ол ғылым атты тұңғық қазынаның тереңіне үңіліп, сырын зерделеуді, сол арқылы халқының рухани ой-парасатының айдынын кеңейте түсуді о бастан-ақ өз өмірінің мәні деп түсінді. Сол себепті де әрдайым төл әдебиетіміздің тарихы мен теориясы төңірегінде атқарылар істердің басы-қасында жүрді.

Академик Зәки Ахметов өмірлік өнегесінің түп тамыры оның руханият саласындағы айрықша **көшбасшылық талантынан** бастау алса керек.

Ең алдымен ол еліміздегі іргелі **гуманитарлық ғылымдар саласын ұйымдастыру қызметінде көшбасшы** болды. Ол алғашқы күннен бастап-ақ республикамыздағы ғылым ісін ұйымдастыруға белсене араласты. Ғалымның жарты ғасырдан аса өмірі қазақтың Ұлттық ғылым академиясымен ажырамас бірлікте өтті. Республика Ғылым академиясының вице-президенті ретінде өзінің білгір де білікті жетекшілік талантын танытты. Ұзақ жылдар бойы Ғылым академиясының Төралқа мүшесі, докторлық диссертациялар қорғалатын кеңестің төрағасы болды. Өмірінің соңғы күніне дейін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының белді бір бөлімін басқарды. Республика ғылымына еңбегі сіңген қайраткер атанды, академияның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығын иеленді, Республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды, түрлі үкімет наградаларымен марапатталды. Абай мұраларын зерттеудегі еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Академик Зәки Ахметұлы – **қазақ ұлттық өлеңтану саласының негізін** қалаған көшбасшы тұлға еді. Ғалым қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ өлеңінің көркемдік табиғатын, даму ерекшеліктері мен құрылымдық сипатын аша зерттеудің ғылыми жүйесін алғаш рет жасап берді. “Қазақ өлеңінің құрылысы” деген тақырыпта қорғалған докторлық диссертациясы, “Казахское стихосложение” (1964), “О языке казахской поэзии” (1970), “Өлең сөздің теориясы” (1973), т.б. еңбектерінің қай-қайсысы да Зәки Ахметұлының өлең сөздің теориясын негіздеудегі тамаша жетістігін паш етті, қазақ әдебиеттану ғылымына өлшеусіз үлес болып қосылды.

“Современное развитие и традиции казахской литературы” (1978), “Дружба народов - дружба литератур”(1982), “Әдебиеттану терминдерінің сөздігі” (1996, 1998) атты еңбектері оның әдебиет теориясы атты күрделі ғылымның көшбасындағы көрнекті маманы ретіндегі еңбегіне берілер биік бағаның ақиқатын айқындап берді.

Ал академик Зәки Ахметұлын елімізден тысқары аймақтарға мәшһүр еткен, халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі дәрежесіне көтерген еңбектері, түрлі халықтар әдебиеттері арасындағы сабақтастықты, сол арқылы бауырлас елдер байланысын зерделеген ғылыми зерттеулері мен қоғамдық, азаматтық қызметі туралы сөз өз алдына бөлек әңгіме.

Академик З.Ахметовтың өмірлік асыл **өнегесінің бірі – оның ғылымға адалдығы, өзінің зерттеу тақырыбына деген мейлінше ұқыптылығы мен тазалығы.** Соның айғағындай, ғылымдағы алғашқы қадамына негіз болған ұлы Абай шығармашылығы және М.Әуезов мұралары академик ғалымның бүкіл өмір бойғы шығармашылық, зерттеушілік жолының темірқазық өзегіне айналды. Осы

тұрақтылық пен адалдықтың нәтижесінде академик ғалым Абайтану мен Әуезовтану ғылымының көшбасшылары санатынан өзінің биік орынын алды.

Зәки ағаның ұлағатты ғалымдық жолының мәртебесін биіктете түсетін еңбектерінің еңселі саласы осы Абайтану мен Әуезовтану бағытындағы зерттеулері болды. Ұлы Абайдың ақындық әлеміне көз жіберіп, сол арқылы қазақ өлеңінің өсу-өркендеу эволюциясын пайымдау, бүгінгі қазақ поэзиясының көркемдік биігін саралап беру арқылы Зәки Ахметұлы ұлттық ғылымымыздың Абайтану атты арналы саласының қазыналы қорын біршама байыта түсті. Ал Абай арқылы Әуезов әлемін ашуда Зәкең өзінің ғалым ретінде әбден кемеліне келгенін, қазақтың маңдайына біткен өр Алтайының биік асқарына шыққандай асқақ дәрежеге иек артқанын дәлелдеді.

Академик Зәки Ахметұлының басшылығымен жарық көрген Абай шығармаларының жинақтары, басқа да монографиялық зерттеулер, ғалымның әлемнің әртүрлі елдеріндегі мәртебелі мінбелерден жасаған баяндамалары мен алуан тілде жарық көрген ғылыми зерттеулері мен мақалалары ғалым еңбегінің қазынасын молайта түскені сөзсіз.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында ұзақ уақыт кеңестік жүйенің құрсауына жазықсыз шырмалып, қапаста жатқан Алаш арыстарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысына белсене қатысып, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбектер жайында зерттеу мақалалар жазған Зәки ағаның ұлттық мұраларымызға жанашырлықпен қарап, құндылықтарымызды ұлықтауға деген айрықша құлшынысы да оның руханиятқа, ғылымға адалдығының айқын мысалы еді.

Зәки ағаның өмірінің тағы бір өнегелі сипаты **ұлттық ғылымның мүддесін бәрінен де жоғары қоятындығы еді. Сол жолда қашанда мәдениеті** жоғары, кішіпейіл, кімге де болса көмек беруге дайын тұратын жаны таза адам болатын. Ғылыми ізденістер кезінде кеңес алу, диссертация қорғау төңірегінде Зәки ағамен пікірлесу аса пайдалы әрі әр сәті есте қаларлықтай әсерлі болатын. Үлкенді де, кішіні де жылы қабылдап, жан-тәнімен бағыт-бағдар беретін.

Замандасы академик Серік Қирабаевтың сөзімен айтқанда: «Зәки адамдық болмысы да биік, адал, кеңпейіл азамат еді. Ең алдымен ол ғылымға адал болды. Ғылымда оңай атақ алуға құмарлар көп болады ғой. Зәки ондайлардың бәріне сенімсіздікпен қарайтын, біреудің сыбырлауына бола ғылымды сатпайтын». (С.Қирабаев. «Академик Зәки Ахметов туралы сөз» // «Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері». А.: Үш қиян, 2003. 23 б)

Зәки ағаның өмірінің өнеге тұнған ұлағаты ең алдымен оның ішкі-сыртқы мәдениетінен, өмірлік ұстаным-қағидаларынан, өз ортасындағы адами қарым-қатынасынан, жұмсақ та жайлы мінезінен байқалатын. Қашанда мұнтаздай таза, жинақы, шымыр жүретін ағаның бойынан кішіпейілділік пен мейірімнің лебі, ағалық жүректің жылуы сезіліп тұратын еді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеттану ғылымы атты ұлы керуеннің салмақты жүгін арқалап өткен ардақты ғалым, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Зәки Ахметұлының ғалымдық, ұстаздық, азаматтық үлгісі академиктің алдын көріп,

өмірлік дәрісін алған шәкірттерінің ғана емес, ұлтымыздың әрбір келешек ұрпақтарының өмірлік нысанасына айналатыны анық.

Ғалым-ұстаз ағаның табиғатындағы шуақты Шығыстың нұрындай ақжарқын ашық көңіл, өр Алтайдың асқар шыңындай биік парасат, ғажайып кішіпейілділік пен жаны кіршіксіз таза адамға тән айрықша қарапайымдылық оның азаматтық тұлғасын уақыт өткен сайын асқақтата берері ақиқат.

ӘОЖ: 65(88.34)3

XIX Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ «БУНТАРЬ ӘНШІ-АҚЫНДАР»

Дәулет С.

Ғылыми жетекші: Касенов С.Т., ф.ғ.к.,
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: sdauletovaa@gmail.com

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы қазақ даласындағы орыс отаршылдық-әміршілдік жүйесінің отарлау саясатын толық жүзеге асырған уақыты еді. Қазақ даласы патшалық Ресейге саяси және экономикалық тұрғыдан толық бағындырылып, билік орыстың әскериленген өкіметінің қолына берілді. Қазақтың билігі тек округтік және болыстық деңгейде ғана болды.

Кезең-кезеңмен жүзеге асырылған орыстың отарлау саясатының ең негізгі көздеген мақсаты қазақтың кең байтақ жеріне ие болу еді. Бұл ретте патшалық Ресей орыс шарулары мен мұжықтарын қазақ жеріне әкеліп қоныстандырып, әскериленген бекіністер салып, ұлан байтақ жерді өз иеліктеріне өткізіп, қазақ халқын жерінен айырды. Бұның барлығы зорлық-зомбылық жасау арқылы жүзеге асып жатты.

Осы бір саяси-тарихи жағдай ел ішінде орыстың отарлау әрекетіне қарсылықты күшейтті. Бұндай қарсылықтар түрлі сипатта жүрді. Бірде ұйымдасқан, жаппай сипат алған жағдайда, енді бірде даралық сипатта болды.

Қашан да шығармашыл тұлғалардың халық басына түскен нәубетке елден бұрын алаңдайтыны, жаны ауыратыны, қарсы тұратыны шындық. Міне, бұл кезеңде де тарих сахнасына осындай шығармашыл тұлғалар шықты.

Сондай шығармашыл тұлғаның бірі 1880-1921 жылдары аралығында Қарағанды облысының қазіргі Қарқаралы өңірінде өмір сүрген халық композиторы, әнші-ақын Мәди Бәпиұлы. Ол отаршылдық-әміршілдік жүйеден теперіш көрген халықтың құқын, мүддесін қорғап, ұдайы ой үстінде болды. Ол ем қамын ойлаған жағдайын әйгілі «Қарқаралы» әнінде:

Атыңнан айналайын Қарқаралы,

Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады, - деп білдіреді. Жалпы, оның ел ішіне «Қаракесек», «Ұшқара», «Мәди», «Шіркін-ай» сынды және тағы басқа әндері кең тараған.

Енді бірі - «Бар қатыны қыпшақтың ұл туса да; Сонда да бола бермес Иманжүсіп» деп өзінің елден ерек екенін көзі тірісінде жырлап өткен Иманжүсіп

Құтпанұлы. Ол 1863-1929 жылдар аралығында өмір сүрген, Павлодар облысының Ақсу ауданында дүниеге келген қазақтың әнші-композиторы, ақыны.

Қазақ даласының солтүстік өңірінде дүниеге келген Иманжүсіп, негізінен, текті әулеттен тараған. Арғы аталары Тұрғанбай батыр, өз әкесі Құтпан да қара жаяу кісі болмаған. Ат жалын тартып мінген сәтінен бастап Сарыарқаға аты әйгілі болып, өткір жігіт Арқаның кең даласына сыймайды. «Сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт орыстардың шенді-шекпенді би-болыстарына ұнамайды. Ол өзінің бір өлеңінде оны анық көрсетеді:

Әкем Құтпан болғанда, ағам – Шоңай,
Кісі емеспіз біз шыққан жерден оңай.
Атшабарын болыстың сабаушы едім,
Аяғын байлап тастап қойдан оңай.

Өз заманының маңдайына симаған өршіл қалыбын, тектілігін әйгілі «Үшқара» шығармасында Мәди де:

Арғы атам әулие өткен ер Қазыбек,
Бекболат оның ұлы болыпты бек.
Тіленші одан туған абзал шері,
Қарадан хан боп өткен бәрі асыл тек, - деп жырлайды.

Қазақ халқының сан ғасырлық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына қарама-қарсы Ресей империясының шығарған заңдарына, «шұбар төс, шынжыр балақ» шонжарларға қайсарлықпен қарсы тұра білген Мәди мен Иманжүсіп қудалауға көп ұшыраған. Мәселен, Мәди Бәпиұлы сол тұстағы биліктен қуғын көріп, жалған айыпталып, Атбасар, Қарқаралы, Семей, Омбы түрмелерінде жапа шеккен.

Иманжүсіптің «Сарыбел» өлеңіндегі:
Қош аман бол, Сарыарқа, өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
Тартысып ертелі-кеш ұлықтармен,
Шұбырып маңдайымнан аққан терім,- деген жолдар оның айқын дәлелі.

Ал Мәди:

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін.
Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін.

Кір жуып, кіндік кескен туған жерлер,
Артына бір қарамай қалды-ау деймін, - деп шерлі жырымен ақтарыла сыр шертеді.

Олар тек орыстардан ғана қысастық көрмей, орыс билігі айдап салған өз жақындарынан, ағайынан да сатқындық көрді.

Мәдидің:

Жаралдым жалғыз қылып әуел бастан,
Қайтпаған қайран маңдай қара тастан.

Мөр басса басқа болыс не қылайын,

Мөр басып туған ағам болды-ау қастан, - деуі, «өзгені қойшы, жанға батқаны жақынымның сатқаны» дегеніндей. Бұрын қазақ халқы бауырмалдық деген қасиетті

қандай жоғары қойса, Ресей отаршылдық-әміршілдік жүйесінің адами қатынастарға да сызат түсіріп, халық санасының түптен өзгеруіне де ықпал еткенін байқаймыз. Бұл жайлы Иманжүсіп те өз шығармаларында тоқталып өтеді.

Жапалақ жалпылдайды жар басында,

Немене жоқтың күні бар қасында.

Дос болып қас қылғаннан сақта құдай,

Қасқыр да қас қылмайды жолдасына,- деуінің өзі жоғарыдағы Мәди ойының сорабын береді.

Сайын далада абақты дегенді білмей еркін өскен асыл текті халқымыз отаршылдық-әміршілдік жүйенің қамытын киген уақыттан бері түрмеге тоғытылып, тар қапасқа қамалып, мүсәпірлік күйге түсті. Мәдидің «Үшқара» ән-өлеңіндегі:

Шоқпардың жылқым жайдым даласына,

Не Қылдың Қақабайдың баласына.

Өрісте жылқы жайып жатыр едім,

Бес солдат алып барды қаласына.

Абақты қатар-қатар болады екен,

Ішіне жақсы, жаман толады екен.

Ішіне абақтының кіріп барсаң,

Көңілің су сепкендей болады екен,- деп жырлаған жолдардан-ақ ақынның ішкі сезімін, жан ілхамын көруге болады.

Ал Мәдиді түрмеге қаматып отырған жай өзінің «Шіркін-ай» өлеңіндегі:

Қалайша дәтің шыдап тұра аларсың,

Қысымын көре тұра, шіркін, қас дұшпанның, - дегеніндей, қас дұшпаны орыстың отарлау саясатына қарсы шыққан әрекеті еді.

Қорыта айтқанда Мәди Бәпиұлын, Иманжүсіп Құтпанұлын және сол тұстағы тағы басқа аттары аталмаған бірақатар қазақтың шығармашыл тұлғаларын тарих сахнасына шығарған орыстың отарлау саясатына деген қарсылық, азат ел болу идеялары еді. Олар осы жолдағы күрескерлік әрекеттерін өз шығармаларына арқау етіп, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыра алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Иманжүсіп Құтпанұлы, Шашубай Қошқарбайұлы, т.б. шығармалары. – Алматы: «НұрлыPress.kz», 2014 - 288 б. – (Ақындар аманаты).

2. «Мәдидің мәңгі жасар өшпес әні» // Алматы: «Білім» баспасы ЖШС – 2013 жыл.

3. «Тарихи тұлға тағылымы». Аймақтық ғылыми-конференция материалдары, 2005 ж.

4. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы / Құраст.: Қ.Ж. Райымбеков, Қ.Т. Байғабылов. – Алматы: Аруна, 2011. – 547 бет.

ФОЛЬКЛОРНО-МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ В ПРОЗЕ О. БОКЕЕВА

Джилкибаева А.А.

Высший колледж ВКУ имени С. Аманжолова

г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: jilalma55@gmail.com

Фольклорный материал, перейдя в литературу, став лишь фольклорным фактором, переживает сложную трансформацию, но при этом сохраняет свою тональность. В этом отношении особый интерес представляет проза О.Бокеева. Его диптих «Великая степь» представляет собой философско-поэтическое осмысление истории, творческую реконструкцию народной традиционной духовности и эстетики. Первая часть диптиха носит название «Сказание о матери Айпаре». Уже само авторское определение жанра ориентирует на народно-поэтический эпос, его подробность и символичность, его национально-объединяющий пафос. Эта повесть о судьбах казахского народа в эпоху джунгарских нашествий: в семье матери Айпары горе – убит средний сын, но самое невыносимое то, что его дети, младенцы-близнецы, остались в руках врага. Посланный за детьми отряд мужчин возвращается ни с чем, тогда Айпара отправляет в опасный путь младшего сына Жандоса. История одной семьи проецируется на судьбу всего народа, а подвиг мальчика Жандоса – на подвиг всех батыров-освободителей.

Формы функционирования элементов с мифо-ритуальной содержательностью в прозе Бокеева разнообразны. Особый интерес представляет преломление в данной повести принципов того или иного жанра казахского фольклора.

Автор по принципу «естірту» приближает момент трагической вести о гибели сына. Естірту – казахская обрядовая бытовая песня, поэтическое извещение о чье-либо смерти. Обычай требовал подготавливать родственников, семью, которую постигло горе, к печальному известию постепенно, чтобы смягчить удар. Этим обусловлена поэтика жанра, его тяготение к иносказаниям, символам, например, «сокол улетел в пустыню, он не заблудился, не потерялся, он отправился туда, откуда нет дороги обратно». Мать Айпара предчувствует беду, природа как бы начинает постепенно готовить ее к принятию тяжелой вести: «кровавый вид безлюдной степи, красное заходящее солнце тревожили сердце и как бы предупреждали готовиться завтра к еще более страшным испытаниям...» [1, 447]. Еще одним предзнаменованием становится плохая примета: «Сколько раз я им говорила, что не к добру это – резко останавливать коня около юрты!» - разгневалась мать Айпара, услышав топот возле юрты» [1, 448]. Этикетные нормы традиционного кочевого общества запрещали подъезжать к аулу или к юрте на скаку (ауылға қарай шаппа, жүгірме) – это считается знаком известия о чьей-либо смерти.

И последним знаком надвигающейся беды становится неблагоприятное расположение бобов во время гадания. Секреты гадания на бобах разнообразны, в народе всегда было немало опытных гадалщиков, которые постигли эту тайну. У

этого гадания имеются свои термины, названия, символы, например, в тексте Бокеева мы встречаем такие, как «ремни седла спущены», «бока оголены», «лоб непокрыт». Все это женщина увидела в своем раскладе и поняла, что потеряла среднего сына.

Перед нами яркие и последовательные формы духовно-эстетического синкретизма, проявленного в фольклоре, обряде, ритуале. Автор сумел создать особый тип психологии и мышления человека архаической культуры, где доминируют элементы магии, строго регламентирован любой акт духовной и физической деятельности. О. Бокеев творчески переработал поэтику естірту, мастерски использовал ее последовательную ступенчатую структуру для создания сложной психологической картины.

В повести мы находим также своеобразное преломление законов другого жанра казахского фольклора – жоктау. Жоктау – это песня-плач, в которой поется о постигшем горе, о тяжелой беде, о невозполнимой утрате. Мать Айпара смотрит на печальное кочевье, на свой народ, «молчаливо бредущий бог знает куда, только бы уйти подальше от врага». Автор нагнетает впечатление о народном неблагополучии и достигает кульминации отчаяния и горя во внутреннем монологе Айпары: «Душа Айпары сочилась печалью и горем, и сами по себе в ней рождались слова: «Плачь, несчастный народ!...». Речитативный почти до напевности, сложенный из восклицательно-вопросительных и различных усилительных и повторительных конструкций-стенаний, этот монолог является литературным образом традиционных плачей жоктау. Как и в фольклорном жоктау, здесь стянуты все его важнейшие мотивы, точно отражен и эмоциональный строй плача, ритм причитания.

Идея монолога героини не только в том, чтобы оплакать горестные события, но и в том, чтобы призвать народ к сплочению («Разве зависть и разобщенность не рассыпали и не привели тебя в сегодняшнее горестное состояние?!» [1, 441]). Структура и поэтика литературного аналога жоктау у Бокеева публицистически организованны и приближены к лучшим образцам этого жанра, писатель смог уловить суть психологической силы народного плача и воплотить ее с абсолютной художественной достоверностью. Жоктау Айпары – трагический символ народной горемычности, важное звено в воплощении авторского замысла, показатель тонкости и пластичности О. Бокеева в освоении фольклорных источников.

В повести есть явная переключка с эпическими произведениями казахов, где мы находим многочисленные упоминания о вкусовых капризах беременных женщин. Как правило, мать будущего героя просит мужа добыть ей мясо сильного и быстрого животного. Вкусив его, она успокаивается, а к ребенку переходят свойства этого зверя (сила, ловкость и др.). В эпосе «Алпамыс-батыр» Аналык, мать будущего батыра, просит добыть ей леопарда, с большим аппетитом она отведывает мясо этого зверя, не осознавая, что в ее ребенка перейдут теперь все качества могучего леопарда. Как известно, «этот обычай является частью системы симпатической и гомеопатической магии» [2, 73]. Мифопоэтическая реминисценция в повествовании О. Бокеева сохраняет почти дословно «память» о первоисточнике, элемент архаического эпоса оказывается образом-сигналом, который приобретает глубокое философское и психологическое содержание.

Рассказ матери Айпары вспоминается ее сыну в самый трудный момент его опасного путешествия, когда все его существо охватывает страх, когда сомнения начинают ломать волю. Жандос вдруг понял, что мать намеренно рассказывала ему о том, что «в год нашей женитьбы отец привел домой барса на поводу», но она никогда не говорила, почему он это сделал. Невольно улыбнувшись этим воспоминаниям, мальчик находит в себе силы преодолеть страх и выполнить просьбу матери, оправдать ее надежды на то, что в ее сыне проявятся лучшие качества того зверя. Обращение к фольклору мотивировано еще и тем, что в повести воссоздается сознание ребенка. Фольклор в народной среде – поэтическое средство народной педагогики. Эта незатейливая семейная легенда способствовала воспитанию в мальчике чувства ответственности за свои поступки, чувства долга перед родителями. Традиционные поэтические образы не воспринимаются как «чужое слово», а органично входят в сознание ребенка, обостряя способность поэтического мировосприятия.

В этой повести явно видны элементы доисламского верования кочевников, тенгрианства. В древнетюркских верованиях было женское божество Умай. Она была покровительницей домашнего очага, детей, сам термин «умай» означает «утроба, детское место», что указывает на связь этого понятия с материнским чревом» [3, 195]. Кроме того, что Умай считалась охранительницей очага и детей, она часто упоминается и как покровительница воинов, которая помогает одерживать победы над врагами.

М. Орынбеков анализирует рунические эпитафии («О, наставница Умай! О, прожитые мною годы! Я покинул вас, мои родственники...») и пишет: «Сравнительно молодой человек, погибающий на поле брани, в последние минуты жизни обращается именно к Умай, хранительнице очага, чувствуя свою вину перед малыми детьми, которых не успел вырастить, перед родственниками, чьи надежды он не сумел или не успел оправдать. Симптоматично это обращение к Умай, ибо оказалось, что древний тюрк перед уходом в загробный мир апеллирует не к верховному божеству Тенгри, а именно к богине Умай, что говорит о весомости кровно-родственных связей, роли семьи, рода и племени» [3, 201]. Широкое распространение получила формула сравнивающая женщину-мать с Умай, в «Большой надписи в честь Кюль-тегина» мы читаем: «Подобная Умай, мать счастлива была, что сын мужчиной стал, что воином он стал» [4, 113].

В данной повести мать Айпара выполняет функцию Умай, это поддерживается еще и тем, что нигде в тексте автор не называет ее просто по имени, только в сочетании «Мать Айпара». Именно так, как богиню-охранительницу, воспринимает ее и мальчик Жандос: «Он бежал и молился не Аллаху, а матери Айпаре, веря в ее поддержку» [1, 469]. В самый трудный момент бегства от джунгар с младенцами на руках Жандосу представляется, что мать Айпара и божественная природа сливаются в едином добром начале: «Жандос ощущал в себе эту доброту некой таинственной могучей силой и думал, что она перешла к нему от матери Айпары. Возможно, природа смягчится к своему сыну, ведь он ее сын, и уймется ненастье.» [1, 469]. Мистический ореол образа матери Айпары создается и концовкой этого эпизода о далеком ночном бегстве детей: «Мать Айпара в эту ночь не сомкнула глаз».

В этом рассказе с особой силой поэтического звучания выявилась традиционная религия природы кочевников (синтез тотемизма, анимизма, тенгрианства). Природа одухотворяется, наделяется животворной силой. Когда джунгары, завернув Жандоса в кошму бросают в костер, «степь разбушевалась, ударил тугой порыв ветра, потоки воды сокрушили пламя. Весь мир будто смеялся и ликовал: «Эй, парень, это не последнее твое горение, в твоей жизни будет еще немало костров!» [1, 463]. Постоянные параллели между человеком и животным миром преломляются в положительной философии жизни – в своеобразном витализме – стремлении жить страстно, в полноте энергии, в накале чувств и эмоциональных всплесках.

Композиционные способы выдвижения мифопоэтических образов-символов вовлекают художественную память читателя в организацию подтекста. Духовные традиции, этнокультурный контекст создают своеобразный инерционный фон, который сказывается на функционировании мифо-ритуальных элементов в новом тексте.

Список литературы

1. Бокеев О. Человек-олень. – А.: Жалын, 1987. – 496 с.
2. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – А.: Казахстан, 1998. – 184 с.
3. Орынбеков М. Предфилософия протоказахов. – А.: Олке, 1994. – 208 с.
4. Большая надпись в честь Кюль-тегина. Пер. А. Преловского. // Звезда Востока. – 1991. - №6. – С. 107-118.

ӘОЖ 821.512.122.09: 37.09

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМИ – ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН НАҚЫШТАР

Ежембаева А.А.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ.

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: aiimgul@bk.ru

Қадыр Мырза Әли - достық атты адамдар бойындағы ең бір асыл қадыр-қасиеттің жыршысы. Оның «Миым менің қажығанда», «Досым болсаң!», «Айтқан бойда еретін», «Танып ниет теңіз», «Жолдас үшін үй жақын» т.б сияқты өлеңдерінде адамдар арасындағы достық сезімінің алуан-алуан әдемі суреттері бар. Адам бойындағы достық атты қасиетті, киелі сезімді жырлағанда Қадыр бұрын-соңды қазақ поэзиясында ұшырайтын көптеген көркемдік бояуларды қайталамайды. Ол тың поэтикалық өрнектерді табуға ұмтылады. Бұл адамдардың арасындағы шынайы достықты жырлау үстінде ақын тапқан қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа көркемдік - бейнелеу құралдары, тың да мәнді-мазмұнды поэтикалық өрнектер.

Жеке адамдар арасындағы достық туралы өлеңдермен қатар, Қадыр ақын халықтар арасындағы қасиетті, қадірлі достыққа да өзінің көп өлеңдерін арнаған («Орыс досыма», «Цыган жыры», «Өзбек», «Қырғыз құшағында», «Тәжік топырағында», «Түркімен түрінде»).

Бұл өлеңдерде ақынның қазақтардың достыққа дегенде аса қабілетті, өте берік, ешқашан айнымайтын ақжүрек адалдығын жақсы суреттеген. Жеке адамдарға арнап өлең жазу - қазақ поэзиясында ежелден үзілмей келе жатқан дәстүр. Махамбет, Абай шығармаларында кемелденіп, еңсесі биіктей түскен бұл көркемдік үрдістің жиырмасыншы ғасырдағы қазақ поэзиясында жалғаса түскені де баршаға аян. Сол дәстүрді ілгерілете түскен ақындардың бірі - Қадыр Мырза Әли. Туған еліне өлшеусіз еңбек сіңірген, өнерпаздарына, ақындарына арнаған Қадыр ақынның өлеңдері аз емес «Абылай», «Қабанбай асында туған ой», «Сырым Датұлы», «Амангелді», «Мәншүк» сияқты шығармаларында ол арғы-бергі қаһармандардың ерлік бейнесін шабытты жыр өрнектерімен сомдайды.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыптары Абайға («Күні келген кемеңгер»), Шоқанға («Шоқан»), Ыбырайға («Ыбырай»), XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің классиктері Ахметке («Ахмет Байтұрсынұлы»), Мұқтарға («Мұқтар Әуезов»), Ғабитке («Қара шал») арнаған Қадыр ақынның өлеңдері қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдерінің жақсы үлгілерінің қатарын толықтыра түседі. Ақын бұл шығармаларымен де ұлттық поэзияға тың серпін жаңа үн, соны көркемдік бояулар әкелді.

Қазақ әдебиетінің өркендеп өскен бір саласы - табиғат лирикасын молықтыруға да Қадыр ақын едәуір еңбек сіңірді. Оның Жаз («Жаңбырлы жаз»), қыс («Қыс қамын ерте баста жабыла ойлап»), («Көк тоғай») т.б. жырлары туған елінің табиғатын үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген туындылар. Ақынның табиғат жырлары - оқырманның эстетикалық сезімін байыптайтын, туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікті арттыра түсетін еңбектер.

Ақынның табиғат туралы барлық жырларында да оның туған жерге, ел жұртына деген сүйіспеншілігі, перзенттік сезімі көрінеді.

Әдебиеттің барлық өкілі жабыла жырлаған махаббатты да шарлап өткен шиырлардан бойын аулақ ұстап, өзінше тың пікірлер айтуға, қасиетті сиқырлы сезімінің жаңа бір қырларын ашпақ болған талпынысы да табыссыз емес. «Махаббат - ғашықтың пернесі» атты цикл өлеңдерін жазды.

Қадыр Мырза Әли өлеңді көп жазған ақын. Қадыр ақын - өзіне дейінгі аса ірі ақындардай, сөздері мірдің оғындай жыр дүлдiлi. Оның жоғарыда айтылғандай, көп шығармалардың ішінде қанатты сөздер, афоризмдері де жиі ұшырайды. Қадыр Мырза Әли - XX ғасырдағы қазақ поэзиясының жан - жақты өсіп, өркендеуіне, кемелденуіне зор еңбек сіңірген үлкен ақын. Оның өлеңдері ешқашан, Абай айтқандай, бөтен сөзбен былғанған емес. Қайта ол «қиыннан қиысып, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін айналасы теп - тегіс, жұмыр» боп келеді. Сондықтан да, оның лирикасын қалың оқырман әр уақытта сүйіп оқиды. Ол сөз өнерін еркін меңгерген, халықтың ең етене жақын рухани серігіне айналған көркем сөздің зергері.

Қадыр Мырза Әли - эпик ақын. Ол XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өсіп жетілуіне көп еңбек сіңірді. Оның поэмаларының көбі лирика - публицистикалық сипатта жазылған.

Поэmanın бұл түрлерінің арғы тегі қазақтың ежелгі жыр, толғауларымен тығыз тамырлас екені мәлім. Жиырмасыншы ғасырда қазақтың лирика-публицистикалық поэмасы қатты дамыды. С.Торайғыровтың «Адасқан өмірі», «Кедей», І. Жансүгіровтің «Дала», Ж.Молдағалиевтің «Мен - қазақпын» сияқты лирика - публицистикалық поэманың классикалық түрлері туды. Сол әдебиет алыптарының жасап кеткен ізгі дәстүрін жалғастырып, поэманың осы саласына жаңа өрнек, тың сарын әкелген қазақ ақындарының бірі - Қадыр Мырза Әли. Ол эпикалық кең құлашпен, терең лирикалық тебіреніспен берілген толғау-сырлар арқылы туған елі - Қазақстанның, тұтас бір ұрпақтың, дәуірдің бет- бейнесін таныта білді.

Ақынның поэмаларында да соны идеялық кең серпін жаңа көркемдік бояулар молынан ұшырайды. Мәселен, оның «Қызыл кітап» (1986) поэмасы - ой толғамы ауқымды, Бүкіл адамзатты ойландырар пікір - тұжырымға бай философиялық туынды. Ақын «Заман-ай» поэмасында (1997) Қазақстанның Кеңес өкіметі жылдарындағы тарихына бүгінгі биіктен жаңаша көзқараспен қарап, шамырқана толғанады. 70 жыл ішінде қазақ халқы бастан кешкен адам небір қиындықтарды нақты көркемдік ойлармен жинақтап, әсерлі бейнелеген. Қадыр Мырза Әли поэмасында 1917-1991 жылдар арасындағы Кеңес Одағындағы халық қасіретінің әрі нақты, әрі жинақталған көркем бейнесі бар. «Заман-ай», «Бес жыл өткен соң» поэмалары - қазақ халқының ХХ ғасырдағы көркемдік тарихын оқырман санасына толық жеткізетін көрнекті эпикалық туындылар.

Ал «Ақырзаман», «Көкейтесті», «Ғадует ғасыры» сияқты ақындық терең тебіреніспен, шалқыған жүрек жалынымен жазылған поэмалары таңдамалы туындыларының көптомдығының 9 томында (2001) жарық көрді. Бұл поэмаларда ол халықтың өткен тарихына көркемдік шолу жасаған.

Қадыр Мырза Әли көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп келеді. Әлемдік әдебиет ғұламаларының талайының шығармаларын ол қазақ тіліне аударды. Ал өзінің біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдерінде аударылды. Сондай-ақ дарынды ақынның оннан аса кітабы бұрыңғы КСРО халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты.

Тұтастай алғанда Қадыр Мырза Әли поэмалары бұрын - соңды ешкім айтпаған, айта алмаған жаңа ой - пікірлерге толы. Көркемдік бояулары қалың да жарқын оның поэмалары қазақ поэзиясына жаңа үн, соңы серпін әкелді. Ұлттық эпиканың өрісін кеңейтті.

Қадыр Мырза Әли - драма жанрына да белсене араласқан ақын. Оның «Әмір Темір», «Жаралы жолбарыс» атты драмасы, «Мың бір мұң» атты трагедиясы, «Сақал саудасы», «Түрт сайтаным түрт!» атты комедиялары, «Отырар ойраны» (Ә.Хасеновпен бірлесіп жазылған), «Төле би» (Ә.Таразмен бірлесіп жазылған) атты либреттолары қазақ драматургиясына елеулі көркемдік үлес болып қосылған туындылар.

Қазақ поэзиясының дамуына көп еңбек сіңіріп, зор көркемдік үлес қосқан Қадыр Мырза Әлидің ұзақ жылдарға созылған шығармашылығы әдебиет ғылымы мен сынының әрдайым назарында болып, жоғары бағаланып келеді. Ақынның шығармаларының лайықты бағасын берген академик Зейнолла Қабдолов: «Қадыр

Мырзалиев - сөздің сәйгүлігі, ойдың озарманы. Ол жеке бастың дара мұңынан бастап, қым - қиғаш халықаралық қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай алады. ... «Демек қазіргі қазақ поэзиясының көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр музасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар; Қадыр ақынның лирикасының сыңғыры бөлек, сыры терең», -десе, академик Серік Қирабаев: «Қадыр Мырза Әли ұлт тарихын, мінез-кұлқын, ойлы көзбен өлшеп суреттейді. Онда, терең идеялық мағана бар», - деп ақынның өзіндік бет - бейнесін, шығармашылық келбетін дәл айқындап берді. Ол - өзінің көркемдік дәрежесі биік, тілі нәрлі, ғибраты мол, идеялық мазмұны терең шығармаларымен қазақ сөз өнеріне зор үлес қосқан ірі суреткер, көркем сөздің шебері. Ақын қазақ әдебиетінің көркемдік арсеналын толықтыра, молықтыра отырып, оның мәртебесінің биіктеп, абыройы асқақтай түсуіне қыруар еңбек сіңірді. Сондықтан да, Қадыр Мырза Әли-жан-жақты өсіп өркендеген. Кемелденген қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі.* – Алматы: Арыс, 2011.
2. *Әдебиет терминдер сөздігі.* – Алматы: Жазушы, 2001.
3. Мырза Әли Қ. Иірім. – Алматы: Атамұра, 2004.
4. Қабдолов З. Алғысөз // Қ. Мырзалиев. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. 1989. – Т. 1. – 448 б.
5. Қ. Жұмалиев Жайсаң жандар. – Алматы, 1969.
6. Қабдолов З. Алғысөз // Қ. Мырзалиев. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. 1989. – Т. 1. – 448 б. 5 Ергөбек Қ. Баянғұмыр. – Алматы: Жазушы, 1991.
8. *Есім F.* Жар жағасы. – Алматы, 2008.
9. Қ. Жұмалиев Жайсаң жандар. – Алматы, 1969.
10. *Мырза Әли Қ.* Жазмыш. – Алматы: Қазығұрт, 2001.

ӘОЖ 821.512.122.09

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Жанат М.Ж.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: mai_fujiwara@mail.ru

Қайым Мұхамедханов – ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, текстолог, ұстаз, ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері. Қазақ ССР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, әдеби аудармашы, Семейде Абайдың мұражайын ұйымдастырушы,

Қазақстанның Мемлекеттік силығының, Жазушылар одағы силығының, Халықаралық «Алаш» әдеби силығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі; Семей қаласының, Аягөз, Жаңасемей, Абай аудандарының Құрметті азаматы; жарияланған 900-ден аса ғылыми еңбектің авторы.

Қ.Мұхамедханов саналы өмірін қазақ әдебиеттану ғылымының абайтану саласына арнады. 1939 жылдан Абайдың ақындық мектебі мәселесін зерттеп, «Абайдың әдебиет мектебі» деген еңбегін жариялады, осы тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады (1951). Талқылау кезінде ғылыми жетекші М.Әуезов пен диссертантқа жала жабылып, саяси айыптар тағылған. Жас ғалымға Абай мектебі шәкірттерінің қатарында «ұлтшыл ақындарды» зерттегені үшін «панисламшыл, пантүркшіл» деген айып тағылып, 25 жылға сотталды. Төрт жылдан кейін ақталып, 1958 жылы «Абай төңірегіндегі ақындар» деген тақырыпта екінші рет кандидаттық диссертация қорғады. Қ.Мұхамедханов Абай мектебінің ақындары мәселесін зерттеуді шығармашылық ізденіспен дамыта білді. Ақын шығармаларын зерттеу нәтижесінде Мұхамедханов Абайдың бұрын белгілі болып келген 7 өлеңін тауып, ақынның 1945 жылы шықан жинағына енгізді. 1959 жылы «Мағауия Абайұлы Құнанбаев», «Абай шығармаларының текстологиясы» монографиялық зерттеулері жеке кітап болып шықты [1, 199-209 б.].

Абай мектебі – бұл абайтану ғылымындағы жаңа бағыт. Бұлар Абайдан оқыған, кеңесін тыңдаған, Абай арқылы орыс, әлем және шығыс мәдениетімен танысқан бір топ ақын-жыраулар, сазгерлер мен ертегішілер, әншілер. Абай шәкірттері ұлы ойшыл, ақынның гуманистік және философиялық көзқарасының әсерінде болды. Олар - ақынның өз ұлдары және жас ақындар – Әубәкір, Әріп, Әсет, Баймағамбет, Көкпай, Мағауия, Тұрағұл, Шәкәрім, алаш зиялылары тәрізді ізбасарлары. Қ.Мұхамедханов Абай мектебі ақындарының есімдерін қалпына келтірді, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер жинап, толық өмірбаяндарын жазды. Бәрінен бұрын, ол Абай шәкірттері мен ізбасарларының шығармаларын қалпына келтіру бойынша ірі іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізіп, ғылыми түсініктер беріп, баспаға әзірледі. Абай шәкірттері мен ізбасарлары мектебі – ғылымдағы жаңа бағыт, оны, нақты айтқанда, мәдениеттің бір кезеңін анықтап және сақтап қалған Қайым. Қ.Мұхамедханов 1940 жылы тапқан Абай шәкірттерінің еңбегі ғылыми айналымға енгізілген. Қазір Абай шәкірттерінің шығармалары көпке белгілі, бұл еңбектер мектептер мен оқу орындары бағдарламасына енген: Ақылбайдың - «Дағыстан», «Зұлыс», «Хисса Жүсіп», Мағауияның - «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Көкбайдың - «Сабалақ», «Кенесары-Наурызбай», Әсеттің - «Салиха Сәмен» және «Евгений Онегин» аудармасы, Әріптің - «Біржан-Сара», Тұрағұл, Мұқа, Әубәкір және тағы басқа шәкірттері мен алашшыл ізбасарларының шығармалары мен аудармалары. Қайым Абай шәкірттерінің шығармаларына әсерін тигізген орыс, батыс және шығыс әдебиеті және мәдениетімен байланыс орната білді. Мысалы, Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны» және «Кавказ тұтқыны», Лермонтовтың «Мцыри» және «Демон» поэмалары Ақылбай мен Мағауияның «Дағыстан» және «Медғат Қасым» шығармаларын жазуға; Хаггардтың «Копи царя Соломона» романы Ақылбайдың «Зұлыс» және т.б. шығармаларына әсер етті.

Кейіннен, ғалымның әрекет етуімен осы шығармалар мектеп және оқу орындары бағдарламасына енгізілді.

Абайдың ақындық мектебі туралы жан-жақты зерттеу жұмысы қолға алынып, бұл игі іс еліміз тәуелсіздік алған жылдары заңды жалғасын тапты. М.Әуезовтің абайтануға байланысты және Абайдың әдебиет мектебі туралы тың деректер мен жаңалықтарға толы қолжазбалары 1988 жылы «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген жинағында жарияланды. Абайдың ақындық мектебін ұстазымен бірге көтерісіп, бұл жолда көп қиямет көрген Қайым Мұхамедханов еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап 1951 жылы өзі құрастырып, М.Әуезов кіріспе мақаласын жазған Абайдың ақын шәкірттерінің басылып жатқан тұста тоқтатылып, жарық көрмей қалған жинағын қайта қолға алды. Ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1993-1997 жылдары «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын жинақ жарық көрді. Бұл басылымға Абай мектебінің талантты шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір, Иманбазар және т.б. бұрын-соңды белгілі-белгісіз болып келген шығармалары еніп, осы ақындар туралы Қ.Мұхамедхановтың көлемді зерттеулері жарияланды. Бұдан бөлек Шәкәрімнің шығармалар жинағы бірнеше рет жарық көріп, Көкбай, Әсет ақындардың кітаптары басылып шықты.

Көкпайдың «Сабалақ» поэмасында Абылайды жөнсіз дәріптегендігін көрсетеді. Бірақ көп талдамаған десе жөн. Ал, енді осы тұста диссертация бойынша сөйлеген ғалымдадың пікіріне тоқталсақ. Қажым мен Нұрышев тардың Абай айналасына өз туысқандарын топтады дейді. «Абайдың шәкірттері» деп әсері тиген ақындардың бәрін топтайтын болсақ, Сәбит Мұхановқа дейін әкелуге болады. Оның бәрін бір диссертацияға сыйғызу оңай болмайды. Сондықтан, Сәбитке дейін келмеді екен деп, «Абайдың мектебі Абай туысқандарының көлемінде қалып қойды» деген ұғым шыға ма? Абай мектебіндегілер тек қана Абайдың туысқандары екен деу дұрыс емес. Әріп кім? Әсет кім? Әлмағамбет кім? «Әрі-беріден соң былай қарауымыз керек қой: Абай мектебіне дарындылығы бар адамдар жыйналған емес пе? Ақылбайдың «Зұлысы» творчестволық еңбек емес деу дұрыс болмайды. Зұлыс тақырыбы Хағардтан алынғаны рас: бірақ отаршылық саясатты Хағард онда көрсетпейді. Ақылбай сол тақырыпты ала отырып, ағылшын империалистерінің отаршылық саясатын әшкерлеп, творчестволық жолмен жазғандығын көреміз: Көкпайдың қайшылығы «Сабалақ» поэмасында ғана. Көкпайдың молдалығы туралы «Абай» романында айтылған емес пе! Көкпайдың қайшылығы туралы бұл диссертацияда ашық көрсетіледі. Бұл поэмада көрсетілген Қасым, Кенесары, Наурызбайларды толық тоқтап талдамаған деуге сыяды. Осы сыяқты кемшілігі бар екен деп антинаучный деп Көкпайды алып тастау деген жөн бола ма? «Правдаға» шыққан мақалаға дейін, өліп қалған Көкпай тұрмақ, тірі өздеріңіздің де қаталықтарың болып келді ғой. Жетпіс жыл бұрын жазылған поэмасы үшін Көкпайды қайта көміміздің жөні жоқ. Көкпайдың шәкірт бола алмайтыны ұстазы Абайды басып оза алмағанынан деу дұрыс болмайды. Көкпай тұрмақ осы күнде де ұстазын басып озған шәкірт аз. Абайға жете алмады деп шәкірт емес деу дұрыс болмайды. Көкпайды бір «Сабалақ» поэмасы үшін «антинаучный» десек, онда Абайды да айтуымыз керек. Абайдың өз басында қайшылық болған жоқ па? Болды. Абай болыс болды ма? Болды. «Қудайдың өзі де рас, сөзі де рас» деген не?

Сол сыяқтыны Көкпайдың басындағы қайшылығы деп қарауымыз керек. Абай өз жұртының келешек тарихи тағдыры ұлы орыс халқымен, оның алдыңғы озық мәдениетімен табысқанда ғана дұрыс шешілетіндігін талай рет айтқаны бізге мәлім. Абайдың ақын шәкірттері үшін бұл үндеу сөз программа тәріздес еді.

«Абайдың әдеби мектебі» диссертациясын (1951 жылы 7 сәуір) қорғау еліміздің тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Диссертация қорғалды, бірақ ұстаз бен шәкірт – Әуезов пен Мұхамедхановты айыптау тоқтамады. Диссертацияны қорғау кезінде басталған айыптаулар, абайтану барысын талқылауда, сондай-ақ 1951 жыл бойы баспасөзде тапсырыс бойынша жазылған мақалалармен жалғасын тапты. Мұның соңы Мұхамедхановты Абай мұражайы директоры және оқытушы қызметінен босатумен аяқталды. Соңынан Қ.Мұхамедханов 1951 жылы 1 желтоқсанда тұтқынға алынды, ол Семей және Алматы қаласында НКВД түрмесіне, Қарағанды лагеріне қамауға алынды. Шектен шыққан азаптаулар – ыстық және суық камера, тырнақ астына ине жүгірту, басқа су тамызу, моральдық қысым және өлім жазасымен қорқыту Қайымның ерік-жігерін сындыра алмады: ол «Абай мектебі бар» деп жауап берді. Ғалым ғылыми идеяларынан бас тартпады, қазір халық мақтанышына айналған Абай мектебін сақтап қалды. Дегенмен, сол кезде Абай шәкірттері буржуазияшыл ұлтшылдар қатарына жатқызылды. Біз қазір, өмірімізге қауіп төнбеген тыныш заманда шындық үшін күресе аламыз ба? Ал, сол бір қиын кезеңде ғалым-азаматтың адамгершілігі мен жауапкершілігі маңызды құндылықтарды сақтап қалды, сол арқылы біз бүгінгі таңда халық атымызды сақтадық. Ұстаздың шәкіртіне берген үшінші тапсырмасы – бұл Абай сөзінің түпнұсқасын сақтау. Абай сөздері ондаған жылдар бойы бұрмаланып жарияланғаны белгілі. Оның өзіндік себептері болды: нақтылы шығарманың немесе көне қазақ сөздерінің контекстін білмеу, шығыс тілдерінен алынған сөздер, діни терминдерден үрку, кейде редакторларға түсініксіз сөздерді халық ұғынатын сөздерге еш ойланбастан ауыстыру. Қайым 1940 жылдардан бастап және өмірінің соңына дейін Абай шығармаларының текстологиясымен айналысты. Ол Абайдың барлық өлеңдері мен поэмаларына түсініктеме жазды, сонымен ойшыл-ақынның ерекше сөздерінің тазалығын сақтады. Сонымен бірге, ол Абайдың 31 өлеңін нақтылап, ақынға тиесілігін анықтады, өйткені олар бұрын жоғалған немесе жаңсақ аударылған деп саналып келген еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұхамедханов Қ. Ұлы өмірдің белестері / Қ. Мұхамедхан // Жұлдыз. – 1981. - № 9. – Б. 199-209.
2. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері / Қ.Мұхамедханов- Алматы: Атамұра, 1995.- 208 бет.
3. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. В Т.1. - Зерттеулер мен мақалалар. - Алматы: Алаш, 2005.- Т. 1. - 352 бет.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОЯНУ ДӘУІРІ ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

Жұмағазиева М.Қ.

Ғылыми жетекші: Апышева К.А., филология магистрі

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Қазақ әдебиетінің жанданып, жаңа сатыға көтеріліп, тағдыр тәлкегімен нағыз тұспа-тұс келген сәті - 20-ші ғасырдың басы болатын. Жаңа деңгейге көтерілген әдебиет ұлылығы осы сәтте өзгеше жандана түсті. Қазақ даласын рух кернеп, ұлттық құндылығымыз, елдің елдігі, бостандығы мен еркіндігі үшін, мәдеениет пен өркениетке жетуге деген ұмтылыс пен күрес ап-айқын жүргізіле бастады. Оған бірден бір мысал осы 20-ші ғасырдың басы яғни 1909 жылы жарық көрген үш кітаптың тұғыры сол замандағы халық жанашырлары үшін асқақ та биік болатын. Олар өзімізге белгілі – Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» атты кітабы, Абайдың өлеңдер жинағы және Міржақып Дулатұлының «Оян қазақ!» атты шығармалары. Абай әдебиеті ол кезде қазақ даласында кеңінен таралғанымен кітап болып басылып шығуы қазақ рухының тағы бір жемісі іспеттес еді. Абай шығармашылығы білім мен ғылымға шақырудың басты қайнар көзі, сол замандағы қазақтың қайсар рухын көтеруге тұрарлық өлеңдер мен жыр жинақтарына толы болатын. Осы кітаптан кейін «Оян қазақтың» басылуы кімді де болсын ойлантарлық жәйт болғанын жасыра алмаймыз. Бұл басылымның ерекшелігі аты айтып тұрғандай қазақ халқын ендігі де тұспалдап тәтті ұйқысын бұзуға қыймаған баладай емес, ап-айқын, бесенеден белгілі етіп, ғасыр бойы шел басқан қазақ көзін білім, ғылыммен ашуға шақыру еркіндіктің ең үстемі болды. «Маса жинағына» келер болсақ Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай:

Ұйқысын аз да болса бөлмеспекен,

Қоймастан құлағына ызындаса? - бұл жердегі ақын идеясы - қазаққа сергектікті, жалқаулықтан ада болуды меңзеп, мың жылдық ұйқының құрсауынан құтылуды көздеген ақынның жан тебіренісі.

20 ғасыр алаш зиялылары үшін де, қазақтың қара халқы үшін де зарқақсаған заманның, толқыны бөлек тебістің заманы болды. Сары даланы адам қаңқасына толтырған геноцит, 1938 жылы жарты халықты құртуға, алаш зиялыларымен қазақ даласын жермен-жексен етерлітей репрессия сияқты тарихи қырғандар мен қыспақтарға толы ғасыр ағымы. Осы жиырмасыншы жылдардың көлемінде қазақ әдебиетінде төңкерісшіл романтизм де, әлеуметтік консервативтік романтизм де көрініс беріп жүрді. Бұл туралы яғни төңкерістен кейінгі жағдай туралы А. Байтұрсынов мынандай пікір білдіреді: «Қазақ баласын ұлтым, жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері Октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бармады. Сондықтан бейбауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бейбауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде

дағдарыс болдып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды». Тағы бір айта кетерлік сол төңкерістен көрініс беретін шығармалардың бірі 1927 жылы жарық көрген Екеудің «Көркем әдебиет туралы» мақаласы: «Қазақ төңкеріске жолдан қосылған жұрт. Төңкерістен бұрын коммунист жолында болған қазақ жоқ. Қазақ саясаттың өзіне кеш кірісті. Төңкерістен бұрын қалам ұстағанның бәрі ұлтшылдық бағытта жазып жүрді, төңкерістен кейін кейбір жазушылар еңбекшіл, тапшылдық, төңкерісшілдік бағытқа түсті. Бұрынғы ұлтшыл жазушылардың енді еңбекшіл, тапшыл болуына, әрине, төңкеріс, үкімет, саясат құбылуы әсер етті. Саясат, әлеумет құрылысы өзгерген соң, пікір де өзгермек қой. Алайда, қазақ жазушыларының бұрынғы ұлтшылдық сезімі пышақ кескендей жоғалып кетуі табиғи нәрсе ме? Төңкеріс болмаса, патша үкіметі құламаса, отаршылдық саясат өрши берсе, сонда да сол тапшыл болып отырған жазушылар ұлтшылдық бағытын тастар ма еді? Орыстың төңкеріс туғызған жазушыларының өзінде ұлтшылдық пікір қалмай отырғанда, қазақтың төңкерістен бұрын жазушыларында неғып ескіліктің жұғыны аз да болса қалмады? Қалмады десек шын болар ма? Міне, бұл ойланарлық нәрсе? Троцкий айтқандай «боялып, қу болып» жүрген жазушылар бізде жоқ деуге болмайды. Шын жүректен табиғатынан қайнап шықпаған сөзде жан болмайды, ондай сөз ақындыққа жатпайды, «бей намаздың» назамы болып шығады. Міне, сол себептен де әдебиетіміз, оның ішінде тапшыл әдебиетіміз жуырда аяқтана алмайды». Осындай дәлелдермен келтірілген қым қуыт заманда талай ақынның, талай жазушының сағы сынғаны анық. Сол бір зұлматта жарқ ете қалған жұлдыздай өмірге келген ұлы тұлғалардың бірі- Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – жиырмамыншы ғасырдың классик ақыны, қазақтың дара болмысы, талантты ұлы, қысқа ғана ғұмырымен жарқ еткен жарық жұлдызы. Осы бір тұлғаның бізге дейін өшпей келуіне Б.Кенжебаеваның маңызы зор. Сұлтанмахмұт ең алғашқы ақындыққа дең қойып жүрген кездегі шығармалары: «Оқып жүрген жастарға», «Тәліптерге» («Шәкірттерге»), «Ендігі беталыс», «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Мағынасыз мешіт», «Жарлау», «Досыма хат», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Түсімде», «Жазғы қайғы», «Қымыз», «Кешегі түс пен бүгінгі іс», т.б. өлеңдерін, «Зарландым» атты ұзақ очеркін жазды. Осы тұста «Қамар сұлу» романын жазуды бастады. Ал осыдан кейін «Айқап» журналына жұмысқа тұрып, тағы да теңдессіз өлеңдерін мақала етіп басып шығарады. Айта кететін болсақ: «Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» және т.б. Осы жұмысында аз уақыт тұрақтаған Сұлтанмахмұттың ендігі беталысы ауылға қарай болады. Сол жақта күйбең тіршілікпен жүріп «Ләпет бұлты шатырлап», «Алтыаяқ» сияқты өлеңдер жазады. «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүләйім», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл», т.б. өлеңдерін, 1915 жылы «Кім жазықты?» атты өлеңмен жазылған романын аяқтап тағы бір қазақтың өшпес мұрасына із қалдырады.

Ақынның ең бір жан тебіренерлік сол зұлмат замандағы ең бір өзекті де өмірлі мәселелердің бірі- әйел теңсіздігі туралы шығармалары деп білеміз.

Соның ішінде ең бір алтын әріппен жазылатын шығармалардың бірі-Қамар сұлу романы. Жазушы осы бір шығарма арқылы тек бір ғана заманның емес, барлық әйел баласының, қыз тағдырының ауыр тағдырын әшкерелеп бергендей. Осы жердегі жазушы идеологиясы тек бір жақты ғана емес, әйел болмысының нәзіктігін сипаттай отырып, Қамар арқылы батырлық пен өжеттіліктің нағыз символын жасағандай. Өзінен үлкен шалға айттырылып қойған мұңлы қыздың портретін сөз өрнегімен қиыстыра болмысын сызады.

А, құдай жасты-жасқа пар қылғаның,
Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның.
Біреуге алтын, гауһар тақыт беріп,
Астана жұрт билеген хан қылғаның.
Біреуге мал мен бақгы үйіп беріп,
Акылсыз екі аяқты мал қылғаның.
Біреуге Аплатондай білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты қара көңіл ан қылғаның.

Мейлі қоныз болсын, доңыз болсын,

Малдыны кісімсітіп паң қылғанын- деген Қамар сөздерінде тек әйел теңсіздігі ғана емес, сол замандағы байлардың басынуы, ақшаның буының мықтылығы, малды адамның масайрап жас қызға қол сұғуы іспеттес екіден де көп әлеуметтік теңсіздіктерді бір шығармаға тоғыстыра білген ақын жанының аяулы тебіренісі.

Тағы бір ақынның атап өтерліктей, қазақ даласына рух берген шығармаларының бірі-Шәкірт ойы. Бұл шығарма ақын жаны мен өміріндегі бір кезеңге нүкте іспеттес болса керекті. Білім алып, жан-жағын кеңінен таныған жас бала нағыз өмірдің мәнін қазақтың болмысынан тапқаны болар, алдына қойған мақсаты осы шығармада айдан анық сарнап жатты.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін!

1913 жылы жазған шағын бір өлеңінің тағы бір шумағын оқып көрсек:

Мен – балаң, жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.

Осындай шумақтарымен қазақтың Абайынан кем болмаған, айға ұмтылған бала арман жиырма жеті жасында от болып барып жоқ болады. Ерте аққан ақ сарбаз жұлдыздың ізі қазақ даласында, алаш жүрегінде мәңгілік тұрағын қалыптастырады. Өзі өлседе шығармалары, өлеңде қалған рухты жаны қағаз беттерінен өшпек емес. Жастай жалын атып жоқ болса да ақын жаны діттеген мақсатына жетті. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп күн болды», қазақ аспанына нұрын төгер айдың ажарында қалыптастыра білді. Ұлылардың өзі өшкенімен сөзі өшпесі

анық. Заман талабы өзгерсе де Сұлтанмахмұттың шығармаларының қазақ даласындағы маңыздылығы өзгермек емес. Заман ағымымен жандана түсетініне кәміл сенімдімін.

Әдебиеттер

1. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар: Таным-көпш / Б. Тоғысбаев А. Сужикова — Алматы: Алматы кітап ЖШС, 2006. — 182-б.
2. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры: Өлеңдер. — 1-к. — С. Торайғыров Алматы: Жазушы, 1987. — 160 б.
3. Байырбек Н. Ақиқат жолымен арманда аттанған ақын // Ақ Жол Н. Байырбек Қазақстан. — 2003. — № 43(64). — 24 қазан. — 10-б.
4. Торайғыров С. Қамар сұлу (роман) / Қазақ прозасы: Хрестоматия. — Үш томдық. — 3-т. — С. Торайғыров Алматы: Ғылым, — 214-б.
5. Үмарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Үмарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Астана: Фолиант, 2007. — 143, 144-б.

ӘОЖ 82.0:82-1

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ КЕҢІСТІКТЕГІ ФЕМИНИСТІК ПАРАДИГМАЛАР: АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ӘСЕРІ

Жұматаева А.Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: aidanaz@mail.ru

Зерттеулерде айтылғандай, феминизм теориясы қоғамдағы сексистік көзқарастарға қарсы, яғни ерлер мен әйелдердің арасындағы гендерлік кемсітушілікті жоюға, олардың құқықтары мен рөлдерін теңестіруге бағытталған идеология болып табылады. Әлемдік ғылымның тарихында аталмыш пән сөзінің шығу тегі туралы ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Герда Лернер, Джоан Келли, Карен Грин сынды американдық тарихшылар Батыс елдерінде феминизмнің белгілері ең алғаш Қайта өрлеу (ренессанс) кезеңінде көрініс бере бастады деген пайымдаманы ұсынады.

Шынында да, қай кезеңде болмасын, жаңа мәдениеттің, жаңа тенденцияның туып қалыптасуы адамзат санасына түбегейлі серпін беретіні сөзсіз. Сонымен қатар ренессанс дәуірінде жалпы өркениеттің алға басуымен қатар, қоғамда гуманистік ой-танымдарды насихаттау кеңірек етек жая бастады. Демек қайта өрлеу дәуірі әлемдік өркениеттің жарқын кезеңі болуымен бірге, «адамгершілік», «жаңа адам» терминдерін тудырды. Ренессанс философиясы адамды қоғамның басты құндылығы ретінде тани отырып, оның жеке бостандығына, адамдар арасындағы теңдік, әділдік мәселелерін басты назарға шығарды.

Ал кейбір ресейлік зерттеушілердің пікірінше, феминистік идеялар алғаш XVII ғасырда ағылшын авторлары – Афра Бенн, Мэри Астел, Батсуа Макин және

француз қаламгерлері Мари де Гурне, Франсуа де ля Барра шығармаларында кездеседі. Сондай-ақ, феминизм теориясы мен тарихын зерттеуші ғалымдардың бір тобы (С.Г. Айвазова, Н.Уолтер) феминизм авторлығын «Камелия ханымы» романын жазған француз жазушы-драматургы Александр Дюмоға тиесілі деп есептесе, зерттеуші Т.А. Клименкова бұл атауды алғаш 1895 жылы 27 сәуірде «Лондон» газетіне жазған мақаласында ағылшындық әйел Элис Росси қолданғанын айтады [1; 2-б].

Қалай болғанда да, XVIII ғасырдан бастап Еуропа мен Америкада әйел адамдар өздерінің әртүрлі – тұлғалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында күресуге ұмтылды. Алайда олар өздерінің іс-әрекетіне қатысты «феминизм» деген арнайы терминді қолданбады. Десе де, өздерін «әйелдер құқығын қорғаушылар» деп есептеді. Демек, бастапқыда әлеуметтік-мәдени қозғалыс сипатында пайда болған феминизм XIX ғасырда күшейіп, XX ғасырда мәдени ағым деңгейіне көтерілді.

Көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша бүгінде академиялық зерттеу нысанына айналған феминизм терминін 1837 жылы француз әлеуметтанушысы, философ Франсуа Мари Шарль Фурье ойлап тапты. Терминнің авторы өзінің «Төрт ағым және әмбебап тағдырлар теориясы» еңбегінде «жаңа әйел» туралы жаза отырып, «әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту – әлеуметтік прогрестің негізгі көзі» [2;174-б] деп атап өтті.

Сонымен феминизм өзінің даму тарихында бірнеше кезеңдерді қамтиды. Бірақ бізге маңыздысы бұл емес, бізге қажеті батыстық мәдениетте «әйел эмансипациясы» түсінігімен синоним ретінде қатар қолданылған бұл ұғымның ұлттық әдебиеттанудағы идеялық-эстетикалық көріністері қашан, қалай пайда болды, әдеби контекстегі феминистік ізденістердің мәні мен маңызы неде деген түйінді сауалдарға нақтылы жауап беру десек болады.

Шындығында, зерттеулердің бәрінде қазақ қаламгерлерінің шығармашылығындағы феминизм көріністері алғаш XX ғасыр басындағы алаш зиялыларының туындыларында көрініс тапқандығы айтылып жүр. Негізінде жазба әдебиетіміздегі әйел теңдігі, феминизм идеясы алғаш Абай поэзиясынан бастау алатыны ақиқат. Рас, Абайға дейінгі фольклорлық мұраларымызда, әсіресе, эпостық жырларда әйел бейнесі айрықша ардақталды. Десе де, діни еңбектерде жазылғандай, исламға дейінгі надандық (джахилизм) дәуірінде, әсіресе, Араб түбегінде қыз бала қадірсіз зат ретінде қабылданды. Қыздың дүниеге келуі отбасы үшін де, қоғам үшін де ұят саналғандықтан оларды тірідей көму, өлтіру кең етек алды. Осындай оспадар, әділетсіз тағдырдың қатал сынын бастан кешірген әйелдің мәртебесін Жаратушы Хақ дін ислам арқылы жоғарылатты. Сондықтан да әлмисақтан мұсылман болып жаралған халқымыз жаны нәзік әйел затын ежелден құрметтеп, олардың қақыларына аса сақтықпен қараған. Кейіннен отаршылдық жүйе ислами ілімнің қанат жаюуына әртүрлі қысымдар жасап, таза, шынайы мұсылманшылыққа тосқауылдар қоя бастады. Самодержавиелік ұстанымды көздеген олар догмалық көзқарастағы дүмше молдаларды мақсатты түрде тәрбиелеп шығарды. Нәтижесінде асыл дініміз исламның көптеген қағидалары бұрмаланып, теріс түсіндірілді. Осындай біржақты адасқан ойлар қоғамдағы әйелдің рөлін шектеп, олардың «шашы ұзын, ақылы қысқа» деген канондалған

пікірді қалыптастырды. Қазақ сахарасында да әйелді малға сату, қамшы үйіріп, жон арқасынан таспа тілу оларды жөнге салып, тәрбиелеудің дәстүрлі үлгісі деп тану заңдылыққа айналған еді. Осы тұста, сөз жоқ, «әке ұлды тәрбиелесе, ана тұтас ұлтты тәрбиелейді» деген халық нақылын бүкіл болмысымен ұғынған ХХ ғасыр басындағы алаш арыстары қорлық пен зорлықтың құрбанына айналған әйелдер теңдігі мәселесін биікке көтерді. Қазақ қаламгерлері көркем шығармалары мен публицистикалық мақалалары арқылы әйел тағдырын, олардың жеке басының еркіндігі мен бостандығын, гендерлік мәртебесін дерек пен дәйекке сүйене отырып нақты оқиғалармен жеткізді. Қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман «Бақытсыз Жамалдан» бастап, «Қыз көрелік», «Қалыңмал», «Қамар сұлу», «Ақбілек» шығармалары мен М.Әуезовтің «Адамдық негізі – әйел» атты тырнақалды мақаласы қазақ арасындағы кейбір кертартпа түсініктердің түбіріне балта шауып, әйелдің рөлін ұлттық әдеби үлгіде және ғылыми-философиялық тұрғыда айқындап берді. Алайда осы аталған мәселенің түпкі өзегі Абайға барып тірелетіні талас тудырмайды. Өйткені Абай шығармашылығын қай аспектіден алсақ та, өзінен кейінгі ақындардың рухани өрлеуіне жол ашқандығы, олардың дәстүр жалғастырушылар ретінде Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілдері болғандығы әдеби компаративистикалық дискурста біршама айтылды.

Көрнекті ғалым Қ.Жұмалиев Абайға дейінгі әдебиетте әйел хақында халықтық және феодалдық – екі түрлі көзқарастың болғандығын айта келіп: «Халықтық көзқарас әйелді жоғары бағалайды. Көп жайттарда ерлерден артық етіп көрсетуге тырысады. Ел бастар көсем де, сөз бастар шешен де, топ жарған батыр, аяулы ару, ардақты азамат та анадан туады. Сондықтан өмірде ананың ролі ерекше деген қорытындыны ұсынады», – дейді де, «Алтын басты әйелден, бақа басты еркек артық», «Әйел – жеті дұшпанның бірі», «Астындағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбе», «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген тәрізді мәтелдер әйелді ерлерден төмен санайтын феодалдық көзқарасты көрсетеді» [3], – деп байлам жасайды.

Шынтуайтында, халқымыз ықылым замандардан әйел баласын ерекше құрметтеп, олардың құқықтарын аяқ асты етпегенімен, патшалық Ресейдің жымысқы жаулаушылық саясаты салдарынан қазақ қоғамында да әйел тағдыры күрделі мәселеге айналғанын жоғарыда атап өттік. Бұл жөнінде белгілі әдебиет сыншысы, жазушы Т.Әсемқұлов: «Феодализм дәуірінде өмір сүрмеген, ескі заманның әңгімесін шежіреден білетін біз үшін әйел теңдігі өз-өзінен болған нәрсе сияқты. Бірақ сол ескі заманда әйел бостандығы нақты проблема болған. Кісілікте, ізгілікте басқа қазақтан ертерек оянған Абай теңдік мәселесіне келгенде үнсіз қалса... Абай болмас еді. Себебі, Абай үшін әйел теңдігі – ең әуелі өз анасы Ұлжанның теңдігі, сүйген жары Ділдәнің теңдігі» [4], – дейді.

Абай әйел эмансипациясы мәселесін саяси-әлеуметтік, моральдық тұрғыдан ғана емес, ұлттық стратегиямен тығыз байланыста қарастырды. Өйткені әйел тағдыры қоғамның рухани кемелденуіне, моральдық жетілуіне тікелей ықпал ететін негізгі фактор екенін ойшыл ақын бар болмысымен ұғынды. Сондықтан да ақын қазақ әйелінің бойынан сұлулығымен, ақыл-парасатымен қоса белсенді, жігерлі, озық ойлы, әлеуметтік қысымға табандылықпен қарсы тұратын, жеке өмірін өз бетінше реттей алатын батыл қасиеттерді көргісі келді. Осыған орай өз шығармаларында әйел бейнесіне қатысты отбасылық-некелік қарым-қатынастарды түбегейлі өзгертуге, әйел табиғатын жан-жақты дамытуға және оның адамзат

қоғамында тең дәрежеде өмір сүруіне барлық жағдайды жасауға шақырды. Ақынның «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңіндегі айтылатын негізгі ойлар да қазақ әйелінің тектілігін, тазалығын, мінезінің қайсарлығын, сонымен бірге әйелдің азаттығын жақтағанын аңғартады. Өлеңдегі:

«Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жанғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр?» [5; 292-б], –

деген жолдар Абайдың ескірген нормаларды ашық та батыл жоққа шығарғандығын көрсетеді. Сондай-ақ:

«Етімді шал сипаған құрт жесін деп
Жартастан қыз құлапты терең суға» [сонда], –

дегенде де ақын бұрын-соңды қазақ қыздарының бойындағы «құдай салды, мен көндім» стереотипін бұзып, қоғамның қатыгез заңдарына қарсылық көрсетуде, тіпті өлімнен тайсалмайтындығын жеткізеді. Әйел тақырыбындағы жырларынан ақынның еркіндікке, теңдікке ұмтылған жаңа типтегі әйел бейнесін жасауға ұмтылғаны аңғарылады. Осылайша Абай поэзиясында әйел эмансипациясы, әйел тақырыбы махаббат пен бақыт жолындағы биік құрбандықпен ұштасып, ең жоғары көркемдік және өмірлік шындықтың шыңына жетті.

Сонымен қатар Абай өзінің асқақ армандарын жүзеге асыруға мейлінше тырысатын, ішкі сезімдерін, Шығыс әйелдеріне тән ұяндығы мен ұлшақтығын, қорқынышын жеңген романтикалық әйелдер бейнесін жасады. Өйткені ақын үшін махаббат – ол адамның рухани еркіндігінің қайнар көзі саналды. Мәселен, «Қыз сөзі» өлеңінде:

«Сіз – бір сұңқар шаһбаз,
Жер жүзінен алған баж.
Біздей ғаріп есепсіз,

Есіңде жүр мұқтаж» [сонда, 145-б], – дегенде, шығыстық дәстүрді сақтай отырып, сол дәстүрдің ықпалынан сыпайы түрде ажыраған, өзінің субъективті сезімдерін ашық айтатын әйелдің табиғи күйін суреттейді. Демек, қазақ әйелінің әлеуметтік-құқықтық, психологиялық мәселелері алғаш рет Абай поэзиясында сөз болып, ақын интерпретациясында жаңа қырынан көрінді.

Абайдың әйел тақырыбына қатысты шығармашылық және тұлғалық поэзиясы ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларына да айрықша ықпал етті. Сол себепті де аталмыш мәселе қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің көтерілуіне, сондай-ақ қазақ әйелінің тағдырына үлкен мән беретін осы дәуір әдебиетінің негізгі әрі өзекті тақырыбына айналды. ХХ ғасырдағы алаш қайраткерлерінің бастамасымен қазақ қыздарының құқығын қорғайтын «Әйел теңдігі», «Әйел бостандығы», «Жетісу әйелі» т.б. мерзімді басылымдар жарыққа шықты. М.Дулатов, С.Көбеев, Т.Жомартбаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Н.Құлжанова, М.Әуезов, С.Мұқанов бастаған қаламгерлер қазақ қыздарының өзіндік еркін тұлға бейнесін жасап, оның отбасындағы, қоғамдағы маңызды орнын көрсетуге тырысты. Әйел эмансипациясының әлеуметтік-моральдық мәселесін көтере отырып, ағартушы, демократ жазушылар әйелдер тағдырына ерекше орын беріп, олардың ғылыми және көркем шығармашылыққа, сондай-ақ қоғамдық-саяси қызметке қатысуына тең мүмкіндіктер беруді насихаттады. Абай сынаған болыстық сайлау, руаралық талас-тартыс, әменгерлік, қалыңмал, атастыру, полигамия сынды

кейбір кертартпа дәстүрлердің құрбанына айналған ХХ ғасырдағы тұтас қазақ қыздарының типтік болмысы Жамал мен Қамар, Ғайникамал мен Ғайшаның бойына жинақталды. Автор-антропологтар қоғамдағы мансапқұмарлық, сауатсыздық, қараңғылық пен надандық кесапатын әйел тағдыры арқылы көрсете отырып, «халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарау үшін әйелдің басындағы сасық тұманды айықтырудың» маңыздылығын түсіндірді. Осындай аянышты, трагедияға толы кейіпкерлермен қоса, өмірдің тауқыметтеріне мойымай, оқу оқып, білім алып, қазақ қыздарының теңдігі жолында аянбай күрескен Ақбілек пен Ботагөз образдарынан Абай армандаған «жаңа қазақ әйелінің» көркем бейнесін көреміз.

Қорыта айтқанда, ұлттық әдебиеттегі әйел құқығы идеясы туралы Абай және ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының ұстанымдарын қарастыра отырып, мыналарды атап өтуге болады:

1. Абай және ХХ ғасырдағы қазақтың ағартушы-демократ қаламгерлері қоғамның моральдық, рухани ахуалы әйел халіне тікелей байланысты екендігін, яғни ұлт болашағының өркендеуі әйелге деген көзқарасқа тәуелділігін көрді;

2. Олар сауатты, білімді, қоғам ісіне белсене араласатын күрескер әйел бейнесін жасауға ұмтылды;

3. «Әйел азат болмай, алаш жұрты азат болмайды» деген қағидаға сай әрекет етті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Крыкова И.В. Феминизм: происхождение понятия и его трактования в современной науке // Журнал Аналитика культурологии, 2008. – стр. 1-6.

2. Шарль Фурье. Теория четырех движений и всеобщих судеб. М.: 2017 г. <https://flibusta.club/b/613592>

3. Жұмалиев Қ. Абайдың түсінігінше, ең қызық өмір – татулық, достық // Абай әлемі сайты. <https://abaialemi.kz/post/view?id=836>

4. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы // Абай әлемі сайты. <https://abaialemi.kz/post/view?id=781>

5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 640 б.

ӘОЖ 821.512.122.09

М. ШАХАНОВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ГУМАНИСТІК ИДЕЯ

Заданова М.М.

Ғылыми жетекші: Бияров Б.Н., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университетінің профессоры

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: mai_fujiwara@mail.ru

Мұхтар Шаханов қазақ поэзиясына жанрлық, стильдік бірқатар жаңалық әкелген ақын. Біз мұхтарды эпик дейміз бе, лирик дейміз бе? Екеуінде де негіз бар. Эпик деуге болатын себебі: өлеңдерінің дені сюжетке құралған. Бірақ осы пікірмен тұрақтап қала алмаймыз. Мұхтар эпик ақын дегенде оның лириктік негізгі қасиеті

тасада қалып қойғандай сезіледі. Ол ең алдымен мықты лирик қой. Мұхтар эпика мен лириканы ұштастыруда талантын танытады, шеберлік көрсетеді, өзіндік жаңашылығын енгізеді. Шаханов творчествосын бір жанр ерекшелігіне ғана сыйғызып талдау қиянат. Оның творчествосынан өмір-өнердің бір-бірімен жақындасуы, ой, мақсат, бояу, өрнектерінің бір мүддеге қарай шоғырланып, тұтасқан бүгінгі өнердің күрделі көрінісін көрсетеді. Сөйтіп барып өнер алдына тосып отырған күрделі заман сауалы-жалпы адамзаттық әрі әлемдік жаңалықтармен ұштаса түседі.

Шаханов шығармаларының оқушысын еліктіруі-аңыз бен ақиқатты тұтастыра, қабаттастыра отырып, мәңгілік тақырып-махаббатты, достықты, адамгершілік пен жауыздықты, адалдық пен арамдықты жырлауында жатыр. Айтқан пікірлерінде пәлендей жаңалық та жоқ, сан ғасырдан бері келе жатқан, адамзатқа үлгі етіп келе жатқан философиялық ойлар. Ақын соны өзінше түйіндеп, өз сөзімен айтады. Жетістігі де сонда, жастар жүрегін тебірентуі де содан.

М.Шаханов поэзиясының алтын діңгегі - гуманистік арна. Тек осы гуманистік кіндіктен оның ақындық таланты күш алатын сияқты. Оны импровизатор ететін де, философ-публицист ететін де, жуық жағдай төгілген лирик ететін де-тереңнен төгіліп шығатын гуманистік идеялары. Көп емес, аз жазатын, сақ жазатын баллада, поэмаларында күнде еститін жайдақ емес, адамгершіліктің, ізгіліктің терең де тың қабаттарына енеміз.

Адамгершілік! Бұл - сөздік қорымыздағы сөлі ерекше, мәні мәңгілік айқын, салмағы пара-парсыз парасатты сөз. Сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір аяулы ұғым.

Адамгершілік-заңның да, заманның да құдіреттілігін танытатын ең ұлы күш. Өйткені адамгершілікке негізделген жерде не нәрсеге де құдірет даритыны мәлім. Осы ұлы күш, адамгершілік қасиет, жеке адамның басындағы емес, жалпы қоғамның да қордалы байлығы.

Ақынның өмірге көзқарасы, түрлі адамгершілік ар тартысын бағалаудағы моральдік кодексі айқын, айтар үкім, берер бағасы да қайтусыз қатал, толағақсыз әділ, көңілдей асқақ.

Отанға, халыққа, шынайы мөлдір сезімге адалдық идеясын М. Шаханов адамдар арасындағы кіршіксіз достық, альтуристік дәрежедегі сүйіспеншілік туралы нақты оқиғалар, кесек әрекеттер арқылы нанымды өрнектеуге шебер. Мәселен, сенім патшалығындағы сюжеттің даму барысын, характер мен жағдай диалектикасын мүсіндеудегі ұтымды драматуризмдегі тек мазмұндық қана емес, формалық болмысы да қызықты. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ой-толғаныстары қызу мол қақтығыс саналарындағы отты диалогтардың реалистік қызметі мен шыңдалып, жан-жақты психологиялық мотивировка табады. Тағы бір талант қыры ретінде қаһарман сөздерінің ауызекі болмысын поэтикалық туынды шарттарын толық сақтай отырып, қырағы да қарапайым әрі соншалық нанымды бедерлей білетін қымбат өнерді атап кетуі орынды. Асылы мұндай қасиет өмірді жетік түсіну ғана емес, толассыз ақындық қуат, шабыт еркіндігіне сүйеніп, қанатын қомдамақ.

«Сенім патшалығы» поэмасында М.Шаханов қаламынан туған эпикалық дүниелерге тән қасиет, романтизм мен мифоэпикалық, дидактикалық негіздер, өзгеше жағдайдағы өзгеше мінез иелерін биік патриотизм аясында суреттеу айқын

аңғарылады. Бұған қоса шығармада уақыт жағынан зор ауқымдылық, тарих пен қазіргі кезең шындығына жанама тұрғыда салыстыру, ой мен сезім жүйесін қайшылықты драматизм кемерінен асыра бейнелеу талабы орын алған.

Поэманың негізгі тақырыбы - әділет пен озбырлық, достық пен қастық, мейірімділік пен жауыздық арасындағы адамзат баласының күресі. Осы күрес нағыз адамды танытады. Адам қасиеті осы күресте білінеді деген ой...

Поэмадағы Шахановқа тән асқақ үн, асқақ леп. Поэманың Адамзатты имандылыққа, Адамдыққа, ізгілікке, достыққа шақыратын қуаты үні, бауырмалдық гимніндей асқақ әуен.

«Өзендер мен көлдердің,
Көлден шалғай жерлердің,
Биіктер мен алыптардың,
Жараулар мен жарықтардың арасын
Жалғап келген бір ән бар.
Парасатты мұнданудан,
Жерді қирап күл болудан,
Таңды жара дүрсіндіктен,
Адамдарды күншілдіктен,
Қорғап келген бір ән бар.

Ол ән - ұлы достық әні, негізгі әні ғаламның,
Ол ән - ұлы махаббаты, менің сайын даламның.

Дала көңіл бабамның», - деп тебіренетін ақын бұл азаматтық кредосын осы шығармаға ғана емес, бүкіл творчествосына алтын арқау етіп алады.

Ақынның терең де тапқыр құрылған татымды туындысының бірі «Түсінісу теоремасы» дедік қой. Ал енді соның негізгі ойы нені үндейді десек...

Негізгі идея - «Биіктік, Тереңдік, Кеңдік - бұл үшеуін бағаламау-керемдік, түсінбеу-бақытсыздық», - деп жазады ақынның өзі.

«Нарынкұм трагедиясы» - ақынның шағын поэмасы. Ол-шағын да болса, шымыр. Бас-аяғы жинақы, ешбір басы артық сөзі жоқ, жұп-жұмыр бұл туынды поэзияда жарқ етіп көрінген жаңалық десе де болғандай. Өйткені оның композициялық бітімінің өзі-назар аударарлықтай. Мәселен:

Батырлығы жоқ адамнан
Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.
Ақындықтың басты шарты -
Басты алса да шындықты айту емес пе?
Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын
Оның тартар азабы да соншама!

Сияқты поэмадағы Махамбет сөздері нақыл, мәтел боларлық терең мағыналы сөздер. Поэмадағы екінші бір кейіпкер - халық өкілі-адал-азаматтық сөздері де бас кейіпкер Махамбет сөздерінен кем түспейді.

Ақын «Нарынкұм трагедиясында» асыл ер, абзал ақын Махамбетке деген бүкіл халық махаббатының күшін, құдіретін әкесінің ұнамсыз қылықтары арқылы, оның күрделі өмірін, іс-қимылын сенімді түрде шебер бейнелеп берген. Өткен ғасырдағы халық өмірінің тарихи кезеңін, оның тарихи ұлы перзентінің сом әдеби

тұлғасы арқылы суреттеп берген. «Нарынқұм трагедиясы» поэмасы әрі жаңашыл туынды, әрі эпикалық поэзияның еңсесін көтере түскен көркемдік ірі жетістік.

Ал «Күретамырды іздеу», «Отырар элегиясында» аңыз салмағы арта түседі. Бұл шығармалар арқылы ақынның айтпағы да, салар қолқасы да күрделірек. «Күретамырды іздеу» психологиялық-философиялық дүние. Барлық қарым-қатынас адам әрекеті-психикасы арқылы жүріп жататынын ескерсек, өз заманының сұрқылтайы-Жұдайханның психологиялық қатпарлары бізге жат па? Ал оның философиясы ше?

«Отырар элегиясында» персонаждар да үш-төртеу-ақ. Алайда, әр кейіпкердің ойлау арсеналы, жоспары, жүктері де салмақты-ақ. Тарихтың төс кіндігі «Шыңғысхан әрекетін оқулық көлемінде ғана білу аз, әрине, ол көркемөнердің қай түріне болсын төтеп беретін зор тұлға. Тым қатпарлы тұлға. Ақын оны мақсат еткен шығар, етпеген де шығар? Шығармада Шыңғысханның психико-философиялық портреті арнайы өзек етілмейді. Бұл тұлғада Мұхтардың публицистикалық дарынын танымауға болмайды. «Элегия» деп шығармаға ат қоюда да бір мән бар. Өз шығармасының табиғатына лайықтап ат қойып отыр. Ақын жанына тым жақын тақырып салқын қанды суреткерліктен гөрі қайткенде де жалынды публицистиканы талап ете берері ақиқат.

«Отырар элегиясында» ең алдымен көзге түсетін ерекшелік-оқиға арқауындағы драматизм мен публицистиканың тұтасуы. Қазақ поэмаларының олқы соғар тұстары да осы шынайы драматизмнің жетпуі болатын. Объектінің өз кіндігінен шығып жатқандай төкпе тіл өткір қағыстар сыртан терілмей, жасанды әдеби тіркестерден құралмай, көзі бар бұлақтай бүлкілдейді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей Мұхтар шығармаларын тақырыптық жағынан бөле қарауға болмайды. Соған қарамастан ақын адамгершілік пен достықты суреттей келіп, махаббатқа да тоқталады. Мұхтардың махаббат лирикалары абстракт ұғымнан емес, оқиғадан өрбиді. Оның тұрақты кейіпкерлері мен сезімнің «тарихы» бар. Сезімнің қызыл шағында суарылған асыл махаббат типтік характерлер болып саралана қалады. Ештеңе де ұмыт емес, жалған емес. Сонау қызыл гүлдей өткен өмірде өзегіне өрт болып түскен гүл мінезді «құдаша» бейнесі:

Күлкіңнен нәр алып бір.

Аулыңа барғанымда,

Жүргенсің балалықтың

Балауса орманында.

Сол сезім күйінде, жыр болып төгілмей ме? Оның образы жылдар озған сайын қаншалық даралана түссе, сезімі де ақ шағаладай ап-айқын. Ең бастысы сезім жомарттығына кенелеміз. Ақынның түпкі мұраты-махаббатқа тас-түйін ақсұңқарды жырлау.

Мен әнімді өжет батыл сезімнің

Құрбаны боп кеткен қызға арнадым.

Деген жолда Мұхтар поэзиясының шырыны ретінде келтірілген өлеңінің қорытындысы. Адалдық үшін өзін құрбандыққа шалған қайсар қыз-Мұхтардың идеалы. Әнді де, ақындық шабытты да ол солардан алады, оны ақын ететін де солар. Мұхтар өзінің осы бір сенімін әрі қарай өз поэзиясында тереңдете түсуді мақсат тұтатындай. Ақынның рухани жетілуін-идеялық өсуі деп білеміз. «Өзінің ең

қасиетті әнін қорғай алмаған жан, басқа істе де қабілетсіз, бағы мәңгі жанбаған жан»-дейді.

Жалпы адамшылық парасаттан махаббатты бөлмейді. Кісілігінің, өмірінің бар мағынасы-махаббат арқылы көрінеді дегенді ашық айтып отыр. Сөйтіп ықылым заманнан бері анықтамасы табылмай, әркім өз тұрғысында табынумен келе жатқан махаббат. Мұхтар поэзиясынан нақтылық табады. Онда да прозалық емес, поэзиялық нақтылық.

Артық қорлық бар ма әлемде сенгеніңнен безінуден,
Құлай сүйген адамыңның осалдығын сезінуден.
Көз жасымды көрсетпеуге тырыстым мен саған бірақ,
Сен деп шыққан сенімімнің биігінен барам құлап.
Махаббатқа жан пидалық етпедің бе,
Бәрі бекер..

Енді көрген қызығыңның нарқы кеміп, мәні кетер.

Биіктік межесі біреу болғанмен, түсінік-талғам әр түрлі ғой. Сондықтан бұл өлең әркімді бақыты ете алмауы да мүмкін. Дегенде де өлең оқылып болған соң ақыл мен сезімді бірдей баурайтын тылсым күш жүрекке мәңгілікке шөгіп қалады. Себебі бұл жерде жас сұлулықты сіз жан-тәніңізден бұрын санамен сезінесіз. Эстетикалық талғамнан өзгеше бір биік қырларына тап боламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Базарбаев М. Өлең - сөздің патшасы, сөз - сарасы. - Алматы, 1973. - 197 б.
2. Шаханов М. Өлеңдер жинағы. - Алматы, 1983. – 210 б.
3. Шаханов М. Шың басындағы аңшының зары / М.Шаханов, Ш.Айтматов.- Алматы, 1997. – 117 б.

ӘОЖ 821.512.122.09

Ә. НҰРПЕЙІСОВТИҢ «ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗЫ

Заденова Н.М.

Ғылыми жетекші: Бияров Б.Н.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: mai_fujiwara@mail.ru

«Қан мен тердің» басылымдарын өзара салыстыру барысында Ақбала образының да тереңдетілгенін айқын байқауға болады. Психолог-жазушы кейіпкердің әр түрлі қиын сәттердегі көңіл күйін ашуға тырысқан. Алғашқы басылымдарда (1959; 1961-1964) Ақбала екінші қатарда қалып қойған. Кейінірек 1966 жылғы басылымнан бастап қана автор осы қиын, шым-шытырық тағдырлы кейіпкердің ішкі өлемін ашуға тырысқан.

1966 жылғы нұсқадан бастап тұтқынға түскен Еламанның Тәңірбергенге қаратып айтылған ашулы сөзін Ақбала еститін көрініс қосылған. Жазушы осы сәттегі Ақбаланың көңіл күйін суреттейді: «Түс жоқ, өң жоқ, құп-қу қолынан

кестесі түсіп кетті. Есікке қарай ұмтыла түсті де, үй ортасына жете бере сілейіп тұрып қалды» [1, 247].

Қаламгер Ақбаланың ата-анасының қонаққа келуін күтетін оқиғадағы психологиялық портретін 1970 жылғы басылымнан бастап дәлірек суреттеген. Нұрпейісов кейіпкердің күрделі, қарама-қайшылықты көңіл күйінің құбылыстарын анық жеткізеді: «Көңілі жадырап, ақсары жүзі нұрлана түседі» және «кенет түсі бұзылып кетеді». Күткен қонағы келмейтінін бәйбіше жеткізген кездегі Ақбаланың психологиялық көңіл күйі шебер сипатталған: «Ақбала сәл қозғалса құлап түсетіндей сезді. Көз алдындағы нәрсенің бәрі теңселіп, табаны астындағы жер мен үстіндегі алты қанат үй де уығы, керегесі пышырлап, түндігі сыпырылып бара жатты. Қасындағы құрбы келіншектердің де жүзі қашықтап, жапан түзде жалғыз қалып бара жатты. Бет өңі аппақ. Тек әлгі жасқаншақ күлкі айыға қоймаған әдемі қызыл ерні ғана дір етті» [2, 60]. Жазушы бұл үзіндіде әкесінің қонаққа келуден бас тартқан хабарын жүрегіне соншалықты ауыр алған Ақбаланың физиологиялық және психологиялық көңіл күйін өте шебер суреттеген.

«Қан мен тердегі» ең бір күрделі оқиғалардың бірі - Ақбаланың екінші баласынан айырылар сәті. Журналдық нұсқада осы оқиға жайлы өте қысқа мәлімет берілген. Онда Тәңірберген бала жатқан бесікті тартып алып, жеңгелей алған әйелі, Құдайменденің жесіріне береді. 1964 жылғы басылымда бұл көрініс біраз кеңейтілген. Дегенмен, автор Ақбаланың қайғы-мұңын тағы да сығымдалған түрде баяндайды. Бірақ мұнда баласынан айырылған ананың трагедиясын күшейте түсетін Ақбала мен бәйбішенің арасындағы тартыс суреттелетін көрініс қосылған.

Автор 1966 жылғы нұсқадан бастап Ақбаланың психологиялық көңіл күйін одан да тереңірек ашады. Жазушы оның түсі жайында баяндайды. Ақбала түсінде де баласынан айырылып қалам деп қорқып жүреді. Бәйбіше баланы алып кетуге жіберген әйелдермен Ақбаланың диалогі бақытсыз ананың қайғы-мұңын күшейте түскен. Оның үзік-үзік сөздері не істерін білмей аласұрған әйелдің шарасыз халін көрсетеді. Қаламгер тоғызыншы басылымда осы көріністі суреттеуде кейіпкер ісіне психологиялық талдау жасаудың шарықтау шегіне жетті. Мұнда ананың баласынан айырылар алдындағы қорқынышы мен шарасыздығы айқынырақ көрсетілген: астын жиі күрғатып, ... айтбақшы, оның ... оның әлгі ... Ақбала әлденені есіне түсіре алмай аңтарылып тұр» [3, 251].

Ақбаланың өмір жолы бұралаң. Ол көп нәрсені жоғалтып барып қана тәубеге келуге дейінгі жолдан өтті. Сол себепті кейіпкер түрлі күрделі психологиялық жағдайларды бастан кешіреді. Автор Әнуардың үйінде Еламанмен кездескен сәттегі Ақбаланың психологиясын терең аша білген. Еламан сәтсіз аяқталған «Мюлгаузен» операциясынан кейін қуғыншылардан қашып келіп, Әнуардың үйінің есігін қағады. Қатты қорыққан үй иесі ашқысы келмейді. Автор осы жерге 1970 жылғы басылымнан бастап Ақбала мен Әнуардың диалогін кіргізеді. Сол арқылы жазушы осы көріністің эмоциялық әсерін күшейтті. Бұрынғы нұсқаларда Ақбала сырттағы кісіні танып, ішке кіргізіп алатын. Еламан алғыс айтпақ болғанда ол «түсін суытып ала қоятын». Ал 1970 жылғы басылымнан бастап, Еламан рахмет айтпақ болғанда Ақбала сырт айналып жүре береді. Осы сәттегі Ақбаланың психологиялық көңіл күйінен хабар беретін төмендегі жолдар қосылған: «Буын-буыны кенет қалтырап қоя берген аяғын әзер басып барды да, тор жақта сығырайған шамды сөндірді» [4,

158].

Автор 1964 жылғы басылымда түнгі қонақ пен Ақбаланың арасында қандайда бір байланыс бар сияқты деген оймен ұйқыдан тұрған Әнуардың көңіл күйін суреттейді: «Әнуар басын көтерді. Ақбала мен мына мезгілсіз уақытта тап болған бейтаныс кісінің арасында шешілмей жатқан жұмбақты білмесе де, көңіл көзі кей күдіктің үстін басқандай. Осы түн оны да күдікті ойлар қажытып, өз денесін өзі ауырлап, сүлеленіп түрегелді» [5, 181].

1966 жылғы нұсқадан бастап жазушы осы жолдарды шығарма мәтінінен алып тастап, Ақбаланың ішкі көңіл күйіне баса назар аударады. Еламаннның жақындығын сезінген кезде Ақбаланың бойындағы жасырынып жатқан сағынышты сезімдер бас көтере бастайды: «Үй ішінен еркек иісі аңқып қоя берді. Сонымен бірге осы жігіттің баяғы бірге тұрған кездегі тер иісі, балық иісі сіңген ірі, кесек денесін, күс-күс алақанын сезді» [6, 161].

1969 жылы Нұрпейісов Г. Бельгерге Ақбала мен Кенжекейдің кездесуі жайлы жеке көрініс жазғысы келетінін айтқан еді. 1970 жылғы басылымда жазушы екі әйелдің кездесуін өте қысқа баяндайды. Жарты беттік көрініс болашақтағы үлкен әңгіменің жоспары деп есептеуге болады. 1973 жылғы нұсқадан бастап автор ең алдымен екі әйелдің кездескен сәттегі психологиялық көңіл күйін көрсетеді. Ә. Нұрпейісов Ақбаланың күйзелісін оның ретроспективті ойлары арқылы тереңдете түскен. Ақбала Құдайменденің жылқышысы Еламанды өкінішпен еске алады. Оның бұған ықыласы ерекше еді. Еламаннның таза сезімі есіне түскенде, ол өзінің тым тәкаппар болғанын ойлайды: «Еламан үялшақ. Қашан кете-кеткенше қыз жаққа қарауға жүзі шыдамай, көзін қашырта береді. Үстіне Ақбала кірсе екі беті дуылдап қоя береді. Аузындағы сөзінен шатасып, қара терге түсіп қысылып бітеді. Ақбала кеудесінде егес оты өршеленіп кетеді. Іште булыққан ыза сыртына шауып, мысқыл күлкі бетінде тұрады» [7, 710].

Ақбала өте шыққан қыз күнін есіне алады. Білместікпен қате іс істегенін енді түсінді: «Шіркін жастық не істетпейді...» [7, 710]. Ол қатты өкініп, енді уақыт өткен соң, өз ісіне объективті баға беруге тырысады: «Қанша келіп жүргенде ол сорлыға бір рет рай бермепті. Сонысы жөнсіздік пе, жоқ, әлде тәкаппарлық па? Кәйткен күнде де шектен асып кетсе сол тәкаппарлық та қаталдықпен парпар көрінеді ғой» [7, 711]. Ақбаланың ойларының философиялық астары да бар. Еламанды еске ала отырып, кейіпкер мұның бәрі өткен іс екенін түйсінеді: «Ой, дүние-ай, о да бір дәурен екен-ау!» [7, 710].

Кейіпкердің Еламанмен Шалқарда алғаш рет кездесуі соңғы 1991 жылғы басылымда барынша шебер жазылған. Қатты абыржығандықтан Ақбала қолын әйнек кесіп кеткенін байқамай қалады: «Жаны ышқыныш келе жатып шеңгелін шамадан тыс артығырақ сығып жіберді де, уысындағы шыны шөлмек сынып кетті» [8, 293]. Асты сызылған сөздер соңғы нұсқада қосылған. Олар Ақбаланың ішкі көңіл толқынын айқынырақ сипаттайды. Егер бұрынғы басылымдарда автор «Ақбала қолындағы қанды көрді; қаны қашқан мұздай ерні дір етіп, сөлекет езу тарта түсті де тыйыла қалды. Көзінде құйыла жаздап тұрған жасты ол енді тежемей, еркіне қоя берді» [9, 407] деп жазса, соңғы нұсқада кейіпкердің көңіл күйі бұдан да нанымдырақ суреттеледі: «Ақбала қанды жаңа көрді, бірақ осы бір қолын жуып кеткен қызарғанның не екенін білмегендей, әлгінде ырситып шыны тіліп кеткен

алақанына селқос енжар қарап отырды да күрсінді. Өзінің қалжырағанын жаңа сезді» [8, 294]. Соңғы үзіндіде автор Ақбаланың дәрменсіз бейшаралығын, адасқандығын, еңсесі түсіп, азып-тозған кейпін жақсы көрсеткен. Кейіпкер ащы шындықтың салмағын көтере алмай, мүлдем есін жоғалтып алғандай. Көзі қанға түскенде ол қатты жарақаттанған өз қолының қаны екенін бірден түсіне алмайды. Осындай жағдайда оның жылауға да шамасы келмейді. Шарасыздықтан күрсінеді де қояды. Осы суреттемеде Нұрпейісовтің психологиялық шеберлігінің шарықтау шегіне жеткені анық көрінеді.

Жұмыссыз қалған Әнуардан үміті үзілген Ақбаланың аш балаларға тамақ іздеп базарға баратыны жайлы оқиға соңғы басылымда барынша нанымды суреттелген. Егер алғашқы нұсқаларда Ақбала базарға келгеннен кейін Әнуардың жағдайының қиындығын ойлай бастаса, соңғы 1991 жылғы нұсқада автор бұл жолдарды алып тастап, Ақбала әрекетін логикаға сай баяндайды. Әр түрлі тағам иісі оның ойына Әнуардың аш балаларын түсіреді.

Алғаш рет таныс емес ортаға түсіп, орыс әйелдерімен бірге жұмыс істей бастаған Ақбаланың психологиясы тоғызыншы басылымда барынша жан-жақты ашылады. Мұнда алғашқы нұсқалардағыдай тек қана Ақбаланың қара жұмыстан шаршағаны ғана баяндалып қоймайды. Автор соңғы басылымда кейіпкерді қол еңбегінің ауырлығын жеңуші ғана емес, өз ошағының басындағы күйбеңнен аса алмаған қазақ әйелінің алдындағы ғасырлар бойғы кедергіні бұзып өтіп, қоғамдық еңбекке араласушы ретінде бейнелейді: «Бар өмірі бала бағып, бай күтіп, қара қазанды күніне үш мезгіл асып түсіргеннен басқаны білмейтін әйел сорлыға өңі түгіл түсіне кіріп көрмеген кәсіп болғасын, бұл басында жүрексінуі жүрексінді» [9, 409].

Автор соңғы басылымда Ақбаланың өткен өмірі жайлы ойларын қосқан. Ол қыз кезінде де, Еламанмен аз уақыт өмір сүргенде де қол еңбегінің ауырлығын білмепті: «Сорлы ата, ана бұны қатарынан кем қылмаймыз деп тыртақтап алақанға сап мәпелемеді ме? Кейін балықшы ауылға келін боп түскесін де кедей жігіт бұны ештеңеден кем қылмады. Шамасы келгенше күнге күйдірмей, желге қақтырмай мәпелеп бақты» [9, 409]. Автор Ақбала өмірінің осындай ауыр кезеңдерін суреттей отырып, оның рухының күштілігін әкесімен байланыстырады: «Осы күні бұл өз бойынан қатал әкенің қайбір қиындық басына түскендегі қайсарлығын тауып, соған кәдімгідей тавданып қалады» [9, 409].

Соңғы басылымда қаламгер кейіпкердің көп қырлы мінезіне берілген сипаттамаларды барынша толықтырды. Егер алғашқы нұсқаларда Еламан Ақбаланы аяп, ыңғайы келген кезде үнемі жұмысына көмектесіп жүрді деп жазса, тоғызыншы басылымда бұл мәлімет толықтырылған: «Бұл (Ақбала - Ә.Қ.), әрине, Еламанның келгенін, қолқабыс бергенін ар жағы тілеп тұрса да, тек оның аяғанын ұнатпайды» [9, 410]. Соңғы сөздер Ақбаланың намысқойлығын көрсетеді.

Жұмыс аяқталған соң, Еламан Ақбаламен ұяң қоштасып кетіп қалады. Бақытсыз әйелдің ойын билеген өкінішті корсету үшін автор тоғызыншы басылымда оның сары апамен болған диалогін кеңейтті. Сары апаның «Бекер істейсің. Бұндай жігіт табылмайды» [9, 411] деген сөздері Ақбаланың жан жарасының бетін ашып жібереді. Жазушы кейіпкердің осындай қиын сәттегі көңіл күйін толық баяндайды: «Ақбала өзін әрең ұстап тұрған-ды. Мына сөз қамшы

болды ма, Сары апаның көпшіктей кең кеудесіне бетін басып жылап жіберді» [9, 411].

Жазушы осы жерде Ақбаланың көршісі жеңіл жүрісті әйел туралы қосымша көріністі қосқан. Өзінің талайсыз тағдыры жайлы ащы ойлар жүрегін өртеп, қатты күйзеліп отырған Ақбала сырттан шыққан аяқ тықырын естіп бір сәт ойы соған ауып кетеді: «Тәйірі, кім дейсің, мынау да бұнымен жапсарлас тұратын жеңіл жүрісті келіншекке кеш түссе-ақ бірі келіп, бірі кетіп жататын осы қаланың әйелсіреген еркектері шығар» [9, 412]. Кенеттен пайда болған ой басқа бір ойды туғызады. Сол сәтте ол бір қорытындыға келгендей болды: «Осынікі дұрыс» деді Ақбала. Бұрын соңды басына келмеген қияңқы ойға иманы селт етпеді. Бұрын бет күйетін күнәдай нәрсені өзінің осынша жайбарақат ойлап отырғанына да танданбады» [9, 412]. Осындай күпір ойларға беріліп, ойы астан-кестен болған бақытсыз Ақбаланың психологиялық көңіл күйін барынша шынайы суреттей отырып Нұрпейісов оның жалғыздығын, шарасыздығын, түйыққа тірелгендігін, яғни, оның талайсыз тағдырының бар трагизмін көрсетеді. «Осынау айдай әлемде дәл осы қазір бұны іздеп келетін тірі ленде жоқ тұғын. Бұл бейбаққа кешегі ақ некесін қиып бас қосқан екі байдың не тағдыры қосқаны, не тәңірі қосқаны бұйырмапты. Тірлікте көрер қызық пен қуаныш, бақытты бұл көктен қиялдап, аспандағы жұлдызға қол созып жүргенде жердегі сыбаға үлесінен құр қапты» [9, 412].

Сонымен, суреткер Ақбала образын басылымнан басылымға қарай жетілдіріп отырған. Ә.Нұрпейісовтің осы кейіпкерді бейнелеудегі психологизмді тереңдетуі «Қан мен тердің» 1970 жылғы нұсқасынан бастап орын алған. Үшінші кітап «Күйреуде» Ақбаланың ішкі әлеміндегі әрбір өзгеріс кейіпкердің көзі ашылып өкініш пен мұңды барынша өткір сезінген шақта мүмкіндігінше айқын ашылады. Жазушының Ақбала образын сомдаудағы эволюциясы бірнеше бағытта дамыды: кейіпкердің ішкі монологтерін (монолог-естелік, монолог-ой) жаңадан қосу, диалогтерді кеңейту, жаңа көріністермен толықтыру, оның психологиялық көңіл күйін суреттеу, авторлық баяндауды жетілдіру. Соңғы тоғызыншы басылым Нұрпейісовтің «айқын» психологизмнен «айқын емес» (В.Е.Хализев) шығарма астарындағы психологизмге өтуінің үлгісі болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Роман. Бірінші кітап. - Алматы: ҚМКӘБ, 1961. - 282 б.
2. Нұрпейісов Ә. Сергелдең. Роман. "Қан мен тердің" 2-кітабы, Алматы: Жазушы, 1970. - 263 б.
3. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия. Алматы: Жазушы, 1991, 624 б.
4. Нұрпейісов Ә. Сергелдең. Роман. "Қан мен тердің" 2-кітабы, Алматы: Жазушы, 1970. - 263 б.
5. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Роман. 2-кітап, Алматы: ҚМӘКБ, 1964. – 322 б.
6. Нұрпейісов Ә. Сергелдең. Роман. "Қан мен тердің" 2-кітабы, Алматы: Жазушы, 1966. - 275 б.
7. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия, Алматы: Жазушы, 1973. - 840 б.

8. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия. Алматы: Жазушы, 1991. - 624 б.
9. Нұрпейісов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. Т.1 Қан мен тер. Трилогия. Бірінші және екінші кітабы, Алматы: Жазушы, 1981. - 520 б.

УДК 37

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕ ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН БАСШЫ ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ ЖАЙЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРГЕ ШОЛУ

Исмагулова Э.Е.

Ғылыми жетекші: Өскембай Ә.А.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан

Жұмабай Шаяхметов Кеңестік дәуірде қарапайым жұмысшыдан мемлекеттік басшы дәрежесіне дейін көтерілген танымал тұлға. Ол соғыстан кейінгі қысылтаяң дәуірде ел басқарып, тұралаған ел экономикасының дамуын дұрыс жолға салып, жетістіктерге жете білген. Өз дәуірінде И. Сталиннен жоғары баға алып, «Шығыстың қыраны» атанған қоғам қайраткері. Ж. Шаяхметов ел экономикасына ғана емес, әдебиет, мәдениет саласына да ерекше көңіл бөлген. Оның кезінде әр сала бойынша білімді, білікті мамандар мен ғалымдар пайда болады. Тың жерлерді игеру ісіне қарсы шыққандықтан мемлекеттік биліктен аластатылған. Осы бір тарихи тұлға жайлы деректер мен құжаттарды саралап, Жұмабай Шаяхметовтың қызметіне оң бағасын беру замана талабы.

Түйін сөздер: Министр, социалистік жүйе, тың жерлер, зауыт, фабрика, реформа, ел басқару, Хрущев.

«Первые лица государства: политические портреты» атты кітап алғаш 1998 жылы басылады, 2001 жылы қайтадан басылып шықты. Бұл еңбекті жазуға еліміздің белді саясаткерлері мен тарихшылары ат салысады. Авторлар ұжымы 16 адамнан құралады. Бас редакторы Иманғали Тасмағамбетов, жауапты редакторлары А. Тулегулов, Е. Әбен, ғылыми кеңесшісі М. Қозыбаев және алты адамнан тұратын редакторлар кеңесі болады. Бұл еңбекте Ж. Шаяхметов соғыстан кейінгі дәуірдің көшбасшысы деп көрсетіледі [1, 268 б.].

Тарихшы-зерттеуші Қасым Мұхаметқалиевтің «Әр жылдар толғамы – Размышления разных лет» атты еңбегі 2000 жылы Алматы қаласында Гауһар баспасында басылып шығады. Еңбекте елді соғыстан кейін ауыр кезеңде басқарған адамның елеулі еңбегіне тоқталады [2, 166 б.].

2002 жылы 30 тамызда Жұмабай Шаяхметовтың туғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы 2002 жылдың 5 қыркүйегінде «Жұмабай Шаяхметов: өмірі мен қызметі» атты ғылымипрактикалық конференциясын өткізеді. Конференцияның ашылуында мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед сөз сөйледі. Ол өз сөзінде «Жұмабай Шаяхметовтың басты қасиеті өзінің отандастарына бей-жай қарамауында, адамдармен қатынаста қарапайым болып қалуға тырысуында деп

атап көрсетеді. Ол барлық мәселені ішінен зерттеуге тырысатын болған деді өз сөзінде министр.

Сол дәуірдегі қатаң саяси және идеологиялық ұстанымдарға қарамастан ол ғылым мен мәдениет жолындағы танымал тұлғаларға араша түсе білді. Тарихтың ақиқаты үшін оның М. Әуезов пен Қ.И. Сәтпаевты жаппай репрессия шарасынан арашалап қалғанын айтуға болады. Ж. Шаяхметовтың кеңесімен Қ. Сәтпаев Мәскеуге ғылыми ісін жалғастыру үшін жіберіледі. Кейін Ж. Шаяхметовтың саяси батылдығының арқасында Отанына қайта қайтарады. Ж. Шаяхметовтың замандастары оны көреген саясаткер, дарынды ұйымдастырушы, өз ісін жетік білетін басшы ретінде бағалайды». Д. Қонаев та ол жайлы: «Ол өзіне дейінгі басшылардан қарағанда ұқыпты басшы және жақсы ұйымдастырушы болды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан экономикасы жоғары қарқын алып дами бастады», - дейді. Ал оны тікелей таныған Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің бұрынғы хатшысы Илияс Омаров 1940-1950 жылдары Қазақстанда Жұмабай Шаяхметовтан басқа көрнекті қайраткер болмады дейді.

Өз сөзін министр біздің мақсатымыз болашақ ұрпақ есінде елді қиын кезеңде дұрыс басқара білген адамның әрекетін дәріптеу болады деген [3, 30 б.].

Қазақстан тарихының белгілі тарихшысы Манаш Қозыбаевтың Жұмабай Шаяхметов жайлы «Социалистік жүйе – бағы да, соры да болды» деген естелігін жазып қалдырды. Онда тұлғаның социалистік жүйе кезінде жоғары қызметтерге келгендігін жаза келе Е. Бекмахановты Орталық Комитетке жұмысқа алғандығы, сол кезде елді дүрліктірген Кенесары Қасымұлы жайлы тақырыпты ұсынғандығы және тікелей өзі өтініш білдіре жүріп Е. Бекмахановқа А.М. Панкратованы жетекші еткендігі жазылады. Е.

Бекмахановты айыптағандар Ж. Шаяхметовты да айыптады деп көрсетеді [3, 23 б.]

Сонымен қатар, кадрларды жасақтауда көрегендік танытқан қасиетін атап көрсетеді. Оның кезінде жасы отызға келмеген республиканың басшылық деңгейіне көтерілген І. Омаров, Д. Қонаев, М. Тәжиев, Ж. Жанғозин, Ә. Қанапин, Ж. Тәшенов сынды азаматтар болды [3, 24 б.]. Олардың жұлдызын жаққан да Ж. Шаяхметов болды дегенді меңзейді. Ол сонымен қатар, қазақ мәдениеті мен қазақ әдебиетінің жанашыры болды деп көрсеткен.

Қазақстан Министрлер кеңесінің Іс-басқармасын ұзақ жылдар басқарған Бабкин Ж. Шаяхметов қызметінен босаған соң оны үйінен қуып шыққандығы және Жұмабай Шаяхметов өзінің құдасы Хисаметдиновтың үйінен пана тапқандығы да жазылады. Сол Бабкин атты мырза Ж. Шаяхметовтен соғыста жеңіске жеткен соң И. Сталин сыйлаған алтынмен апталған семсерін қызметтік үйдің ақысы деп алып қойғандығы да айтылады [3, 25 б.]. Елден қуылған шағында, Мәскеуде республика өкілеттілігі үйінің қорасының бір бөлмесінде ұзақ тұрғандығы, тек А. Микоянның араласуымен ғана екі бөлмелі пәтерлі болғандығы дәлелмен жазылды [3, 25 б.].

2002 жылы мерейтой қарсаңында «Күрделі заманның қайсар қайраткері Жұмабай Шаяхметов туралы естеліктер – Воспоминания о Жумабае Шаяхметове» атты жинақ Алматыда 2002 жылы жарияланады. Еңбек тарихшы К. Алдажумановтың мақаласымен басталады. Жинаққа Т. Бигельдинов, К. Байсейітова, А. Асқаров, А. Жаймурзин, Қ. Қайсенов, Д. Қонаев, З. Камалитденова,

С. Нұрмағамбетов, Ш. Чокин, Н. Сац, К. Салыков және де көптеген замандастарының естеліктері енген [4, 241 б.].

2008 жылы ардагер журналист Мадат Ақкөзиннің «Вернуть из забвения: правдивая история о Жумабае Шаяхметове, первом казахе, возглавившем республику» атты еңбегі Алматы қаласында жарыққа шығады. Еңбекте автор: Жұмабай Шаяхметовтың басты қасиеттері қатарына - еліне деген адалдығын, өз жұмысына деген жауапкершілігін, өзін қоршаған адамдарға деген адамгершілігін атап көрсетеді. Ол талапшыл тәрбиеші оның дәуірінде ғылым мен мәдениетте, ауыл шаруашылығында дарынды басшылар шықты. Автор Ж. Шаяхметов Кеңестік дәуірде өзінің шығу тегін жасыруға мәжбүр болды. Оның арғы атасы Тоқтамыс би болған деп көрсеткен [5, 202 б.].

2010 жылы Григорьев В.К, Ахметова Л.С. жазған «Первые лица Казахстана в сталинскую эпоху» атты еңбек 2010 жылы Алматы қаласында басылады. Кітаптың ашылуы Қазақстан мен Ресейде өтеді. Еңбекте Ф.И. Голощекин, Л. Мирзоян, Н. Скворцов, Ж. Шаяхметов жайлы мәліметтер жинақталады. Бұл очеркте И. Сталин республика басшыларын ғана алма кезек ауыстырмай, саяси курсты да өзгертіп отырғандығы айтылды. Очеркте тұлға туралы «Жумабай Шаяхметов Груз властной ноши выдержал» деп аталатын тарауында Ж. Шаяхметов басқаруынан соң елде не қалды деген сұраққа жауап ізделінеді. Ол кісі басқаруынан соң сараптама жасайды. Оның кезінде ел толықтай электрленеді, зауыт пен фабрикалар салынады, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының елді асыруға қауқары жетеді, жаңа мектептер, жоғары оқу орындары, театрлар мен кинотеатрлар ашылған екен.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 2010 жылы аз тиражбен «Рассекреченная история: особые папки» атты бұрын ғылыми көпшілікке қол жетімсіз болып келген деректер қорын жариялайды. Жинаққа ең жоғары құпиялық белгісі бар құжаттар енгізіледі. Жұмабай Шаяхметов қол қойған құжаттар да бар [6, 3 б.]

2018 жылы 4 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты мен Шоқан Уалиханов атындағы тарих және этнология институты бірлесіп «Вопросы персоналистики советской истории: Жумабай Шаяхметов» атты дөңгелек үстел ұйымдастырады. Дөңгелек үстел кезінде Қазақстан Республикасы президент мұрағатының директоры Д. Абдукадырова, тарих және этнология институтының директоры З. Кабульдинов, Ф. Ташенева, М. Сәрсембаев, К. Алдажуманов, Б. Джапаров сөз сөйлейді.

Бұл дөңгелек үстелде Жұмабай Шаяхметовтың есімі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Ұлы даланың Ұлы есімдері» жобасына енгізіледі. Бұл үш тілде жазылған мультимедиялық платформа.

2019 жылы Ом тарихи мұрағатында Жұмабай Шаяхметовтың отбасы берген құжаттар мен фотосуреттер негізінде оның жеке қоры ашылады.

Ахметова Л.С., Григорьев В. К. «Жумабай Шаяхметов и его время» атты зерттеу жұмысы 2021 жылы Нұр-Сұлтанда басылып шықты. Еңбектің жарыққа шығуына Ш. Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты мұрындық болған. Еңбек Жұмабай Шаяхметовтың саясаткер ретінде қалыптасуы, соғыс жылдарындағы қызметі, соғыстан кейінгі жағдай, Қазақстандағы Хрущев реформалары, еріксіз кету сынды бөлімдерден тұрады.

Еңбекте Жұмабай Жаяхметов пен оның жұбайы Майнұрдың жеті баласының – бес ұлы, екі қызының болғандығы айтылады. Тұңғыш қызы мен екі ұлы балалық шағында қаза табады. Өзінің туған төрт баласы мен 1941 жылы Харьковты бомбалау кезінде әке-шешесінен айырылған Владимир атты асырап алған баласы болады. Төлқұжатында Владимир атты ұлы қазақ деп жазылған. Он немересі болғандығы да айтылады [7, 235 б.].

Қызы Алманың естеліктері де жазылып алынған. Онда әкем музыканы жақсы көрді, драма, операны жаны сүйді. Оның сүйікті әні «Қараторғай» әні деп айтқан екен. Қызы Алма да басқа шенеунік балалары тәрізді біз де Мәскеу, Ленинградта оқығымыз келетіндігімізді айтқанда әкем «Біздің университетте де профессор-оқытушылар құрамы мықты, университетке барып, кез-келген факультетте оқы», - деген екен. Содан қызы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің геология-география факультетіне оқуға түскен [7, 236 б.]. Бұл жерден Жұмабай Шаяхметұлының бірегей мінезінің болғандығын, өз елін, жерін сүйген ұлтшыл азамат екендігін көруге болады. Ең сүйіп жейтін асы бешбармақ болыпты.

Жанар Канафинаның «Сталин называл его «Орел Востока» атты мақала 2007 жылы желтоқсан айының жетісінде Караван газетінде басылды. Мақалада Ж. Шаяхметовтың Н.С. Хрущевпен тың жерлерді бірлесіп игеру ойына қарсы шыққандықтан оны тарихтан сызып тастауға әрекет жасалды деп көрсетеді. Жұмабай Шаяхметов 1902 жылы Ом облысы Шарбақұл ауданының № 2 ауылында дүниеге келеді. Автор оның шыққан тегіне де тоқталады оның ата-бабасы Тоқтамыс биден тарқатады. Арғын руына жататын атығайдан шыққан екен. Автор Жұмабай Шаяхметовтың алғашқы білім алуына да тоқталып өтеді. Алғашқы білімді ол Ащыкөл ауылындағы мектепте 1910-1913 жылдары алған көрінеді. Кейін мұғалім болып қызмет атқарады. Ары қарай білімін қырғыз-қазақ Полтав училищесінде жалғастырып оны 1917 жылы тәмамдаған екен. Қасым Мұхаметқалиев атындағы тарихшының айтуынша Ж. Шаяхметов өзін-өзі дамытуға көп мән берген. Өзінің әр ойын, әр фактіні жеті рет өлшеп бір рет кесетін болған. Автор Ж. Шаяхметов Сталин дәуірінің тұлғасы болды, оны сталин «Шығыстың қыраны» деп те атаған екен. Оған себеп алғаш Қазақстан большевиктерінің бүкілодақтық коммунистік партияның үшінші хатшысы, кейін екінші хатшысы, ақыр соңында бірінші хатшысы дәрежесіне көтерілуі және соңында И. Сталин оны КСРО Жоғары Кеңесінің халықтар кеңесінің төрағасы етеді. Жауға атылған 10 оқтың 9-ның Қазақстанда жасалуы Ж. Шаяхметовтың да еңбегі деп көрсетеді. Майданды ет пен сүтпен қамтығанда да ауыспалы Қызыл туға ие болады. Осының барлығы халықтар көсемі назарынан тыс қалмады. 1946 жылы Ж. Шаяхметов бірінші хатшы болған мезетте, КСРО Жоғары Кеңесінің халықтар кеңесінің төрағасы қызметін бірге атқарған. Министрлер кеңесінің төрағасы Булганин оның кандидатурасын одақтық министрлікке ұсынады. Сонда Сталин «Оны алмастыратын адам болмағанша, Қазақстанды Шаяхметовсыз қалдырмаймын», - деген екен. Дәл осы Ж. Шаяхметов Сталинге гендік қорды сақтап қалуға өтініш білдіреді. Сонда Сталин жүздеген мың адамды соғысқа емес тыл жұмыстарына жіберген екен. Оның есімімен «Мәдени төңкерісті» де байланыстырады. Соғыстан кейінгі жылдары шетелдер тілі институтын, Шымкент технологиялық институтын, Қазақ консерваториясын, Қыздар педагогикалық институтын, жас көрермен институты ашылады [8, 3 б.].

Ж. Шаяхметовтың немересі Ринат олардың отбасында айтылған әңгімемен де бөліседі. Атасының ғылым, білімге үлкен мән бергенін айтқан екен. Сол кезден отбасымыз актер Қалибек Қуанышбаев, ағайынды музыканттар Абдуллиндер, жазушылар Ғабит Мүсірепов пен Сәбит Мұқанов, композитор Мұқан Төлебаевтың отбасымен араласқан екен дейді. Атам күзетсіз базар, дүкен аралағанды жақсы көрген екен деседі. Ол жерде «Дунькина радость» деген тәттілерді алғанды жақсы көретін болған екен. Орап беретін қағаз жетпегендіктен бірде сатушы кәмпітті атамның бас киіміне салып берген көрінеді. Артынша атам сауда министрін шақырып, қағаз жетіспеушілігін реттеуді тапсырған екен.

Тағы бір естелігінде атақты Калашников автоматының алғашқы жүз данасы Киров атындағы зауытта құрастырылған екен. Матай станциясында өмір сүрген Михаил Калашников ойлап тапқыштығы үшін КСРО ішкі істер халық комиссариаты оны сынақ өткізіп жатқан автоматымен сарайында ұстап, қамауға алады. Осы жағдайға Ж. Шаяхметов араласады, ол өндіріс бойынша Орталық комитеттің хатшысы А. Қойшығұловтан көмек сұрап, ол құрастырушыға көмектеседі.

Ринат сонымен қатар, Галина Рутковская бөліскен естелікпен де бөліседі. Ол Наталья Сац Шаяхметовке» жас өнерпаздар театрын құруға рұқсат сұрап 1944 жылы барғанын айтқан. Соғыс кезеңі, келісім беруі екіталай болатын дейді. Десе де кездесуде театр құруға рұқсат алған Н. Шац үстел үстінде жатқан сіріңкеге қарай беріпті. Сіріңке ол кезде таптырмайтын зат екен. Қабылдаудан шығып қайтып бара жатқанда оны күзетші қуып жетіп сіріңкені беріп сіз затыңызды ұмытып кетіпсіз деп әкеліп берген көрінеді [8, 4 б.].

Ринат сонымен қатар Жұмабай Шаяхметовтың тұңғышы, өзінің әкесі Равильден естігін естелігінде айтады. Ж. Шаяхметов Сталин дәуірінің адамы болғандықтан Н. Хрущев оны жақтырмаған. Н. Хрущев атама сен тың игеруге қарсы болсаң, сен оған жауап беру керексің дегенде, атам ал сен Харьковты жау қолына төрт рет беріп қойған ісіңе сен неге жауап бермейсің деген екен. Ж. Шаяхметов әу бастан тың игеруге қарсы болады. Оның ойынша Қазақстан мал шаруашылығын дамытқан ел болып қалуы тиіс. Ж. Шаяхметов ойынша Қазақстан топырағының құнарлы қабаты жұқа, егіс егілсе бір жылдан соң топырақ құнарсызданады. Екіншіден елге көп басқа ұлт өкілдері келеді, солай қазақ ұлтының саны азайып кетеді. Оны орнынан алып тастаған соң төрт айдай жұмыссыз болған. Кейін оны Оңтүстік Қазақстандағы облыстық партия комитеті басына тағайындайды. Бұл Шаяхметовты айдауға жібергенмен тең еді.

Алматыдағы Фурманов пен Құрманғазы көшелерінің бұрышындағы үйден екі чемоданымен ғана кеткен екен. Шаяхметов орнынан алынған соң оның әйелі Майнұр Галиевна Мариям Мұқановаға келіп екі алтын жүзігі мен күміс білезігін сатып алуды өтінген екен. «Мәриям апай не болды», - деген сұраққа «Жұмеке жұмыссыз қалды. Ал біздің ешнәрсеміз жоқ. Үйіміз де, саяжайымыз да, жинаған қаржымыз да жоқ. Барлығы қазынаға тиісілі. Бір жалақыға ғана өмір сүріп келген едік» , - деген екен. Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан кеткен соң біраз уақыт Оңтүстік Қазақстанда істейді. Қатты ауырады. Оның басында ісік болған екен. Мәскеуге ота жасату үшін барады. Дегенмен, 1966 жылы қазанда Алматыда қайтыс болады. Фурманов пен

Құрманғазы көшелерінің бұрышындағы қарапайым ғана тақтайша оның танымал тұлға болғандығының белгісі тәрізді.

Бұл тарихи деректер тізбегі әлі де толығыры анық. Бұл мақалада сындарлы жылдары тарихқа өшпестей із қалдырған, қазақтың маңдайына жарық жұлдыздай біткен, өз ісіне адал, жауапкершілікпен қарап, елінің ертеңі үшін аянбай еңбек еткен қарапайым тұлға Ж. Шаяхметов жайлы бірқатар деректер тізбегі қаралып, сараланды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. «Первые лица государства: политические портреты. – Алматы, 2001. – С. 268-276.
2. Мұхаметқалиев Қ. «Әр жылдар толғамы – Размышления разных лет» - Алматы: «GAUNAR» ЖШС, 2000. – 166 с.
3. Кабульдинов З. Жұмабай Шаяхметов. Первый национальный секретарь Казахстана. Вестник аривной службы / З. Кабульдинов, Р. Шаяхметов - Алматы «Хабаршысы», 2019. - № 2. С. 30-32.
4. Күрделі заманның қайсар қайраткері. Жұмабай Шаяхметов туралы естеліктер – Воспоминания о Жумабае Шаяхметове – Алма-Ата: Аударма, 2002.
5. Аккозин М. Вернуть из забвения: правдивая история о Жумабае Шаяхметове, первом казахе возглавившем республику / М. Аккозин. – Алматы, 2008. - С.2.
6. Расскрененная война: «Особые папки» ЦК КП (б) Казахстана 1941-1945 гг. Сборник документов. Отв редактор В.Н. Шепель – Алматы: ДП «Эдельвейс», 2010. – 604 с.
7. Ахметова Л.С. Жумабай Шаяхметов и его время / Л.С. Ахметова, В.К. Григорьев – Нур-Султан: Фолиант, 2021. – 248 с.
8. Канафина Ж. «Сталин называл его «Орел Востока»: [Электронный ресурс]. - Режим доступа: // <https://www.caravan.kz/gazeta/stalin-nazyval-ego-orel-vostoka-50437/> – Рус.яз

ӘОЖ 821.512.122.09

ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҮН

Кабдрахманова А.Т.

Ғылыми жетекші: Бияров Б.Н.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: mai_fujiwara@mail.ru

Қазақ әдебиетіндегі ірі құбылыс – Шәкәрім шығармашылығы. Ол – Абайдың жақын інісі болумен бірге, Абайдың тікелей шәкірті. Мұхтар Әуезов 1934 жылы жазған «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында атап көрсеткен: «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынасындағы шәкірттері. Абайдың аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан

басқа, оның өлең мен қара сөздерін әрі оқушы, әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған», - делінген [1, 19 б.].

Абайдың ақын шәкірттерінің ішінде Шәкәрімнің орны бөлек, ол Абай шәкірттерінің ішіндегі бас шәкірті деп аталады. Өйткені, оның ақындық өнерімен қоса ойшылдық тереңдігі, философиялық толғаныстары өз заманы үшін теңдесі жоқ қайталанбас рухани құбылысқа айналды. Абайды терең танып білгендер ғана Шәкәрімнің ойшылдық табиғатына адаспай кіріп жол таба алмақ.

Шәкәрім – Шығыс әлеміндегі аса ірі көрнекті ғұлама қазақ әдебиетінің ұлы классигі. Ол – ХХ ғасырдың басында қазақ елінің арасында данышпандығымен айналасына танылған адам. Сонымен бірге жаңа қалыптасып келе жатқан қазақтың зиялы қауымы Шәкәрімді танып, ерекше құрмет тұтып, санасып қана қоймай, оның идеясымен терең сусындады. Белгілі шәкәрімтанушы ғалым Қ.Мұхамедханов: «ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ең ірі ақынымыз – Шаһкәрім. Ұлы ақын дүниеден қайтқан соң, халық Шаһкәрімді екінші Абайымыз деп танып, ерекше құрметтеген», - дейді [2, 6 б.].

Өзінің ұлы ұстазы – Абайдың «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлынының бірі боласың», - деген өсиетін берік ұстаған Шәкәрім өзінің өмірдегі мұрат-мақсатын айқындап, ашып айтып, халқының алдына серт беріп.

Адамдық борыш, ар үшін
Барша адамзат қамы үшін,
Серт қылғам еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін [3, 167 б.]. –

дейді. Ақын осы айтқан сертінен өле-өлгенше танған емес.

Шәкәрім заманы, халқы, елі үшін қам жеген, зар шеккен, қорлық көрген ақын. Оның артында қалдырған өлмес мол мұрасы бүкіл адамзатқа ой тастар, ортақ асыл қазына.

Қазақ халқының даналары Абай мен Шәкәрім ғұмыр кешкен уақыт отаршылар билеген ауыр заманмен тұстас келеді. Бұл дәуір қазақ халқы үшін аса күрделі кезең еді. Өйткені қазақ жері түгелдей патшалық Ресейдің құрамына кірген болатын. Патша өкіметі қазақ даласына билік жүргізудің бірнеше заңдарын шығарып, үлкен реформалар жасады. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі рулық жүйені жойып, оның орнына территориялық принципке негізделген ел билеу жүйесінің жаңа тәсілін ойлап тапты. Абай мен Шәкәрім, міне, осындай сырттан ендірілген ел билеу жүйесіндегі берекесіздік пен болыстық сатылы сайлау кезіндегі талас-тартыс болған қайшылығы мол әлеуметтік ортада өмір сүрді. Өз кезіндегі қоғам өміріне сын көзімен қарап, барлық қайшылықтарын арқалай жүріп, олар асау ағынға қарсы шықты да. Елінің іштей іріп, рухани тозып бара жатқанына қатта қиналды. Халқының мұң-мұқтажына, ой-арманына үніліп, елінің тағдырын ойлап қайғырды.

Абай халқының басындағы ауыр тұрмыс пен ел ішіндегі кері кеткен кесел мінез қасиеттерін жүрегі ауыра отырып ашына жырлайды. Сол алыс-жұлыспен өткен дүлей өмірдің рухани қысымынан көп уайым шегеді. Халқының ауыр тағдырына көз жібере отырып, ақын жұртына қарата былай дейді:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузың түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртымды» ақын өз халқының сол кездегі тарихи трагедиясын айта кеп дерттенді. Жоғын жоқтап, мұңын мұңдап отырғаны «қалың елі, қазағы» [4, 93 б.]. Қалың елі қазағының халін ойлап, қамығып, қайғы шеккен шерлі ақын ұзақ толғаныстардан кейін «бірі қан, бірі май боп, енді екі ұртың...» деп жан жүрегімен ширеңге түседі.

Абай өлеңінде көтерілген мәселелер Шәкәрім поэзиясында да сөз болады. Ұстазы Абай сияқты Шәкәрім де «халқым», «қазағым», «елім», «жұртым» деп сөйлейді. «Қазақ» атты өлеңінде:

Мінеки, естісеңіз елдің жайын,
К...інен кейін кетті басқан сайын.
Қайран елім, қазағым, қалың жұртым,
Көп айтып, а, дариға, не қылайын!..

Шәкәрім шығармаларында халық тағдыры терең сөз болады. Бұл жағынан ол Абайдың азаматтық қоғамдық пікірімен үндес шыққан. Елінің отаршылдықтың бұғауынан шыға алмай, тығырыққа тірелген халін айтып қайғырады. Қырсық пен қыңырлықтан арылмаған халық тағдырын айтып, елдің ар-намысын оятуға күш салады.

Досың қайсы, қимастай елің қайсы?
Ел салмағын көтерер белің қайсы?
Аузың темір татиды, бәрін танып,
Жалғанда қимайтұғын жерің қайсы?

Халқына досының кім екенін, елінің кім екенін айтып түсіндіреді. Жерінің қайсы екенін сұрап, ел басына түскен күнді көтеретін белің қайсы деген халықтың көкейіне терең ой салар сұрақтарды тікесінен қояды. Елі мен жерінің тағдырына алаңдап, оған арашашы болар азаттықты аңсайды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы Абай мен Шәкәрім шығармаларында өзінің барлық бітім-болмысымен шынайы суреттеледі. Халықты зарлатып отырған жуан содырлардың жүгенсіздігін сынап, ұрылар мен екіжүзді алаяқтардың ел ішінде қаптап кеткенін айтып, олардың мінез-қылықтарын өлеңдерінде «улы сия, ащы тілмен» өткір түйреді. Бұл жағдайды туғызып отырған қазақ елінің бірлігі мен тұтастығын бұзуға негізделген патша өкіметінің болыстық сайлауды шығарған территориялық принципке бағытталған ел билеу саясатына қарсы шығады.

Абай өлеңінде көтерілген мәселелер Шәкәрім поэзиясында да сөз болады. Ұстазы Абай сияқты Шәкәрім де «халқым», «қазағым», «елім», «жұртым» деп сөйлейді. «Қазақ» атты өлеңінде:

Мінеки, естісеңіз елдің жайын,
К...інен кейін кетті басқан сайын.
Қайран елім, қазағым, қалың жұртым,
Көп айтып, а, дариға, не қылайын!.. [3, 96 б.].

Бұндай сөзді халқын бар жанымен сүйетін, халқының қамын жеген Абай мен Шәкәрім сияқты қамқор ұлтжанды азаматтар ғана айтпақ. Шәкәрімнің «Қазақ», «Тағы сорлы қазақ» деген өлеңдерінде Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп келетін өлеңдегі ой, идея дамытылады», - дейді профессор М.Базарбаев [4, 69 б.]. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңімен Шәкәрімнің өлеңіндегі ой өзегі өте ұқсас. Мәселен:

Бір ұрты май, бір ұрты қандар да бар,
Қой терісін жамылған жандар да бар.
Жазасызды жазалап атақ алып

Ақ жүрексіп жүретін паңдар да бар [3; 96 б.].

Абай өлеңіндегі ой сарыны өзгермей сол қалпында қолданылады. Тек Шәкәрім «бір ұрты май, бір ұрты қандар да бар» деп көпшілік мағынаға алмастырып, өлеңге сатиралық мән туғызады. Шәкәрім қазақ халқының дәл сол тұстағы тұрмыс-ахуалын, жай-күйін нақты байыптайды. Абай бедерлеген өмір суретін кеңейте, айқындай түседі.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы Абай мен Шәкәрім шығармаларында өзінің барлық бітім-болмысымен шынайы суреттеледі. Халықты зарлатып отырған жуан содырлардың жүгенсіздігін сынап, ұрылар мен екіжүзді алаяқтардың ел ішінде қаптап кеткенін айтып, олардың мінез-қылықтарын өлеңдерінде «улы сия, ащы тілмен» өткір түйреді. Бұл жағдайды туғызып отырған қазақ елінің бірлігі мен тұтастығын бұзуға негізделген патша өкіметінің болыстық сайлауды шығарған территориялық принципке бағытталған ел билеу саясатына қарсы шығады. Партия шығып, елді әуре-сарсаңға салғанын айтады. Қолында билігі бар партия басшысының пара алып, малмен елді сатып алатын озбыр әрекеті мен қарсы келген адамды қағып тастайтын қатігез мінезін ащы шындықпен әшкерелейді.

Партияның басшысы, батырың осы,
Қайраты мол, ішкені ант, шашқан пара...
Малмен сатып алған соң ел де оныкі...
Қарсы келсең басыңды қағып тастар,
Болмасыңа амал жоқ сен де оныкі.
Қанға тойған көп итке қарсы келсең,
Жаның қалар, тақсыр-ау, сен де білсең [3; 71 б.].

Шәкәрімнің «Жуандар» деп аталатын өлеңі Абайдың «Болыс болдым мінеки» атты өлеңіндегі болыстың ішкі-сыртқы психологиялық іс-қимылы мен ел ішіндегі келеңсіз жағдайды еске түсіреді. Қазақ халқының бірлігінің кеткенін, пысықтар мен қулардың, екіжүзділердің ел ішінде етек алып бара жатқанын Шәкәрім ашына жырлайды. Жұрт арасында ұрлық, ұрыс, араздықтың қаптап кеткеніне налып, елінің кері жаман қылықтарға бой ұрып бара жатқанына ыза болады. Азамат ақын жұртын бар жүрегімен сүйеді, халқының тағдырын ойлап күңіренеді.

Шәкәрім елінің тағдыры үшін жүрегі ауырады, ол үшін зар шегеді. Елді билеп отырған әкімдердің зорлықшыл, жегіш істерінен түңіледі де, бірақ өте сары уайымға салынып та кетпейді. Халқының алдағы болашақ өмірінен үлкен үміт күтеді. «Қош, жұртым!» өлеңінде Шәкәрім елінің келешек тағдыры туралы сәуегейлік ой айтып, кемеңгерлік танытады.

Қазақтың жайнар даласы,
Жетілер оқып баласы.
Шошынлатын мені сол –
Олардың күндес, таласы.
Дағдысы сіңген бойына –

Ақын қазақ даласының жайнап кететініне, жастардың білім алатынына кәміл сенеді. Халқымыздың қанына сіңген қасиеті – күндес пен таластың жойылмайтынын сол кезде-ақ Шәкәрім білгірлікпен айтқан болатын. Қазақты құртатын осынау жаман қылықтан ақын шошитынын жасырмайды. Азаттық пен бостандық таңы атқанына қуанады. Осындай кезде халыққа жай жатқаның жарамас, елдің ойына нұр құйып, адал жолға баста деген кемел ақыл айтады.

Қош, арманым жоқ, жұртым,
Жасарсың.
Мен сапар шегем енді! –

Шәкәрім өз халқының өткен өміріне көз жіберіп, бүгінгі күніне үңіледі. Жүріп өткен өмір соқпағына қарайлай отырып, «ендігі мақсатың не?» деп сұрақ қояды да, ол сұраққа жауап іздейді. Ендігі жерде халқының қамқор ұлы елінің бойына сіңіп кеткен күндестік, бақастық, мақтаншақтық, талас сияқты кесел мінездерін айтып, жұртымен сырласып, сапарға аттанып бара жатып қоштасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы / Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002.
2. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995.
3. Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.
4. Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. - Алматы: Рауан, 1994. – 368 б.
5. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: ҚазМемКөркемӘд баспасы, 1961. – 692 б.

ӘОЖ 821.512.122.09

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Камалиева Қ.К.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университетінің профессоры, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: 19kkk75@mail.ru

Қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын бітімі мен болмысын ажарлайтын ұлттық қадір – қасиеті аз емес. Солардың бірегейі – есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып-жетіліп, бүгінгі күннің қажетіне жарап отырған халық ауыз әдебиеті болса, оның ең бір өміршең жанры – айтыс та ұлттық ескірмес мұралардың қатарында жаңа ғасырдың табалдырығынан аттап отырғаны талас тудырмайды.

Дала демократиясының жүзі қайтпайтын қаруына айналған ақындарайтысы ақиқаттың аузын буған небір қатаң заманның өзінде хан мен төренің, би мен бектің бетіне қасқайып тұрып тіке айтқаннан айныған емес. Осылай тәрбиеленген халық «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, оны ұлттық моральдық кодексінің темірқазығына айналдырған.

Айтыс қай дәуірде де халық өмірінің айнасындай дидарынан, демократиялық табиғатынан айнымаған өнер. Қазақ ішінде үздіксіз дамып келе жатқан айтыс өнерінің өткені мен бүгініне көз салып, сараптау әр дәуірдің шындығын танытудағы әлеуметтік маңызын айқындау – өзекті мәселенің бірі.

Халқымыз ежелден шешен сөйлеуге, тілдің шұрайлылығына, қанықтылығына, бейнелілігіне, айшықтылығына ерекше көңіл бөліп келген. Білі алушыларды шебер сөйлей білуге, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда айтыс жанрының алатын орны ұшан – теңіз деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда еліміз егемендігін алғаннан бері қарай халық мұрасына, өнерге деген көрсетіліп келе жатқан құрмет ерекше арнаға ауысып, кең тынысқа ие болды. Әсіресе, айтыс өнерінің даму қарқыны өсе түсті. Айтыскер ақындардың еркін ойлап, кең көсіле құлаштауына жол ашылды. Айтыс өнері тақырып жағынан да байи түсті.

Ақын тілінің тұсауы кесіліп, соның нәтижесінде айтыс өнері тұла бойындағы қасиетін сақтай отырып, халқымызбен қайта қауышты. Ақындарымыз өткір тілді, қырағы көзді, ойлы саналылықпен қоғамдық, әлеуметтік саладағы көлеңкелі тұстарды дөп басып, дәл танып, жетеін жеріне дөп тигізіп, ащы шындықтың бетін ашты. Қазіргі айтыс моральдық жақтан толысып, кемелдене түсті. Баяғы айтыстарда рудың сөзін сөйлеп, сойылын соғатын, қазіргі ақындарда ру атынан емес, ұлт атынан сөйлеу дәстүрге айналды. Еркін ойлайтын, батыл айтатын, бетінен ешкім қақпаған кең тынысты жас буын ақындар келді. Ринат, Рүстем, Сара, Қарлығаштай т.б. жастарымыздың бұлттан шыққан күндей жарқырап шығуы-айтыстың үзілмейтін алтын жіп, қордалы өнер екендігінің, ата мұраның жалғаса беретіндігінің куәсі.

Бүгінде айтысқа деген өлшеусіз ықылас өз арнасынан да асып, сезім шыңының биік төрінен орын алуда. Ең ғажабы, теледидар, баспа беттерінің бет бұрып, насихаттау ісіне ат салысуы. Теледидардағы айтыстан ауызданып өлең жұптаумен кәметке толған жас буын ақындар осы кезде республиканың әр жерінен бой көрсетті. Бүгінде айтыстың абыройын көтеріп жүрген ақындарымыздың есімі жыл өткен сайын көбейіп, халық ықыласына бөленуде. Олар халықтың мұң-мұқтажын жоқтап мүддесін жақтаушысы бола білді.

Жаңа ғасыр әлемінде жұлдыздай жарқыраған ақындарымыздың саны сансыз көп. Олар өзіндік бітім-болмысы, сөз саптау шеберлігімен дараланып қана қоймай, ұлттық мінез, ұлттық рухани құндылығымен, жан-дүниесінің байлығымен ерекшеленеді. Өнер тарландары - ата-баба дәстүрін бойына жиған, табиғат дарынын қасиет тұтқан, киелі сөз өнерін «пірім» деген, ұлттық жүрегі әр сөзінде аңқып тұрған майталман жандар.

Қазақстанның түкпір-түкпірінде айтыс мектептерінің өзіндік ерекше белгілері де жоқ емес. Бұл ежелден келе жатқан айтыс дәстүрінің жалғасын танытады. Арқа мен Шығыстың ақындарының өлеңдерінің баяғы Дулат, Кемпірбай, Әсет, Жанак, Кәрібай, Біржан, Ақан, Арғынбектер салған жолмен төрт

аяғын тең бастырып айтатын, ұйқасы да, логикасы да шымыр өлең өлшемімен көрінсе, Оңтүстік Қазақстанда Сүйінбай, Жамбылдар салған төкпе, шұбыртпалы ұйқасты, кең тынысты жыр үлгісі тараған. Батыс Қазақстанда жыраулық пен жыршылықты қатар ұстанған эпикалық сарын басым. Осы дәстүрді ұстанған Мәлс Қосымбаевтың да айтыста өз өрнегі бар. Жауаптасудың арасында еркін көсіліп, толғау айтып отыратын айтыстағы бұл үрдіс те тыңдарманды желпіндіріп отырады.

Шығыстан шыққан қазіргі айтыс ақындары Абаш Кәкенов, Серікхан Жақиянов, Айнаш Сейсекеновалар Қалихан Алтынбеуы ұстаз тұтады. Шығыс өңірі ақындарының басын бастап, бірінші сөз Қалиханға тиетіні, ұлы ақын Абайдың 125 жылдығында бұл кісі әдебиетіміздің классиктары М.Әуезов, Ғ. Мүсіреповтың өз ауыздарынан “Екінші Иса” деген атақ алды. Сол айтыста өз тобын жарып, оза шауып, бас ақын деп танылды. Ақынның туған жері Жарма ауданының Ақжалы болса, ал өмір бойы тұрып кеткен жері ол Көкпекті ауданының, Көкпекті селосы еді. Өмірінің көп жылдар аудандық газет редакторы болып қызмет істеуде өткізді. Сондай-ақ бір өзі 40-тан аса айтысқа қатысып, 7 кітап-жинағы жарыққа шықты.

Көрнекті өнер иесінің ерекше қасиеті-ұлттық өнеріміздің алтын қазығы-ауыз өдебиетін терең білетіндігі, халқымыздың өткен-кеткен тарихынан, көне шежірелерден мол хабардарлығы, шұрайлы тіл байлығы, тіліміздегі ескі сөздердің мағынасын жетік ажырата алатындығы.

Айтыс өнері Шығыстың барлық өңірінде кең етек жайып таралған. Жиын-той болсын, отырыс болсын айтыстың ерекше озық үлгілері соның ішінде балалар айтысы, жеңгесі мен қайын айтысы, келіні мен атасы айтысы Көкпекті мен Ақсуат өлкесінен жиі көрінген. Айтыстың енді бір түрі үлкен астарда, үлкен жиындарда айтылатын айтыс – аламан айтыс деп талады. Бұл айтысқа ел ішінде аузы уытты, тілімен тас жаратын айтыскерлер ғана қатысу мүмкіндіне ие болған. Шығыс өңірінің аламан айтыс биігінде де Қалиханның өзі тұрды.

Қазіргі айтыс өнері мен жазба әдебиетінің көркін қыздырып, республикаға танылып жүрген жас толқын өкілдері де өздерінің шығармашылығымен елдің сүйіспеншілігіне бөленіп жүр. Олар: Ринат Зайытов, Нұржан Өмірбаев, Сара Тоқтамысова, Қарлығаш Әубәкірова, Әсем Ережеқызы, Рүстем Мұхаметрахимов тағы басқа жас ақындарымыз қашанда Шығыс өңірінің мақтанышы болып қала бермек.

Айтыс ақынының қалыптасуы, толысуы алдымен отбасына, одан кейін өскен ортасына да байланысты. Қазақ айтысының тарихында баласы әкесінің жолын қуып, дәстүрін жалғастырған мысалдар да жетіп артылады. Мысалы, Аягөз өңірінен шығып «Сыбанның он жеті ақыны» атанған жыр жүйріктерінің есімі бүгінде ел аузында. Атақты Ақтайлақ шешеннің әулетінде тәрбиеленген Түбек бастаған он жетінің бірі Сабырбай Ақтайлақтың ұлы болса, Абаймен сыйласатын Сабырбайдың қызы Қуандық ақын, оның ұлы, халық ақыны Төлеу Көбдіковтер тарихта феномен ретінде танылған. Заманында ұлы Абаймен хат жазысқан ұлытаулық айтыс ақыны Қожабай Тоқсанбайұлы мен оның ұлы, халық ақыны Болман Қожабаевтардың қалдырған мұрасы бүгінгі ұрпағына өнеге болып отырғаны

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
2. Қазіргі айтыс. - Астана: Күлтегін, 2004. 1-кітап. - 312 б.
3. Қазіргі айтыс. - Астана: Күлтегін, 2004. 2-кітап. - 312 б.

**М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ» ПОВЕСІНДЕГІ
ТАБИҒАТ ПЕН АДАМНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ**

Қасымбекова М.А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Ғылыми жетекші: Бияров Б.Н., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: Mira.kasymbekova79@mail.ru

Жазушының осындай табиғат пен адамды үндестіре, қатарластыра отырып суреттейтін шоқтығы биік шығармаларының бірі - «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі. Бұл шығарма туралы академик З.Қабдолов: «Бұл повесть идеялық-көркемдік жағынан жиырмасыншы жылдардағы Әуезов прозасының шоқтығы болып табылады», - дейді [1].

Шығарманың кейіпкерлері шын өмірдегі тарихи адамдар екені белгілі. Шығармадағы Бақтығұл - Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұл Жылқайдаров, Жарасбай - Шығыс Талғар болысының болыснайы Саймасай Үшкемпіров еді. Бұған: «Әрине, Рысқұлдың кекті жортуылы ешқандай жылнамада басылған жоқ. Бірақ та сол жорықтың куәсі - ұлы Тұрар бар еді. Мұхтарға барлық жайды айтып берген де сол Тұрар Рысқұлов» дей келе нақтылы архив деректеріне сүйене отырып егжей-тегжейлі зерттеген Т.Жұртбайдың еңбегі дәлел бола алады [2].

Сол сияқты профессор Р.Нұрғалиев те повестің өмірлік материалын берген адам белгілі мемлекет қайраткері - Тұрар Рысқұловтың өзі екендігін көпшілікке жақсы мәлім факті екенін айтып, нақтылай түседі [3]. Профессор Ж.Дәдебаевтың: «Мұхтар Әуезов «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы» атты шығармаларын 20-шы жылдары жазды. Бұл шығармаларда қамтылатын уақыт, кезең оқиғалары автордың көз алдынан өтті деуге болады. Осыған байланысты, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл шығармалардың тарихи табиғаты турасында ол тұстарда салмақты, байыпты пікір айтылған жоқ» деген сөзі негіз бола алады [4, 7 б.].

Жазушы кез келген шығармасына өмірлік деректі көшіріп пайдаланып қоймайды, шығарманың салмағы оны оқырманға жеткізудегі жазушының шеберлігіне, талантына байланысты. Сондықтан тарихи шығарма дегенде шығармада тарихта болған оқиғаны көшіріп қоймайды. Әрине, шығарма авторы үшін өз кейіпкерлерінің өмірбаяндық мәліметтерінің мәні ерекше жоғары екендігінде сөз жоқ. Дегенмен де ең толық деген өмірбаяндық мәліметтің өзі жазушы үшін аздық етеді. Себебі, өмірбаяндық деректер адамның өмір жолындағы белгілі бір кезендерді, олардың сәттік суретін ғана көрсетеді. Ал оның ішкі жан-дүниесін, ойлау, сезіну мәнерін, тіпті жақсы көру, жек көру сипаттарына дейін түгелдей оқырманға жеткізу жазушы үлесінде. Сондықтан да көркемдік шығарманың көркемдік-идеялық деңгейі жазушының шығармашылық ойлау сипатымен, дүниетанымы және суреткерлік шеберлігімен тығыз бірлікте анықталады. Шығармадағы кейіпкер жазушының творчестволық еңбегінің жемісі. Сонымен қатар кейіпкер мен жазушы арасында жалпы көркемдік шығарма мен жазушы арасында көзге көріне бермейтін нәзік, бірақ нақты сабақтастық болады.

Керекті мәліметтерді көркемдік шығармада тартымды да нанымды етіп бейнелеп, оқырман жүрегінен жоғары орынға ие болу жазушы шеберлігіне байланысты.

М.Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы» повесінде өз кейіпкерлерін тарихи шындықпен байланыстыра отырып, олардың ішкі жанын, психологиясын терең ашып көрсетуде үлкен жетістікке жеткен. Шығармада бүкіл табиғат тылсымы терең мағына, астарлы сырмен бейнеленеді. Өмірді реалистік шыншыл таза күйінде бастап, оны табиғатпен ұштастыра адамның рухани ішкі дүниесімен байланыстырады. Табиғаттың жұмбақ құбылыстары мен кейіпкер тағдырларының ашылуы шеберлікке байланысып жатыр. Осындай кезде неше алуан суреттер, мүсін, портреттер жасаумен шектелмей, психологиялық түйіндер жасауға дейін көтеріледі. Жазушы өз шығармасында психологиялық параллелизмнің теңдесі жоқ ерекше үлгісін ашуда үлкен шеберлік көрсеткен. Ол табиғаттың әрбір бөлшегін өз кейіпкерлерінің образына тікелей қатыстырып отырады. Пейзаждық көріністер бірде өзінің әсем бояуларымен көңіл шалқытып қытықтаса, енді бірде қоңырқай тартқан суреттермен немесе жан шошытарлық ызғарлы үскынмен әсерлі. Пейзаждың кейіпкер тұлғасын жасаудағы философиялы мәнін жазушы еш уақытта есінен шығармай, әрі кейіпкердің психологиясымен тығыз байланыста алып отырады. Шығармада пейзаж бен Бақтығұлдың бірлігі, табиғаттың терең мағыналы сырының әсерлілігі әр қырынан ашыла түседі. Әсіресе, Бақтығұл өмірінің ауыр кезендері мен белгілі бір шешім қабылдаған сәттерін суреттегенде пейзаж кейіпкермен тұтасып кетеді. Жазушының бұл тәсілді қолданудағы шеберлігі туралы. «Домбыраның қос ішегіндей қатар тартылған табиғат пен Бақтығұл Әуезовтей суреткердің шеберлігімен адам жанының көңіл-күйінен тамаша сыр шертеді», - дейді Рүстембекова [5, 108 б.].

Інісі өлгеннен кейін Бақтығұл Сәлменнен оның кегін алуға бел буады. Тектіғұлдың қиянат соққыдан аурулы болып, мезгілсіз өлуі Бақтығұлды жаңа бір шешімге бастайды. Бірақ бұл істен кейін не болары белгісіз. Кейде тау қара түн, ақ жауынның ішінде дию, алып мекеніндей көрінеді. «Сыпсың қарағай жапқан түкті беттері жақын жерден қап-қара болып үңірейіп, қараңғылықтың түпсіз терең зынданы сияктанады. Кей тұста екі-үш түкті тау мен қара жартасты биіктер бір араға түйісіп келіп, әлдебір обырдың қойнындай түңғиық қара қолтық жасайды» дел, Бақтығұлдың бұлыңғыр болашағын білдіреді, «Қара» эпитетін қолдану арқылы бір жамандықгы мегзеп, бойындағы үрей, қорқыныш сездірсе, екіншіде: «Тау ішінің жаңбырлы түні Бақтығұлдың көңілінде көптен шенгілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-оңай жазып жібергендей болды». Мол, ұлы тау. «Жетекке ал да бел асып, тоғайға батып кете бар» деп, сыбырлап, жетелеп тұрғандай» немесе «Бақтығұлдың ендігі ісіне қараңғы түн, тынымсыз жаңбырдың себі тиетін болды» деп, табиғатты Бақтығұл ісін құптаушы, көмекшісі ретінде береді. Себебі, ол ұрлыққа емес, өзінің ұзақ жылғы адал еңбегінің өтемін алуға бара жатыр. Сондықтан да табиғат оның бұл ісін құптап тұрғандай. Дегенмен Бақтығұлдың осы іс-әрекетімен келіспейтін: «Ол өзінің осындай жүдеу, сорлы тағдырына көндікпеуді ойлайды. Бірақ ол теріс жолға түседі. Яғни, ол ұрлыққа беріледі, сөйтіп айлалы да жырынды қарақшыға айналады. Бірақ Бақтығұл бұдан опа таба алмайды», деген пікірлер де бар [6, 10 б.].

Бай аулынан бөлініп көшіп, Сәлмен жылқысынан бір бие ұрлап союмен шектелген Бақтығұлдың алғашқы наразылығы сәтсіз аяқталады. Ұрлығы ашылып қалып, іргелі ауыл оның өзін жазалап, бір биенің құнын үш есе етіп өндіріп алады.

Жазушы Сәлменнің тепкісіне жығылған Бақтығұлдың есін жиған сәтін бергенде: «Таң атыпты. Тағы да сытырлап жүдеу жауын жауып тұр. Үй іші отсыз, сұп-сұр суық» дей келе қасында бүкшііп, екі көзін ыстық жаспен ісіріп, өзіне қарап отырған әйелінің де түсінің сұрланып жүдей түскенін суреттейді. Тағы да түнерген табиғат көрінісі [7, 120 б.]. Шығармадағы үнемі себелеп жауып тұратын жауын да осы бір қиюы келмеген істі білдіріп, тұрмысы ауыр кедейдің көңілсіз тіршілігінен хабар беріп тұрғандай. Шарасы құрыған Сәлменнің «абақтыға жаптырам» деген ызалы сөзінен зәресі кеткен жалғыз үйлі кедей қолындағы барын тарту етіп, Сәт, Сәлмендермен бәсекелес болып жүрген көрші болыс Жарасбай аулынан пана іздейді.

Жазушы пейзаж арқылы алда болар оқиғаны үнемі мегзеп, білдіріп отырады. Өз кейіпкерінің басындағы ендігі болар жайды дөп басып айтпайды. Табиғат суреті арқылы дайындап, әбден хабардар етіп алады. Шығарма барысында сол болжам орындалып отырады. Мысал ретінде пана іздеп Жарасбай болыс аулына келе жатқан кездегі суреттеуге назар аударайық: «Тауды жүндес бөстектей орай басқдн көкшіл қалың қарағай, жүргінші соның ішіне келіп кірді. Токтаған жоқ, өрлей берді. Бірталай жүрген соң, қарағайдан шықты. Ар жағы қалың-қалың заңғар биік, серейген тектүр қызыл тастар. Тылсым бұғандай жым-жырт күйде мелшиіп катып тұр. Атты ақырындатып, қабырғалай басқызыш отырып, бір үлкен құз, қиын қызыл тастың ығына жақындап келді». - дейді. Осы көрініске тереңірек назар салып қарасақ, Бақтығұл артына тастап шыққан қалың қарағай арқылы оның артта қалған өмірін көрсетеді. Оның ар жағындағы көп қызыл тас қолында билік бар би, болыстар тобы. Ал осының ішіндегі бір үлкен құз, қиын қызыл тас - Бақтығұлдың өзі паналап, ықтап келе жатқан Жарасбай болыстың өзі сияқты. Яғни жазушы Жарасбайды құзға теңейді. Бақтығұлдың ақырындап ығына жақындап келгенін айтады. Сонымен дәл осы сәтте Бақтығұл үшін ең биік үміт осы - Жарасбай болыста екенін ұқтырғысы келеді. Ал құздың не екені, қандай болатыны бәрімізге, одан құлаған адамның оңбасы да белгілі.

Әрі қарай: «Алдында үлкен құздың арғы беті ғана көрінеді. Ілгерілеген сайын тас қорған шұңқырайыш, терендеп барады, ауданы да үлкейіп келеді. Қарсы бетте ешнәрсе көрінбейді» деп кейіпкердің болашақ тағдырына тағы да сілтеу береді.

Бұған қоса: «Буалдыр күңгірт күздің қазіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр. Сұр тонды, сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай» деген күз айының суреті беріледі [7, 132 б.]. Шығармада үнемі осылайша берілетін күздің құбылмалы, жаңбырлы, түнерген ауа-райы кейіпкердің көңіл-күйін білдіріп, образын ашуға себін тигізеді. Мұндай табиғат суреттерінің өзінен-ақ көңіліңді кір басады. Сұр тас, түнерген аспан Бақтығұлдың өміріндегі көмескілікті, ішіндегі болып жатқан ызакегін білдіретіндей.

Жарасбай аулынан пана тапқан Бақтығұл Жарасбай болысқа барынша беріліп, айтқанын екі етпей қызмет істейді. Оған өзінің қорғаушысы ретінде қарайды. Ал Жарасбай Бақтығұлды бәсекелес, өз ауылдарынан барымта куып, мал

ұрлап қайту сияқты ақыры қылмыспен тынатын небір қиын-қыстау жұмыстарға жұмсап, ұзақ уақыт қолшоқпар етеді.

Сайлау аяқталып, ру арасындағы алауыздық, қырғи-қабақтық бәсеңдеген кезде үстем тап өкілдері ұлып-ұлып табысқан бөрідей, өзара табысады. Өз мақсатына жеткеннен кейін Жарасбай Сәлменмен бірігіп екеуі Бақтығұлдың соңына түседі. Жарасбай барымта мен ұрлықтың бар салмағын Бақтығұлға аударады. Сөйтіп бүкіл ел жуандары болып, Бақтығұлды абақтыға айдатуға үкім шығарды.

Өзі сеніп, арқа сүйеген Жарасбайдың бұл қылығы Бақтығұлдың би жуандарға деген сенімін жоғалтады, ыза-кек пайда болады. Өмірі осылайша сергелдеңге түскен ол бала-шағадан безіп, тау-тастан пана іздейді.

Бақтығұлды қоршаған тау-тас, гүрілдеген өзен тек қана табиғат суреті емес, оның жанындағы арпалыстың, өзегін өртеген күйіктің, бойындағы кектің символы ретінде көрінеді. Олар Бақтығұлдың жан тебіренісіне тікелей қатысты жанды тұлғалар бейнесінде араласады. Бұл жерде өткел бермес Талғар өзенінің дүлей күші кеңінен, терең мағына бере суреттеледі. Кейде шапшып құтырып, кейде бүктетіліп тулап, ойнақ салып жататын өзеннің көрінісі Бақтығұлдың ішіндегі арпалыспен қатар өріліп жатыр. Ізіне түскен жау қолына тірідей түскеннен өлімді артық көрген сәтте Бақтығұл осы өзенге қойып кетеді. Мұндай ойланып тұрар уақыт жоқ, тар кезеңдегі Бақтығұл халі: «Жаулық пен қатар құшағында қысып келе жатқандай көрінді. Көп ойлануға уақыт қалған жоқ, жалғыз үміті не Талғар өткел беріп құтқарады, не өзі жұтып құтқарады - әйтеуір дұшпанға жоқ. Осындай не өлу, не құтылу сияқты бір-ақ қана түйіннің үстіне келді де құла атты қамшылап-қамшылап жіберіп, Талғардың өткеліне қойып кетті» деп суреттеледі [7, 163 б.]. Осы жердегі Бақтығұлдың Талғар өзенінің құлдырап жүгіріп аласұрып ашыққандай шапшып, секіріп, дыбысымен жер жарып басты қаңғыртқандай қатты толқынында өлім мен өмір арасындағы арпаласы шебер де нанымды суреттелген. Бірақ ол бұл қатерден жанындағы жалғыз серігі атынан айрылып аман қалады.

«Күз аспаны кірлеп, мұнартып, алыстағы қарлы биіктердің басына сәлдедей бұлт оралып, томсарып, сұрланып тұр. Дүние иесіз-елсіз жым-жырт» дей келе, өзі белгілеген жол туралы: «Жаңа байқады: ол алыстан кең жол болып, өзге жерден ерекше жырылып айқындалып, қып-қызыл болып жатады екен. Аққан қан орны сияқты:

«Ұқсасаң-ұқса...» деді», - деп суреттейді. Енді бірде қарағайлар: «Кәрі алыптың көп жылдар қуарып жатқан өлігіндей болып, бетке сұлай жығылып жатыр. Әр жерде де сондай қуарып тозып жатқан өлім белгісі көрінеді», - дейді. Мұндағы жолдың қанға ұқсауынан алдағы болар жайды, яғни Бақтығұлдың келген шешімін ұғамыз. Бұл жердегі тау өңірінің пейзажы «өлім, өлім» деп тұрғандай әсер бергенмен, бұл өлім өкініш туғызатын, аянышты өлім емес, жазықсыз жапа шегіп ашынған адамның әділ үкімі. Жазушы Бақтығұлдың шешімінің әділ екендігін табиғат суреттерімен астастырып ұқтырады. «Ұқсасаң - ұқса...» деген сөзінің өзі, оның осы ойға анық бекінгенін, нақты шешім қабылдағанын білдіретіндей, қойылған нүкте сияқты.

Сонымен бірге жазушы Бақтығұл тартқан қасіретті күндердің куәсі болған тау құбылысының бұған қалай қарайтынын: «Бақтығұлдың нық бекінген ойына Ожардың қазіргі түсі: аянышты білмейтін қаталдықпен суынған, асау жаулық жайын сыбырлағандай болады. Бар көріністің ішінде көңіліне иек қағып дем берген

айдаушы сол сияқты. Биік, суық, мұзды басынан күздің жүдеген сұр күнінің ортасында тіл келгендей. Тасты, мұзды суық табиғат бір ерекше жат жайын қимылды ыстық көріп, соны ашынып, жаланып тілегендей» деп немесе «Ожардың карлы басының астынан көрінген жері қып-қызыл жалаңаш тас. Тақыр тас ерекше қызылданады» деп көрсетеді. Міне бүкіл табиғат тылсымы озбырлықтан, әділетсіздіктен жапа шегіп, құрбаны болған, сергелдеңге түскен жанашыры жоқ жалғыздың үкімін құптайды. Ерекше қызылданып тұрған Ожар тауы да Жарасбайдың өлімін тілейтіндей.

Шығарманың басынан аяғына дейін көркемдеу тәсілдерін осылайша құбылта өрнектеу нәтижесінде кейіпкердің іштей күйзелісін, арпалыс сәттерін асқан шеберлікпен жеткізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Қабдолов З. М. Әуезов және оның әсемдік әлемі / З.Қабдолов. - Алматы: Білім, 1986. - 56 б.
2. Жұртбай Т. «Бесігіңді аяла»: Монография-эссе / Т. Жұртбай. - Астана: Фолиант, 2003. - 504 б.
3. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар / Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1991. - 576 б.
4. Дәдебаев Ж. Әдеби шығарма. Өмір шындығы және көркемдік жинақтау / Ж.Дәдебаев. – Алматы, 1987. - 80 б.
5. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. Әдеби-сын зерттеулер / Р.Рүстембекова. - Алматы: Жазушы, 1998. - 176 б.
6. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк /А.Нұрқатов. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббаспасы, 1957. - 183 б.
7. Әуезов М. Қилы заман. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 384 б.

ӘОЖ 8.1751

ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТЕОРИЯСЫ, ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Конкараева Р.К.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№26 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: Rysaldy.konkaraeva@mail.ru

*«Өресі биік, өнегесі ерек ғалым»
(Зәки Ахметовтің туғанына – 95 жыл)*

Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан, өзіне тән шығармашылық қолтаңбасымен дараланып көріне білген тау тұлғалардың бірі - Зәки Ахметов. Оның еңбектері қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алады. Биыл академиктің туғанына 95 жыл толып отыр.

Зәки Ахметов 1928 жылдың 5 мамыры күні Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келген. Ол 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін, 1951 жылы Ленинградтағы КСРО Ғылым Академиясының Шығыстану институтының аспирантурасын тәмамдады. Ол сол жылы «Лермонтов пен Абай» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымының кандидаты деген ғылыми атақ алған болатын. 1965 жылы «Қазақ тіліндегі өлең құрылысы» деген тақырыпта докторлық диссертацияны сәтті қорғап, 1966 жылы профессор деген атаққа ие болды.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған соң, 1975-1981 жылдар аралығында Қазақ Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, кейіннен директоры болып жұмыс істеді.

1975-1984 жылдары Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы, 1984-1986 жылдары Ғылым академиясының вице-президенті, 1986 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет теориясы және методологиясы бөлімінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. 1983 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі болып сайланды. 1980 жылы «Қазақ әдебиетінің қазіргі замандағы дамуы және дәстүрлері» атты кітабы үшін З.Ахметовке Қазақ Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді. Ғалым 1985-1986 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 1996 жылы Абай мұрасын зерттеу және жарыққа шығару жұмыстарындағы қол жеткізген табыстары үшін ол ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Зәки Ахметовтің әдебиет тарихы мен теориясы, ұлттық поэтика мен өлең жүйесі, абайтану мен әуезовтану тақырыбындағы монографиялары Қазақстан ғылымы тарихындағы жарқын бір белес болып танылды. Оның еңбектері Қытай, Түркия, Ресей мемлекеттерінде, сондай-ақ, Минск, Кишинев, Ереван, Баку, Ташкент, Бішкек қалаларында жарық көрді. З.Ахметов дарынды зерттеуші, талантты ұстаз ретінде қоғамның ғылыми әлеуетін көркейту ісінде елеулі із қалдырды. Оның жетекшілігімен 20-дан астам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ғалым әдебиеттану саласында жарты ғасырдан астам уақыт талмай еңбек етіп, 10-нан астам жеке монографиясын, 400-ге жуық мақала жазды. Санқырлы ғалым қазақ мектептеріне арналған «Орыс әдебиеті» оқулықтарын да (8, 9, 10 сыныптар үшін) жазған болатын. Бұл оқулықтар кейіннен 10 рет жарияланды. Ол репрессияға ұшыраған Алаш қайраткерлерінің шығармашылық мұраларын бағалауда тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолында да орасан зор еңбек сіңірді. Ғылыми-методологиялық әдістемені шығармашылығының түпқазығы еткен туысы бөлек, тұлғасы биік академик кейінгі ұрапқа аса қымбат қазына қалдырды. «Зәки Ахметов - ішкі мәдениеті өте жоғары, мейлінше кішіпейіл, жаны таза азамат еді. Көрініп қалуға, жақсы аттануға ұмтылмайтын (содан да болар, бір де бір орден алмапты). Кісінің қас-қабағына, көңіл-күйіне баса мән беріп, жағдайын жете түсінуге тырысатын. Жақсылық істеуге әркез даяр тұратын. Адамдарға өзі сияқты қарап, үлкен сенім артатын», - деп ҚР ҰҒА академигі С.Қасқабасов өз естелігінде З.Ахметовтің адамдық қасиеттері туралы ерекше пікір білдіреді.

Зәки Ахметов - қазақ әдебиеттану ғылымының өсуіне өлшеусіз үлес қосқан ғалым. Қаламгер өзінің ғылыми еңбектері арқылы әдебиет туралы ғылымның өрісін кеңейтіп, оны айтулы биіктерге көтерді.

Абай мұрасы - сан ұрпақтың ой-дүниесіне даналық дәнін егіп, ақыл-санасына ізгілік нұрын сепкен рухани тағлымы мол қазына. Абай тағлымы - қанша ұрпақтың нәр алып, рухани азық еткен зерттеулерінің қайнар көзі. Бұл тақырыпты қастерлеп, ғұмыр бойы зерттеп, жас ұрпаққа таныту мақсатында қаншама ғалымдар мен қалам қайраткерлері қажырлы еңбек етті. Сол ғалымдардың ішінде 1951 жылдан бері аянбай тер төгіп, абайтану ғылымына салмақты үлес қосқан академик Зәки Ахметовтің еңбегі зор. Келешек жас ұрпаққа академик Зәки Ахметовті Абай тағлымының дарынды мұрагері ретінде танытып, артында қалдырған мол мұрасын тереңдете зерттеу қажет деп білеміз. Ол ғылымдағы жолын Ұлы Абайды зерттеуден бастап, өмірінің соңына дейін кемеңгер ақынмен рухани бірлікте тірлік кешті. Жарты ғасыр ғұмырын арнаған Абай тақырыбы - ғалымның жүрегінің қызуы, жігерінің қуаты болды деп айта аламыз. Академик Сейіт Қасқабасовтың пікірінен қояр болсақ, ол кісі былай дейді: «Сонау 1951 жылы жазылған «Лермонтов пен Абай» атты еңбегінен басталған Абайға деген құштарлық 1995 жылы «Абайдың ақындық әлемі» деген монографияны дүниеге әкелді. Сол жылы жарық көрген «Абай» энциклопедиясына да басты-басты мақалаларды Зәки Ахметов жазды. Ұзақ жылғы абайтануға арнаған еңбегі өзіне де үлкен абырой әперді. Сол үшін Зәкең Мемлекеттік сыйлыққа ие болды».

Абай тағлымын бойына сіңіріп, санасында мәңгі тербетіп, жанына қуат еткен З.Ахметов ғылыми-шығармашылық жолында ақын мұрасы жайлы іргелі зерттеулер жазып, түйінді пікірлер айтып, теориялық негіз қалыптастырды. Сол еңбектердің ішінде абайтану ғылымына зор үлес қосқан «Лермонтов и Абай» (1951), «Абайдың ақындық әлемі» (1995), «Поэзия шыңы - даналық» (2002) атты монографиялық еңбектері, бірнеше ұжымдық кітаптары мен көптеген мақалаларын атауға болады.

З.Ахметов Абай шығармашылығын тұтастай қарастырып, толық әрі жан-жақты зерттеп, жұртшылыққа ұлағат етті. Ақынның өлеңдері, қара сөздері, поэмалары мен аудармаларына ғылыми сипаттама жасап, оқырманды Абайдың ақындық әлеміне бойлата білді. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемі екенін түсіндірді. «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегінде З.Ахметов ақын лирикасын тақырып-тақырыпқа бөліп, оның өлеңдерінің ішкі мазмұнына үңіледі. Соның ішінде Абайдың ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстары жайын сөз еткенде ғалымның озық ойлары мен зерделі талдаулары Абайдың эстетикалық танымын ашуда жаңа көзқарастардың қалыптасуына бағыт береді. Алдымен «өлең» деген ұғымның Абай поэзиясында қандай мағынада қолданылатынын анықтай отырып, ғалым мына терминдерді ұсынады: өлең, өлең сөз, поэзиялық шығарма, ән өлең, күй, әуен. Абай поэзиясындағы өлең ұғымының осындай мағынада қолданылғанын айтып, әрбіріне жеке-жеке талдаулар жасайды. Осы жөнінде айтқан академиктің мына пікірі келешек зерттеушілерге ой салады: «Айырықша көңіл аударарлық жай - Абай өлең турасында айтқанда жазып шығарылып, оқылып айтылатын өлең сөз бен әнге салып айтатын өлеңнің арасын бөліп, шек қоймайды».

З.Ахметовтің анықтауынша, Абайдың «поэзиялық шығарма - нағыз өмірлік қажеттіліктен туатын, үлкен мақсатқа жұмсалатын сөз» деп қарағаны - есте ұстайтын жәйт. Абайдың ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстарын талдау барысында ғалымның ақын поэзиясының тағлымдық мәніне ерекше назар аударып отырғаны байқалады.

Абай поэзиясының шеберлік қырлары мен сыршылдық сипатын басты нысанаға алып, зерттеуді көздейтін болсақ, З.Ахметовтің «Поэзия шыңы – даналық» атты еңбегіне жүгінетініміз анық. Себебі, бұл еңбекте автор Абайды керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері, сонымен бірге ойшыл ақын ретінде оқырманға танытып, Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы екенін дәлелдеген ғылыми теориялық талдауларды ұсынады.

Зәки Ахметов өзінің көп жылғы қажырлы ғылыми-шығармашылық еңбек жолында Абай даналығын оқырман жүрегіне жеткізіп, зерттеп жазумен қатар, Абай мұрасын жас ұрпаққа талмай оқытып, шәкірттерінің санасына сіңіріп, оларға ақын тағлымын үлгі етті және сол бағыттағы сара жолды нұсқады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметов З. Поэзия шыңы-даналық. Зерттеу. – Аст.: Фолиант, 2002.
2. Қасқабасов С. Алғы сөз / Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері: «Академик З.Ахметовтің ғылыми мұрасы және қазақ әдебиетану мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Үш Қиян, 2003. Б.14-19.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

ӘОЖ 821.512.122.09:82.09

РАЙЫМЖАН МӘРСЕКОВТІҢ ЗАҢГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЛЫ

Қақарман А.

Ғылыми жетекші: Касенов С.Т., ф.ғ.к.,

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: kakarmanaibota@gmail.com

Адамзат қоғамының өркендеп, дәуірлеуі әуелі тұрмыста тек ауызша тыйымдар мен шектеулер арқылы қабылданған шешімдермен, кейіннен әлеуметтік құрлымның күрделенуі және мемлекеттік билік негіздерінің пайда болуына қарай «заңның» қалыптасып, белгілі жүйеге айналуына әсер етті. Осылай, адамзат не бір жүйеге қол жеткізді: ру болды, ел болды, бара-бара әркім өз билігін құрып жержүзін атасынан қалған еншідей өз алдына ақыл-айласымен, білек-білімімен билеп әкете берді. Ал біздің бабаларымыз қайда қалды, қайтті?!

Қазақтың дәстүрлі заң жүйесі тарих толқынында тартысты тамаша күнді де кешіп, тарамдалған тасты жағаға да соғылды. Қазақтың төл мемлекеті пайда болып, хандық билік жүйесі жұмыс істеген уақытта, сол уақыттардағы билер институты халқымыздың әдеп-ғұрпына сай небір жүйрік заң жүйелерін қабыл етеді. Қазақ

мемлекетшілдігінің алғашқы кезеңдерінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» секілді заңдар жинақтарын жасап шығарады. XVII ғасырда Қазақ хандығының тұтастығына шындап қауіп төне бастаған тұста, Тәуке хан «Жеті жарғыны» халық тұрмысына енгізді. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерінің барлық жағынан қамтиды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билігі тұсында Қазақ хандығы барынша күшейіп, дәуірлеп дамыды. Осы тұста айта кетерлігі, заңдық және заңдық күші бар заңнамалық жүйені жоғарыда атап кеткеніміздей, тек хандар жасап, қабылдамағаны белгілі. Билер институтының шеңберінде қазақтың айтулы би-шешендері, ақылгөй дариялары, «от тілді, орақ ауызды» сөз саңлақтары Хан кеңесі мен билер кеңесінде осы заңдарды бірлесе жасап, қабылдады. Қазақ қоғамындағы алғашқы заңды сот та билер соты болды. Билер соты осы қабылданған жарғы, заңдар бойынша қызмет жасады. Отаршылдыққа ұшыраған замандарда хандық билік жүйесі жойылып, билер институтының тамырына балта шабылып, қазақ елінің дау-дамайын ендігі кезекте орыстың заң жүйесі, соты қарайтын болды. Мүлдем өмір сүру салты бөтен елдің бөгде бір елдің дау-дамайын қарауы қаншалық қиянат болатыны болса да болмасын белгілі жағдай. Осы кезеңде қараша халық мүддесін жанын салып қорғар азаматтарды қазақтың тауқыметті тағдыры өзі қатарға қосып отырды. Бұл мақалада сондай қайраткерлердің бірі Райымжан Мәрсекұлы жайлы аз-мұз айтпақпыз.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақта ұлттық сананың жаңаша қалыптасып, қазақ зиялы қауымының қоғамдық-құқықтық өмірге арласқан кезі болды. Жалпы алғанда, ұлтымыздың отар болуы орыс отаршылдық-әміршілдік жүйесінің кезең-кезеңмен жүргізген әрекетінің, соның ішінде 1731 жылдан бастау алып, сол үдеріс 130 жылға созылып, 1860 жылға дейін жетеді. Негізінен, 1731-1860 жылдары Қазақстан Ресей империясына тек сөз, қағаз жүзінде бағынышты болып тұрған. Іс жүзінде ру, тайпа билеушілері дербес саясат жасап, өз биліктерін жүргізіп отырған. Осыдан кейін Ресей үкіметі түрлі айланы желеу етіп, Қазақстанның барлық аймақтарына ене түседі. 1867-1868 жылдардағы «Уақытша Ереже» бойынша әкімшілік және сот жүйелері толығымен Ресей өкіметіне көшіп, қазақ жері облыстарға бөлінеді.

Аталған уақыттарда халық арасында Ресей билігіне қарсы бірнеше көтерілістер де орын алады. Дегенмен отарлау саясаты жетер жеріне жетіп, отаршылдық-әміршілдік жүйенің талауына түскен халықтың ендігі жердегі мүддесін қорғаушылар қазақтың көзі ашық оқығандары болды. Осы тұста қазақ қоғамында арнайы оқу тәмамдаған кәсіби заңгерлер, атап айтқанда Бақытжан Қаратаев, Жақып Ақбаев және Райымжан Мәрсеков сынды ұлт мүддесін қорғаушылар келіп қосылады. Студент шақтарынан-ақ олар патшалық Ресейдің саясатына қарсы көзқарастар танытып, қазақ халқының толығымен шешім таппаған жер, дін, тіл сияқты мәселелерін әрдайым ашып, айқындап көрсетіп отырады.

Райымжан Мәрсекұлы - Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, заңгер, Қазақстанның заңтану, құқықтану негіздерін зерделеген, оның үстіне қазақтағы алғашқы заңгерлердің бірі болып мемлекет және құқық теориясының мәселелерін ғылыми талдаудан өткізген бірегей қайраткер. Ол 1877 жылы сол кездегі Семей облысының Өскемен уезінің

Айыртау болысында дүниеге келген. Омбы техникалық училищесін, Орман шаруашылығы институтын және Санкт-Петербург, Москва Заң және Сот институтын бітірген.

Ол өткен ғасырдың бас кезінде қазақ сахарасында қалыптасқан Алаш қозғалысына, Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің қызметіне кеңінен араласты. Р.Мәрсеков ел үшін, жер үшін отаршыл жүйеге қарсы шыққан ұлт зиялыларымен байланыс орнатып, олардың іс-әрекеттерін заңдық тұрғыдан сүйемелдеп отырды. Ойларын ашық айтып, бұқаралық ақпарат көздерінде жариялап отырды. Ұлт көшбасшыларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, «Алаш Орданың» белді де белсенді мүшесі болды. Партия мен үкіметтің міндеттері мен мақсатын заңды тұрғыдан түзуге ат салысты.

Ол өзінің бірқатар еңбектерінде қазақ халқының басынан кешіп жатқан оқиғаларының себеп-салдарын анықтаумен қатар, бірқатар мақалаларында қазақ тұрмысын анау айтқандай, әсіресе, әйел адамның тағдырына қатысты артық кемсітушіліктерді халқымыздың дәстүрлі қалыптасқан заңымен айғақты түрде ақтап алып отырады. Мысалы «Әйел» деген статья турасында» мақаласында халық өмірінегі әйел адамның орынын көрсетеді. Ал заң жөніне ауыссақ, ол өзінің 1917 жылы «Қазақ» газетіне жариялаған «Патшалықтар арасындағы заң» мақаласында әлемдегі үлкен державалар арасындағы одақтастықтардың арасында қалған қазақ сияқты бодан елдердің сипатын жазады.

Райымжан Мәрсековтің заң жүзінде қарастырған көп мәселесі қазаққа заңды түрде жер иелентушілік еді. Оны біз қайраткердің «Қазақ қайтсе жерге ие болады», «Жер мәселесі», «Ата қонысынан айрылған қазақ жайлы» атты мақалаларынан байқаймыз, «...Ата қонысынан айырылып, барарға жер, басарға тауы болмай, дал ұрып отырған жер елді көзіміз сан көреді. Мұндайға қазақтың қылған айласы, тапқан ақылы болмай жүргенін тағы көреміз. Осындай жайға ақыл табылары бар ма? Табылғандай болса, біздің қолымыздан келер ме? Көшпесендер, күшпен көшіремін деп ұлық тұр. Жеріміз жоқ, мұнша үй қайда барып сиямыз деп сандалып не қыларын білмей бұлар отыр. Не жерін алып қала алмай, не басқа жақтан орын таба бұларға не қылмақ керек?» Міне, Р.Мәрсековтің жер мәселесі жайлы ізденістерінен осындай шынайы айғақтарды көптеп кездестіруге болады. Бұл да болса қайраткердің қазақ жұртына атасынан қалған жерді мұжықтардан аман алып қалу үшін жасаған жұмыстарының бірі еді. Осындай шешуі қиын түйнектердің арасында халықтың мұң-мұқтажын өзіне ыңғайлап, дәстүрінен аттамай, ғұрпына қарсы келмей шешімін тапқысы келеді. Ол 1916 жылы «Сарыарқа» газетіне «Заң жобасын жариялайтын комиссия» атты мақаласын жариялайды. Мұнда: «Қазаққа лайықты, келімді законды қазақтың өзі жасамаса, халықтың салтын, гүрпын, жайын білмегендердің, қолынан келмес, жасаса, тұрмысына үйлеспей, қолайсыз болар деп, жалпы қазақ сиезі әр облыста комиссиялар сайланып, іске кіріссін деп қаулы қойған еді. Юристердің даярлап, алдына салған жобасын топшылауға болмаса, өзге уақытта қалыптары аз көрінеді. Сондықтан юристер қазаққа деген заң жобасын өздері ғана даярлап, бітіріп, сонан соң ел адамдарын шақырып, сынына салып, заң жобасы һәм шығын жағынан да көп жеңіл болар еді. Әрине, юристердің қолы бос болып, кірісетін болса, жақсы-ақ болар еді. Бірақ біздің бұл заманда қолы тиерлік, бос кісіміз жоқ. Сондықтан да заң жобасын жасайтын юристерге ерекше бір

кішігірім мекеме алуына ақша берілсе, сонан соң керекті закон, ережесін қазақшаға аударса, жасалатын нұсқамаға бір құр сияқты жоба болар еді. Бұдан басқа қазақтың ережелері болса, осылардың бәрінен жарып қорытылып керекті нұсқама жобасы тез жасалар еді. Әйтпесе, мына біз жасаған комиссия сияқты болса, біз қазақтың заң жобасын еш уақытта жасап бітіре алмаймыз», -деп негізінен қазақ қоғамында жазылған заңдық кодекстердің жоқтығын, соның салдарынан әр судья өз пікірімен шешім шығаратындығы дағдыға айналғандығын аңғартады.

Жалпы алғанда, Райымжан Мәрсков - студент шағынан халық соттарының жағымсыз жақтарын, патша өкіметінің “бөліп алда билей бер” саясатын өз тарапынан қолдамай, қатаң сынға алған заңгер маман. Жоғарыда айқандай, заңгер халық сотының жүйесіз жайылып кетуін қазақ даласында белгілі бір заңдық кодекстердің жоқтығынан деп біледі.

Сөзімізді қорытындылай келе, Райымжан Мәрсөков қазақтың дәстүрлі заң жүйесіне, халқының салт-дәстүріне құрметпен қарап, өзі өмір сүрген тұстағы ел ішіндегі дау-дамайды реттейтін орыс сотының заңнамалық жүйесін ұлтымыздың менталитетіне, тұрмыс-салт ерекшелігіне лайықтауға ұмытылған, әрекет еткен заңгер дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ қайда бара жатыр» Р. Мәрсөков.
2. «Арыстары Алаштың» С. Өзбекұлы, 1998 ж.
3. «Р.Мәрсөковтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастарының көкжиектері»

Әли Еркежан.

4. «Райымжан Мәрсөковтың жұмбақ жақтары өте көп» Смағұлова С.О.

ӘОЖ 821.512.122.09

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТИҢ «ТАЛПАҚ ТАНАУ» ӘНГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Қожаназыров И.Т.

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университетінің профессоры
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: Itleugazy@bk.ru

Қаламгер көркем шығарманың экспозициясын сары үлкен атанды сипаттаумен ой бастайды. Көркем шығарманың тақырыптық және идеялық негізгі түпкі ой осы сары үлкен атанды сипаттау детальдарынан сезіледі. Қазақ халқының киелі төрт түлігінің бірі - Ойсылқараны шығармада сары атан деген атау беріп, қазақтың өмірлік салтында мал деп қарамайтын, табиғатына да тән емес талпақ танауды қатар алуы психологиялық параллелизм. «Сары атан ойлай алса, әрине атанша ойланар еді... даланың баяу ғасырларымен бірге баяу аяндасам да басқа түліктерден кейін қалған кезім жоқ дер еді. Дәмдес болған елінің ең сұлуына

«Ботагөз» деген, ең жүйрігіне «бота тірсек» деген ат бере алған жануардың мақтанары да аз емес қой...»

«Бозінген» күйі осынша кең жайлауды аралап шығып, әлде қайда алысқа, көңіл жетпесе көз жетпейтін бір асулардан асып барып жоғаларда тыңдаушылар:

- Жарықтық есті мал ғой! – деспейтін бе еді?..

Сары атан бірақ ойлай алмайды. Сары атанның арбасында іркілдеп жатқан екі үлкен шошқада түк ойламастан келе жатыр. Бауырындағы жеті торайы, анасының болжыраған боз емшектерін қомағайлана түрткілеуден басқа ешнәрседен хабары жоқ» [1, 283 б.]. Бұл баяндауда сары атан мен талпақ танау орыс пен қазақтың төбелесе қалса «Түйесің бақырауық», «шошқасың тоң мойын» - деп, бірін-бірі ең жаны сүймеген жануарға теңейтіні сияқты, оқиға идеясын анықтауға жол көрсетіп тұр.

«Талпақ танау» повесінің тартысы екі тап немесе екі түрлі адамдар арасындағы күрес емес. Әңгіме сюжетін дамытушы күш – сезім тартысы.

Сәден әкелген қос шошқаны ауыл адамдары «жақындамай, иіріліп тұрып» қарсы алады. Оқушы осы бір мезетті ескілік пен жаңалықтың белдескеніндей қабылдайды. Дәлірек айтсақ, қарапайым жандардың бойына жаңалық қаншалықты сіңгенін тексеретін бір сын осы. Талпақ танауларды ауыл жігіттерінің қабылдауынан талай сыр аңғарылыпта қалады. Халқымызға тән кең пейілділік, рахымшылдық, шешендік, жарқын мінезділік, әзілқойлық және ауыл тіршілігі алғашқы кездесудің өзінде-ақ бір нәзік, ойнақы мысқыл күлкімен қаз-қалпында жарқырап ашыла бастайды. Ғабит Мүсіреповке тән шеберлік осы әңгімеде сан құбылып, сан түрленіп, көркем бейне, көрікті қабілетімен көрінген. Әңгіме беттерінен төгіліп тұрған әсем күлкі, әдемі қалжың, ойнақы әжуа оқушы көңіліне бірден ұялайды, еріксіз езу тартқызады, күлдіреді. Бұл Мүсірепов талантында кейін гүл шаша көктейтін қасиеті.

Әңгімені дамытушы күш - сезім өзгерісі, психологиялық құбылыс. Оқушының бағып, қадағалап қалатыны да – осы Жаңа жол жігіттерінің көңілі.

Шошқаны алып келген колхоз бастығы Сәден:

- Кәнеки жігіттер мұны енді арбадан нетесіңдер... несіне оскырынасыңдар, бұл да мал ғой... дейді аз ғана езу тартып. Дауысы аса сенімді шықпады, әрине.

- Мүмкін мал шығар...

- Орыстар мал деп асырайды ғой әйтеуір...

- Танауы талпақ екен...

- Аузы малға ұқсай да бере мекен өзінің?

- Жоқ, тұяғы айыр, қойға ұқсайды...

- Тек қойға теңемеші кәпірді... бауыры толған қаз-қатар емшек қай жері қой болушы еді?

- Сәден, осыны мал деп тұрсың-ау?

- Мал емес деп кім айтты?

- Мүмкін мал шығар бағып көрмеген малымыз... [2, 281 б.].

Осы үзіндінің әр сөзінде, әр сөйлемінде адам түркәдімгі ауыл қазағы тұр. Бұл уақыт лебі ауыл қазағының сезім түйсігі. Осыны жазушы құйып қойғандай айшықты тілмен, әдемі әзілімен, тапқыр көңілімен достық сезімімен берген.

Шығарма оқиғасы шағын, сюжетті, кейіпкерлері де оқиғаны өрбітуде күш салып отырады. Колхоз бастығы Сәден өзін қалай ширектірсе оқиға да сол сияқты барған сайын түрлі иірімге түсіп, оқиға қыза түседі. Әңгімеде жазушы алып отырған тақырыбына байланысты адам образын кейіпкерлерін бастан-аяқ мінездеп, суреттемейді, штрихпен береді. Әңгімеге аты аталып араласатын, характерлерінің негізгі белгілері салынған Сәден, Есендермен қатар әңгімеге аттары атаусыз көпшілік араласып отырады. Тосын, жат нәрсеге көпшіліктің реакциясы анық беріледі. Сол көптің көзқарасының өзгеруін, өз бойларындағы ескілікті жеңе бастауын жазушы әсіресе дәл, шын мағынасындағы көркем репликалар арқылы өте шебер береді.

Ғ.Мүсірепов әңгімелеріндегі көркем деталь өнері әңгіменің көркемдік ерекшелігін білдірумен қатар, дала адамының психологиясын ашатын компоненттермен тығыз бірлікте қарастыруды қажет етеді. Мәселен, «Сары атанның арбасында іркілдеп жатқан екі үлкен шошқа да түк ойламастан келе жатыр. Бауырындағы жеті торайы, анасының болжыраған боз емшектерін қомағайлана түрткілеуден басқа ешнәрседен хабары жоқ. Көздері кілбиген, ақ кірпік балапандар да жалпақ тұмсықтарымен анасын көруден басқа ой барлығы байқалмайды. Сөлекеттеу де қолбаң, надан жаратылған жануарлар секілді. Анда-санда талпақ танаулардан жалпы түрде жабыла бір қорсылдап қойып, бұрынғы дұспан еліне тәуекел етіп, тартып келеді...» - деген тұстағы портрет, мұнда да көркем детальдық қызметін атқарып тұр. Ол тұста, 30-жылдардағы саясаттың өзіне ғана түсінікті «солақай» саясаты бар сияқты, ешқандай «ойсыз» іркілдеген шошқалардың «Жаңа жолға» бет алуы шығарма сюжетінің дамуына, ой шиеленісіне оқырманын жетелейді.

Ал, нағыз шиеленіс 33-жылы, майдың екісі күні «Жаңа жол» колхозына бір түлік шошқа малының келіп кіруі. Келер күні шошқаларды қалай күту, қалай бағу әңгімесіне тұтас бір жиналыстың өтуі бұл жағдайдың қоғамдық та, психологиялық та тартысты айқын аңғарамыз. Ешкім шошқа баққысы келмейді.

«Талпақ танаудың» кульминациясы – ел жиналып, күштеп Есен шалды шошқа бағуға көндіруінен бітеді. Тіпті бірер айдан кейін шошқаны сықақтау сиреп аяқсуға айналды. Бір жиналыста отардағы астықтан азықта бөлінді. Бұл жағдайда Б.Майтанов тілімен айтқанды психологиялық паралелизм деп айтсақ, шошқалардың «Жаңа жол» тұрмысына жатырқай жүріп жымдасып, сіңісіп кетуі, елдің кеңестік идеологияны насихаттай отырып, өз саясатына сүнгітіп жіберуінен сабақтастырады жазушы.

Әңгіменің шарықтау шегі – жаңа түлік – шошқадан түсетін мол пайданы көз жете түсіну құбылысы, оларды қабылдау - қабылдамау мәселесінің шешілер шағы.

Есен шалды шошқа бағуға күшпен көндірген жиналыстан бастап Жаңа жол колхозы мол табысқа ие болғанға шейін, колхозшы жігіттердің сезімі өзгермейді де, дүдәмал қалпында қалады. Тек талпақ танаулардың түсіміне көздері жеткеннен соң ғана колхозшылар оларды қадірлеп төрт түлігінің қатарынан орын береді.

Жазушы шығармаларының шешімінде авторлық идея мен қоғамның характерологиялық сипаты қатар берілген. «Талпақ танауда» - «Жаңа жол» колхозындағы шошқа санының жиырма сегізге жетуі, қартаң басқан шошқаны сатқан кезде екі бұзаулы сиыр келгендігі, мал шаруасында тарихи орын

алатындарына талпақ танаулардың сенімді түрде қорсылдауы авторлық баяндау арқылы шынайы көрініс тапқан. Шошқалардың семіз, қымыз құятын мес секілді былқ-былқ етедідеп суретті бейнелеуі, «Достым, мен сендерді әкелістім... Менің орным әлі де олқы болмайды!-дегендей, сары атан да тәкаббар күйін күйсеп жатуы» - нағыз психологиялық ойдың қоғамдағы көрінісіндей сипат алған.

«Талпақ танауда» әбден дараланған екі характер – Сәден мен Есен.

Колхоз председатели Сәден – орнықты кісі, іскер азамат, ақылды басшы. Бұл образға да жазушының шуақ юморы мықтап дарыған: оның сөзі мен ісі оқушыны ылғи жадыратып, езу тартқызып отырады. Бірақ, қимылының бәрі орынды. Шошқа деген жануардан жүрексіну, бойын аулақ салу алғашқы кезде Сәден басында да болған. «Совхоздан берілген малдарға қосып, екі шошқа алуға уәделескелі екі ай болса да, әкетуге келгенде талай тайып шыға беретін.

- Сәден, шошқаларыңды алып кетсейші, - деп, ферма бастығы талай ескерткенде:

- Жүре тұрсын...Келесі жолы алармын... – деп, ылғи тастап кететін.

Айни-айни, қобалжи-қобалжи бүгін әрең келіп тұр. Шошқаның жонына қарап қызықса да, аузы салтақ-салтақ, бауыры толған күлтілдеген емшек... Тұмсығы бір түрлі өзінің... Құлағы анау... Бірақ, әйтеуір тұяғы айыр...

- Әй, арам шығарсың-ау, антұрған... – дейтін ішінен» [3, 110 б.].

Бірақ, Сәден ойлай-ойлай келе, көп толғанып, ол қобалжуды жеңеді. «Жаңа жол» колхозына бесінші түлік боп қосылғалы тұрған шошқаны ақыры ауылға өзі алып келеді. «Тәңірісі берген тәкаппар басын қақшитып жоғары көтеріп алып, баяғысындай баяу аяңдап, ауылға жақындап келе жатқан» түйенің арбасында шошқа ғана емес, қазақ ауылына өзгеше бір жаңалық келе жатыр. Әрине, ол жаңалықты ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ ауылының психологиясы жатырқауы сөзсіз, ол Сәденнің өз мінезінен де көрініп тұр. Бірақ Сәден одан гөрі әрігірек ойлайтын адам. «Арам деген не? Молдалардың қыртылы! Орыс жылқы етін жемейді, қазақ шошқа етін жемейді!.. Бәрі молданың, діннің жұмысы. Оған тек надан ел ғана сенуге тиісті. Мәдениетті елдің бәрі де жейді. Кеңес үкіметі, керек болса, шошқа совхоздарын құрып жатыр. Біздің жаңа дініміз – кеңес үкіметі неге бастаса сол!» Бұдан артық дәлел Сәденде жоқ. Колхозшыларға осы ойын өз сөзімен айтып, қалайда түсіндіруге бел буған. Олардың түсінетініне Сәден сенеді де, сондықтан шошқаларын ауылдың нақ ортасына арбалап әкеп, қзі бас боп түсіріп жатады. Жұрт үркеді, жиренеді. Шошқамен қоса Сәденді мазақ етушілер де көп. Бірақ Сәденнің ең ірі қасиеті – өз ісіне деген сенім. Сенім бар жерде күш бар.. Қашан да өзі бас болып істей бастаған соң, басқалар еріксіз екпіндеп, жұмысты көтеріп әкетеді. Сәден қазір де соны істейін деп тұр. Үндемей шошқаларды айналып жүргені, өзінің үйреншікті әдісін тағы қолдонады деген сөз. Шошқаны әкелген екен, оны мал етіп шығаруында жау жоқ. Ол істейді. Өйткені, беті бүлк етпейді, сенімді». Мұндай басшының маңына жұрт үйірілгіш. Ақыры Сәден өз дегенін істеп шығады, шошқаға жұрт көзі үйренеді, шошқа «Жаңа жолға» жаңа түлік боп қосылады. Осы шындықты суреттеген жазушының көркемдік деректері әрі сенімді, әрі ұтымды. Сәден оқушының байырғы танысындай, тұлғасы да, мінезі де, іс-әрекеті ап-айқын адам боп шыға келеді. Мұның өзі типтік характер. Психологиясында ашық ұлттық ерекшелік бар. Іс-қимылы жаңа.Колхозды ауылда

Сәдендер толып жатыр, мынау Сәден солардан жинақталған образ. Жазушы Сәден бейнесін өте-мөте шебер жасаған. Жазушы да, Сәден де сараң сөйлейді, бірақ терең ұғылады, жан-жақты танылады. Сәден- сом соғылған ірі және айқын тип.

Есен – колхоздағы көне кісілердің қызық өкілі. Шошқадан шошынатандардың бірі де – Есен шал. Көп күштесе де қоя ма, Есен қанша тулағанымен шошқа бағуға амалсыз көнеді. Өзінің бұл кәсібіне байғұс шал мықтап арланады. «Есен жеті торайын шұбыртып, екі шошқаны қопалы көлге әрең айдап әкеледі де, қоя береді. Өзі басқа бір жұмыспен жүрген адамша шеттеп, алыстан ғана бақылап жүреді. Болмаса басқа бір жұмыс ңстеп жатады... Шошқаларын таңертең ел тұрмай, ерте айдап әкетеді де, кешке ел орынға отырғасын айдап қайтып, көзге көп түспейді...» Есеннің барлық мінезі мен ісінен оның мейлінше адал, кісілікті кісі екені аңғарылады. Оның шошқа тарапындағы әлгі істеп жүрген қулығының өзі баланың аңғырттығы сияқты бірдеңе ғана. Әйтпесе, беталды шапылдамайтын, ашу-реніші мен қуаныш-күлкісі табиғи, тартымды, байыпты кісі. Шошқа соңында үр сүлесоктанған мардымсыз, бейшара да шал емес ол, ашу-айбаты, қыңыр-қыжылы да мол. Бірақ, онысын сыртына шаптығыпшығармайды, сазарып, сараң білдіреді. Бұл- шал бойына лайық та жарасымды күш.

- Е, шалым, енді шошқа бақтың ба!.. – деп, көлгірсіп, мазақ қылған Қасан молданың баласы Әбенге шолтаңдап, шарт та шұр келмейді. Ашуыды ақфлға жеңдіріп, бірақ реті келсе не қырсықтан болса да таймас түр көрсетеді.

- «Шырағым, біздің ісіміздің бәрі ерсі ғой, сендерге. Аулағырақ жүрсен қайтер екен! – деді Есен. Таяғының шоқпарлау келген жағы қышына бастағандай, жерді түртіп-түртіп қойды» [4, 283 б.]. Шал сөзінің байыптылығы оның әшейін ұстамдылығы ғана емес. Бұл арада Есен шалдың таптық санасы оянған, кімнің кім екенін түсінетін, кіммен қалай сөйлесудің ретін білетін көзі ашық, көңілі ояу кісі екені көрінеді.

Қысқасы, Есен тек шошқа бағу тұсында ғана бой көрсеткенімен, бірнеше қырынан танылған жанды бейне, жақсы характер.

Сәден мен Есен образдарын толықтыра түсетін Ефим қызы Мария мен оның күйеуі Әпен де оқиғаға орынды араласқан, екеуі екі түрлі шындыққа куә, сәтті бейнелер. Олардың қимыл әрекеті шашаусыз, қолмен қойғандай жинақы. Бұл екеуімен байланысты ремаркалар да автордың шуақ юморы бір үзілмей, нұрдай төгіледі де тұрады.

«Сұңғыла, солақай саясаттың» адам санасына сіңгені сондай, жазушы әңгіменің соңғы эпизодында жарыспалы (паралельное) композициялық тәсілді қолданады. Ефимнің қызы Марияға үйленген Қасан молданың баласы Әбен енді шошқасын шұбартып келе жатқан Есен шалға «бағар көбейсін» айтып мазақ еткеніне ренжіп қабырға газетін шығарушыларға қарсы өлең шығартып алады. Осылай оқиға соңында бір кездері үрке қараған талпақ танау тыныш жатқан «Жаңа жол» ауылының тұрмысына іріткі түсіре бастайды. Әрине, бұл шарасыздық әрекеттері еді. Қазақ қаламгерлерінің негізгі құрамы социалистік құрылым жүйесін де, оның социалистік реализм әдісін де күдіксіз қабылдауының бір сипаты болатын.

Әдебиет зерттеушісі Т.Есембеков ретордация (бәсеңдету) «Талпақ танауда» көркем уақыттың ағымын баяулату үшін өлең түріндегі қыстырма конструкцияны да қолданады.

Бес түлік малымыз бар: бірі шошқа,
Бөлеміз табан-табан етті қосқа.
Аластап арамыздан айдап шыққан,
Болып па сенен арам біздің шошқа.
Сын тағып шошқамызға көлденеңнен,
Арам сөз көтеріпті Әбен деген,
Әкеңді Қасен молда білетін ек,
Кіргенше өлік көрге соңына ерген...
Арқалап өлік киім-кебіндерін,
Есінде жүретінің бар ма сенің?
Шошқамыз әрі жайлы, әрі майлы,
Қарыс май қабырғадан қозғалмайды
Сендердің із аңдыған сықағыңа
Шошқамның жалғыз түгі қисаймайды!.. [5,378 б.].

Сөйтіп, жазушы жана өмір әкелген ұлы жаңалықтың бір ұшқынын тамаша тапқырлықпен, өзгеге ұқсамай, схемаға ұрынбай, өзіне ғана тән жаңалықпен бейнелеп береді.

Ғ.Мүсіреповтің А.П.Чеховпен бауырластығы жоқ жерден жағымды, тапқыр күлкі табатын көркемдік ойлау жүйесіндегі сыншыл назардан ғана емес, шынайы, нәрлі оптимизм, көз қырағылығы, сезім кәусарлығы, суреттеулер өмір құбылыстарынан өзін биік ұстай білетін интеллектуалдық өресі және алуан типті қаһармандарға байланысты неғұрлым бейтарап, әйтпесе мүмкіндігінше неғұрлым тереңге ұя салатын сүйіспеншілік ықыластарынан, қажай отырып, аяй да, арқадан қаға да алатын, кейде тіпті өрескелдікті кешірсе де, тағдыр үкіміне ара түсіп, өкінбейтін шешімтал, зерделі, сері көңіл әлемінен байқалады.

Ғ.Мүсірепов адам характерін, психологиясын, портретін, сөз байлығы, сөйлеу мәнерін шындық өмірдегідей айнытпай беретіндігіне, сюжетті шашаусыз өріп-өрітіп отыратынына, өткір, ұтымды диалогта, драматург элементтерін үйлесімді пайдаланатынына ден қоя отырып, автордың ара-тұра логикалық қайшылық та жіберіп алатынын ескермеуге болмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мүсірепов Ғ. Шығармалар жинағы. 5 том. - Алматы: Жазушы, 1980. – 283 бет.
2. Мүсірепов Ғ. «Белдерде» (әңгімелер мен повестер) - Алматы: Жазушы, 1965. - 281 бет.
3. Ғабит Мүсірепов (Әдебиеттердің көрсеткіші) - Алматы: Қазақстан, 1973, 110 бет.
4. Жұмабеков С. Ғабит Мүсірепов. - Алматы: Мектеп, 1989. – 118 бет.
5. Қабдолов З. Жебе. Алматы: Жазушы, 1977. – 378 бет.
6. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым, 1997. 508 - бет.

СҰЛТАНМАХМҰТ ЛИРИКАСЫ ЖӘНЕ АҚЫН ТҰЛҒАСЫ

Құрбанова М.Б.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: mai_fujiwara@mail.ru

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қысқа ғұмырында халқына мол әдеби мұра қалдырып кетті. Ол әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек еткен талантты қаламгер еді. Оның қаламынан жүзден астам өлең, бес-алты поэма, екі роман, он шақты мақала туды.

Ол – халқын оқуға, білімге үндеген ағартушы. Адамдық табиғаты жағынан алғанда күрескер, дүниеге көзқарасы жағынан алғанда гуманист, демократ, философия, әдебиет тұрғысынан алғанда сыншыл, реалист жазушы. С.Торайғыров – қазақ поэзиясындағы дәстүрлі философиялық бағытты дамытқан жаңашыл адам. С.Торайғыровтың өмірге, еліне деген қуатты сүйіспеншілігін, болашаққа деген қасиетті сенімі бар ақын романтикалық асқақ қиял мен терең философиялық ойдың иесі екендігін дөп басып таныған. Ақын шығармаларындағы лирикалық қаһарман өршіл арманның, биік мақсаттың иесі.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы — өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

Сұлтанмахмұт поэзиясының басым бөлігі лирикалық өлеңдер болып келеді. Айналасындағы өмір көріністерін, қоғамдағы өзгерістер мен олардан туындап жатқан әр алуан мәселелерді ақын өзінің сыршыл жүрегінен өткізіп, көркем жырларға айналдырды. Оның поэзиялық мұрасында саяси-әлеуметтік лирика да, махаббат, табиғат, көңіл-күй лирикасы үлгілері де мол кездеседі. Әрине, заман мәселелеріне көбірек көңіл аударған ақынның әсіресе саяси-әлеуметтік лирикаға

жиірек қайырылғаны байқалады. Қандай сипатта жырласа да, ақынның айтар ойы, көздеген мақсаты - халқын жақсылыққа жетелеу, оқуға, білім алуға шақыру.

Халықтың басындағы халді ақын өз басының жай-күйі арқылы жеткізуге ұмтылады. «Ендігі беталыс», «Шәкірт ойы», «Бір адамға», «Оқып жүрген жастарға», «Осы да әділдік пе?», «Сарыарқаның жаңбыры», «Жас жүрек», «Кезек қашан келеді?», «Анау-мынау» тәрізді көптеген өлеңдерінде Сұлтанмахмұт осы тақырыпты мейлінше ашық көтереді. Бұл шығармаларының қай-қайсысында да ақын бойындағы ерекше жігер, жастық қайрат, неге де болса жетсем деген қуатты құлшыныс байқалады. «Шәкірт ойы» атты өлеңіндегі:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне –
Күн болмағанда, кім болам? -

деген жолдар ақынның жүрегіндегі осындай бір айрықша қуатты аңғартқандай.

Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін, –

дейді ақын бұдан соң сабасына түсіп. Бұл – ақын ұмтылысының түп қазығы, негізгі мақсаты. Сұлтанмахмұттың арманы өз сөзін халқының жүрегіне жеткізу, сол арқылы суық жүректі жылыту, бұқараның санасына сәуле түсіру.

Түптеп келгенде, туған халқына қызмет ету. Сол себепті де ол халқының аспанындағы айы да, күні де болуды армандайды. Бұл жеке бастың арманы емес, одан әлдеқайда биік тұрған нысана, биік мұрат. Бұған ақынның осы тақырыптағы «Шығамын тірі болсам адам больш» деген шағын өлеңі нақты дәлел бола алады.

Өлең бір қарағанда жеке адамның көкейіндегі ойды баяндап тұрғандай сезіледі.

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып, -

деп басталатын өлең жолдарындағы ішкі қуат бірте-бірте күшейе түседі, Бұдан кейінгі:

Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып, -

деген жолдар ақынның өзіне-өзі берген өмірлік серті іспетті. Ешкімге пайдаң тиместей надан болып өмір сүруден өлімді артық көреді ақын.

Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес, -

деп, мақсатына беріктігін баяндай келіп, ақын өз басындағы мұндай құлшыныстың сыры неде екенін бір шумақпен былайша түйіндейді:

Мен балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барыш белді буған.

Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін.

Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл жердегі ақынның мақсаты аса биік. Түпкі ойы халқына қызмет ету бола тұра, ол бұл жолда көптің бірі болуды қаламайды. Көп жұлдыздың қатарындағы қарапайым тіршілікті қомсынады. Елінің аспанына ай тәрізді сәуле шашуға, күннің өзіне жетуге белін буған азаматтың бейнесі бар бұл жолдарда.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінің басым бөлігі туған еліне қатысты болып келеді. Ақын туған халқың шексіз сүйеді. Әрдайым еліне қайырылып есеп беріп, өзінің көңіл-күйін сездіріп отырады. Бірде қуатты, бірде нәзік сезімге суарылған сөздерін арнайды. Жоғарыдағы айтылған өлеңдеріндегі патриоттық ойлардың ұшқыны ақынның «Туған еліме» атты шығармасында да жалт етіп көрінеді.

Үміт қып менен қарайсың,
Көңіліңе медеу санайсың.

Балалыққа жарасам,
Аталыққа жарайсың, -

деп, ақын туған еліне арнап анасына айтқандай асыл сөздерін ақтарады. Өлеңде ақынның ішкі сезімі басым. Ерекше толғаныс бар. Еліне деген ерекше ілтипатқа толы. Толғана келіп ақын сөзінің соңын:

Сіздерге әкеп шашуға
Ілім-білім жинаймын, -

деп қорытады.

Халқына қызмет етудің бірден-бір жолы оқу оқып, білім алу деп түсінген Сұлтанмахмұт осылайша толғанады. Бірқатар өлеңдерінде осы тақырыпты көтереді. «Қараңғы қазақтың көгіне күн болып» шығу үшін, «толған айдай балқып туу» үшін ең алдымен білім қажеттігін үнемі алға тартады. Мәселен, «Оқып жүрген жастарға» деп аталатын өлеңінде ол өзі тұрғылас шәкірт жастарға «балалықты қояйық, ойымызды ұсақ-түйектен азат қылайық, сонда ғана басқаның тепкісінен құтылып, жүректегі жарамызды жазамыз» деген ой айтады.

Үмітпенен жоқ қуған
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз.
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз.

Өлең жолдарында бірлесе іс атқаруға, ынтымақпен өмір сүруге, тәуекелмен алға ұмтылуға шақыру бар. Ақынның осы тектес ойлары «Бір балуанға қарап» деген шығармасында жалғаса түседі. Балуанды аянбай күресуге шақыра келе ақын былай дейді:

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең,
Тәуекел, күреске түс, бар-дағы жең.
Дүниеде барлығыңды кім біледі
Үйінде ынжықтанып отырсаң сен!
Кім сені бұл дүниеде бар деп айтар,
Кім саған жықпай бәйге ал деп айтар?
Жықпасаң да күресіп талаптансаң,
«Еті тірі, жаужүрек жан» деп айтар.

Сол дәуірдегі өз замандастарын, өзі тұрғылас жастарды образды түрде балуан бейнесінде ала отырып, Сұлтанмахмұт оларды қарекетсіз өмір сүруден сақтандырады, алға ұмтылуға, күресуге жетелейді.

Ал күрес неге керек? Күрес әлдінің әлсізге жасап отырған қиянатын жою үшін, қоғамда әділеттің үстемдік құруы үшін қажет. Ақын осыны жақсы түсінді. Сол себепті де ол өмір бойы айналасындағы әділетсіздікпен, теңсіздікпен күресіп өтті. Екі заман алмасып, билік біреуден-біреуге көшіп жатқан кезеңнің ащы шындығын айтумен болды. Кейде екпіндеп, кейде мысқылдап сөйледі. Ақынның әйгілі «Бір адамға» деген шығармасында заман шындығы белгілі бір сюжет негізінде барынша әшкереленеді.

Өлеңде Сұлтанмахмұттың ел ішіне оралып, «Шоң» атты мәдени-ағарту ұйымын құрып, бір бай ағайынынан осы ұйымның жұмысына көмек сұрай барғандарға көрген-білгені баяндалады.

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар...» –

деп, байлығына мақтанған ағайынның психологиясын дәл бейнелей келе, ақын сөзіне мысқыл араластыра сөйлейді:

Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қыш, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, салдырлақ теңге алыпты!

Міне, осылайша екі түрлі адамның ішкі образын, ой-мақсаттарының өресін салыстыра отырып, Сұлтанмахмұт терең ойға батады. Толғанады. Мына «жиюлы тұрған қазына малдың» әрқайсысының астарынан өзіндік бір сыр ұққандай.

Әділетсіз заманның, адамның адамға жасаған қиянатының көрінісін көргендей күйге түседі. Толғана тұрып, ақын өз пікірін:

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп.
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!
Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба» -

деп.

Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп, -

деген бейнелі түйінмен тұжырымдайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Торайғыров С. Шығармалар жинағы. – Павлодар, 2003.
2. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. - 248 б.
3. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.

4. Торайғыров С. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 1 т. - 176 б.

ӘОЖ 8.82-2

ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ

Оразбек Мақпал, филология ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры
Астана қ., Қазақстан

Әлемдік әдебиеттану ғылымында Зәки Ахметовтің есімі кеңінен танымал. Өлең өнерінің құрылысын зерделеген іргелі еңбегі қазақ әдебиеттануы ғана емес, Шығыс елдері мен Орта Азия тарихындағы жаңа бір белес болды. Әдебиеттану әлеміне Зәки Ахметов есімімен өлең сөздің теориясы туралы тамаша еңбек келді. Ол еңбек тек қазақ әдебиеттанушылары ғана емес, күллі түркі жұртының ғылымы үшін де маңызы зор болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Біртуар ғалымның 1964 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты монографиясы өлең теориясын ғылыми санаға орнықтырды. Сөйтіп Шығыс елдері мен Орта Азия халықтарының әдебиеті бойынша өлең теориясының негізін салған ғалым ретінде әлемге танылды. Бұл жөнінде әдебиетші ғалым С.Абдырахманов: «Зәки Ахметов және аударматану проблемалары» деп аталатын мақаласында: «Өзінің теориялық кемелдігі жағынан, сондай-ақ жаңалығы мен деректілігі, талдау дәйектілігі жағынан да З. Ахметовтің докторлық диссертациясы мен бірнеше мақалалары ерекше құнды еңбектер қатарында атап өтілуге лайық» –...академик Зәки Ахметов жетпістің бесеуіне жақын жыл ғұмыр кешкен өмірінде мұнан асқан, аспандатқан мақтауларды да талай естігеніне тіпті де күмән келтірмейміз. Бірақ, мына бағаның жөні бөлек. Өйткені, бұл бағаны академик В.М.Жирмунский берген. Бергенде де Виктор Максимович мұны бір жазбаша пікірінде немесе мақаласында емес, бүкілодақтық бірінші түркологиялық конференцияда, кешегі Кеңес Одағы ғалымдарының ығайы мен сығайы жиналған жерде айтқан» [1,13] деген пікірінен атақты түкітанушы В.М.Жирмунскийдің З.Ахметовті өте жоғары бағалағанына көз жеткіземіз. «Сіздің жұмысыңыз мені қатты қызықтырады – тақырыбы жағынан, әрі Сізге деген жақсы көзқарасым тұрғысынан да» [2,40] деп В.М.Жирмунскийдің 1963 жылы 12 қарашада академикке жазған хатынан да анық байқаймыз.

В.М.Жирмунский өлең теориясы туралы және өзінің жазып жүрген еңбектері туралы З.Ахметовпен кеңесіп, үнемі хат алысып тұрды. 1963 жылы жазған хатында: «Силлабикалық метриканың табиғатына қатысты сіздің ойларыңыз маған еуропалық (романдық, жазбаша, ...) силлабикалық тіл тұрғысынан дұрыс болып көрінеді... силлабикалық тілді оның ырғағына ықпал ететін спорадикалық белгілі бір түрлерге бөлу туралы сіздің ескертуіңіз өте дұрыс. Бұған сіз дұрыс көрсеткен үш буынды клаузула жыры да кіреді... Сіздің «үштік»(триада) айдары бойынша бақылауларыңыз өте қызықты (13-бет және келесі беттегі), олар жалпы менікімен сәйкес келеді (мен сізге жазған болатынымын, мен "Қорқыт Кітабына" енгізген ой-

пікірлерімді дамыта отырып, жақында көне түркі эпикалық жырлары туралы жұмысымды аяқтадым)» [2, 45-46] деп өлең табиғаты, көне түркі жырлары жайындағы өз зерттеулері жөнінде ақылдаса отырып Зәки Ахметовтің ойларын қолдайтынын, тіпті өзіне айтқан ескертуінің де орынды екенін мойындайды.

1964 жылы 15 маусымда жазған бір хатында: «Мен "Тіл білімі Орталығы" үшін көне түркі эпосы туралы мақаламның орыс тіліндегі нұсқасын бітірдім, онда мен "Қорқытқа" жазған соңғы тараулардағы айтылған ойларымды дамыттым. Мен сіздің ономаның үш буындылығы туралы мақалаңыздан сілтеме келтірдім...(Мұхтар Әуезовке арналған жинақтан). Бірақ мен Сіздің қазақ өлеңі туралы кітабыңызға да сілтеме жасағым келеді, дәлірек айтсақ ертегілерге: (басылған)» [2,47] деп Зәки Ахметов еңбектеріне сілтеме жасайтынын да анық айтады. Басқа бір хатында Зәки Ахметовтің «Қазақ өлеңінің құрылысы» кітабының әлемдік ғылымда зор сұранысқа ие екенін атап өтеді: «Мен сіздің кітабыңызға тағы да ораламын. Егер сіз маған 4-5 дана жіберсеңіз, мен оны шетелдік түркологтарға жіберемін, мысалы, Неметке (Будапешт), Зойонгковскийге (Варшава), олар орысша оқиды және мен өзім хат жазысып жүрген басқа ғалымдарға да жіберейін. Сіз өз тарапыңыздан оны Кеңестік әріптестеріміз – Баскаковқа, Тенишевке, Щербак пен Кононовқа, Убрятоваға және басқаларға жіберерсіз деп ойлаймын. Бұл әрдайым осылай болып келеді. Себебі Сіздің кітабыңызды Ленинград пен Мәскеуде табу қиын» [2,49] деген сөздерінен З.Ахметовтің еңбектерін сол кездегі есімдері әлемге әйгілі ғалымдардың қалай бағалайтынын көруге болады. Шынымен де сол кезде В.М.Жирмунский сөзінде тұрып шетелдік, еуропалық ғалымдарға жіберген. Бүгінде Венгрияда Мажар ғылым академиясының кітапханасында, Аустрияда Вена кітапханасында, Германияда Мюнхен университетінің кітапханасында және Польшада З.Ахметовтің «Казахское стихосложение» кітабы тұр.

Неміс ғалымы Карл Менгес 1968 жылы Висбаден қаласынан жазған хатында: «Қазақ өлеңінің құрылысы» еңбегі қазақтың ауызша және жазбаша поэзиясын және 18-20 ғасырда өмір сүрген ақын-жазушылар шығармаларын зерттеген тамаша туынды екенін айтып, кітап мазмұнының талдай отырып, теориялық жағынан іргелі зерттеу деп бағалаған» [2,61].

Советтік африканист, этнограф, тарихшы және тілші ғалым, СССР-дағы африканистиканың негізін салушы, СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Дмитрий Ольдерогге 1984 жылы Зәки Ахметовке жазған хатында оны шығыстанушы ретінде жоғары бағалайтынын, қазақ әдебиетінің тарихы туралы еңбегімен танысқанын және академик болып сайлануымен шын жүректен құттықтайды [2,63].

Әдебиеттанушы ғалым Ю.Б.Виннер де «Қазақ өлеңінің құрылысы» және «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы» еңбегінің қолына тигенін, бұл еңбектерді міндетті түрде оқитынын айтып хат жазған [2,63].

В.М.Жирмунский, С.Е.Малов, А.Щербак, Л.Тимофеев, В.А.Мануилов, Г.И.Ломидзе, М.Б.Храпченко, А.А.Петросян, Д.А.Ольдерогге, М.П.Алексеев сияқты танымал ғалымдардың барлығымен Зәки Ахметов хат алысып әдебиет теориясы, тарихы, сыны жөнінде ойларын бөлісіп отырды. Әдебиет теориясының негізін салушы Л.Тимофеев өзінің бір хатында З.Ахметовтің еңбектерін жоғары бағалайтынын айтып, кітабын жібергеніне алғыс білдірген.

И.С.Тургенев шығармаларын зерттеуші М.П.Алексеев пен З.Ахметов Абайдың «Масғұт» поэмасы мен И.С.Тургеневтің «Шығыс аңызы» шығармасының сюжеттік желісінің ұқсастығы жөнінде ой бөлісіп бірнеше хат жазысқан.

Зәки Ахметов бір хатында В.М.Жирмунскийге Абайдың «Масғұд» поэмасы мен И.Тургеневтің «Шығыс аңызы» шығармасының сюжеттік желісіндегі ұқсастық жөнінде айта келіп, Тургеневтің бұл сюжетті қайдан алғындығы туралы сұраған. В.М.Жирмунский өзінің жауап хатында бұл жөнінде Тургенев шығармаларын зерттеуші маман М.П.Алексеевтен сұрағанын, ал М.П.Алексеев Абай шығармасының сюжетін Тургеневтен алған болуы мүмкін деген болжам айтты, мен де солай ойлаймын, бірақ бұл нақты емес дей келе, Тургенев шығыс сюжеттеріне онша әуес болмағанын, оған Шығыс шығармаларына қызығушылық танытқан досы француз жазушысы Флобер ауызша айтқан болуы мүмкін дейді. Себебі «Мың бір түн» оқиғасында мұндай сюжет жоқ па?» [2, 53] деген сұрақ қояды. Сондай-ақ М.П.Алексеевтің Абай шығармаларына зор қызығушылығы бар екенін және Зәки Ахметовке Тургенев жинақтарына екі жазушының шығармаларын салыстырып мақала жазып беруін өтінген. Осыдан кейін Зәки Ахметов М.П.Алексеевпен осы жөнінде хат алысып тұрған. М.П.Алексеев бір хатында Зәки Ахметовке Абай шығармасына түрткі болған Тургенев шығармасы болуы мүмкін, 1882 жылы «Шығыс Европа» журналына И.С. Тургеневтің шығармалары жарияланғанын, бірақ мен қателесуім де мүмкін, Сіз Абай шығармасына әсер еткен сюжетті «Мың бір түн» оқиғасынан және шығыстың басқа шығармаларынан да іздеймін деп едіңіз деп есіне сала отырып, И.С.Тургенев өмірінің соңғы кезінде шығыстанушы Н.В.Халиковпен дос болғанын, соның аузынан шығыс аңыздарының бірінің сюжетін естіген болуы мүмкін деген болжам айтып, Зәки Ахметовке екі суреткердің шығармасына ортақ сюжетті анықтап, Тургенев жинағына мақала жазып беруге өтініш білдірген» [2,70]. Зәки Ахметов бұл өтінішті аяқсыз қалдырмай, мақала жазып М.П. Алексеевке жіберген. М.П. Алексеев мақаланың тақырыбын ««Восточная легенда» Тургенева и «Масгуд» Абая Кунанбаева» деп қоюды ұсынған [2,72]. Осындай атаумен мақала «Тургеневский сборник» журналының 1967 жылғы 3-ші санына жарияланған.

Сол кездегі әйгілі әдебиет теоретиктері мен түркітанушы ғалымдар З.Ахметовтің КСРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті және академик болып тағайындалуына зор тілектес болып, ғалымның кандидатурасын ұсынды. Атақты түркітанушы, алтаист ғалым А.Щербак бір хатында З.Ахметовтің кандидатурасын қолдап ҚазССР Ғылым академиясына өзінің және ғалымдар: С.Г.Кляшторный, А.Н.Кононов, С.Н.Ивановтардың хат жазғанын айтып, тілектестік білдірген [2, 95]. Татарстанның белгілі ғалымы, Ғ.Тоқай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Нил Юзеев те өз хатында Татарстан Ғылым Академиясының ғалымдары Х.У.Усманов, Х.Курбатов және басқа ғалымдардың З.Ахметовтің кандидатурасын қолдайтынын, ғылымға сіңірген еңбегінің зор екенін атап өтіп, тілектестік білдіреді [2, 98].

Зәки Ахметовтің академик болып тағайындалуын Москвадағы А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының ғалымдары да бірауыздан қолдаған. Бұл жөнінде Совет және Ресей әдебиеттанушысы, СССР Ғылым Академиясы А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының Тіл және әдебиет бөлімінің

бастығы, СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Георгий Ломидзе Зәки Ахметовке жазған хатында Институттағы академиктердің барлығы дерлік Зәки Ахметовтің кандидатурасын қолдайтынын, ғалымның ғылыми әлеуетінің зор, білімінің тереңдігін бағалайтынын, сондай-ақ академик атағына талантты, көпқырлы, Зәки Ахметов сияқты үздік адамның лайықты екенін айтып, тілегін жеткізген [2,134]. Мұндай құрметке, әйгілі ғалымдардың қолдауына ие болуы З.Ахметовтің ғылыми еңбектерінің құндылығы, маңыздылығы екені баршаға аян.

«КСРО халықтарының эпостары» («Эпосы народов СССР») академиялық басылымының бас редакторы, М.Горький атындағы әлем әдебиеті институты директорының орынбасары А.А.Петросян З.Ахметовке жазған хатында: «Сіздің қазақ томын дайындауға белсенді қатысуыңыз біз үшін оның шынайы ғылыми сапасының сенімді кепілі болып табылады» [2,120] деп халықаралық басылымды дайындау үшін қазақ эпостары туралы зерттеуге З. Ахметовтің қатысуы еңбектің ғылыми сапасының кепілі ретінде бағалайды. Тағы бір хатында: «Халық поэзиясының ежелгі ескерткіштерінің көркемдік ерекшеліктерін зерттеуде үлкен қиындықтар туындайды. Міне, осы салада сіздің мықты талантыңыз бен терең біліміңіз бізге көмектесе алады» [2,121] деп М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтындағы зерттеулерге қатысуын сұрап өтініш білдіреді.

Совет және Ресей әдебиеттанушысы, әдебиет сыншысы Николай Тобуроков Якутскіде өтетін «Қазіргі көпұлтты әдебиеттегі көркемдік ізденістер» деп аталатын IV-ші халықаралық конференцияға совет поэзиясының теориялық проблемаларын зерттеуші іргелі ғалым Зәки Ахметовтің қатысуы әдебиеттанушы ғалымдардың зор сұранысын және қызығушылығын тудырып отырғанын айтып хат жазған [2,129]. Шынымен де Зәки Ахметов М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының зерттеулеріне, Ленинградтағы Шығыстану институтының зерттеулеріне, Қырғызстан, Өзбекстан, Якутия т.б. басқа Одақтас Республикалардың ғылыми зерттеулеріне белсене араласып, қазақ әдебиетінің танылуы үшін аянбай еңбек етті. Осындай ұшан-теңіз еңбегі жөнінде академик С.Қасқабасов: «Шынында да, Зәки аға орасан білімді, эрудициясы мол, әдебиеттануды терең меңгеріп қана қоймай, қоғамдық ғылымдардың әр саласына жетік ғалым болатын. Әсіресе, Шығыс пен батыс мәдениетін ұштастыра зерттеп, адамзат өркениетінің заңдылықтарын жақсы білуші еді. Өз еңбектерінде осы қасиеттерін барынша айқын көрсете білетін. Оның осы ерекшелігін, білгірлігін КСРО әдебиеттанушылары толық мойындайтын, жоғары бағалайтын» деп көрсеткен еді.

Өлең теориясын зерттеуге дейін де Зәки Ахметов есімі күллі Кеңес Одағына мәлім болғаны белгілі. Ол туралы академик С.Қасқабасов: «Оның есімі бүкіл Совет Одағына, одан да тыс елдерге белгілі еді. Оның мұндай танымал болуының ең басты себебі – ғылыми-теориялық жағынан өте маңызды әрі мағыналы зерттеулері болғаны күмәнсіз. Зәки Ахметов үлкен ғылымға бірден өзін танытып енді. Сонау 1951 жылы Ленинградта қорғаған «Абай и Лермонтов» атты кандидаттық диссертациясының өзі сонылығымен әрі тереңдігімен әдебиеттанушы ғалымдарды елең еткізді» деуі ғалымның алғашқы тырнақалды зерттеуіне не бары жиырма екі жасында келсе де зор ғылыми әлеуетпен келгені таңғалдырады. Ленинградта Шығыстану институтында аспирантурада оқып жүрген кезінде шығыс елдері әдебиетінен сабақ бере жүріп, қазақ және шығыс әдеби байланыстарын қарастыра

бастаған ғалым қазақ өлеңін түркі халықтарының өлең өнерінің контексінде зерттеді.

Академик С.Қирабаев: «Мұхтартану ісіне Зәки қосқан жаңалықты оның «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания», «Роман-Эпопея Мухтара Ауэзова» деген еңбектерінен тануға әбден болады. Мұнда ол М.Әуезов романының жазылу, зерттеу тарихын шығарманың көркемдік эстетикалық табыстарын, Абай өмір сүрген дәуірдің ерекше сипаттарымен, тарихи деректермен байланыстыра кең тұрғыда зерттеді. Бұл монографиялар Мұхтартану, әсіресе оның роман-эпопеясын танып түсіну ісінде аса маңызды кезең болып табылады» деп баға берген болатын.

Ғұлама ғалым «История всемирной литературы», «История мировой литературы», «История советской многонациональной литературы», «Лермонтовская энциклопедия», «Тюркологический сборник», «Тургеневский сборник», «Советская тюркология» журналдарына қазақ әдебиетінің бай мұрасы, әдебиет тарихы туралы, Махамбет, Абай, Жамбыл, М.Әуезов туралы зерттеу мақалаларын жариялап, қазақ әдебиетінің Кеңестік әдебиетте танылуына зор үлес қосты.

«Қазақ совет энциклопедиясы», «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы», «Қазақ ұлттық энциклопедиясы», «Абай энциклопедиясы» сияқты және тіл мен әдебиетке қатысты халықаралық жинақтар мен баспасөзде З.Ахметовтың еңбектері үнемі жарияланып, ғалымдар мен зиялы қауымның назарын аударып отырды. Жылдар өткен сайын әдебиеттанудың жаңа күрделі мәселелеріне байланысты, жекелеген ақын жазушылардың шығармашылығы туралы тың ой қозғайтын мақалалар, еңбектер жазды. Әсіресе Дулат, Махамбет, Ағыбай батыр, Абай, Ш.Бөкеев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, М.Әуезов, И.Байзақов, Ш.Құдайбердіұлы, І.Жансүгіров, Ж.Жабаев, К.Әзірбаев, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов және т.б. алаш арыстарының шығармаларын жаңаша қырынан талдап, зерттеген мақалалары барша жұртқа мәлім.

Академик өзі жазған зерттеулерінде шығыс, орыс, түркі тілдес халықтар әдебиетін арнайы қарастырған. Л.Толстой, А.Пушкин, М.Лермонтов, Т.Шевченко, М.Ф.Ахундов, С.Қаралаев, Ш.Айтматов, С.Айни, З.Кедрина, үнді ақыны Калидаса т.б. шығармаларын талдаған зерттеулері және карел-фин эпосы «Калевала» туралы мақалалары энциклопедиялар мен ғылыми жинақтарда жарияланып отырды.

З.Ахметовтің Қазақстандағы энциклопедиялар, әдебиет тарихының көп томдықтары, ҚРҰҒА хабаршысы, ҚазМУ хабаршысындағы баяндама, тезистерін былай қойғанда, шетелдердегі, көршілес мемлекеттердегі конференция, симпозиум, съезд, ғылыми сессияларындағы баяндамалары мен сөйлеген сөздері сол елдердің баспасөздерінде, ғылыми жинақтарында жарияланып отырды. Әсіресе Ресей, Қытай, Түркия, Польша, Венгрия, Чехословакия, Украина, Белорус, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Бурятия т.б. елдердің баспасөзінен жиі кездестіреміз.

Сондай-ақ ешқандай баспасөз беттерінде, ғылыми жинақтарда жарияланбаған қолжазбалары да баршылық. Әдебиеттану терминдері, өзі жинаған мақал-мәтелдер, афоризмдері, хаттары тағы бар. Олардың барлығын бір кітапқа

сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан академик ғалымның еңбектерін жинап, жарыққа шығару кезек күттірмейтін игі іс.

Әдебиеттер

1. Абдырахманов С. Зәки Ахметов және аударматану проблемалары. // «Қазақ әдебиеті мен әдебиеттануының рухани жаңғырудағы орны мен ролі» Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 90 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 15 мамыр 2018 жыл / Жалпы редакциясын басқарған: Е.Б.Сыдықов. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. – 302 б.

2. Ғалымдар және хаттар / құрастырған: М.Т. Баймаханбетова. – Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы РММ, 2019. – 288 б.

ӘОЖ 821.512.122

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚАНСОНАРДА» ӨЛЕҢІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ (ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ ЙОЖЕФ ТОРМА ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Мұқышева Р.З.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасы
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: raushangulzakankyzy@gmail.com

Абай Құнанбайұлының "Қансонарда" өлеңі – әдебиеттанушылардың назарына көп іліккен өлең. Абайтанушы ғалымдар өлеңді әдебиет туралы ғылымның әр саласында: әдебиет теорисы немесе әдебиет тарихы туралы зерттеулерде көркем әдебиет тілі, бейнелілік, өлең композициясы тұрғысынан талданған.

Әдебиет тарихшысы Мұхтар Әуезов Абайдың осы өлеңіне ерекше тоқталып, ақынның «басқа шауып, төске өрлеген» жаңа заман ақыны ең алғаш көлемді түрде «Қансонарда» өлеңінде көріне бастағанын айтады. Ол Абайдың аталмыш өлеңіндегі пейзажды сипаттаудың бірнеше ерекшелігін атап көрсетеді. Бірінші пейзаждың нақтылығы: «Қазақтың Абайдан бұрынғы поэзия үлгілерінде де тау анық, реалистік, дәлдік бейнесімен суреттелмейтін дейді. ... Екінші айқын бір жаңалық белгісі – тауды және барлық пейзажды тек сол тау үшін ғана алмайды. Адамның іс-әрекеттерін, тартыс талабымен, неше алуан мінездерімен араластырып, арнаулы қарым-қатынаста шарпысу қалпында алады. Адамның да іс-әрекетін, сезімін тегіс табиғат ортасында береді. Шығарманың өзі сюжетті, оқиғалы поэма, баллада үлгісінде жазылмаса да, бар өлең бастан-аяқ динамикалық суреттерден құралады» [2:100]. Абай өлеңінің аты – «Қансонарда» ондағы оқиғаның болатын уақытына ерекше мән берілгендігін аңғартады. «Сонардың да аңшы тілейтін сонары бар. ...Анық жақсы сонар қардың ел жатқанша жауып тоқтаған түнінде болады.

Бұнда түлкі көбірек кездеседі», - деп [2:100] Мұхтар Әуезов ақынның келте сонар немесе ұзақ сонар емес, қансонарды таңдауын анық түсіндіреді.

Зәки Ахметов «Қансонарда» өлеңін Абайдың табиғат лирикасының ішінде оқшау тұрған өлең деп сипаттайды. «Алдымен өлеңді көрнектілігі, айтылған жай, оқиғаны айқын көзге елестетерліктей нақтылығы жағынан алғанда сөзбен салынған әдемі сурет дерлік екенін айтсақ болар. Бірақ бұл қимыл-қозғалыссыз тұрған емес, әрекетке толы, талас-тартысқа, бетпе-бет айқасқа құрылған драмалы оқиға», -деп ой түйеді [2:121 бет].

Яғни «Қансонарда» өлеңін Мұхтар Әуезов те, Зәки Ахметов те драмалық тартысқа құрылған өлең деп бағалаған. Драма кейіпкерлері бүркітші, қағушы, бүркіт, түлкі, аңшылар.

Өлеңдегі адам ман табиғаттың жарыспалы суреті көркем бейнеленген. Адам тарапынан бүркітші, қағушының іс-қимылы, аңшылық шарттары алғашқы сегіз жолға сыйып тұр: қансонарды таңдауы, түлкіні аңдуы, жақсы ат пен тату жолдас, ықшамды киімі. «Бүркітші – тау басында, қағушы – ойда».

Кейінгі жиырма жолда «сахнаға бүркіт пен түлкі» шығады. Бүркіттің сипатына келсек, ол бірде «қыран құс» деп әспеттелсе, бірде «қанды көз» «көк тағысы» болып суреттеледі. «Қанды көзден» қашқан, «шыбын жанға талас қылған» түлкі – «жер тағысы». Екеуі «адам үшін қызыл қанға батысады». Алайда метафораға құрылған мына жолдарда жыртқыш пен оның құрбанының арасындағы айқас, тіршілік үшін күрестің ізі де жоғалғандай әсер қалдырады:

Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бүлк етпей ме сипағанда?
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш.
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
Бейне ұқсар тар төсекте жолығысқанға.
Арт жағынан жаурыны бүлкілдейді,
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.
Құсы да, иесі де қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда. [3:43]

Зәки Ахметов осы жолдар туралы: «Талай оқырманды таңдандырып, тамсандырып келе жатқан осы екі салыстырма суретте байқағыштық та, тапқырлық та және қызыл қанға батысқан айқасты әдемілеп, әсірелеп көрсету шеберлігі де бар. Сүйтіп Абай қыран құстың түлкімен айқасын, аңшылықты кімді де болсын баурап алатындай суретке айналдырған», - дейді [3:122].

Абайдың драмалы өлеңі шетелдік зерттеушілердің назарынан тыс қалмапты. Мажардың атақты түркітанушысы, этнограф Йожеф Торма да бұл өлеңді бес сатылы драмаға теңеген: «Абайдың 1977-інші екі том болып басылып шыққан шығармаларындағы осы өлеңі шумақсыз елу сегіз жолдан тұрады. Бірақ осы шығарманың құрылымын ұқыпты зерттеп қарасақ, оның он төрт жарым төрт жолдық шумақтардан тұратынын жеңіл анықтауға болады. Жалпы бұл өлең екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім кәдімгі классикалық драмадай бес сатылы көріністі

драма. Драманың әдепкі үйреншікті дүниелерінен диалог жоқ, ал монолог бұл драмада бар. ... Диалог мұнда метакоммуникациялық түрде сөзсіз сөйлесу күйінде кездеседі. Екінші бөлім ол ақынның ойға шомып-толғанып және оқырманға сөз тастауы. Былайша айтқанда олар сонымен европалық және индиялық классикалық драманың бір бөлшегіндей». [5:1]

Мажар ғалымы Абай өлеңінде басты кейіпкері бүркітті жігерлі, жылдам, ақылды, айлалы етіп суреттеген дейді. Қазақ аңыз-ертегілерінде кездесетін алып қара құс, бүркіт, самұрық образдары жиі кездеседі. Ә. Марғұлан: «Бүркітті культ санау – Орал, Алтай тауларының арасын мекендеген бақташы жұрттың бұрынғыдан келе жатқан салты болатын», - дейді [4:366]. Ал мажарлардың Еуропаға Орал тауы жағынан келгендігін ескерсек, бүркіт культінің сырын аңғару қиынға соқпайды. Оның үстіне мажар халқы күні бүгінге дейін саятшылық дәстүрді берік сақтап келеді. Мажар ғалымы Иштван Фодор мажар аңызындағы секілді құстан тараған қырғыз руы мен алғашқы бурят шаманы туралы аңыздарды алға тартып, мажар аңызының тарихы тереңде жатқандығына меңзейді [7:35].

Мажарлардың шығу тектері туралы аңыздары – турул мен бұғыға байланысты аңыздар. Мажар мәдениетінде тотем аң-құстарға турул құс пен бұғы жатады. Ғалым Йозеф Торма Абай Құнанбайұлының «Қансонарда» өлеңінде қазақтардың құс салуын этнографиялық дәлдікпен суреттейтінін айта келіп: «Қазақ халқының және басқа түрік халықтарының ауыз әдебиетінде осы Абайдың сюжеті тақиятес оқиға даму барысы аз емес. Олардан мысал келтірсем, әрине, қызықты болар еді, бірақ қазір Абай өлеңінің тереңдігі сырын түсіндіру үшін сіздің көңілдеріңізді мәдиярлар тарихының бір сәтіне аударғым келеді. Мәдиярлардың болашақ басты абызы, олардың негізгі көсемі Арпадтың әкесі Алмоштын ұрық болып қалыптасуы төмендегі жағдайда болды Оның анасына түнде ұйқысында қасиетті түс енді. Түсінде оған тұрымтай құс ұшып келіп, оны ұрықтандырады. Және түсі бойынша оның құрсағынан үлкен өзен басталады, оның аясынан даңқты корольдер шығады. Осындай құдай ықпалымен болған жұмбақты және қызғылықты жағдайдың әсерінен ол Алмош (Түстегі) атанды» [5:3].

Демек аңызға жүгінсек, мажарларды Еуропаға бастап келген Алмош көсемді анасы адамзаттан емес, «турул» құстан (мажар аңыздарында кездесетін бүркіт тектес ертегілік құс) туған. Этнограф ғалым мажар аңызын Абай өлеңімен салыстырады: «Абай өлеңі арқылы біздің бүркіттен рудың арғы анасы ұрықтанғандай әсер аламыз. Осы жағдайдың септігімен Мәдиярлардың арғы анасы Эмешенің тұрымтайдан ұрықтанғаны жөніндегі түсі еріксіз еске түседі. Абай бүркітті әдейі өз руының қиялдағы арғы тегі деп есептейді дей алмаймыз, бұл тұжырымды керісінше оның өлеңдерінің терең сырын ашатын психоаналитикалық тәсілмен оңай дәлелдеуге болады. Себебі әңгіме болып отырған көріністің мағына жағынан үш қабаты бар. Жоғарғы қабат: бүркіттің түлкімен қақтығысы. Бұл қабаттың үстінде көрініп тұрған жай ғана сезімдік сыры бар. Ортаңғы қабат: Махаббат машақаты. Бұл қабатты ақындық қабат дер едік, себебі бүркіт қақтығысының астарлы мағынасы зор. Терең қабат: Бұл бүркіттен рудың арғы анасының ұрықтану сәті. Ол аңдаусыз күрделі қабат». [5:4].

Яғни Йозеф Торма «Қансонар» өлеңін оқып отырып, Элиада айтқан мифтік уақыттағы архаикалық «арға ата» түсінігін тірілтеді. Элиаданың айтуынша мифтер

ритуалдар арқылы өмір сүруін жалғастыра береді. Аңшылықты ритуал десек, алғашқы жаралу туралы миф бүркіт пен түлкі бейнелері арқылы қайталанып тұр. Екіншіден бұр сурет «арғы ата» туралы мифтің қайта жаңғыруы да болуы мүмкін. Қайта жаралудың ғұрып деңгейінде көрініс беруі адамзат өмірі жойылғанша жалғаса бермек. Оның бір белгісі – алғашқы жаралу уақытына қайта оралу символы [8:55].

Қансонар сол алғашқы уақытқа оралудың, табиғаттың, жаратылыстың пәк кезеңін бейнелейді. Мифологиялық сананың терең қабатындағы мифтік уақыт – қансонар, бүркіт – «арғы ата» архетипінің көрінісі, аспан әлемінің, жаратушы күштің символы.

Көптеген халықтардың наным-сенімінде бүркіт шамандыққа байланысты аңыз-ертегілердің кейіпкері. «Мажар мифологиясындағы бұл мотив (батырдың самұрықтың балапандарын жыланнан құтқаруы – Р.М.) және Мажар корольдігінің шығысындағы облыстың аты Торонтал (қазақтарда - тұрымтай, қырғыздарда - турумтай, башқұрттарда - торомтай), сонымен қатар түркі тілдерінен енген аңға түсетін құстардың көне мажар атаулары (мәселен, мажар тіліндегі «шонкар», қырғызша «шумкар», қазақша «сұңқар», башқұртша «шоңқар») ерте уақыттарда саятшылықтың қырғыз батыры Толтойға және Манас, Семетей, Сейтек эпостарының батырларына қаншалықты жақын болса, мажар халқына да соншалықты жақын болғанын дәлелдейді», - дейді Йожеф Торма [6: 100].

Жер бетіндегі алғашқы шаманның бүркіттен жаралғандығы туралы аңыздар сібір халықтарында да жиі кездеседі. Турухан якуттарында Бүркіт алғашқы бақсының жаратушысы болып саналады. ... Енисей остяктарында, телеуттер, ороцтар және басқа сібір халықтарында бірінші бақсы Бүркіттен туған немесе кем дегенде шамандықты содан үйренген [9:44].

Буряттар мынаны айтады: «Әуелде құдайлар (тәңірлер) – Батыста, ал зұлым күштер Шығыста болған. Құдайлар адамды жаратып, олар жерде зұлым күштер ауру мен өлім таратқанға дейін бақытты өмір сүрген. Құдайлар адамдарға ауру және өліммен күресу үшін бақсы жіберуді ұйғарып оларға Бүркітті жіберіпті-мыс. Бірақ адамдар оның тілін түсінбепті, шындығында олар жай бір құсқа сенбеген еді. Бүркіт құдайларға қайта оралып, оған тіл бітіруін сұрайды, ең дұрысы адамдарға бурят шаманын жіберу керек дейді. Құдайлар оны жер бетіне қайтарып, алғашқы кездескен адамыңа шамандық дарыт деп бұйырады. Жерге оралған Бүркіт ағаштың астында ұйықтап жатқан әйелді көріп, онымен бірге түнейді. Белгілі бір уақыттан кейін әйел ұл туады, ол "алғашқы шаман" болады. Осы аңыздың енді бір нұсқасында, әйел бүркітпен байланысқа түскен соң, әйелге тылсым күштер көрініп, бақсыға айналады. Сондықтан басқа аңыздарда бүркіттің пайда болуы шаманға айналудың бір белгісі ретінде көрінеді. Тағы бір аңызда бір бурят қызы қойларға түскен бүркітті көріп, белгіні түсініп, бақсы болуға мәжбүр болғанын айтады. Оның шаманға айналуы жеті жылға созылады, ал қайтыс болған соң «заянға» айналыпты («тылсым күш», «пұт») және ол әлі күнге дейін балаларды зұлым рухтардан қорғайды-мыс» [9:44].

Мажар ғалымы Йожеф Торманың пайымдауынан соң біз Абай салған суреттің астарына үңілгендей боламыз. Академик Зәки Ахметовтің «Қансонарда» өлеңін талдаудағы ойлары мен мажар түркітанушысының пікірлері астасып, Абай

поэзиясының шоқтығы биік өлеңінің сан қырлы табиғатын ашуға бағыттайды. Екі ғалымның зерттеулері өлеңдегі аңшылықтың суреттелуін әр түрлі ғылымның- бірі әдебиет теориясы талдаулары, екіншісі этнографиялық және этнологиялық зерттеулер – тұрғысынан түсіндіреді. Екі зерттеуге де ортақ сипат - өлеңнің драмалық тартысқа құрылғанын атап көрсетуі. Қазақша жақсы білген мажар ғалымының ЗәкиАхметов зерттеулерін оқуы әбден мүмкін. Йожеф Торма талдауы «Қансонарда» өлеңінің қазақ әдебиеті теоретигі жазып кеткен поэтикалық ерекшеліктері туралы пайымдауларды ары қарай тарқатып, оқиғалы өлеңнің кейіпкерлерінің ұлттың санадағы архетиптеріне, бейнелердің терең қабаттарына үнілуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы. Ана тілі. 1995.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Алматы. Санат. 1995. 320 б.
3. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы. Жазушы. 2016. 1 том. 295 б.
4. Марғұлан Әлкей. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы. 367-бет.
5. Торма Йожеф. Бүркітшілік дәстүрлері Абайдың өлеңдерінде. Абай журналы. 1996 ж. №1.
6. Торма Йожеф. Традиции охоты с беркутом в кыргызском народном эпосе. // Простор. 1996. № 1. 100-бет.
7. Фодор Иштван. Көне мажарлардың этникалық санасы және «Ғажайып бұғы» аңызы. – Fodor, István 2006, Az ősmagyarság etnikai tudata és a Csodaszarvasmonda. Csodaszarvas. II.kötet (ed. Molnár Adam), Molnár Kiadó, Budapest, P. 9-37. (in Hung).
8. Элиаде Мирча. Священное и мирское. Москва. МГУ. 1994. 144 стр. <http://www.golubinski.ru/socrates/eliade/5.html> Соңғы қаралған уақыты: 26.03.2023.
9. Элиаде Мирча. Шаманизм: архаические техники экстаза. Киев. София. 2000. https://biblio.imli.ru/images/abook/folklor/Eliade_M._SHamanizm._Arhaicheskie_tehniki_ekstaza._2000.pdf Соңғы қаралған уақыты: 26.03.2023

ӘОЖ 821.512.122.09

М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІНДЕГІ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Мұратқызы М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: meruert1976@mail.ru

Мұхтар Әуезовтің бай әдеби мұрасы - өзіндік тарихи орны бар рухани дүние. Өмірдегі шындық пен көркемдік шындықтың қарым-қатынасы көп жағдайларға байланысты екендігі мәлім. Кейінгі кезге дейін қарауға тиым салынып, көлеңкеде қалып қойған қаншама нақты мәліметтермен танысуға 1980 жылдардың соңында

мүмкіндіктер пайда болды. Сарғайып кеткен архив қағаздары М. Әуезовтей ғұлама суреткердің де сол заманнан қиындық көріп, талай рет азапты өткелден өткені, тағдырының трагедиялық кезеңдері жайлы сыр ашты. Кемел қаламгердің ашты шындықты бүкпесіз айтқандығы, өз ел-жұртының мүддесін қорғағандығы үшін қуғынға ұшыраған. Жазушы өзінің 60 жылдық өмірінің өзін найзаның ұшында өткізсе де, ұлт мұраты жолында адал қызмет етудің өшпес өнегесін көрсетті. Көптеген өлмейтін көркем мұраларды ұрпаққа мирас етіп кетті. Соның бірі «Қилы заман» повесі.

М.Әуезовтің «Қилы заман» романы 1928 жылы жарыққа шыққаннан кейін іле «саяси қатесі мол» кітаптар тізіміне ілініп «қамауға алынды». Мұның басты себептері ретінде төмендегі жайлар айтылады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шындығы бұрмаланған, шығармада тап тартысы, таптық жік көрсетілмеген, көтерілістің шығу себептері, қозғаушы күштері, басшылары теріс көрсетілген, орыс-қазақ арасына от тастайды, ұлтшылдық пиғылда жазылған.

Роман қатесі ресми түрде осылай жазылғанмен оның артында Ресей саясатын, орысты әшкерелейді, ұлт арасындағы жаулықты көрсетеді деген жерлеу тұрған. Олай деп ашық айтуға М.Әуезов қолданған көркемдік жүйе мүмкіндік бермеген. Сөзге көшпеген, бірақ айқын аңғарылатын дерексіз мазмұн «халықтар ұстазына, ұлттар ағасына» айнала бастаған орыс отаршыларының момын халықты қырып-жоюға бағытталған қанқұйлы империялық саясатын, пиғылын әшкерелейді. «Қилы заманда» бостандық аңсаған, бас көтерген, қарсыласқан қазақтарға өлердей өшіккен патша үкіметінің әскери, чиновниктік аппаратының сұрқия әрекеті, оған сүйсініп зорлықты әдетке айналдырған казак-орыстар пиғылы, психологиясы жан-жақты ашылады [1, 14 б.].

Роман жарық көрген уақыт әдебиеттегі таптық, партиялық принциптердің көп қозғала бастаған кезі ғана емес, М. Әуезовке «ұлтшыл», «байшыл» деген тәрізді «шылдардың» тағыла бастаған жылдары. Қатердің қайдан келетінін қаламгер жақсы білді. Роман тақырыбы өткен күндер тарихы, жетім-жесірлер трагедиясы, болмаса «жаңа қазақтар» тірлігі де емес еді. Роман объектісі Ресей империясының тұтас халықтарды қырып-жоюға, мал-мүлкін, жер, дәулетін тартып алуға бағытталған, халықаралық қағидалардың біріне сыймайтын жабайы саясатын әшкерелеу еді.

Ашынған халық қозғалысының қағазға түскен деректері, тарихы, ел аузындағы әңгімелер, М. Әуезов романының тақырыптық мазмұнын ғана емес, пафосын да белгілеген. Әсіресе, романға материал жинау барысында қазақ, қырғыз тәрізді момын халықтарды майданның қара жұмысына көндіруден гөрі қыруға бағытталған Ресей үкіметінің түрлі құпия жарлықтарына дейін оқыған. Шошынған. Ашынған. Отаршыл империяның адамзатқа жат саясатын әшкерелеу тілегі оянған. Бұл мақсат шығарманың әр бетінен кездеседі.

Романды жазу барысында М.Әуезов шығармашылығында үнемі пайдаланатын әдіс-тәсілді ұштастыра түседі. Ол көркем шығарма негізіндегі өмірлік материалдар, прототиптер мен уақыт, жер-су аттарының аса дәлдікпен бейнеленуі.

Жазушы тарих шындығын бар болмысымен көрсетеді. Патшаның отаршылдық саясатының безбүйрек қаталдығы мен айуандығын әшкерелейді.

Көтеріліске шығып, қырғынға ұшыраған халықтың қайғы-қасіретін ет-жүрегі езіле, жан-тәні қинала отырып жазады. Әуезов шығармасында қалың Албан елінің орталығы Қарқара жәрмеңкесін, «дәндеген, жетіскен, түртіншектеп сауудың басын білген саудагерлерді», семіз қарынды пристав «Ақжелке» Подпороков пен құдай жорғалаған тілмаш Жебірбаевті, арандары ашылып, елдің қалтасына түсіп үйренген сұғанақ әрекеттерін көрсетеді.

Абақтыда жатқан Жәмеңке ел атынан былай деп сөйлейді: «Ұлық бізге әділетсіз болды, жерімізді, суымызды алып, өзімізді шөлде қамап, тауға қуып шығып отыр. Абақтыға алды. Жазалайды. Өзімізді ренжітсе, өзіміздің арызымызды тыңдамаса, сөйлетпесе, ол ұлықты жақсы ұлық деп қайдан айтамыз? Оның айтқанын қайдан істейміз?»- дейді [2, 136 б.]. Бұл - ащы да болса шындық. Жылдар бойы халықтың көрген азабы осы. Автор елдің мұндай тыныс-тіршілігін, хал-ахуалын терең түсінеді. Бұл - көтерілістің бірінші себебі. Ал екіншісі: 25 маусымдағы патша жарлығы. «Қария қабағын шытынып, шын назаланып, айласы бітіп күрсінді. Қатын, бала ұлардай шулады. Жігіт-желең сол күні-ақ «бармаспын» деген ниетті ойлап, Алатудың сенімді қиын тасына, қара үңгірдей қалың жыныс қарағайына қарады. Барлық ел еңкейген кәрі, еңбектеген жасқа шейін, ертелі-кеш ылғи осы жайды ғана сөйледі. Ел апатты сезді» [3, 145 б.].

М.Әуезов шығармада көтерілісшілерді бай-кедейге жара бейнелеп отырған жоқ. Қаламгер ел басына күн туғанда оның басы-қасында кім болғанын тебірене жазады. Патша жарлығына, қарулы әскерге қарсы көтерілген күштің рухани әлемін, жігер, қайратын талдай суреттейді. Түрлі әлеуметтік топтардың алуан-түрлі мақсаттары көрсетіледі. Мысалы: «Кешеден бері әншейінде пысықсып жүрген Албан ішінің үлкен-кішісі, жақсы-жамандарының бәрінің де сөздерін естіп шықты. Бірде бірінің сөзінде түкпір өріс жоқ. Істейтін істің ем-домы жоқ» [3, 131 б.]. Осы эпизодта бір ғана Ұзақ батырдың ойлануы емес, оның көзі арқылы басына күн туғанда сасқалақтаған, ақыл таба алмаған көптің күйбеңі бейнеленеді. Романда М.Әуезов тарихи өткелде, қилы заманда байқалған ел бойындағы екі мінді аша көрсетеді.

1) Кесек қимылға, күреске жарамай тайсақтау. Қорқақтық көрсету. Үрейленіп, қауіпті ұлғайту. Зарға айналдыру. Жұрттың берекесін алу. Қаламгер оны тура да айтады, көркем мазмұн астарына да көшіреді.

2) Рушылдық. Жәрмеңкені қоршау кезінде көтерілісшілер арасында осы рулық негізде жік пайда болады.

Көтеріліс арқылы ортақ тақырып шеңбері арқылы ғажайып шешім тапқан көркемдік танымдар генетикасын әдемі көрсететін жәйттер екендігін қайталап айтуға тура келеді.

«Қилы заман» хикаясындағы күрескерлер саяси сананың қалыптасу заңдылықтарына өтті, өсті. Мәселен, Жәмеңкені алайық. Бұл - жазушының ойлап шығарған қаһарманы емес, шын мәніндегі тарихи тұлға, халық күрескері. Жәмеңке қарапайым ауыл қариясы, ақылды, парасатты, әр нәрсенің байыбына бармай сөзге араласпайтын, асығыс қорытынды жасамайтын салмақты жан. Өмірінде талай соқпақты көрген Жәмеңке мынадай кер заманға тап болды. Қабырғасы қайыса елдің қасіретіне ортақтасты. Үміт күткен халықтың игі ниетін арқалап, алғашқылардың бірі болып, күрес жолына түседі. Жаманат хабары келіп, ел не істерін білмей,

теңіздей толқып, қайықтай теңселіп тұрғанда Жәмеңке қас қасын сойып, күллі Албанды жинайды. Не істеу керек? Қандай шешім қабылдау қажет?

Жазушының елеулі табысы – ереуілге белсене қатысушылардың ішінен бірнеше ұмытылмас бейнелер жасай алған. Мысалы, Жәмеңке ақсақал, Ұзақ батыр, Әубәкір болыс, жас жігіттер: Көкбай, Айтбай, Жансейіт, тағы басқалар.

Ұзақ жасап, көпті көрген Жәмеңке қарт бар ынта тілегімен халық жағында, қолынан күш тая, көкірегінен жалын сөне бастаса да, ошақ басында отыратын кәрілік мезеті жетсе де ол көппен бірге болып, өлімді тайсалмай қарсы алады, тек қана халқының ауыр халін ойлап толғанады, жас шағында елеулі еңбек ете алмағанына қатты өкінеді...

Ұзақ батыр – ауыр тағдырдың адамы. Бұл да патша шабармандарының ылаңына, жауыздығына үнемі қарсы шығады, бірде ішінен тынса, жастау кезінде оязға қамшы жұмсауға дейін барады. Әділетсіздікті көргенде ол төзіп тұра алмайды. Туған ағасы Тұңғатар байдың арамдығын, опасыздығын білгеннен кейін одан безіп, мүлде қол үзеді. Өлім секундi соққалы тұрғанда Ұзақтың да бар өкініші: халқының мүшкіл халі, өз басының дәрменсіздігі.

Бұл екеуінен сәл оқшауырақ тұрған кейіпкер – Әубәкір болыс. Бас сауғалаған немесе патша әкімдерінің алдында күрдай жорғалаған басқа болыстардан Әубәкірдің бір өзгешелігі, ол шамасы келгенше, халыққа адал қызмет етуге ұмтылады, осы жолда қаза табады. Ақ желке аузынан июнь жарлығы туралы алғаш естігенде болыстар тобынан тіл қатып, өз ойын ашық айтқан да сол Әубәкір. «Бұл албанның жаңадан шығып келе жатқан отты жігітінің бірі еді. Түсі әрқашан ашу шақырған кісі сияқтанып сұрланып, екі көзі қанталап, екіленіп қатты сөйлейтін».

Көтерілістің алғашқы қарқынында көзге түскен Жәмеңке ақсақал Ұзақ батыр, Әубәкір болыстан басқа да көптеген адамдардың есімдері аталып қана қоймай, олардың әрқайсысы өз шама-шарқына қарай нендем үлес қосқаны да баяндалады. Демек, халықтың жуан ортасынан шыққан ер-азаматтар арқылы автор көтерілістің негізінде қай бағытта дамығанын дәлелдей алған. Момын елдің бір сәтке бас көтеріп, әлімге қарсы аттанғаны осындай болса, оларға қарсы төтеп берген күштің қуат-қауқары қандай еді деген сұрақ туады.

Сол албандар ішінде әмір жүргізіп келген патша чиновниктерінің тобы қаншама қораш, мардымсыз, дарынсыз көрінгенмен, олардың арқа тұтқан тірегі

Россия империясының әкімшілік аппараты мен қарулы күші айбарлы болғандықтан, қазақтың шет аймақтарында пристав, урядник, стражник, тергеуші іспеттес кішігірім қызметкерлердің өздері қалың елді бір шыбықпен айдап, басына әңгір-таяқ ойнататынды.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұрғали Р. Алаш ұранды әдебиеттегі Мұхтар Әуезов көтерген азаттық идеясы / Р.Нұрғали // Заман-Қазақстан-1997. - 22 тамыз. – Б. 14.
2. Әуезов М. Қилы заман. Повестер мен әңгімелер / М.Әуезов. – Алматы: Жазушы, 1979. - 384 бет.
3. Әуезов М. Қилы заман / М.Әуезов. – Алматы: Атамұра, 2004. – 236 бет. - №34. – Б. 14.

**ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ЛИРИКАСЫНДАҒЫ
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТОЛҒАМДАР**

Нурбекова А.К.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы
Ғылыми жетекші: Бияров Б.Н., С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: Mira.kasymbekova79@mail.ru

Фариза Оңғарсынованың қазақ поэзиясына әкелген шынайы да тосын жаңалығы, өзіндік дербес поэтикалық қолтаңбасы осынау лирикалық туындылардың бүкпесіз ақтарыла білу, бүкпесіз сырласа білу, бүкпесіз сенім арта отырып, бүкпесіз сендіре білу құдыретінде - талант сиқырында жатыр деп білеміз. Әрі қатқыл, әрі өткір, әрі асау, әрі мойынсұна отырып - әрі аялап, әрі мәпелеп, әрі жұбатып, әрі жігерлендіріп отырып сенің Адамдық болмысыңды, тағдырыңды, іс-әрекет, ой-пиғылыңды, бастан кешкенің мен тіршіліктен күтеріңді, яғни бәрі-бәрін бір қауызға тамаша сыйдырып, бір дәнге ғажап сіңіртіп, дарытып керсете білуінде жатыр.

Ақындық шеберлік пен құдыреттің тамыры да, нәрі де, құпиясы да, кілті де - Фариза өлеңдерінің өз өнбойында өзгеше бір келісіммен көрініс тауып жатуында.

Ақын Фариза өз өлеңдері арқылы қазақ поэзиясына Мұқағали Мақатаев, Телеген Айбергенов, Жұмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиевтың буыны батыл әкелген драматизм мен трагизмге толы лирикалық әуезді, философияны одан сайын байыта түсті. Ол өзінің дербес көркемдік әлемімен солардың калқасында, тасасында, ығында қалып қойған жоқ. Ой орманы мен сезім селінің шығармашылық ықпалына малтығып қалып, тұншыққан да емес. Әріптес ағаларының өкшесін баса жүріп, өлеңдегі өз өлкесін тауып, өз күмбезін тұрғызып, өз көркемдік әлемін оқырмандарына тамаша көрсетті, тамаша мойындатты, әрі табындырды. Қазақ поэзиясының бір Антейі - Әбділда Тәжібаевтың кезінде Фариза өлеңдері турасында жазған мақаласын оқысаңыз бұған көзіңіз жете түседі.

Ақын жырлары автордың көп ойлануынан, қоғам шындығын өз басының мұңымен түйіндестіре толғаудан туындайды. Оның ойлары халықтың жарқын тіршілігі, адалдық, әсемдік туралы арман-мұраттарға ұмтылады. Бірақ оған жетудің жолы оңай емес, адамзат баласы соның жолында өмірбақи күресіп келеді.

Адамзатты жарық күн қарсы алғалы,

Ақиқаттың сөнбеді қанша арманы.

Топастардан тұтанар

Қиянаттың

Ойлыларға түседі бар салмағы [1, 237 б.].

Жалпы ақын жырларында тартыстың негізгі өзегі бар, ол – жақсылық пен жамандықтың, қуыныш пен қайғының алма-кезек самғауы. Өмір қайшылықтарының заңдылығын жақсылық пен жамандықтың алмасу шындығын Фариза жақсы түсінеді. Сондықтан оның өлеңдері осы қайшылықты тіршіліктен

әлдеқайда жоғары. Әрдайым ілгері, озық тұруға ұмтылысты бейнелейді. Алайда, болмыстан озу оңай шаруа емес. Осы жерден келіп жалғыздық мәселесі туындайды.

Ой-санасы өзгеден асқан Адам,
Тұншығып көкірегі,
Түсінбейтін жұрт үшін өкінеді,
Жанарын жас қамаған,
Жалғыздықтан шықсам деп шағынады,
Бас соққанмен, тас қамал – ұрынары [1, 35 б.].

Бұл - өз ортасынан оза шыққан барлық тұлғалардың трагедиясы. Жалғыздық дегеніміз мәңгілік екенін аузы дуалы тұлғалар айтып жүр. Жалғыздық тақырыбы Абайдан бастау алып, барлық ақындардың жырларына арқау болғанын жоғарыда тілге тиек етіп өттік. Жалғыздық категориясын жалғызсыратпайтын деңгейге көтерген әлемдік әдебиетте бұл тақырыптың ашылмай қалған қыры жоқ деуге болады. Әркімнің жалғыздығы әртүрлі. Әрбір шығармашылық иесі жалғыздық категориясын өзінің таным-түсінігіне сәйкес береді. Жалғыздық пен мәңгіліктің арасындағы тартысты жалғызсыраған ақынның ішкі Жан дүниесінің арпалысы бейнелеп көрсетіп тұр. Өмірден тиянақ іздеу, тірек іздеу шығармашылық асыл мұрат. Онсыз басы сайран түбі ойран өмірдің екінші бетін көре алмайсыз. Бақ пен қайғы қатар жарысқан дүниенің мәні мен сәні белгісіз. Ақын күйректік сезімге бой алдырудан, дертке ұрынып қалудан аулақ.

Өкпелеп жүрсіңдер ме?
Жетпегендей бір демі тылсым кеуде
Тұншығады бейуақыт сендерді ойлап,
Оңаша күрсінгенде,
Жарқын аға, жақын дос, сыршыл жеңге,
Шынымен өкпелеп жүрсіңдер ме? [2, 257 б.].

Ақын қашанда өзін сағынатындарды сағынады, өзін іздейтіндерді іздейді. Оның көз алдында дөңгеленген дүниенің барлық іңкәрі мен қуанышы араласып келеді. Тартыс қашанда ақынның жүрегінде өтеді. Оның алып ұшқан сағынышты жүрегі жақын досын, жарқын ағасын, сыршыл жеңгесін іздейді.

Мен саған қарыздармын,
Сен де маған.
Басқа қызық-шыжықтар ем бе маған.
(Бір-біріне қарыздар екендігін,
Неге біле бермейді жердегі адам?) [2, 263 б.].

Жалғызсыраған жанға демеу болар нәрсені ақын айналасынан іздеп, шарқ ұрады.

Мына менің жүзімнен жел жалаған
Шаттықтардың шуағы танылмаса,
Жанарымнан ой-тұман арылмаса,
Оны сезім нәрімен емдеп алам [3, 127 б.].
Осылайша толғанған ақын елді, елдегі қарттарды, кең даласын есіне алады:
Немесе анау ақкөңіл елге барам.
Жусаны да жанымды ұғынатын,
Кемпір-шал да «қалқам» деп бұрылатын,
Көтергендей ақ басын жерден анам.

Шырқыраған жанымның бір тынымын,
Жүрегіме нәр берер күлкі, жырын
Іздеймін сенен және кең даладан.

Асылы, отан, ел, жер, сүю сезімі ақын гуманизмін, оның адамды сүю, әділетсіздік пен ұнамсыздыққа қарсы күресі идеяны толықтыра түседі. Оның басындағы ой, көзіндегі мұң елдегі, адамдар басындағы қайғы. Ақын соны өткір сезінеді. Оны өзінің жеке басының сезіміне айналдырады. Лирикалық өлеңнің өтімділігі үшін бұл – басты шарт. Адамзатқа тән өзекті мәселелерді, жаһандық мәселелерді көтеру тек қана өресі биік талантты ақындардың ғана қолынан келеді.

Құрсау мұңға көңілім қамалғалы,
Жүйкемді де талдады, тарамдады,
Өзімді өзім ұға алмай қалжырадым,
Жұмбақтардан тұра ма адам жаны –

деп толғанған ақын Фариза риторикалық сауал тастайды. Бұл – жалғыздықтың бұғауын үзбек болып арпалысқан ақын жанының ширыққан тұсы. Әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов: «Лирика өнер иесінің қоғамдық және интимдік шындықтарға өз көзқарасын ашық білдіруі, эпикалық тәсілдерге тән пластикалық бейнелеу құдыретінен басқаша, психологиялық суреттеу амалдарынан өрбиді» [4, 62 б.], – деп жазғандай лирикада психологиялық суреттелер арқылы Адам жанының ішкі қатпарлары ашылады. Бейнелі оймен жан-дүниенің терең сырларын суыртпақтайтын ақын жүрек күйі мен жан толқынысын қуатты өлең жолдарына көшіреді.

Лирикада сезім халінің суреттелуі көркемдік әдістерге де байланысты. Осы тұрғыдан келгенде Адам жанының иірімдерін бейнелейтін психологизм де романтикалық, реалистік сипаттарымен көрінеді. Бұл екі сипат та Фариза өлеңдеріне тән.

Өз-өзімнен өртеніп, барам жанып,
Жүректен жас ағады тарамданып, -

деген жолдарда ақын психикасы ап-анық реалистік сипатта көрінген. Бір адам төгер көз жасын төккен ақынның лирикалық кейіпкерінің күйініші, жүректен тарамданып жас ағуы еш қоспасыз шынайы жырланған. Ал, негізінде қиялдану, арман ету жататын романтикалық сарындағы психологизм де Фариза өлеңдерінен көптеп ұшырасады. Ақын Адам жанының мұңы мен шерін, арманы ме қайғысын бейнелеуде бұл тәсілге ерекше бой ұрады.

Алыстарға кетейік,
Қаланы бізді көп жалықтырған күйбеңдерінен жыраққа,
Ақ бас тауларға аймалап жатқан күміс шолпылы бұлақтар.
Сен ғажайып ертегілердің батыры,
Астындағы арғымақ аты айшылық жолды бір аттар.
Өзіңе ғана табынған ессіз мен нәзік ару болайын
Дозақ боп көрінсін тіпті жұмақ та, –

деген жолдарға назар аударсақ, Адам әрекеті мен өмір шындығы қарапайым табиғи қалпынан гөрі қиялмен қисындырылған ерекше жан толқындары түрінде елес береді. Ақын қиялы алыстарға кеткен. Қаланың күйбеңдерінен жалыққан ақынның жырақтарға кеткісі бар. Айшылық алыс жолды арғымақ атпен бір аттар қиял ғажайып ертегілерінің батырын елестете отырып, сол батырға ессіз табынған ару болып, қиял әлеміне енуді қалайды.

Лирикалық кейіпкердің жан дүниесін қым-қиғаш сезімдер тартысы арқылы бейнелеу – Фариза қаламына тән басты тәсіл. Мынау әлемде жан жалғыздығын басынан кешірген ақынның лирикалық кейіпкерінің жан әлемі терең қатпарлы, қат-қабат қайшылықтарға толы. Жақсылыққа құмар, мейірімге зәру, адалдыққа ынтық жанның күллі арман-тілегі өлең жолдарына поэтикалық қуатты тілмен көшкен.

Мен қайықпын, теңізде шыр айналған,

Күйім – қоян бүретін құмай жалған.

Теңіздердің тұнығын кешсем деп ем,

Жағадағы жиіркеніп лайлардан,

Лай көрсе мендегі жылайды арман [1, 81 б.]. –

деп тебіренеді ақын енді бір өлеңінде. Қарап отырсақ, жалғыздыққа душар еткен – тіршілік ағысындағы ақынның кірпияз жанын жеріткен іс-әрекеттер: жалғандық, екі жүзділік, т.б.

Ф.Оңғарсынова лирикасындағы ұлттық мінез бен тартыс оның шығармаларының пішінге бағына бермес тереңдігі мен кеңдігінен көрініс табады. Жоғарыда талданған өлеңдердің ұлттық бояу нақышы ерекше екенін ұмытпаған жөн. Сол арқылы қазақ поэзиясына тән еркін де асқақ мінез, сезімтал жүрек, сыршыл көңіл туындайды. Барша ақынға жарасар парасат биігі Фаризаға да тән екеніне талдау нысанына алынған өлеңдері дәлел. Және де ақын лирикасынан ерекше көрінетін жан әлеміндегі қақтығыстар мен тарыс адам атты ұлы болмыстың күрделі, сан қатпарлы әлемін кең көлемде, асқан шынайылықпен таныта алған.

Әдебиеттер тізімі

1. Оңғарсынова Ф. Мазасыз шақ. Өлеңдер. А: Жазушы, 1972 ж.
2. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. II том. Астана, 2004. – 340 б.
3. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. III том. Астана, 2004. – 328 б.
4. Майтанов Б. М. Әуезов – суреткер. – Алматы: Сорос Қазақстан қоры, 1996. - 124 б.

ӘОЖ 821.512.122.09

АБАЙДЫҢ НӘР АЛҒАН ҚАЙНАР БҰЛАҚТАРЫ ЖАЙЛЫ М. ӘУЕЗОВТІҢ ҒЫЛЫМИ ҰСТАНЫМЫ

Пазылбекова Е.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Ғылыми жетекші: Картаева А.М.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: mai_fujiwara@mail.ru

Әдебиетте әрбір ақын-жазушының шығармашылығына игі әсер еткен бастау арналары бар. Абай дүниетанымының қалыптасуында ақын мұрасының нәр алған рухани көздерін танып, бөлуге терең мән берілді. Бұл аса күрделі мәселені абайтану тарихында отызыншы жылдары М.Әуезов көтеріп алғаш рет пікір білдірді. Бұл

айрықша мәні бар күрделі де аса жауапты тақырыпқа М.Әуезов алдын ала ғылыми даярлықтан өтіп барып келді. Орта Азия мемлекеттік университетінің түркология кафедрасында аспирантураны бітіріп, 1930 жылы шығыс классиктерін түп нұсқадан оқып, шағатай әдебиетін де терең меңгеріп, Европа әдебиетін орыс тілі арқылы еркін танып мол даярлықпен келген кезең болатын. 1924-1927 жылдың өзінде-ақ Абайдың тұңғыш толық жинағын құрастырып, Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасының нобайын даярлап та қойған еді. Міне, осындай алдын ала зор даярлықтың негізінде 1933 жылы Абайдың толық шығармалар жинағы мен Абайдың ғылыми өмірбаяны Қызыл Орда қаласында жарияланды. 1934 жылы Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толу мерейтойына орай М.Әуезовтің «Абай ақындығының айнасы» деп аталатын мақаласы абайтанудың ең өзекті мәселелерін көтерумен, қысқаша нобай бағыт-бағдар берумен ерекшеленеді.

Осы мақаласында автордың Абай мұрасының нәр алған үш рухани қайнар көздеріне арнайы тоқталып, ойын өрбіткенде Абайдың Батыс мәдениеті мен Шығыс мәдениетіне қатысын айрықша екшеп талдауында: «...Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ. Батысқа келгенде ол арқасын шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді» [1, 12 б.]. дейтін терең ғылыми ой байламын береді. М.Әуезовтің танымында Абай дүниетанымын қалыптастыруда оның нәр алған рухани қазына көздері ретінде қарауы себепті «... ақынның өз халқынан және адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен саласы, түп төркіні барын байқаймыз», - деп көрсететіні бар. Олар:

- а) Қазақ елінің рухани ой-қазынасы
- ә) Мұсылмандық шығыстың рухани қазына көздері
- б) Батыстық классикалық әдеби-мәдени әлемі

Осылайша ғылыми тұрғыдан сарапталған ой байламдары 1938 жыл мен 1961 жылдар аралығында табиғи бастапқы қалпы бұзылып өзгеріске түсті. Оның себебі 1938 жылы БК (Б) П ОҚ барлық жерде орыс тілін міндетті түрде оқыту қаулысы мен 1945 жылы ҰОС аяқталуына байланысты И.Сталиннің орыс халқының ролі туралы сөз сөйлеуі және КПСС ОК 1949 жылы космополитизм туралы саяси-идеологиялық мақсат көздеген қаулысына байланысты болатын. Кеңестік тоталитарлық идеологияның саяси-идеологиялық талабы қоғамдық ғылымдар мен әдебиет, өнер саласында батыс пен шығысқа бас июшілерді яғни космополиттерді талқандау науқаны қатты қарқынмен жүргізілді. Барлық Одақтас республикаларда мындаған көрнекті әдебиет пен өнер қайраткерлері жазаланып, қуғындалып жатты. Мәскеуде самал соқса, Қазақстанда дауыл боп соғатын әдет бойынша мұсылмандық шығысқа, оның әдебиеті мен тарихына байланысты жазылған мақала, зерттеу жұмыстары мен, тіпті, солар жайында жанама пікір айтушылар да аяусыз жазаланып қуғындауға ұшырады. Мысалы Қазақстанда Абай мұрасының шығысқа қатысы жайында пікір айтқан әдебиет қайраткерлерінің басына әңгіртаяқ ойнай бастады. Әдебиеттегі қатаң сынның қыспағына алдымен М.Әуезовтің Абай мұрасының нәр алған рухани қазынасы жайында айтылған ғылыми-теориялық ой-байламдарының тірегіне айналған «...Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ», - деген ғылыми теориялық ой-пікіріне қатты шабуыл жасалынды. Осы кезден бастап абайтану саласында жазылған еңбектерде, ғылыми

зерттеулік мақалаларда Абай мұрасының рухани нәр алған бір саласы яғни Абай мұрасының Шығысқа қатысы түгелдей терістеліп жатты. Мұны профессор Қ.Бейсембиевтің «Мировоззрение Абая Кунанбаева» (1956 г.) деп аталатын монографиясында ашық көрініс берді. Профессор Қ.Бейсембиев т. б. Абай мұрасының рухани нәр алған көздерінің бірі Ресей мәдениетіне шешуші мән берілуі де Абайдың шығыс пен туған елі ой-қазыналары мүлде атаусыз, дүниеде ондай құбылыс болмағандай қалып танытты. Міне, осы жағдайдан кейін абайтану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен қорғалған диссертациялар Абай және орыс әдебиеті деген тақырыптың аумағынан шыға алмай тұйықталып қалды.

Абай мұрасының рухани нәр алған өнікті рухани бұлақ көздері қазақ халқының рухани ой қазанасы мен мұсылмандық рухани әлемі мүлде ғылыми зерттеу нысанасынан тыс қалды. Яғни Абай мұрасының шығысқа қатысы 1963-ші жылға дейін зерттеу нысанасына алынбай қозғаусыз жатты.

Кеңестік дәуірде Абай мұрасының шығыстық ой-қазынасына қарым-қатынасы абайтану саласындағы 1963-ші жылдан бастап там-тұмдап ғылыми зерттеу нысанасына алынып, алғаш рет қозғалысқа түсе бастады. 1965 жылы осы жол авторының «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деген тақырыпқа кандидаттық диссертациясы қорғалды. Осы диссертация негізінде 1994 жылы «Абайтану тарихы» монографиясы басылым көрсе де, Мұхтар Әуезов ұсынған ғылыми концепциясы яғни Абай мұрасының рухани нәр алған үш бұлағы туралы әлі де бастапқы қалпына келе алмады. Бұл саладағы Мұхтар Әуезов ұсынған Абай мұрасының нәр алған үш рухани бұлақ көздерінің бастапқы табиғи қалпына келіп, ғылымда орнығу процесі М.Мырзахметұлының 1982 жылы «Ғылым» баспасынан жарияланған «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» деп аталатын көлемді ғылыми зерттеу монографиясы жарияланып, әдеби орта мойындаған соң ғана жүзеге асқаны жұрт мойындаған шындыққа айналып отыр.

Абай шығармашылығының нәр алған қайнар бұлақтары жайлы тұңғыш рет тың пікірді М.Әуезов «Абай ақындығының айналасы» деген 1934 жылы жазған ғылыми-теориялық мақаласында қозғаған еді. М.Әуезовтің Абай мұрасының қазына көздерін жұртшылыққа таныстырып, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсеткен зерттеу еңбегінде былай деп нақтылы атайды: «Ол Абай ақындығының, Абай шығармаларының өмір материалынан басқа әдебиет дүниесінен де көп бұйым алады. Абайдан қалған мұраның ішінде көп оқушыға даусыз боп айқын сезілетін сыртқы әдебиеттер белгілері бар. Ол Шығыс әдебиеттері мен Батыс әдебиеттерінен қосылған белгілер. Екінші, бұдан бөлек, ақынның өз тұлғасы сияқты боп қалыптанған барлық әдебиет мұраларынан: бұтақша таралып өсіп, жырыла шыққан тумалар бар – әдебиет тумалары», - дейді [2, б б.]. Яғни Абай шығармашылығына рухани азық болған, оның нәр алып сусындаған арналары: халқымыздың бай ауыз әдебиеті, ақын-жыршы, шешендер, жыраулар поэзиясы мен Шығыс әдебиеті және Батыс әдебиетінің озық үлгілері еді. Мәдениеттің, өнердің, адамгершіліктің мол үш арнасы Абайдың әдеби мұрасына рухани азық болды. Осы үш арна Абайды басқа ақындардан даралап көрсетіп, классик ақын ретінде қалыптасуына игі әсер етті. «...мәдениеттің осындай түрлерімен танысуы Абайға рухани азық болды, оның ой-өрісін кеңейтті, дүниеге көзқарасын өзгертті, ақындық өнеріне жаңа жол ашты», - дейді М.Әуезов [3, 161 б.].

Ұлы ақын әрі ойшыл Абай өмірі мен шығармаларының беделді білгірі Мұхтар Әуезов абайтанудың негізін салумен қатар бұл тарапта болашақта атқарылар сан алуан мәселелерді де жүйелеп көрсеткен. Сондай тақырыптардың бірі ақын Абайдың үлгі алған, нәрленген рухани кездеріне қатысты. М.Әуезов өзінің «Абай Құнанбаев» деп аталған монографиясында осы жайларды былайша түсіндіреді: «Дана ақынның өз халқының және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі - қазақ халқының есте жоқ, ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры. Ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті. Екінші бір қол артқан қазынасы — араб, парсы, түркі тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы. Үшінші үлкен өнер, мол азық алған саласы — орыс халқының мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, ірі кең майдан келешек еді» [4].

М.Әуезов атаған үш үлкен сала Абай мұрасына рухани азық болып, оны басқа ақындардан даралап классик дәрежесіне жеткізді. Осы атап өтілген үш сала көркемдік дәстүрдің әрқайсысы арнаулы монографиялық зерттеулердің тақырыбы екені кәміл. Бұлар жайында ертелі-кешті айтылып та, жазылып та келеді. Бірақ жан-жақты терең тексерулер әлі күнге дейін туа қойған жоқ. Ал Абайдың ақындық қалыптасуына септескен мұндай негіздерді толық түсінбей, ұлы ақынның шын тұлғасын таныдық деу қиын...

Халқымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңірген Абай шығармаларында ауыз әдебиетін, нәрлі шұрайларын жасаған, халық ақындарының шығармаларын ақындық мәдениеттің жоғарғы сатысына көтерді. «Ауыз әдебиеті байлығын жете меңгерген ақынның аса талғамдылығы оның өз шығармаларынан айқын танылады. Абай фольклор даналығының асыл нәрін, рухын пайдалануды көздеген. Мұны әсіресе мақал, нақыл сөздерді қолдану тәсілінен анық байқаймыз. Ақын өлеңдері мен қарасөздерінде мақал, қанатты сөз секілді тамаша тапқыр тіркестер жиі кездеседі», - дейді ғалым Р.Бердібаев [5, 153 б.].

Абайдың ерекше ықыласпен оқып, аса құрметпен көңіл бөліп қараған келесі үлкен де маңызды арнасы – Шығыстың классикалық әдебиеті еді. Абай жас кезінің өзінде-ақ Шығыс әдебиетіне зор көңіл қойып оқиды. Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқып жүрген кезде ол араб, парсы, шағатай тілдерін жақсы меңгеріп шығады. «Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жаңа заманның ретімен Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымынан үлкен хабардар болды. Сол талаппенен қырда ғарапша, парсышаға Абайдан артық білетін ешкім болмады», - деген Абайдың тұңғыш биографы Кәкітай Ысқақұлының сөзі ақынның араб, парсы тілдерін жетік білгенін айғақтайды [6, 132 б.].

1886 жылдан бастап Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын аударып, қазақ даласына алғаш таныстырады. Кәкітай Ысқақұлы Абайдың, әсіресе, Лермонтовтың жазған өлеңдерін ұнатқанын, Пушкиннің «Евгений Онегин» романын, Крыловтың мысалдарын аударғанын және ол аудармалардың қазақ ортасына кең жайылып кеткенін мәлімдейді. Абай қазақ сахарасында отырып Абай Батыс елдерінің әдебиеті мен мәдениетін өз бетімен оқып, зерттеп халқына ғылым мен білімнің дәнін септі.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Елу томдық толық жинақ. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 448 б.
2. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы / Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері (Ұжымдық монография). – Алматы: Ғылым, 2002. -274 б.
3. Әуезов М. 20 томдық шығ. жин. – Алматы: Жазушы, 1985. – 18 т. - 448 б.
4. Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995. – 64 б.
5. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
6. Кәкітай Ысқақұлы. Абай (Ибраһим) Құнанбайұғлының өмірі // Мырзахметов М. Абай жүрген ізбенен. – Алматы: Қазақстан, 1985. - 172 б.

ӘОЖ 821.512.122.09

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙШКЕР

Сайдғариева Р.Г., «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Бияров Б.Н., С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университетінің профессоры
С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: mai_fujiwara@mail.ru

Ұлықбек Есдәулет әдебиетке өзі тұстастарынан әлдеқайда ерте келіп, жұрт көзіне ерте іліккен ақын. Ол шәкірттік мектептен шұғыл түрде өтті де, өлеңдегі өз жолын, өз үнін бірден-ақ белгілеп алды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін ақын бүгін де бұрынғыдан да ауқымын кеңейтіп, бұрынғыдан тереңдей түсті.

«Әдебиетке 1970-80 жылдардың ұласар шегінде келген ақынның бүгінде өлең сүйер қалың жұртшылыққа танылып, бірде- екілі жинақ беріп үлгерген, поэзия әлеміндегі дара дауыстарын енді – енді еркін естіртіп, өз бет – алыстарын аңғартып қалған ең бір жемісті мәйекті тобында Ұ.Есдәулет, Е.Бағаев, Ғ.Құлахметов, Б.Серікбаев, А.Әлімов есімдері жиі аталады. Жасыратыны жоқ, жаңағы ақындар шығармашылығының қазіргі деңгейіне көңілі толған, құптаған, марапат сарындағы дүние болып шыға келуі де ғажап емес. Олар бұл ілтипатқа лайық та» [1, 160-161 б.].

Ұлықбек Есдәулеттің кейінгі жинақтары есейген, қалыптасып қалған қолтаңбаны танытты. Бұл заңды құбылыс, толысу диалектикасы. Ақын шығармашылығын тұтас алып қарағанда, бір орында байырқалап қалмаған үздіксіз қозғалысты, дамуды көруге болады. Оның ақындық көру аясы, ізденіс өрісі кеңі түскенін, жаңа қиырларға, алыс кеңістіктерге самғау мүмкіндіктері ашылғанын сезесіз.

Ұ.Есдәулетов қысылып – қымтырылмай, кеуделеп – кимелемей, әдебиет есігін өзінің табиғи қалпында, еркін келіп ашқанда қазақ өлеңіне жанашыр үлкен – кіші, тегіс елең еткендей болған. Болашағына үмітті көзбен, зор сеніммен қараған, сол ықылас, сол пейіл суыған жоқ.

Ұлықбектің тұңғыш жинағындағы («Жұлдыз жарығы», 1977 ж.) келбет, көркі әр деңгейіндегі балаң жырлардың еріксіз баурайтын бір қасиеті бар. Ақынның

алаңсыз төгілген ақжарма сыры, ештеңеден тәуелсіз албырт жолдардың еркін құйылған мөлдір ағысы, табиғи, шынайы интонациясы оқырманын риясыз ұйытып, үйіріп әкететін Ұлықбектің лирикалық кейіпкері үшін, ықылымнан бар, осынау кәрі ғаламның өзі таныған әр құбылысы – жаңалық. Ол - әлемнің барша әуезі мен әрине сезімтал жүрегінің тыныс – дірілімен айқара ашылған, оның жанарында сәулеленген өзіңе әбден таныс, күнделікті, үйреншікті әлем құбылып, ажарланып кетер еді. Бір қызығы, сол жырларды оқып отырып, шеберлік, машық деген ұғымдар ойыңа да келмейді. Осы өлеңдер кәдімгі ұқсас, ырғағы бар белгілі жүйеге бағындырылған, өлең құраудың түрлі – түрлі заңдылықтары бас қосып, қапысыз жарасымның көрінісі екені, әйтеуір байқалмайды. Өлең емес, ақын жанының ең тұнық қайнарынан үзілген тамшылардай. Сергек көзбен үңіле тексергенде, әлбетте, тәжірибесіз балаң қолдың әр тұста – ақ қапы сілтеген жайларын жазбай танысыз. Бірақ, ақын сезімі – шынайы, жыр рухы – тұтас. Сірә, ақын үшін шығармашылық ғұмырының өз бойында жоғалтуға, сезім мөлдірлігі болар.

Кейінгі жинақтарда («Алтайдың алтын тамыры», 1980 ж., «Ұлыстың ұлы күні», 1982 ж.) жақсы өлеңдер мол, тақырып аясы да кең. Әйтсе де, соларды неше мәрте қайталай оқып, әлдебір қымбатыңды жоғалтқандай алаңдап, әрі – сәрі күй кешесің. Рас, бұл өлеңдерде, сырттай қарағанда, бәрі бар. Көркем тіл, сурет, бояу бәрі орнында. Алайда, ақынның бір жыры бойыңа балдай батса, келесісінен ішің қоңыртақ алады. Алғашқы жырлардың алаңсыз сыр ашқан аңқылдап, адал жаратылысы, шынайы сезімнің тәуелсіз өрнектері әлдеқайда көз жаздырып кеткендей.

Бұл жайдақ мәліметтерді «Алтайдың алтын тамыры» жинағындағы «Отанға деген махаббат» өлеңінен табасыз. Тұтастарының ішіндегі азаматтық дауысы айқын, публистикалық темпераменті қызған Ұлықбектің өзінде осындай айтары аз, сұйық өлеңдер жинақтағы әдемі жырлармен талғамсыз араласып жатады. Төмендегі мысал «Еңбеккер адамдар» деген өлеңінен:

Күн сынды, қызу күндізгі,
Жүректер бар нұрлы ізгі.
Қажет етсе егер адамдар
Өзенді өрге ағызып,
Жағады жерге жұлдызды.

Хош. Ал, енді осы жолдарда қандай сонылық бар? Өлеңді түйіндеген «осынау ұлы құдыретті адам алдында жер бетіндегі тіршілік түгел қарыздар» деген күмәнді тұжырымнан не жаңалық табамыз? Бәрі – бесенеден белгілі шағып, алақанымызға салған жаңғақтай түсінікті, ап – айқын нәрселер. Таяз судай түбіндегісі түгел сайрап жатқан оңай қисындар.

Бұл тектес өлеңдер ішінара, әр жинақта сыңар қолдың саусағымен санарлық шамада болса, сөз басқа. Отты, серпінді жылдардан ішкі нұры көмескі, қасиеті аз өлеңдер де қалыспай, жинақтан жинаққа көшіп, өріп жүрсе, соны көре тұра, «Осы қалай-ау» деген ойларымызды бөліспесек, жырға жанашырлығымыз қайда?

Ақынның соңғы жинағы, («Ұлыстың ұлы күні») сөз жоқ, оның ақындық өресі мен құлаш – қарымын, қайратты, кең тынысты серпінін танытады. «Жылдамдық», «Тал түс», «Шал», «Шабындық», «Түсімде бала болыппын», «Ақ тұма», «Көңіл сұрау», «Жер мен адам», «Қазақстан құстары», т.б. өлеңдері шын шабыттың жемісі.

Ұлықбектің күші, осындай өрнекті шырайлы тілмен өрілген, жүрек жарды сезімін күлбілтесіз еркін, әсем төгілген жырлардан таңылады. Ал, оның есейген, бірақ жүзінде, сезімтал жап-жас лирикалық кейіпкері жүзінде, әлдебір ақылды, сөзге айтар кеңесі, сілтер жөні, пікір – даналығы (көбіне аксиома түрінде) мол жасамыстың пішінін киіп, ой толғап, үкім кескісі келгенде, елгі жасаңғылық омыраулап шыға келеді. Айталық, ақын өзара шектес, ұласпалы жайттар тоғысынан тосын сыр аңғартқысы келеді: әркім өз жоғын біреулер туыс- бауырын, біреулер – майдандастарын, біреулер – жоғалтқан дүниесін, ал енді біреулер– жоғалтқан ар-ұятын іздейді.

Шынында, бір қызық өлеңнің сұлбасы елес бергендей. Бірақ, жақсы елеске емексіген көңілдің әсері, өлең соңындағы жалаң уағыздан кейін жүдеу тартады. Жоқ ақынның таза ниетінде, ар-ұятыңды сақта – деген мағыналы ескертпесінде еш қайшылық, бұрыстық жоқ. Рас, сондай-ақ жаңалығы да, демек, қызығы да жоқ. Аңғалдау болса да, осы моральді әсерлі, әдемі жеткізуге болар еді-ау деген түйткіл де көңілде тұрады. Бұл жерде, кінәнің бір ұшы түрлік ізденіс төңірегінде жатса керек.

Ағаш егіп,

Егін сеуіп,

Канал қаз,

Қорғалжындай қорық орнат қонар қаз.

Қолдан-қолға көшіп, әбден бедері кеткен тозық мыс тиындай осы сықақ, жаттанды ақиқаттарда жаңсақтық бар ма? Жаңалық ше?

Сенімменен таңымды атырамын,

Сенімменен кешімді батырамын.

Мен адамзат баласын

Алдауға емес

Бір-біріне сенуге шақырамын!

Дұрыс-ақ. Арлы саналы азаматтың айтар сөзі ғой дерсіз. Дауымыз жоқ. Бірақ ақынның азаматтығы өзі үшін аса ыңғайлы үкімші позасында тұрып алып, әлдебір, қол жетпес биіктен кесіп айтып, құрғақ декларация, мораль ұсыну емес қой. Баяғы жылтыр жаттандылық жап-жақсы өрілген. Көп өлеңнің көркін қашырып тұр. Жинақтағы «Адам қуаты», «Арман», «Абайға», «Ақ тышқандар», «Қайыңның сөлі», «Наурыз», «Табиғаттың жейдесі» сияқты өлеңдерде, «Біздің Эллада» топтамасында ақынның өз дүниетанымы мен поэзиясынан гөрі, естіген, оқыған, санада сіңіп қалған қағидалар мен әсерлердің, бөгде ықпал сарындардың қайта ұрған жаңғырығын естігендей боласыз. [2, 161-164 б.]

Есею мен ақын ретінде тұлғалану – бір ұғым болмаса керек. Соңғысы ақынның дүниені, болмысты өз көзімен көріп, аз көкірегінің сәулесінде пайымдайтын биіктен басталатын болды. Ықпалдар өрісі, оның әсер ету аясы кең жекеленген сөз, поэтикалық образ, ормандардан тартып, өлеңнің бүкіл рухына тарап жатады. Тіпті, ақын өз бедерін жоғалтып, толайын сол ықпалдар уысында қалуы да ғажап емес. Ықпал – шығармашылықпен қорытылғанда ғана, ақын талантын ұштап, толғастыра түсер игілікке айналмақ [3, 172 б.]

Уақыт тынысты және адам жанының психологиясы мен моральді қарастыруға құмар ақын бір детальдан бірегей ой айтуға, фактінің өзін айтқаннан гөрі оның

қозғаушы күшін іздестіруге бейім. Сондықтан да, ол бір детальдан екінші детальды, бір фактіден екінші фактіні таба алады. Ақынның «Әзәзіл» атты өлеңін қарастырып көрейік.

Көшбиекенің тізеден шалғыны бар,
Кеше қалса, шалынып шал жығылар.
Қалың шөпті таптаған тобыр топтың,
Елеуреген жүздері сан құбылар.

деп басталатын біздің бәрімізге белгілі оқығаны – Абайды соққыға жығу оқиғасын арқау еткен. Бәріміз білетін тарихи - әлеуметтік факт. Ширығып басталған өлең тек осы фактімен шектеліп қоймаған.

Жылпос біреу Сәменді жанасалап,
Дырау камшы, ұстатты онашалап,
- Бәрекелді!

Көрдіңіз бе, мына соңғы екі шумақ арқылы, бәріміз жақсы білетін тарихи-әлеуметтік факт астарынан психологиялық, моральдық факт сопаң етіп шыға келді. Көзге көрінбей кеп, Абайды саба деп сұм Сәменнің қолына қамшы ұстата салған, артынша – ақ «Ойбай, ағамды сабады» деп оязға шауып бара жатқан, ол адамның өлеңде аты аталмаған, «жылпос біреу». Ар – ұяттан ондай әзәзіл жанның атының аталуы міндетті де емес. Әңгіме оның атында емес, қимыл – қарекетінде, екіжүзді моральдық опасыздығына да, ақын соны екі шумақтағы екі әрекет арқылы тап басып, дәл көрсете білген. Сонымен бірге, тарихи оқиғаны арқау еткен бұл өлең, сөз жоқ, бүгінгі күнге тікелей қызмет етіп тұр. Қазір де біреуді – біреуге өз қолымен айдап салып, артынша – ақ, оның әрекетін күйіндегідей болып, биік моральдік категориялармен айыптап отыратын, адам мен адам арасында бүкіл салып, өзі сүттен ақ, судан таза боп шыға келеді, адалдық пен әділдікке тасада тұрып тас лақтырып, бұл әрекетін біреулерге жаба қоятын адамдар жоқ па? Ақын бүгінгі күн өзегіндегі әлеуметтік мәселе арқылы, кешегі тарихи оқиғаны тірілтіп отыр. Асылы, Ұ.Есдәулетов адам жанының қалтарыс – түкпірлерін, оның моральдік сапасын анықтауға сол арқылы адамды ойлантуға, оның ар – ождананың айналадағы құбылыстарға үнемі сергек болуына күш салып, сол үшін беймаза күй кешеді. Осы беймазалық, оны мына алыс – жұлысқа, тартыс – таласқа көпір өмірдің сырттай бақылаушысы, сырттай баға берушісіне емес, соның ыстығына күйіп, суығына тоңатын бел баласына айналдырған.

Ұ.Есдәулетов жалпыдан – жалпыға мән тапқаннан гөрі, жалқыдан – жалпыға мән тапқанды қалайды. Яғни, ол талшықтан тамыр тіршілігін, тамшыдан теңіз дәмін іздестіреді. Өйткені, ол өмірдегі сыртқы тұтастық, ішкі үндестік пен сабақтастықтың нәтижесі – деп біеді.

Бірақ ақын үшін термометрдің сынығы себеп қана. Өйткені, ол термометрдің сынығына емес, «бір бүлінсе бірліктен ісі жоқ тірліктің тұразсыздығына» күйінеді. Солай бола тұра ол;

Мен білетін дүние сынап
болмас,

Мен білетін дүние жиналады, -
дей алады.

Ақының оптимистік сенімін риясыз құптайсың [4, 3 б.].

«Жұлдыз жарығы» - автордың шығармашылық жолында біршама өскенін, ысылып шындалғанын танытады. Сонымен қатар, бүгін ол замана тынысына сай, салмақты поэзияға бет алғанын көрсетеді. Кешегі «Қанат қақтыдағы» әділ болса да, аясы тар шағын лирикадан Ұлықбек енді «Толғай жандар» сияқты, кең тынысты әлеуметтік мәні бар, сұлу поэма тудырған. Екіншіден, егер ақын енді ғана жүрер сүрлеуін таппаса, өлеңнен де өзге көрмеген өлкені таппауы хақ десек, қазір оның өзіне тән жазу мәнері қалыптаса бастағаны қуанбасқа болмайды. Тағы бір қуантары, ақынның ақындықты биік мұрат деп тануы, ақынды өз дәуірінің үлкен жүгін көтерер парасат иесі – деп білуі. Сондықтан да, ол «Ақыныңды еркелет» - деген өлеңінде:

«Он есе артық оның жүгі өздеген.
Ол көргенді көре алмассың көзбенен.
Жұрттан бұрын жаралайды ақынды,
Жауыз оғы жақсылықты көздеген» -

деп жүрегі сыздай жырласа, екінші бір «Ақын» атты өлеңінде:

«Бүкіл әлемнің қақтығысы бар
Оның кіп – кішкентай бөлмесінде» -

жазғанындай, өзі де шынайы ғұмыр кешу.

«Отты күндер» - Ұ.Есдәулетовтың түртіп қана қоймай, түбіне жүрегі егіліп, терең сезініп жырлап жүрген ақын.

«Отыз жыл өрттер сөнгелі,
Шаттықтан жер теңселгелі.
Қапыда сындыңдар ма екен,
Халықтың көк семсерлері» -

дейді ол қыршын кеткен боздақтар жайында. Осы шумақта өзекті өртер өкініш те, бір нәзік мұң да бар. «Көк семсерлер» деген теңеу қандай! Заман ауыртпалығын кара нардай көтерген ерлер үшін, дәл тауып айтылған сөз емес пе. Ұрпақ оларды еш уақытта ұмытпақ емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Есдәулетов Ұ. Заман-ай / Ұ. Есдәулетов. – Астана: Елорда, 1999. – 84 бет.
2. Есдәулетов Ұ. Ақ керуен / Ұ. Есдәулетов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 130 бет.
3. Есдәулетов Ұ. Жан тәсілім түс. Жаралы тіл, жалғыздық // Қазақ әдебиеті. - 1993. – 18 маусым. – 8 бет.
4. Есдәулетов Ұ. Алтай адамдары. Адасқанда. Қарт пен қыран // Арай. - 1977. - 29 қазан. – 12 бет.

**Л.М. ӘУЕЗОВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

Салмакбаева Г.К., «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: salmakbayevag@mail.ru

Ләйла Мұхтарқызының тарихшы ғалым ретінде үлкен бір тындырған ісі ол – «Абай жолы» эпопеясының тарихи негіздері» (Исторические основы эпопеи «Путь Абая») деген тақырыпта жүргізген көлемді зерттеуі [1]. Бұл еңбек 1969 жылы Алматының «Ғылым» баспасынан жеке кітап болып шықты. Мұнымен қоса Ләйла «Абай жолын» тарихи тұрғыдан зерттеу жөнінде көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектер жазды. Мысалы, ол «М.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары «Абай жолы» эпопеясының тарихи ерекшеліктері», «Абай образындағы тарихи шындық пен көркемдік пікірдің арасалмағы» деген тақырыптарда зерттеу еңбектерін жариялап, Мұхаң шығармаларының тарихи негіздерін көпшілік оқырман қауымға айқын көрсетіп берді. Тарихшы қаламынан туған бұл еңбектерді оқығанда Абай заманының лебі есіп, Мұхтар дәуірінің айшықты құбылыстары елес беріп, әкеге деген қыз жүрегінің жылылығы тұрғандай әсерге қаласың [2, 34 б.].

Оның «М.О.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары» атты еңбегінде «Абай жолының» тарихи негіздері мен көркемдік сипаттарының өрілу жүйесі жан-жақты қарастырылады. Роман-эпопеяның тарихи - көркемдік ерекшеліктерін нақты архив материалдарымен дәлелдеп көрсетеді.

Әсіресе зерттеуде жазушының жеке архивіндегі сараң жазбаларды романның тұтастығына, шымырлығына арқау етудегі, әр детальдың көркемдік тәсілімен жымдасып, ең үлкен мақсатқа кіріктірілуіндегі, әр оқиғаның өз орнында өзгеше сипатпен қолданылуындағы шеберлік қыры ашылып, эпопеяның жазылу тарихына, қызықты лабораториясына тарта түседі. Жанды суреттер мен даралық сипаты бедерлі образдардың халық өмірінің белгілі бір кезеңін, тарихи даму сатысындағы тіршілік-тынысын, қоғамдық-әлеуметік қырларын толық тануға негіз болатынын да айқын фактілермен дәйектеп отырады, егжей-тегжейлі детальдарды автордың әдейі жинап-теріп, сонау алыстағы заманның тіршілік-тынысын ерекше нанымды, тарихи шындыққа үйлестіре беруді мақсат еткенін түсіндіреді. Мысалы, ел арасында мәтел болып кеткен кейбір оқиға тарихының өзінен М.Әуезовтің шығармасында ұмытылмас, соншалықты қызықты, тартысты, тартымды суреттердің берілгенін, ал, жеке адамдардың көркем образдарға айналғанын барынша мұқият зерттейді [3, 190 б.].

Қандай да болмасын зерттеу еңбектің құндылығы бір мәселені түбегейлі шешіп беруімен өлшенбейді және ол басты талап та емес. Біздіңше, әр ғылыми зерттеудің ең үлкен қызметі өзінен кейінгілерге бағыт беріп, бағдар көрсетуінде, ой тастауында. Бұл тұрғыда Ләйла Мұхтарқызының «Абай жолының» тарихи-

көркемдік қырын түйсінуі мен түсіндіруін қайта зерделесек, айтар ойының терең астарларын аңғаруға болатындай. Мысалы, эпопеяның үшінші және төртінші кітабын орыс тілінде тұңғыш рет басып шығарған кезде «Знамя» журналы редакциясының жазушыға қойған цензуралық талаптары, соған сәйкес романға енгізілген өзгерістер жөнінде бірқатар мәліметтер беріледі. «Знамяның» редакциялық алқасының талаптарында «XIX ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамының жіктелуін неғұрлым анығырақ көрсету», «Базаралының ішкі жан дүниесін аша түсу керек, барлық жеңілістерден кейін осы бір стихиялық сотқар, сірә, байларға қарсы күрес жолдарын ойлаған болар», «Әбіштің образы сол заманның алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен, мақсат-мүддесімен толықтырылуы тиіс» деген айдай анық «партиялық бағыт» ұсынылады. Сол тұста романның «қайта жазылған» беттерін қазіргі жана идеялар тұрғысынан тануға осы пікірлер бағыт беретіндей... Мысалы, эпопея мен өмірдегі Құнанбай – Абай арақатынасы туралы бір-біріне кереғар пікірлер әлі күнге дейін толастамай келеді. Роман – көркем өнер. Ал өнер туындысында өмір шындығына автордың қиялы жан бітіріп, өзгешеліктері-мен өруі-занды құбылыс. Оның үстіне ұлы Абайды социалистік реализм тек данышпан емес, күрескер, феодализмге қарсы қайраткер етіп көрсетуді талап еткені де анық. Ол үшін ата мен бала арасында ащы сөз, ашық айқас болу керек еді. Себебі Құнанбайдай ел билеген феодалмен, «апиын - дінге» мойынсұнған қажымен айқаспаса, Абайдың үлкен образға айналуына күмән келтірушілер анталап-ақ тұратын кер заман жазушыны ойдан шығарылған эпизодтарды қосуға мәжбүр етпесіне кім кепіл?! Оның үстіне Абайдай ақылды ұлдың әке жағасына жармасуы адамдық, қазақтық ұғымға да ауырлау сезіледі. Қаймағы бұзылмаған қасиетті ортада қарабайыр сезімнің құлы болу дана ақынға тағылған жаладай әсер берері сөзсіз.

Осы екіұшты ойдың нақты жауабын табуға да Ләйла Мұхтарқызының биік мәдениетпен білдірген мына сөзі бағыт көрсететіндей: «Романда Құнанбайдың тарихқа белгілі іс-әрекеттері ғана терең қорытындыланып қоймаған, сонымен қатар көптеген нәрсе авторлық фантазия саласына қатысты. Мысалы, Құнанбайдың шарифат заңын бұзуға батылы барған өз немересі Әмірді қылғындырып өлтіруге жасаған әрекетін алайық. Әулиесінген оның құрсаудай қатты қолынан жас жігітті, Абай жұлып алады. Әмір сондықтан ғана тірі қалады. Бұл, эпизодты автор ойдан шығарғаны белгілі». Сонымен қатар «Автордың тарихи заңдылықтарды Құнанбайдың іс әрекеттері мен көзқарасының таптық мәнін, оның мінез-құлқының ішкі логикасын түсінуге негізделген творчестволық фантазиясы оған бір-біріне қарама-қайшы жұпыны деректердің кемшіліктерін түзетіп, ол қылықтарының орнын толтыруға, эпопеядағы Құнанбай образын жан-жақты аша түсуге көмектескені сөзсіз» деуі, немесе «Құнанбай образын жасау үстінде де М.Әуезов оның өмірден алынған нақты прототипінің бүкіл болмысын қалай болса солай айнытпай көшіре салуға ұмтылған жоқ. Бұл образдардың әрқайсысы өз табының басқа өкілдерінің мінез-құлқын жинақтап көрсететін жаңа тип, суреткерлік туынды дәрежесіне көтерілген» деген пікірлері терең сырдың ұшығын ұстатқандай әсер қалдырады.

Бұл еңбектен ұлттық таным, ұлттық үрдіс, ұлттық бояуы қанық суреттерге негізделе отырып дәлелденетін ой, толғамдарды көптеп кездестіреміз. Кітап авторы

«Абай жолы» эпопеясындағы «феодалдық қатынастардың бүкіл өн бойына тарап, оған тек өзіне ғана тән сипат беретін патриархалдық-рулық құрылысты» әр қырынан көрсетеді. Территорияның тұтастығын сақтауда әр рудың туыстық байланыс туралы ұғымдарының қазақ даласындағы идеологияға түпқазық болып, халықтың экономикалық және саяси жағынан бірігуіне негіз болғанын да дәл пайымдайды. Зерттеушінің осы пікірінен соңғы жылдарға дейін қалыптасқан феодализм тұсындағы қанау түрі деп келген рушылдық, шын мәнінде елдік топтасуды, қазақтың біртұтастығын қамтамасыз еткенін, «у ішсең, руыңмен» деген ұрандағы қазақи бауырмалдылықты, ерекшелікті танытатын идеяның бағдарын табуға болар еді. Эпопеядағы рушылдықтың халықтың қазіргідей топқа бөлініп, жікке таралуы үшін емес, ел бірлігін сақтаудың факторына айналғанын көруге болады. Оны да зерттеуші өз заманына лайық өзгеше білгірлікпен бағамдайды. «Идеологиядағы патриархалдық-рулық тіректер ру ақсақалдарын құрмет тұту сияқты көріністерден де байқалады. Мысалы, Құнанбайдың анасы Зерені халықтың, исі тобықтының құрмет тұтуы, Ырғызбай руының кемеңгер қариясы ретінде сыйлауы, оған үлкен шаңырақ иесі ретінде табынуы қарт әженің әділдігі мен мейірімділігінде ғана емес, сонымен қатар, тіпті ең алдымен рулықтың сақталуында екендігін» тарихи таным тұрғысынан дәлелді түсіндіреді. Бұл ойды көші-қон дәстүрін бұзған Құнанбайға Бөкеншінің ақсақалы Сүйіндік қарттың қойған талабымен, еркін әрекеттерімен ұштастырып, тереңдеп зерделейді. Романда ру аралық жиындар суреттелгенде ру ақсақалдарының жол-жобаны қатаң сақтайтынына назар аударылғанын айта келе, ру-тайпалық байланыстың неғұрлым берік сақталған түрлері ру өкілдері қатысатын ас беру, келін түсіру, шілдехана жасау сияқты салт-дәстүрлерді суреттейтін тұстарда ерекше сипатталатынын баяндайды.

Осы тұрғыдағы зерттеушінің ұсынған фактілерінің ішінде ой бөлуді қажет ететін бір деталь Бөжей қайтыс болғандағы Құнанбайдың шақырылмауымен байланысты оқиғалар негізінде көрінеді. Өлім үстінде қаза үшін ешқандай кірістің көлденең бола алмайтынына Құнанбайдай азуын айға білеген билеушінің қаралы үйге шақырусыз-ақ келетінін суреттейтін эпизодта жаңа бір ойға жетелейтін сырлы түйін бар. Мұнда әкесін жоқтап отырған қыздардың Құнанбайды жазғыруы, оны топ ішінде еркін айта білуі қазақ даласындағы сөз қадірінің жоғарылығын, тіпті демократиялық ұғымның әлеуметік шектен биіктігін танытатынын дәлелдейді. Құнанбайға арнап айтылатын Бөжей қыздарының аузынан шыққан, көзге қамшы ұрғандай қатал жазаға сары апаңның білгірлікпен қайтарған жоқтау-жауабында да терең байлау, ұлттық тереңдігі байқалады.

Романның бүкіл өнбойында тамаша суреттеліп, өмірдің өнердегі ерекше сипатпен берілуіне ықпал ететін тұжырымдарды талдауда Л.Әуезова қазақ даласындағы тұрмыстық дәстүрлердің шындықпен сәйкестігіне де көп көңіл аударады. Мәселен, жазушының көші-қонды суреттеу үстінде әлеуметік жағдайларды көркем шындықпен байланыстыру, пайдалану шеберліктерін әр қырынан қарастырады. «Тарихтың нақты материалын автор көркем шығарманың түп қазығы етіп алады. Ол әртүрлі нақты тарихи материалдарды әрекет етуші кейіпкерлердің іс-әрекетін психологиялық жағынан неғұрлым нанымды етіп беру үшін, қомақты да айқын көрінетін замана рухын оқушының көз алдына тұтас та

жарқын етіп көрсету үшін шеберлікпен пайдаланатынын» көркем туындыдағы әр фактімен сабақтастырады, салыстыра отырып талдайды.

Тарихтағы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ қоғамының әдет-ғұрыптарына байланысты (право) құқық заңдары да «Абай жолында» терең көрсетілетіні туралы айтқан Т.М.Күлтелеевтің пікіріне сүйене отырып, зерттеуші осы бағытта да жүйелі ой-пікірлерін білдіреді, тұжырымды түйіндеулер жасайды. Мәселен, шығарманы тірек ете отырып, қазақ даласындағы қылмысты істер орыстың қылмысты істер правосының нормасы бойынша жазаланғанын ашып көрсетуді кездейді. «Бір-біріне мүлде жат право нормаларының бұлай ұштасуы іс жүзінде өте үлкен қайшылықтарға әкеп соқтырады» деген зерттеуші пікірін өз уақыты тұрғысынан алғанда, батыл айтылған деп бағалаған ләзім. Қазақтың әдет-ғұрып құқығына зорлап енгізілген қағидалардың отаршыл елдің пайдасын көздегенін, оның сол отаршылдыққа қарсы наразылықты басып-жаншып тастау құралы ретінде қызмет еткенін тарихи процестердің дамуымен өзектестіре ашып көрсетеді. Бұндай өзгерістің сөзге тоқтаған қазақтық дәстүрді бұзуға мұрындық болып, қолында күш, алдында малы бар дәулеттілердің бөзге сатылуына әкеп соқтырғанын да М.Әуезовтің туындысы арқылы дәлелдеп шығады.

Абай айналасындағы әйелдер өмірі, олардың жеке тағдырларын да жазушының көрегенділікпен бейнелегенін атай отырып, романды талдау барысында Л.Әуезова кейінгі жылдарға дейін әбден қалыптасқан сұр ойға қозғау салып, қазақ даласындағы әйелге деген көзқарасты жаңаша тануға, танытуға тырысады. Қазақ қыздарының тұрмыса шыққанға дейінгі еркіндігі, келін боп түскеннен кейін де сыннан сүрінбей өткен жағдайда бірте-бірте беделге ие болып, тіпті ел ақсақалдарымен қатар бағалануын да дұрыс пайымдаған. Бұл орайда әйел теңдігі мәселесін қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтармен сабақтастырып берудегі М.Әуезовтің ұтқырлығын нақты детальдармен бекітіп отырады. Абайдың әйелге деген көзқарасы ұлттық этикет нормаларының заңды көрінісі ретінде берілетінін танытуды көздейді.

Эпопеяда Абай айналасы ақын туралы замандастар естелігіне сүйеніп суреттелетіні белгілі. Абайдың ғашықтық әлемі, махаббат жолында күресушілерге көмегі, кедейлер мұңын қозғап, оқыған орыс азаматтарынан жәрдем табуы, төңірегіне өнер адамдарын топтастыруы, әділет үшін азап кешуі шынайы мәліметтерден көп ауытқымайды. Тек ұқсас құбылыстар бірін-бірі сәтті алмастыратын жағдайлар бар. Абайдың әкесі, туғандары, дос-жарандарына көзқарасы, Оразбай мен Оспанның кескіндемесі сияқты дерегі мол мәселелер романды жазу барысында тіршіліктегі қалпы және эстетикалық әсері жағынан терең үйлесімге жетуін Л.Әуезова кең арнада логикалық жіті түйсікпен дәйектеп отырған.

Әдебиеттер тізімі

1. Балақаев Т. Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова – тарихшы ғалым / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М.Майлыбаева, А.Қ.Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000. – 500 бет.
2. Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. - Алматы: Мектеп, 1997. - 272 бет.

4. Қайрат Рай. Зерделі зерттеу: қоғам талабы және тың тұжырымдар / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М.Майлыбаева, А.Қ.Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000. – 500 бет.

ӘОЖ 811.512.122

3. АХМЕТОВ ЗЕРТТЕУІНДЕ М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫ

Сейпутанова А.Қ., филология ғылымдарының кандидаты,
С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың қауымдастырылған профессоры
С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aiimgul@bk.ru

Жаһандану жағдайында қазіргі қазақстандық әдебиет гуманизмнің батыс және шығыс модельдерін синтездеу арқылы жалпыұлттық идея контекстінде жаңа мәдени антропология қалыптастыруда. Осы орайда отандық тарихи-мәдени парадигманың негізін қалаушылардың мұрасына жүгінген дұрыс. Белгілі әдебиеттанушы ғалым, ҚР ҰҒА – ның академигі, филология ғылымдарының докторы Зәки Ахметов әдебиетті зерттеудің озық үлгісін танытып, түпнұсқамен, мәтінмен жұмыс жасай отырып, зерттеу нысанына алған автордың шығрамашылық шеберханасымен қоса оның нәр алған рухани мектебін, игі әсер еткен ортасын да зерттеп, зерделеуді басты назарда ұстаған. Сондай-ақ әдебиеттану ғылымына үлес қосқан отандық және шетел ғалымдарының еңбектерімен де жете танысып, өзіндік талдаулар жасауда, байламды тұжырымдар келтіріп, ғылыми көзқарастарын білдіруде асқан ғұламалық танытқанына баға жетпес мұралары толық дәлел. 3. Ахметовтің сыни шығармалары тек ғылыми мақалалар емес, – бұл қазақ классикалық әдебиеті феноменінің поэтикалық түсіндірмесі.

3. Ахметов өзінің саналы ғұмырын Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына, оның ішінде «Абай жолы» эпопеясын зерттеуге және абайтануға арнағаны баршамызға аян.

3. Ахметовтың «М. Әуезовтің Абай туралы романы» атты алғашқы мақаласы 1956 жылы И.Дүйсенбаевпен бірігіп жазылған. Одан кейін 1978 жылы жарық көрген «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы» еңбегі романның жазылу тарихынан сыр шертеді[1]. 1997 жылы ғалым «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» [2] атты оқу құралын қалың оқырманға, оның ішінде әдебиеттанушыларға, журналистерге, ғылыми қызметкерлерге және студенттерге, сондай-ақ әдебиет мәселелеріне қызығушылық танытқандардың барлығына да арнап жазды. Алғы сөзінде ғалым М. Әуезовтің еңбегінің құндылығын тың көзқараста саралап, әсіресе бүгінгі ХХІ ғасыр ұрпағы үшін өзекті екендігін тілге тиек етеді. «Абай жолының» идеялық мәні бүгінгі тұрғысынан қайта түлеп, санамызда қайта жаңғырып, Абайдың кесек тұлғасы бет түзейтін жаңа бағдарламға айналып, қазақ елінің рухани болмысы арқылы өткен тарихымызға көз жүгіртіп, өмірдің мәнін тереңдей түсінуге, ұлттық құндылықтарды бағалап, бағамдауға және әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күреске білуге, имандылықты күшейтіп, руханиятты ілгерлетуге шақыратын маңызы

айқындала түскенін баса айтуға болады. «Қазақстан ХІХ және ХХ ғасырлар тоғысында үлкен әлеуметтік-тарихи өзгерістер қарсаңында тұрды» [2, 8] - дейді ғалым. З.А. Ахметов аталмыш оқу құралында ғылыми және философиялық - публицистикалық еңбектердің үлкен библиографиялық тізімін жасайды [2, 382].

Мұрағаттық және қолжазбалық материалдармен, алғашқы басылымдармен жұмыс жасап, көпжыл көз майын тауысып, талмай ізденіп, зерттеулермен ыждаһатты айналысуы ғалымға өзі зерттеген мәселелер төңірегінде сенімді түрде тиянақты тұжырым жасауға, өзіндік көзқарастарын дәлелді дәйектермен беруге толық қақысы барын танытады.

«Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша З. Ахметовтің интерпретациясы М. Әуезов поэтикасының ерекшелігін барынша терең әрі толық танытады.

Ғалым оқырмандардың эпопеяны толыққанды түсінуі үшін тақырыптық, идеялық, мазмұндық және көркемдік ерекшелікті тұтас бірлікте тануына басты назарларын аудартады.

Алайда зерттеуші үшін бұл аксиоматикалық ұстанымның артында суретші даралығы туған халқының көркем және поэтикалық ойлау жүйесіне арқа сүйегенін айқын аңғартады. Ғалымның ойынша қазақ прозасы, «салыстырмалы түрде шағын тарихқа» ие бола отырып, «халықтың поэтикалық өнерімен тікелей байланысты» болатынына сөзсіз сендіреді [2, 225]. Бұл М. Әуезов прозасына да тән дүние. Мұнда ғалым М. Әуезовтің бала Абайдан бастап кемел тұлғаға дейін жету жолын көрсету арқылы жарты ғасырға жуық қазақ тарихын ғана танытып қоймай, ақынның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі, салған ізі, өшпес мұрасы арқылы дәстүр жалғастығын да танытуға тырысқандығын анық байқаймыз. М.Әуезов эпопеяны жазу барысында баяндаудың әртүрлі тәсілдерін қолданғандығын талдаулар нәтижесінде баса айтады.

З. Ахметов атап өткендей, «Абай жолы» романында эпикалық баяндау басым, сонымен қатар, жазушы «асқан көркемдік шеберлікпен бір жақты әңгімелейді, сипаттайды және бейнелейді» [2, 225].

Біздің ойымызша, З. Ахметовтың жаңалығы – «Абай жолы» эпопеясын талдай отырып, сыни көзқарастары арқылы М. Әуезовтің феномен жазушы ретіндегі қырларын ашуы. Эпопеяда М.Әуезовтің Ұлы Абай болмысының сыртқы келбетін ғана емес, ішкі әлемін танытудағы шеберлігін көрсету арқылы ақын шығармаларына арқау болған оқиғаларға, оған қатысты көңіл-күйіне, сезім қалтарыстарына, жұмбақ сырларына да көз жеткізуге болады. Ғалым осының барлығын өзінің еңбегінде жүйелі зерделеген.

З. Ахметов Абай өлеңдеріне мәтіндік талдау жасауда М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының үзінділерімен егжей-тегжейлі салыстыра отырып, өз оқырманына қамтылған көркемдік әлемнің бірегейлігін таныта отырып, барынша айқын жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, З. Ахметов М.Әуезовтің алғашқы махаббат сезімін бейнелеген бозбала Абайдың көңіл-күйіне толық сәйкес келетін айлы түннің сипатына жүгінеді: «сүйіктім... бұл тебіреніске толы сөзді Абай бірнеше мәрте өзі оқыған кітаптарында кездестіріп, басқалардан естіген еді. Ал бүгінде ол ән түрінде де емес, кітап парақтарында да емес, оның көз алдында өзінің барлық сүйкімділігімен шынайы көрініс тапқан» [2, 230].

Әрі қарай З. Ахметов зерттеушілік пайымымен М. Әуезов жасаған айдың поэтикалық бейнесінің ауқымын кеңейтеді. Түндер: оны қазақ поэзиясының дәстүрлі контекстіне енгізеді: «жазғы ай оның сергітетін салқыны бар түн даладағы ыстық күнді алмастырады - бұл күндізгі уайымнан арылған көшпендіге арналған, демалу үшін жақсы уақыт, ал жастар үшін ойын – сауыққа ыңғайлы уақыт» [2, 230]. Оқырман алдында жай тарихи анықтама ғана емес, «жаздың айлы түні» көшпендіге арналған, бірақ оның қарапайым поэтикалық сипаты өз халқының ғасырлар бойғы өмірінің тарихи салты.

Поэтикалық нәзік көркемдік талғамға ие ғалым, эффектін қос рефлексия ретінде жеткізе алған: Абайдың ақындық әлемі - Әуезов эпопеясының көркемдік әлемімен астасып жатыр. Соның арқасында Абай өмірбаянының фактілері халық эпопеясының жалпылама поэтикалық сипатына ие болған.

Зерттеуші М. Әуезов романының бастапқы дерек көзінің мәтіні ретінде Абай өлеңін келтіреді. Бұл алдымен мәтіннің тақырыбына өзінің жолма жол аудармасын береді. Мысалы: «Желсіз түн, жарық ай - желсіз түнде жарық ай...» Осылайша З. Ахметов көркем мәтінді интерпретациялау шегінде бірлескен шығармашылық процесстен өзін бөліп, жармайды. Абайдың шығармашылық мұрасының тұтас көркемдік әлемін жеткізеді. Жазушының бейнелі суретті қалай қайталай алатынын көрсету Ұлы ақынға тиесілі поэтикалық мәтін болып табылады. З. Ахметов «Абайдың лирикалық шығармалары егер деректі негіз болмаса, онда ол М. Әуезовке арналған нақты әдеби материал» деп көрсетеді [2, 231].

Зерттеушінің бұл таңғажайып жаңалығы іс жүзінде қазіргі әдебиеттану ғылымы дамуындағы антропологиялық кезең десек болады.

«Абай поэзиясы оның әлеуметтік көзқарастарын және адамгершілік мұраттарын түсіну үшін, эстетикалық көзқарастары мен сол әлеуметтік ортаны түсіну үшін тірек болды. Оқырманға әрі түсінікті, әрі соншалықты қарапайым болып келеді» дейді З.Ахметов [2, 236].

В. В. Савельева анықтамасы бойынша көркем антропология пәні «өнерде қайта құрылған адам, зерттелген басқа адам» болып табылады [3]. З. Ахметов еңбегінің көркем мәтіні «қос деңгейлі» антропологияны ұсынады. М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясында ақынның шынайы өмірдегі бейнесі емес, лирикада ақын сомдаған бейне ретінде оның шығармашылық өмірбаяны, образы қайта жасалған, демек, «біздің көз алдымызда екінші дәрежелі және басқа адам пайымымен қайта жасалған адам бар» [3,6]. Бірінші деңгейдегі антропологияда «оқиға немесе кейіпкердің мінез-құлқы сипатталған ба немесе оның ойлары мен сезімдері, сыртқы келбеті қоршаған ортаны бейнелейді ме, онда іс-әрекет орын алатындығы - жазушының даралығы, ерекше шығармашылығы айқын көрінетіндігі зерттеуші дәлелдеуімен жүзеге асады [2, 224]. Ғалымның өзі Абайдың шығармашылық тұлғасын әуезовтік қабылдаудың аудармашысы ретінде «субъективті сүзгі» болып табылады: «адам - оқырман, ол реципиент және аудармашы» [3, 6]. Мұны екінші деңгейдегі көркемдік антропология ретінде қарастыруға болады. З.Ахметов М.Әуезов «нақты эмоционалды атмосфераға» терең ену арқылы ақын бейнесінің көркемдік сенімділігіне қол жеткізгеніне, «ақын жанының белгілі бір қасиеттерін түсініп, оларды белгілі бір эпизодқа немесе суретке түсіріп қана қоймай, оларды эпопея мазмұнының барлық байлығымен көркем байланыстырады». Зерттеушіге

«прозашы Әуезовтің шығармашылық қуаты, күші» эпостың көркемдік идеясын қайта құруда және терең дамыту процесінде айқын көрінеді. Сонымен қатар Абайдың поэтикалық шығармаларының мотивтерін шығармашылықпен түсінеді [2, 236]. Ғалым М. Әуезовтің эпопея мәтінінде, нақты өмірлік жағдайларда Абайдың лирикалық шығармаларының мотивтерін шығармашылықпен қалай жүзеге асыратынын айқын көрсетеді.

Мәселен, Абайдың көзімен қазақтың кедей бұқарасының ауыр өмірінің суреті, мүшкіл халі «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» атты өлеңінде көрініс тапқан. Сол сияқты «Қараша, желтоқсан мен сол бір - екі ай...» өлеңі 1888 жылы жазылған. Бұл Абайдың пейзажды лирикасының ішіндегі таңдаулы шығарманың бірі, көшпелі қазақ аулының әлеуметтік жіктелісін, тұрмыс айырмашылығын анық көрсеткен мазмұны терең, көркемдігі жоғары, идеясы биік туынды. Зәки Ахметов «ақын күн суып, ауа райы бұзылып, күз созылып, қысқа аяқ басқан шаруашылыққа қолайсыз бір шақтағы қалт-құлт еткен ауыл өмірінің суретін реалистік дәлдікпен, нақты адамдар тұлғасы арқылы, тірі, жанды суретті көз алдымызға әкеледі» - дейді. Мұнда табиғат суреті мен адамдар қимылы жымдаса бейнеленген.

Абайдың түсініп, қабылдағанындай, шығармашылық тақырыбын жеткізуде М. Әуезов те ерекше текстураға қол жеткізеді. Жазушы өлеңге жүгінеді «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» деген өлеңінде күрделі метафоралық құбылыстардың арқасында ақынның келбетін, адами болмысын ашады. Жазушы Абай шедеврi осы лирикалық-философиялық процесті дәлірек қайталайтынын көрсетеді. Бұл таңқаларлық: З. Ахметов сүйсініп, жазушының тапқан амалымен Абайдың өлеңін талдауға «қосылып», түпнұсқасын келтіреді. З.Ахметов М. Әуезовтің «Абай жолы» романы туралы сыни ойларында дереккөз материалы талап ететіндей көркем мәтіннің поэтикалық оқу әдісін айқын көрсетеді. Зерттеуші ғалым әйгілі эпопеяның бейтарап комментаторы ретінде қалмайды - ол Ұлы ақын поэзиясының үздіксіз эстетикалық және педагогикалық құбылысын әуезовтік мәтінінің көркемдік әлемінде ашылған жоғары поэтикалық деңгейде айқын көрсетеді. Абайтану мен әуезовтану ғылымына үздіксіз үлес қосқан ғалым Зәки Ахметовтың еңбектеріне зер сала отырып, оның ғылым жолындағы жүйелі ізденістеріне барлау жасау арқылы шығармашылық ғұмырнамасымен толықанды танысуға әбден болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметов З. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. Алма-Ата, «Наука», 1984.
2. Ахметов З. Роман-эпопея Мұхтар Әуезов. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 288 бет.
3. Художественная антропология и творчество писателя: Учебник для гуманитар. фак-тов. Под ред. В.В. Савельевой, Л.И. Абдуллиной. – УстьКаменогорск-Алматы, 2007.
4. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, 2002. – 408 бет.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995. – 272 бет.

ПОЭТИКА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА.

О.А. КУВШИННИКОВА «ДИАЛОГИ»

Тетерина Е.С.

Научный руководитель: Сидихменова Т.И., сениор-лектор кафедры русской, казахской филологии и журналистики
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: liza_teterina@bk.ru, z.sidi@yandex.ru

Ольга Александровна Кувшинникова – автор двух поэтических сборников. Кандидат филологических наук. В настоящее время работает сениор-лектором кафедры филологии Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова. Член Союза писателей России (Общественное объединение «Казахстанское объединение членов Союза писателей России»). Победитель республиканского литературного конкурса «Алтын Қалам» 2019 г. в номинации «Лучшая поэзия года» и лауреат республиканской литературной премии «Алтын Қалам». Была в составе жюри международного интернет-конкурса «Открывая своё сердце», «Абай мұрасы. К Абаю...» (2020 г.) Также публиковалась в Казахстанском литературно-художественном и общественно-политическом ежемесячном журнале «Нива». (Выпуск № 9, 2012 г.), в журнале «Дактиль» (Выпуск № 4, январь 2020 г.). Помимо этого, есть публикации в Санкт-Петербургском журнале поэзии «Окно» (2010 г.).

Ольга Александровна – талантливая поэтесса, отличающаяся особым мировосприятием, что позволяет говорить об уникальности её творчества.

Цель настоящей работы состоит в исследовании системы изобразительно-выразительных средств в произведениях сборника «Диалоги».

Теоретической основой исследования являются труды по системному анализу лирического произведения Т.Т. Савченко, Рамазановой Г.Г., Лотмана Ю.М.

Сборник «Диалоги» включает в себя 54 стихотворения, которые объединены в 4 тематических группы:

- «Вне времени и пространства»;
- «Стадия отрицания»;
- «В нарушение правил»;
- «Вне жанра».

Заглавие поэтического сборника указывает на то, что в основе лирического сюжета книги лежит воспроизведение диалогов с контрагенсами: начиная с внутреннего монолога (диалога с самим собой) («Постарею, побелею...», «Мысли мои», «Время шуршит листопадом», «10 минут декабря», «Метаморфозы», «Моей души убогая лачужка», «Может», «Положено однажды заблудиться...») и заканчивая полилогом с высшими представителями Мироздания («Не летается», «Город огней», «Корабли», «Гонец неугомный, вечный странник...», «Читаешь руны», «Отстранение», «Пишу Тебе», «Этот день на Тебя похож», «Берегите...», «Этюд»). Перед тем как обратиться к анализу образа пространства, следует выделить интертекстуальные фрагменты, которые отсылают нас к поэтам прошлых

лет. Это позволит определить авторов, на чьи традиции опирается Ольга Кувшинникова.

К стихотворению «Опять декабрь» автор использует в качестве эпиграфа первые строфы произведения Б.Л. Пастернака «Зимняя ночь» из цикла стихотворений Юрия Андреевича Живаго, главного героя романа «Доктор Живаго»:

Мело, мело по всей земле
Во все пределы.

В самом стихотворении Ольги Александровны мы также наблюдаем схожие конструкции построения строф:

Ср: ...Слетались хлопья со двора
К оконной раме...

Б.Л. Пастернак

...К окну за сумерками зимними
Слетались сны.

О.А. Кувшинникова

Ср: ...Метель лепила на стекле
Кружки и стрелы...

Б.Л. Пастернак

...Метелил снег, звеня анапесты
Кругами влёт...

О.А. Кувшинникова

Присутствие схожих паттернов построения строф говорит о том, что художественное видение поэтессы близко эстетической позиции Б.Л. Пастернака.

Кувшинникова использует образы, в читательском восприятии ассоциирующиеся с творчеством Б. Пастернака и О. Мандельштама. Однако, если поэты XX века реализуют архетипы насекомых в качестве визуализации, то в произведениях Ольги Александровны они приобретают и аудиальную функцию:

Ср: ...Как летом роем мошкара
Летит на пламя...

Б.Л. Пастернак

...И комаров не слышно в доме...

О.Э. Мандельштам

...Звенит фальцетом комара

<...>

Трепещет муза-стрекоза...

О.А. Кувшинникова

В строфах «Зимней ночи» Пастернака образ «мошкары» выполняет функцию визуализации, а в произведениях «Мне жалко, что теперь зима...» Мандельштама и «Когда распахивает лето...» Кувшинниковой образы «комаров» и «стрекоз» выполняют функцию аудиализации.

В творчестве Ольги Александровны есть ссылки на зарубежных поэтов, в частности на Гийома Аполлинера и его произведение «Мост Мирабо». Поэтесса в стихотворении «Город огней» использовала название его произведения в качестве эпиграфа, применила приём аллюзии:

Ср: А внизу под мостом –
Волны рук, обречённые муке,
И глаза, обречённые долгой разлуке.

Гийом Аполлинер

Тонет под Мостом Мирабо
Нашей прежней жизни
Театр.

О.А. Кувшинникова

Анализируя систему изобразительно-выразительных средств, необходимо подчеркнуть, что в стихотворениях поэтического сборника «Диалоги» преобладают метафоры и эпитеты, реже – сравнения. Особенностью творчества Ольги Кувшинниковой заключается в создании «авторских метафор» и авторских неологизмов.

В метафорах Ольги Александровны прослеживается органическая связь лирической героини с сезонными изменениями в природе, она тонко и отчетливо в деталях чувствует круговорот времени.

- Зима. «Опять декабрь»: «небо звёздами проколото», «строил парчу», «дымом вьюг ступал непрошено», «морозный грим», «звёзды робко жались к бархату», «моста браслет», «метелил снег», «ели разлапистые»

«До умопомрачения – зима»: «потянет строчкой птичий след на белом», «швы одиночества», «зависть постылая», «сорит крупной небесная пустыня»;

- Лето. «Когда распахивает лето...»: «белые слоны», «око фараона», «барашки-волны», «фальцет комара», «муза-стрекоза»;

- Осень. «Осень»: «Игривый листопад», «притаился взгляд лисичий», «суетится лист по-птичьи», «страны, где поют дельфины», «грузди с брызгами на чёлках», «журавлиная баллада».

Авторские метафоры, а также система архетипов создают образ пространства. Сравнение моста с браслетом («Опять декабрь») свидетельствует, с одной стороны, о границах, так как браслет имеет замкнутую систему, то есть внутреннее пространство. С другой стороны, через этот троп в текст произведения вводится внешнее пространство – те адресаты, с кем в диалог входит поэт.

Теперь обратимся к прямоугольной (декартовой) системе координат, которая поможет отразить архетипы, создающие образ пространства в поэтическом сборнике «Диалоги». Сквозные образы «звёзд» (повторяется 17 раз), «ночи» (повторяется 5 раз), «насекомых» (повторяется 6 раз), «снега» (повторяется 5 раз), «окна, форточки» (повторяется 3 раза), «неба» (повторяется 10 раз) располагаются в верхней части плоскости и по вертикальной оси, это свидетельствует о том, что взгляд лирического героя устремлен ввысь, в вечность. Сквозные образы «луга», «ручья», «рек», «мостов», а также строфы «...Грезя Ла-Маншем, Босфором, Карибами...», «...От Магеллана, Колумба и Беринга...» («Корабли») располагаются по горизонтальной оси, раздвигаются земные пределы пространства. Образ пространства в поэтическом сборнике «Диалоги» не имеет ни начала, ни конца – оно бесконечно.

Из вышесказанного можно сделать следующие выводы:

- 1) в работе изучены структура и содержание поэтического сборника «Диалоги»;
- 2) рассмотрены интертекст, аллюзии и реминисценции в текстах сборника, показана тесная связь художественного мира автора с творчеством русских и зарубежных поэтов;
- 3) выделены «авторские метафоры» в произведениях книги;
- 4) проанализирована система архетипов, создающих образ пространства в художественной ткани произведений.

Список литературы

1. Кувшинникова О.А. Диалоги: Сборник авторских произведений. – Усть-Каменогорск: ИП Аникин Б.П., 2019. – 70 с.
2. Лотман Ю.М. Поэтика художественного текста. Структура стиха: Пособие для студентов. – Ленинград: «ПРОСВЕЩЕНИЕ», 1972. – 273 с.
3. Савченко Т.Т. Субъектный строй русской лирики. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2000. – 304 с.
4. Рамазанова Г.Г. Анализ поэтического текста: Методическое пособие. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2004. – 52 с.

УДК 8.882

ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Тогумбетова Ж.С.

ОСШ №13, Талгарский район, Алматинская область, Казахстан
e-mail: Zhuncha@mail.ru

В настоящее время, с помощью развития цифровых инновационных технологии наша страна ставит перед собой задачу, войти в число развитых стран. Внедрение передового опыта развитых стран в систему образования страны современное оснащение образовательных учреждений, обеспечивает получение качественного образования учащимся. Цифровая система, которая была внедрена в разную отрасль, стало необходимым для нашего общества.

Ключевые слова: русский язык, цифровая технология, компетенций, урок, развитие, общество.

В настоящее время работа по цифровизации общества является главным стратегическим приоритетом многих государственных посланий. Поэтому проводится работа по просвещению населения по широкому использованию цифровых технологий во всех сферах, в том числе в области медицины, центра обслуживания, образования. Во времена развития таких цифровых технологий перед нами стоит задача-дать будущим поколениям современное образование.

Это связано с тем, что у каждого учителя разные мыслительные способности, например, некоторые быстро думают и выполняют быструю работу, а некоторые медленно воспринимают учебный материал. Учителю приходится пересматривать

задание таким ученикам. Особое внимание в практике учителя - новатора уделяется его способности преобразовывать уроки и находить выход из ситуации. Один из способов его реализации-эффективное использование современных цифровых технологий на уроке русского языка и литературы. В настоящее время в целях методической поддержки педагогов существуют различные образовательные платформы (smk.edu.kz, cpm.kz, bilimland), есть интернет-ресурсы. В своей практике хотелось бы остановиться на возможностях наиболее часто используемых эффективных программ. Хочу продемонстрировать вам зачем и как я использую эти методы, какие результаты они дают в итоге.

Программа Edraw Max

Старший лектор Кембриджского университета, PhD Элейн Уилсон из Великобритании в своей работе "использование цифровых технологий на уроках для повышения качества преподавания и обучения" отметил, что презентации являются наиболее эффективными методами работы и особенно заметны в случае использования концептуальной карты, а не изображенной на плакате работы учащихся. Также остановимся на возможностях программы для работы с концептуальной картой. [1]

Один из методов обучения, который мы используем на занятиях- это работа с плакатом. В процессе работы с плакатом учащиеся творчески излагают свои мысли по определенной теме с помощью плакатов, стикеров и цветных маркеров. В дисциплине инфоформат я часто использую Edraw Max для создания тематических плакатов на своем уроке. Это связано с тем, что очень эффективно использовать готовые шаблоны плакатов, концептуальных карт в соответствии с дисциплинами в программе Edraw Max.

Программа Plickers

В своей практике я хочу подробно остановиться на алгоритме работы следующей программы Plickers, которую я часто использую.


Для работы с этой программой учителю достаточно иметь лист А4 и мобильный телефон, а у учащихся-штрих-код на листе А4.

Прежде чем мы начнем, мы должны загрузить программу Plickers на наш мобильный телефон. Мы должны связать класс, тест и билеты, посетив сайт Plickers.

I. Подготовка теста на сайте

Регистрация на сайте. Регистрируемся, посещая сайт Plickers. Служба кнопок в окне, которое открывается после регистрации:

Сейчас играет-начало прохождения теста, новый набор – создание теста, Последний – последнее выполненное действие, Ваша библиотека – список вопросов, Отчет – показывает набранный балл учащихся, Протокол – можно посмотреть отчет всех классов.



Создание класса. Выбрав шаг нового класса, создадим класс и войдя в этот созданный класс, введем учеников в класс, нажав кнопку Add Students. При нажатии кнопки Next появится список учащихся. Число перед каждым учеником это штрих-коды, которые присваиваются учащимся. Можно даже распечатать


открывшуюся страницу. Потому что вы будете знать, какой штрих-код вы дадите какому ученику в каком классе.

Нажав кнопку Done, мы можем увидеть список всех учеников, добавленных в наш созданный класс. Чтобы создать настройку для отдельных классов, мы можем создать настройку из окна, открытого нажатием кнопки "Настройка".

То есть выбрать цвет класса, какой предмет вы преподаете этому классу, выбрать номер класса.

Программа Wordwall

С помощью Wordwall на уроке русского языка и литературы вы можете создавать различные интерактивные задачи, используя различные шаблоны. Такие задания эффективны для выявления знаний учащихся на основе различных методов и повышения интереса учащихся к занятиям. Я часто использую эту программу на уроках в своей практике. Я намерена развивать у учащихся навыки аудирования, письма, чтения с использованием различных шаблонов программы. Другими словами, я работаю над запоминанием слов разными способами и в это мне очень помогают вот такие интерактивные игры.



Платформы образовательных технологий полны постоянных обновлений и обновлений, которые приносят пользу нам и нашим ученикам, но в разгар напряженных учебных дней может быть по понятным причинам трудно следить за новинками. В платформу Quizizz были внедрены ряд разработок, в том числе несколько новых типов вопросов. Эти разнообразные варианты позволяют преподавателям всех классов и предметных областей эффективно оценивать понимание учащихся на различной глубине знаний. Хотя разработка множества увлекательных и сложных заданий для учащихся является важной частью профессии учителя, она, безусловно, может занять много времени. «Использование технологий для изменения планов уроков – отличный способ упростить процесс дифференциации, а также эффективно повторно использовать и улучшать прошлые уроки». Вот тут-то и приходит на помощь Quizizz – платформа, облегчающая вашу работу; это всего лишь один из многих способов, которыми стремится быть ресурсом для педагогов. Применяя на уроках русского языка можно использовать викторины «Какое слово лишнее?», большой сбор готовых заданий по пословицам и поговоркам, можно самостоятельно подготовить собственную викторину, запланировав заранее, варианты тестов для старшеклассников при подготовке к итоговой аттестации. Используя эту платформу можно отслеживать результаты каждого ученика, предоставляя обратную связь за успехи и результаты. Хочу привести пример в 5 классе в разделе VI. КУЛЬТУРА ОДЕЖДЫ по теме «О чём может рассказать

одежда?», применив эту платформу, разработано задание по отрывку из произведения И.С.Тургенева «Бежин луг» о главных героях – мальчиков, разных возрастов и деятельности, в чем они были одеты. Подбирая картинки верхней одежды армячок, пестрая ситцевая рубашка с желтой каемкой, войлочная шапочка, сапоги, лапти, кроссовки, сюртук, пальто, кеды. Учащиеся должны правильно по тексту надеть мальчиков Федю, Павлушу, Илюшу, Костю, Ваню, запоминая правописание и произношение слов. Урок получился интересным и живым.

В итоге общей задачей учителей является воспитание сознательного ученика, способного идти в ногу со временем. Потому что я думаю, что в настоящее время только учитель и ученик, владеющие теоретическими цифровыми технологиями, в будущем будут свободно выступать на трудовом фронте.

Перспективы развития образовательных организаций определяются разнообразием объемов информации, постоянно возрастающей с тенденцией развития общества. Применение новых технологий обучения в образовании учащихся, работа в инновационном направлении востребованы современно. Эффективное использование и применение информационно – коммуникационных технологий обучения в учебном процессе дает значительный положительный опыт. Особенно благоприятные условия для самостоятельного поиска, повышения интереса учащихся к предмету, развития их творчества, формирования культуры учебной деятельности, организации самостоятельной работы.

Другими словами, учитель это человек который первым проникает в пространство и обеспечивает его систематическое и профессиональное окружение. Сегодня поток информации очень большой. Для работы в информационной среде любой педагог должен быть учителем с развитой коммуникативной и информационной культурой, умеющим пользоваться интерактивной доской, владеющим приемами работы в режиме онлайн, уметь систематически выражать свои мысли.

Использование информационно – коммуникационных технологий и информатизации системы образования в учебно – воспитательном процессе, несомненно, повысит интерес и качество знаний учащихся, вдохновит их на творчество и сформирует научное видение.

В заключение следует отметить, что в настоящее время во всем мире большое внимание педагогического сообщества направлено на оперативное формирование новых цифровых компетенций. Опыт прошлых лет показывает, что в современных условиях учителя должны как можно учиться большему, осваивать современные технологии, осваивать новые средства обучения и взаимодействия, а также внедрять в свою повседневную работу все эффективные форматы обучения. Овладение навыками информационной и медиаграмотности, цифрового общения и сотрудничества, создания цифрового контента, ответственного использования цифровых ресурсов и решения технологических проблем-огромная задача, стоящая перед учителем.

Список использованной литературы

1. Государственная программа "Цифровой Казахстан". Астана. 2017 год.

2. Элейн Уилсон. Использование цифровых технологий на уроках для повышения качества преподавания и обучения / педагогический диалог. №2 (12) 2015. - С. 13-17.

ӘОЖ 821.512.122.09-13

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ЗАМАН ТРАГЕДИЯСЫН ЖЫРЛАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Толеева А.Е.

Ғылыми жетекші: Апышева К.А., филология магистрі
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: toleeva02@inbox.ru

Зар заман ақындары - сол ел қамын сөзбен жоқтаған жоқшылар. Зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығын ауызша әдебиет ретінде, ал мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек.

Тарихшылардың көбі жазба әдебиет деп жазу кірген соң шыққан әдебиетті айтады, әйтпесе жалғыз ақынның жазып шығарған өлеңін айтады. Елдің әдебиетін ауызша және жазбаға айыру үшін қолданылатын ең оңай, ең сыртқы белгі - осы. Жаңағы зар заман ақындарына осы белгінің жалғыз өзін алып қараса, алғашқы ақындар жазып айтпаса да, орта буыннан бастап, соңғыларының барлығы жазып сөйлейтін болған.

«Зар заман ақындары халық тағдыры этномәдени кеңістіктің тұтастығымен тығыз байланысты екендігін жақсы түсінді», - дейді мәдениеттанушы М.Ғабитов [1,98 б.]. Демек, ақындардың санаулы түрде ұлт жоқшысы болып, тұйыққа тірелген дәстүрлерінің мүлде жойылып кетпеу үшін арпалысқа түскендігіне дау жоқ. Ендеше, ұлт болып ұйысуды, ел болып бірлесуді сақтау идеясы – зар заман ақындары толғауларының алтын қазығы. Бұл, негізінен зар замандық сарын ыңғайында, яғни «біз бірлік – берекеден айырылып барамыз, бүйте берсек, құрймыз» деп, ұлт тағдырын ойлап ұрандап, дабыл қағу түрінде көрінеді.

Қазақтың көшпелі өмірін аңсап, өткенге көз жіберіп ой толғауы жағынан Мұраттың «Сарыарқа» шығармасы мен Әбубәкір Кердерінің «Қазағым» атты толғауы бір - біріне қатты ұқсас. Мұрат ой - арманын, қайғы - мұңын қоныстың құтсыздығына, мекеннің қайырсыздығына орайластырса, Әбубәкір ұлттық салт - дәстүрдің азып - тозғанына налиды. Қазақылықтың көріністерін кешегі күннен іздейді. Ақындардың тұжырымы бойынша, бүгінгі күннің еншісінде сол қимас дәуреннің тәтті елесін іздеп өкіну, күйініш білдіру ғана қалған. Мәселен, Мұрат ақын қазақтың қанына біткен қонақжайлық салтын «Халқының әр аулына түскен қонақ жылқыдай болушы еді көлге келген», мыңғырған малын «Құдайым тастамады жалғыз тайын» халықтың ауыз бірлігін «Айырды ағайыннан күліп-ойнар», кең далада көшіп жүрген еркіндігін «Шалқыған шалқар көлдей қайран жұрттым, Бытырап, қоңсы болды әркімдерге» деп сағынышпен еске салады [1, 94].

Әбубәкірдің «Қазағым» толғауы да осы сарындас. Ұлт болып ұйысқан қалың қазақтың көшпенді өмірінің көріністері өткенді көзге елестету арқылы суреттеледі. Бұл отаршылдық жүйе халықты көп нәрседен ажыратып, қазақы салт-дәстүрлеріне қол салған кездегі көзқарас. «Жаңа низам» заңының өңірінде үстемдік құрып, жұрттың параға құмартып, шен - шекпенге үйір бола бастаған тұсы. Мұндай әрине, ұмыт қалған бұрынғы елдік үрдістер бағалы көрінетіні белгілі. Әбубәкір Кердерінің де жырлағаны - отаршылдықтың құрты буынына түспеген қазақ. Соның жарасты салт дәстүрлерін, өнегелі қасиеттерін тілге тиек етті. Мәселен, оның ұғымында бұрынғының қазағы мырзалығымен, байлығымен, сөзге тоқтайтындығымен, үлкенді сыйлайтындығымен, салтқа беріктігімен ерекшеленген.

«Жарлы деп жүз қой бітсе айтушы еді,
Қой, жылқы толықпаса мыңға барып.
Ғаділдік болушы еді ханның ісі,
Байменен қатар еді жарлы кісі.
Алдында ақсақалдың бітіспесе,
Белгілі болушы еді жаудың ісі.
Аға айтса, тындаушы еді жасы кіші,
Болмайды тіл алғаннан басы кіші.
Ері өлсе, кетпеуші еді қатындары,
Некелеп алушы еді жақындары»[2, 99 б.].

Өткен шақты білдіретін «еді» көмекші етістігі арқылы қазақы тіршілікті бедерлеген Әбубәкір соларды сынамай отырып, бүгінгі замандағы жоғалған құндылықтарды іздейді. Мұның уақыттың өлшеміне келсек, сонау көшпенді дәуірімізден 1868 жылғы «уақытша ереже» енгізілгенге дейінгі аралық қазақ ұлтының кемеліне келіп, сайран құрған кезеңі. Бұл турасында Әбубәкір: «Ол күнде «штаттанған» уақиға жоқ, Айдынды көл, алаша тау-жер белгісі», - деп кесім айтады.

Кердерінің өткенге ой жүгіртіп, өз заманындағы ұлттық салт-сананың жоғын жоқтауы Албан Асанның «Бұл заманда жоқ болғандар» атты толғауымен сабақтас. Әбубәкір «Жаңа низам» қазақтың батыс өңірін құрықтаған кездегі халықтың көңіл-күйін шертсе, Асан кең даланы жайлап, Жетісуға дейін жеткен басқыншылықтың бұғауындағы елінің қайғысын жырлады. Бұл қазақ жұртына отаршылдықтың тақымы әбден батқан, халықтың мінез-құлқы, керек десеңіз, ұлттық болмыс-бітімі ептеп өзгерген тұс. Өйткені отарлаушы елдің отар елді өз ыңғайына бейімделген белгілі.

Белгілі ғалым М.Мырзахметовтың пікіріне сүйенсек, дәл осы мақсаттағы «әрекет өрісінің ауқымында алдымен қазақтар, артынша ортаазиялық халықтар тұрды. Бірақ өлкенің өзара ерекшелігіне орай, орыстандыру, шоқындыру үрдісі жағдайға, уақытына халықтың діни наным мен салт-дәстүріндегі ерекшелігін еске ала жүргізілді. Ал, «салт-дәстүріндегі ерекшелікті ескеру» - ұлттық болмыс-бітімді өзгертуге бағытталған әрекет деген сөз. Албан Асан тұсында империя діттеген өз мақсатына біршама қол жеткізген. Жұрттың бұрынғы психологиясы өзгерген, бауырмалдығынан безбүйректігі, бірлігінен берекесіздігі басым, дуалы ауызды үлкеннің сөзіне құлақ қоймайтын, бетімен кеткен ұрпақ қалыптаса бастады. Ұлт ішінде тірлік - әрекеті мен мінез - құлқы заманына бейімделген жаңа әулеметтік топ

пайда болды. Албан Асан «бұл заманда жоқ болғандарды» соларға байланыстырады:

«Қабағына қарарға,
Жаны ашыған жақын жоқ.
Кімге қарап тартарсың,
Айтатын жақсың ақыр жоқ.
Берекелі бейілді
Бұрынғы момын халқың жоқ.
Қисайғанды түзерге
Көп ауызды темір талқың жоқ» [3, 103].

Әбубәкірдегі өткенге сағыныштың белгісіндей «еді» мен Албан Асандағы кесімді «жоқ» ұлттық үрдісіміздегі құндылықтардың бірте - бірте азайып бара жатқандығын көрсетеді. Әрине, бұл жерде «ел азды, барлық дүние құрыды» сипатындағы бәрін жаппай терістейтін ақындық алаң көңіл әсерін айыптауға болмас. Өйткені бұл уайым – күрсініс күйі қарақан бастың, яғни жеке бір адамның жалқылық мұң - шері емес, халқының жанын жеген қара қатердің жалпылық мән иеленген көрінісі ғой. Осы себепті заманның зары мен запыранын ақтарған мұндай шығармаларды ұлт тағдырымен байланыстыра талдап – таразыласақ, көп нәрсеге көз жеткіземіз.

Қырғыз зар заман ақындары ұлт тағдырын толғағанда, көбіне «қырғыз – қазақ қор болды» - деп түйіндейді. Ал біздің әдебиетте мұндай үрдісті тек Асан Барымбекұлының өлеңдерінен ұшырастырамыз. Қырғыз айылдарына етене жақын жүрген Асан өз толғауларында «албан, бұғы» деген кезекті сөз тіркесін жиі қолданады. Албан – жалпақ Жетісуды жайлаған үлкен рудың аты, бұғы – қырғыз халқының іргелі руы. Асан шығармаларында халық, ұлт тағдырының қалай көрініс тапқанын түсініп – түйсіну үшін «албан» мен «бұғы» «қазақ» пен «қырғыз» деп ұғынсақ жетіп жатыр :

«Албан, бұғы, бұл күнде
Жер қонысың тарылды...
Албан менен бұғының
Құтырды қу шұнағы.
Албан, бұғы бұзылды
Сол уақытта бұл албан
Шалқып жатқан көл еді
Күннен күнге, албаным,
Заманың сенің тарылды.
Албан, бұғы аулына
Ата заңын тастатты» [3, 30].

Албан Асан шығармаларындағы қазақ ұғымын бұлайша оқшаулау бұрыннан қалыптасқан, халықтық жыр дәстүріміздегі сонау «алаш» сөзінен тамыр тартатын кең мағынаның ауқымы тарыла бастағанын аңғартады. Отарлауға ыңғайлы аумақтық бөлініс, қоңсы қонған ауылдар мен айылдардың қарым-қатынасы Асанның ақындық көзқарасына мықтап әсер еткен. Асанның көз ашқалы көргені – ахуалы ауыр албандармен бейнет тартқан бұғылар. Ақын бүкіл қазақ пен қырғыздың отаршылдықтан тартқан азабын солардың басынан кешкен қиын халін

баяндау арқылы әйгілейді. Құт берекесі кетіп, ынтымақ – бірліктен айырылған, орыс ұлықтарына ілесіп, өз ұлтын иттей талаған қазақты сынап – мінеуі де жаңағы «албан», «бұғы» ұғымдарының төңірегінде өрбиді.

Аталған ақындар шығармашылығындағы ұлттық мінезді бір ауыз сөзбен түйіндеу мәселесіне келсек, ол Дулатта бейқамдық, ертеңгі күнді ойламайтын алаңсыздық («Әуелгі қазақ деген жұрт, Миығыңды көрсетпей, ұстарасыз өскен мұрт»), Шортанбайда шарасыздық, көнбестік («Қазақ кез мойын атқа міне алмас, кең шалбарды кие алмас») түрінде көрінеді. Ал Әбубәкір Кердері халқының тәубашылдығын, еркіндігін баса айтады:

«Кемелденген халықпыз
Құдай бір деп Құранда.
Жүрісіміз ұқсайды
Арқада киік, құланға» [3, 19].

Осындай пейілі кең, мінезі дархан, ең далада еркін жортқан қамсыз қазақтың бодандық бұғауына түскен кейпі зар заман жырларында халық трагедиясының көрінісі ретінде бейнеленді. Ата-бабамыздан арман болған түпкі мақсат-тәуелсіздікке қол жеткеннен бері кешегі кеңес империясының тоталитарлық идеологиясы ұзақ жылдар бойы бұрмалап, көрсетпей әдебиет пен мәдениетіміздің бұрын біз үшін жабық парақтарына үңіле бастадық.

Тарихшы-ғалым, профессор Ж.Қасымбаевтың XIX-XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан тарихында әлі де толық ашылмаған, сондай-ақ кезінде теріс түсіндірілген мәселелер көп деген пікір шындыққа жарасымды. Көп жылдар бойы қозғаусыз қалған қазынамызды тарих шыңынан аршып, әдеби ағымдар мен дәуірлерді жұртына жол сілтеген тарихи тұлғалар мен ақындарымыздың туған халқына қайта табыстырып, рухани өмірімізге жарату бүгінгі әдеби-мәдени өміріміздің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі. Қай халықтың болмасын әдебиет тарихи ең алдымен сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Ендеше қазақ әдебиетінің тарихи-қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік, және саяси өмірінің бейнелі көрінісі соның сүрлеуі, ісі болып табылады.

Осы тұрғыдан қарағанда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әдебиетіміздің сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани талап-тілектерінен шет тұрмағаны анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әуезов М. Әржылдар ойлары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. - 235 б.
2. Әуезов М. Жиырмаматомдық шығармалар жинағы. – Алматы: жазушы, 1985. - 16 т. – 312 б.
3. Қалтайұлы М. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, мақалалар. - Семей, 1998. – 127 б.

ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Уркунчинова А.М.

Шығыс Қазақстан облысы білім бақармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «№26 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: akbota.kumarbek@mail.ru

*«Ғылым судың ағынына қарсы жүргендей,
бір орнында тұрсаң, ағыны кері қарай алып кетеді»
Зәки Ахметов*

Бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеттануы - көркем сөздің қандай проблемасын болса да жоғары теориялық деңгейде зерттей алатын, әбден толысқан, төрт аяғынан тік тұрған, толымды ғылым.

Бұл ғылымды қазірде үлкен ағаларсыз көзге елестету мүмкін емес. Олар өздерінен бұрынғы ұлылар мен алыптар іргетасын қалаған ұлттық әдебиеттануды ғылым ретінде қалыптастырып, осы күнгі жағдайға жеткізді. Міне, осы шоғырдың арасында академик Зәки Ахметов ерекше орын алады. Оның есімі бүкіл Кеңес Одағына, одан да тыс жерлерге белгілі болды. Оның мұндай танымалдылығының ең басты себебі – ғылыми-теориялық жағынан өте маңызды, әрі мағыналы зерттеулері болғаны күмәнсіз.

Академик Зәки Ахметовтің басты қасиеті – ол ғылыми проблемаларды таза ғылыми сипатта, тереңінен зерттегені және оларды таза қазақ материалы негізінде ғана емес, бүкілодақтық, һәм жалпы түркологиялық контексте қарағаны. Ал бұның өзі ғылымның тұжырымдары мен ой-пікірлері, көп жұрттың әдебиетіне тән заңдылықтар екенін дәлелдеп, Зәки Ахметовті ХХ ғасырдағы әдебиеттанушылардың ең алдыңғы қатарына шығарды. Бұл туралы әр ұлттың әдебиеттанушы ғалымдарының Зәки Ахметовтің зерттеулері туралы айтқан, әрі жариялаған рецензиялары толығымен растай алады. Академик Зәки Ахметовті филология ғылымының шыңына көтеріп, бүкіл дүние ғылымына танытқан ең жарқын еңбектері-әдебиет теориясына, соның ішінде поэтика мен поэзияға бағытталған зерттеулері. Осы салалар бойынша жазылған мақалалары мен монографиялары З. Ахметовті әдебиеттану ғылымы бойынша ең мықты әдебиет теоретиктерінің қатарына қосты. Зәки Ахметов әдеби байланыстар мәселесі бойынша да зерттеулер жазған. Әдеби байланыс проблемасын ол тек қазқ әдебиетіне, әдебиеттануға қатысты алып қарастырмайды. Әдеби байланыс көп қырлы болатынын, ол ылғи болып тұратын және байланыс жасап отырған елдердің әдебиетін де, мәдениетін де байытатын процесс екенін айтады. Ол жөнінде жазған мақалалары бір төбе. Сол арқылы ол дүниежүзілік әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі мол. Зәки Ахметовтің ғылыми-теориялық еңбектерінің ішінде ерекше атап өтетін зерттеуінің бірі- «Әдебиеттану терминдер сөздігі». Бұл жинақ ұлттық әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйелі берілген тұңғыш еңбек болды.

Әрбір әдебиетшіл қауымының қолынан түспейтін құнды еңбекке айналған бұл жинаққа әлем халықтарының әдебиеттануына тиесілі халықаралық

терминдердің қазақша балама түсінігі қоса берілген. Яғни әлем халықтарының әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлесі болды. Зәки Ахметовтің Абай мұрасы мен Әуезовтің шығармашылығына арналған зерттеулері - ұлттық әдебиеттанудағы теңдесі жоқ іргелі ғылыми еңбектер екенін баса айту керек. Себебі Абайдың ақындық ойшылдық дарыны мен Әуезовтің жазушылық шеберлігін зерттеу барысында ғалым екі ғұламаның қазақ әдебиетіндегі орнын жан-жақты дәлелдеп берді. «Абай және Әуезов» атты мақаласы З. Ахметовтің әлем әдебиеттану ғылымына қосқан зор үлесі болды. Ғалым әлем әдебиеттануының барысын қадағалай отырып, сол бағытта еңбектер жазды.

1976 жылы жазда Алматыда бүкілодақтық ІІ түркологиялық конференция өтті. Конференцияға 300-ден астам шетелдік және Ресей ғалымдары, оқымыстылары келді. Шетелден келген ғалымдар баяндама жасады. Негізгі баяндаманы З.Ахметов жасап, әлем әдебиеттануындағы жетістіктер туралы айтып, өзінің сүбелі ұсыныстарын енгізді. Келген адамдардың бәрі де оның біліміне, эрудициясына риза болып, таң қалысты, әрі оны дарынды, шебер ұйымдастырушы ретінде жоғары бағалады. Әлем әдебиеттануындағы ірі ғалым ретінде мойындады. Сол кездегі одақ бойынша өтетін әдебиеттану бағытындағы, конференция, жиындар Зәки Ахметовсіз өтпейтін. Ол сөйлеген сөзінде, жазған баяндамаларында, зерттеулерінде әлем әдебиеттану бағытындағы өзгеріс, жетістіктеріне талдау жасады. Ұлттық әдебиеттану ауқымынан асып, түркі тілдес және өзге де шетел ғалымдарына бағдар берер бағалы ойлар тек оған тән сияқты болып көрінеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының ХХ ғасырдың орта тұсында шыққан жаңа ұрпақ өкілдерінің ішінде Зәки Ахметовтің орны өзгеше. Оның зерттеушілік тәжірибесінде де, ғалымдық зерделілігінде де ой-пікір алымдылығында да үздік білімі мен парасаты білініп тұрады. Ол сол кездегі ұрпақтың алғашқы өкілі болып Ұлттық Ғылым академиясына сайланды. Зәки Ахметов үлкен ғалым болды. Оның еңбектерінсіз ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымының табыстарын елестету мүмкін емес еді. Әсіресе «Казахские стихосложения», «Өлең-сөздің теориясы», «О языке казахской поэзии» сияқты қазақ өлеңінің құрылымын, тіл қолданысын зерттеуге арналған теориялық еңбектері мен ол ғылымның осы саласында алғашқы болып қалам тартты. Ескірмейтін тың зерттеулер жасады. Оның Абай және Мұхтар Әуезов шығармашылығына арналған зерттеулері де әдебиеттану тарихында аса бағалы саналады. Қазіргі әдебиеттану ғылымына келсек, ол қоғамдық ғылымдардың ішіндегі ең өрістісі. Әдебиеттанушы болу үшін ұшан-теңіз білім керек. Белгілі бір шығармаға талдау жасау үшін, ол шығарманы оқып-біліп, бүге-шүгесіне дейін білу керек. Және оны әділ талдау керек. Зәки Ахметов өзінің әдебиеттану жұмысында әлем әдебиеттану ғылымын басшылыққа алып, қазақ әдебиетіндегі әдебиеттану ілімін, шетел ғалымдарының еңбектерін пайдаланған. Тіпті халықаралық конференцияларда шетел авторларының еңбектеріне де талдау жасап, қазақ әдебиетін зерттеу саласын байланыстыра келе, шетел ғалымдарын таң қалдырды. Әдебиеттану, зерттеу жұмыстары туралы Зәки Ахметов былай деп атап көрсетті: «Зерттеу, яғни әдебиеттану туралы айтсақ, қандай да ғылыми еңбек алдымен қоғамдық өмір талабына, қоғамдық сұранысқа жауап беретіндей болуы керек. Әр ұлттың менталитеті ескерілуі қажет. Әлем әдебиеттану бағытында осы ұстанымды ұстану керек. Әдебиеттану бұрмалауды кешірмейді. Қай шығарма зерттелсе, сол шынайы түрде зерттеліп, халық ұғымына берілуі керек. Зерттеудің зәрулігі де сол халықтың өміріне қажеттілігінен туындайды. Осы тұрғыдан алсақ,

бүгінгі таңда шексіз бай әдеби мұрамызды жүздеген таңдаулы көркем шығармаларды жас ұрпақ ұлттық рухымызды, дәстүрімізді, елдігімізді қастерлеуге баулитын етіп, танымдық, тағылымдық мән-мағынасын таныта тереңдеп зерттеу, сол арқылы жастардың патриоттық сезімін, келешекке сенімін арттыру қажет деп ойлаймын».

З.Ахметовтің «Современное развитие и традиции казахской литературы» деген зерттеуінің ғылымда үлкен орны бар. Мұнда қазақстандағы әдеби қозғалыстың тарихы қоғамдық даму өзгерістерімен тығыз байланыста зерттеледі. Онда көркем сөздің өзіндік ерекшеліктері оның даму жолының заңдылығы, жанрлар типологиясы және олардың өзара қарым-қатынас, ұлттық әдеби дамудың классикалық орыс және Еуропа, басқа елдермен, олардың әдебиетімен байланысы, көркем аударма жайы, әлем әдебиеттанумен байланысы т.б. мәселелер кеңінен қойылған және байсалды талдауға түскен. З.Ахметовтің ең соңғы кітабы – «Поэзия шыңы-даналық» деп аталады. Онда ғалымның қазақ поэзиясы жайлы ұзақ жылдардағы зерттеушілік ой пікірі жинақталған. Абайдың ақындық шеберлігі мәселелері кітаптың негізгі мазмұнын айқындайды. Осы еңбегі З.Ахметовтің поэзия сүйетін қауымға, зерттеушілерге қалдырған ғалымдық өсиеті деуге болады.

Жалпы үлкен ғалым, қазақ ғылымының мақтанышы Зәки Ахметов қазақ және әлем ғылымында шоқтығы биік ұлы тұлға.

Оның есімін ұмыттырмайтын осы қажырлы еңбектері.

Әдебиеттер тізімі

1. Зәки Ахметов Таңдамалы. Ана тілі, 2008 жыл.
2. «Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері». Үш қиян баспасы, 2003 жыл.
3. Зәки Ахметов Таңдамалы шығармалары. «Астана орда» қоғамдық қоры, 2021 жыл.
4. Сериік Қирабаев «Өмір тағылымдары». Қазақ энциклопедиясы, 2015 жыл.
5. Зәки Ахметов «Абайдың ақындық әлемі», Ана тілі, 1995 жыл.

ӘОЖ 821.09-13:37.091.3

МЕКТЕПТЕ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

¹Шакирова Ж.А.

Ғылыми жетекшісі: Сейпутанова А.Қ., қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

¹«М. Таенов атындағы негізгі мектебі» КММ, Ұлан ауданы, ШҚО, Қазақстан
e-mail: jako09.79@mail.ru

Заман талабына сай қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемдеу, қоғамның пайдасына да, жеке басының пайдасына да өз іс-әрекетін жүзеге асыруға дайын, білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қаблетті тұлғаны қалыптастыруды мемлекет ұстаздар қауымына міндеттеп отыр.

Қазіргі мектептің аса маңызды мақсаттарының бірі—оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру, білім сапасын және оқушылардың дамытушылық деңгейін көтеру. Қандай заманда, қандай реформа жағдайында болмасын білім ордасы—мектептегі басты тұлға – мұғалім. Ал мұғалімдер қауымының алдында тұрған басты мақсат – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болмақ.

Мектеп бағдарламасы бойынша 9-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында Асан Қайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV ғ.), Жиёмбет жырау (XVII ғ.), Бұқар жырау Қалқаманұлы, Шалкиіз жырау, Ақтамберді Сарыұлы (XVIII ғ.), Үмбетей Тілеуұлы (XVIII ғ.) осы аты аталған жыраулар поэзиясы өкілдерінің қысқаша өмірі мен шығармалары берілген. Халқы үшін қолына найза алып, кеуделерінен сөз боранын боратып, қоғамдағы саяси – әлеуметтік мәселелерді астарлы оймен жеткізген қоғам қайраткерлерінің шығармаларын оқыту барысында, білім беру сапасын жақсарту мақсатында, педагогикалық жаңа технологияларды— басшылыққа ала отырып, өз тәжірибемде оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруына, шығармашылыққа баулуға инновациялық технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялар оқушылардың терең ойлау қабілетінің белсенділігін, тәжірибе барысында өз мүмкіндіктерін танып білуіне, сондай-ақ сабақ барысында туындаған кедергілердің шешімін тауып жоюына, өз бетінше реттелуіне, оқудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өтуіне мүмкіндігі мол.

Ұстаздың басты мақсаты – білім теңізінен нәр алуға ұмтылыспен қараған шәкіртке жол көрсетіп, сүйікті пәніне айналған қазақ әдебиетінің көркем туындыларын оқуға қызығуын ояту, көркем сөздің құдіреттілігін түсінуге оқушыны дағдыландыру, сабақта оқушының ізденісін дамыту, оның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру.

Білім беру саласында жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігі тапсырманы орындатудың тәсілдерін іздестіру. Сабақ барысындағы әдіс-тәсілдер арқылы мұғалім дайын білім мен идеяларды ұсынбай, сол білім мен идеяларды оқушылардың өздерінің құруына түрткі болады.

А.Байтұрсынов «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білу керек», - деген тұжырымында «Шығармашыл мұғалім ғана шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой айқын аңғарылады [1,13 б.].

Себебі бұл мүдделі істер өркениетті елдердің озық тәжірибесін де керек етеді, яғни, білім мазмұнының адамзат жинақтаған тәжірибесі мен жетістіктерінен көз жазбай, заман талабына сай өзгерістерге бейімделіп отыру маңыздылығын байқатады.

Осыған орай қолданып жүрген технологияларының бірі – салыстыра оқыту стратегиясы. Бұл стратегия бойынша оқушылардың білімді саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Оқушыларға тек білім берумен шектелмей, танымдық әрекетін арттырады және ойлау қабілетін, елестету мен есте сақтауын , белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Салыстыра оқыту—ақын-жыраулар поэзиясын меңгертуде, шығармаларды өз ара салыстыру арқылы олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтауға игі ықпалын тигізеді.

Оқушылар төмендегі кестені пайдаланып, «Ақтамберді мен Қазтуған жыраулардың жырларындағы үндестік» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізеді.

Кесте 1

Салыстырулар	Ақтамберді	Қазтуған
Өмір сүрген кезеңі		
Қоғамдағы рөлі		
Бір тақырыпқа жазылған өлеңдері		
Өлеңдерінің құрылысы		
Өмірлік ұстанымы		
Қорытынды		

- Дескриптор:** - өмір сүрген кезеңін анықтайды;
 - қоғамдағы рөлін көрсетеді;
 - бір тақырыпқа жазылған өлеңдерін табады;
 - өлеңнің құрылысын талдайды;
 - өмірлік ұстанымын дәлелдейді;
 - қорытынды жазады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім алушылардың сындарлы ойлауын дамытуда диалог маңызды рөл атқарады. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасу және мұғалім мен оқушы арасындағы диалог білім алушылардың өзіндік ой-пікірін жүйелеп дамытуына көмектесетін амал [2, 23- бет]. Сабақ барысында диалог жүргізу арқылы білімді меңгерту жеңіл болмақ. Берілген тапсырмаларды әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жұптық, топтық негізінде ұйымдастыруда, білім алушылар арасында диалог жүреді. Топтық жұмыс барысында оқушылар өз пікірлерін ортаға салады, өзге пікірлерді тыңдайды, ортақ шешімге келеді. Бастысы, оқушылар бір-бірімен диалогке түсіп, ойы, көзқарасы мен пікірі қалыптасады. Сондай-ақ, түсіну, жауап беру, анализ, интерпретация, бағалау, салыстыру дағдылары дамиды. Диалогтік оқытуды жүзеге асыру барысында **«Кезбе тілші»** әдісін алдық. Ол үшін топтарда Бұқар жырау туралы жаңалықтар бағдарламасын жасау керек.

1-топ: телефон соғылып жатқанға ұқсатып, тәулік бойы орын алған оқиғалар туралы хабарлайды. (мысалы: Бұқар жырау туралы білетінін ортаға салады)

2-топ: телестудиядағы диктор, жиынтық ақпарат береді. Бұқар жырау нені бірінші кезекке қояды? Неден сақтандырады? Нені уайымдайды? Неден қауіптенеді?

3-топ: тілші - оқиға орнынан ақпарат ұсынады. Бұқар тілегінің сол замандағы маңызы туралы ақпарат ұсынады.

4- топ: тілші сұхбат алатын куәгер. Бұқар тілегінің бүгінгі күндегі өзектілігін анықтайды.

Осы тапсырманы орындай отырып, оқушы диалог арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытады. Диалог барысында балаларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп дамуын ынталандыратын әдістермен қарастыру ұсынылады. Бұл- мұғалімдердің көпшілігінің түсінігі бойынша, диалог пен ауызекі немесе «интербелсенді»

оқытудың арасындағы айырмашылықты логикалық және ұтымды дәлел ретінде қолданатын «диалектика» элементі (Wolfe and Alexander, 2008. Оқушылар өздерінің құрдастарымен, сарапшыларымен диалог жүргізу барысында тәжірибе жинақтап және ой әрекетінің жоғарғы деңгейіне көтерілуіне талпына отырып, баламалы мүмкіндіктер туралы сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жүргізуге қабілетті бола түседі. Сұрақ туындаған жағдайда, мұғалімдердің ақпарат көзі болу міндетті емес, оқушылар мен мұғалімдер бірлесіп интернет көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізе алады, мұғалімдер оқушыларға табылған ақпараттардан қажеттілерін таңдап, баға беріп, ізденудің тәсілдері туралы сын тұрғысынан ойлауға көмектесе алады [3, 47- бет].

Сын тұрғысынан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдаларды қарастырады. Сондықтан оқушылар бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды.

- суреттер, фотосуреттер естелік жазбалар сияқты дәлелдерді және топтастыруға;
- негізгі дереккөздерді бағалауға және оларға тиісті сұрақ қоюға;
- қорытындылар мен бастапқы тұжырымдар жасай отырып, негізгі дереккөздерді салыстыру және талқылауға;
- анағұрлым кең тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауға болады [4,45-бет].

Шалкиіз жырауды меңгертуде «Әдеби шеңбер» әдісін ала отырып оқушыларды рөлге бөлеміз.

1-топ: Суретшілер: Толғауда жырау өзін қалай бейнелейді? Сурет салып сипаттаңыздар.

2-топ: Дәлелдеушілер: Жырау «Ақылсыз достан ақылды дұспан артық» дейді. Дұшпанның артықшылығын дәлелдеңіздер.

3-топ: Пікіршілер: Жыраудың қоғамдағы беделі қандай болған? Пікірлеріңізді жазыңыздар.

4-топ: Салыстырушылар: Би Темір мен жырауды не байланыстырады? Салыстырыңыздар.

5-топ: Зерттеушілер: Би Темір кім болған? Жырауды толғандырған тарихи шындық қандай? Зерттеңіздер.

Дескриптор: - сурет салып сипаттайды;

- артықшылығын дәлелдейді;
- пікірлерін жазады;
- байланыстыратын жақтарын салыстырады;
- тарихи шындықты зерттейді.

Рефлексиялық оқытуға балалардың үйренгендері жайында сын тұрғысынан ойлау кіреді. Бұл олар көрсеткен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын зерттеуді, жазып алуды және бағалауды талап етеді. Бұл қабілеттері мен дағдылары оқу үдерісіндегі белгілі бір дәлелдерді талқылап, құрастыруды қажет ететін тапсырмаларды орындау барысында көрініс береді.

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктері:

Ұтымдылық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді - кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақ қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзіндік сана – сезімге қатысты эмоция да болуы ықтимал).

Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу.

Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау.

Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, барлық көзқарастарға көңіл бөлу).

Өзіндік сана – сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегияларды қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады [5, 49-бет].

Қорытындылай келе, өз заманының терең ойшылдары, философиялық толғаулардың иесі, дипломатиялық ахуал орнатушы – жыраулар жайлы мәлімет алады. Жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Қазтуған және Ақтамберді жыраулар туралы мағлұмат ала отырып, өмір сүрген кезеңі, қоғамдағы рөлі, бір тақырыпқа жазылған өлеңдері, өлеңдерінің құрылысы, өмірлік ұстанымдарына тоқталады. Жыраулардың толғауларында айтылған нақыл, өсиет сөздерін өмірде қолдана алады. Шалкиіз толғауларының өзіндік көркемдік ой тереңдігіне, шешендік тіл кестесіне ерекше көңіл бөлінеді. Осы әдіс-тәсілдермен жұмыс жасау барысында өздеріне деген сенімділік ұялатады.

Менің мақсатым- оқушыларды ойлау сатысының ең төменгі деңгейінен терең ойлау деңгейіне дейін көтермелеп жеткізу. Тапсырмаларды орындау кезінде тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, үйлестіре қолданғанда өз тиімділігін береді дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
2. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. – Астана, 2014.
3. Керімбекова Б., Мұқанова Ж. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық- Алматы: Мектеп, 2019.
4. Тәрбие құралы. Республикалық ғылыми- педагогикалық журнал - 6/2011.

ҒАЛЫМ ҰСТАЗДЫҢ ҒИБРАТЫ

Шаңбай Тұрдықұл

әдебиеттанушы-философ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

Академик Зәки Ахметов ХХ ғасырдағы қазақ ғылымында дара тұрған ірі тұлға екені ақиқат. Маған ғұлама ғалым Зәки ағаға шәкірт болу бұйырыпты. Бұл менің өмірімдегі өзгеше нұрлы кезең. Мен бұған дейін ұстазым, академик Зәки Ахметов туралы естелік айтып, мақала жазған емеспін. Оның себебі, Зәкеңді сыйлайтын, құрметтейтін дана-замандастары, мен білетін аға-әріптестері, менен жолы үлкен шәкірттері мол болған соң қандай да бір естелік айту әбестік сияқты көрінетін. Бірақ ұстазыма деген іштей құрмет ешқашан әлсіреген емес.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары Альмира Қайыртайқызы академик Зәки Ахметовтың туғанына 95 жыл толуына орай конференция өтетінін айтып, ұстазым Зәкең туралы ой бөлісуге шақырып, жылы сөздер айтқанда жасыратыны жоқ үлкен тебіреністе болдым. Өзі де теоретик ғалым ғой, ризашылығымды білдірдім. Әрі қазір мен де жас емеспін. Сондықтан өз ойыммен бөліссем артық болмас деп ойладым.

Осы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында академик Зәки Ахметовтың идеясымен «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімі ашылып, оны өзі басқарғаны тарихтан белгілі. Менің ғылымдағы алғашқы қадамым осы бөлімнен бастау алды. Бұл бөлім Жүсіп Баласағұнның тілімен айтқанда «Ақылмен айға көпір салған» ғажап ойтанымның бөлімі болатын. Ұстазым Зәки Ахметов бастаған ғалымдар, қызметкерлер осы бөлімде стиль, поэтика мәселелері, жаңа методологиялық ізденістер туралы ой бөлісіп, асқақ бір күй кешетінбіз. Бұл бөлім қазақ теориялық әдебиеттану ғылымында даралық бағыт тұтанған жаңашыл бөлім еді.

Академик Зәки Ахметовтың ғылыми концепциясының негізінде бөлімде теориялық және методологиялық қаншама мәселелер талқыланатын. Міне, осындай шабытты ғылыми ізденістер сәтінде «Мен жастарға сенемін» деп қазақтың классик ақыны Мағжан айтпақшы, академик Зәки Ахметов те жастарға ерекше сенім артатын. Жауапты ғылыми жұмыстарды жастарға сеніп тапсыратын.

«Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімінің жоспарлы түрде дайындалып жатқан «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінің» аяқталатын жылының көктемі болатын. Бөлім басшысы, ұстазым, академик Зәки Ахметов: «Уақыт тығыз. Мен осы жұмысты шәкіртім Тұрдықұл Шаңбайға тапсырамын. Сөзтізбе бойынша авторларға бөлініп берілген барлық материалды жинап, жиналғанын ретке келтіресің. Орысша түскені болса қазақ тіліне аударасың. Түрлі себептермен қайсыбір ұғым-терминдерді алған ғалымдар жазбаса, өзің жазып толық бітіріп қыркүйекте бөлімге тапсырасың» деді. Мен өзіме жүктелген осы тапсырманы ала жаздай тырп етпей қадалып отырып уақытында бітірдім. Ұстазым, академик Зәки Ахметов ризашылықпен: «Осы кітаптың құрастырушысы екеуміз боламыз. Бұл кітапқа пікірді, академик, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық

университетіндегі «Әдебиет теориясы» кафедрасының меңгерушісі, академик Зейнолла Қабдолов жазады» деді.

Осы ұжымдық еңбек жарық көргенде қатысқан ғалым-авторлар ұстазым, академик Зәки Ахметовке ризашылықтарын білдіріп жатса, замандастарым екі академик ұстаздарыңмен бірге кітап шығардың деп мені құттықтағандары әлі есімде. Жасыратыны жоқ, ұстазым, академик Зәки Ахметовты мен ерекше құрметтейтінмін. Ұстазым жарық көрген еңбегін «Сүйікті шәкіртім Тұрдықұлға шынайы тілектестікпен» деген қолтаңбамен сыйлағанда ерекше толқыныста боламын. Шәкірті ретінде бұл маған үлкен қуаныш сыйлайтын.

Ұстазым Зәки Ахметов екеуміз қайсыбір мәселелерді талқылау үшін стадионға баратынбыз. Ол кісі уақытын жоғалтпас үшін солай істейтін. Үйде гантелдері, турнигі болатын. Қыста коньки теуіп жүріп, пікір алмасамыз. Тағы бір келелі мәселені талқылап отырып, ертең ақылдасайық дейтін де, ойланып қалып «ертең болмайды екен бассейнге барам» дейтін. Жетпістен асқан шағында спорттың осыншама көп түрімен еркін айналысатын. Әр саласына құштар болатын. Тағы бірде «ертең стадионға кел, ана мәселені талқылап тастайық» деді. Менің ойланып қалғанымды байқап «басқа жұмысың болса бара бер» деді. Шынымды айттым. Достарыма сөз беріп қойғанымды, Шымбұлаққа баратынымды жасырмай айттым. Ұстазым ренжіген жоқ, қайта ертеден тау шаңғысымен айналысатынымды естіп тіпті қатты риза болды. Тау шаңғысын да қызу талқыладық. Мен сол әдетімді әлі тастаған жоқпын. Сенбі-жексенбі қолым қалт етсе қыста Хан Алтай қайдасың деп зу ете қалам. Семейге жақын. Хан Алтай ұстазым Зәки Ахметовтің өскен елі ғой. Жаз болса сол Хан Алтайдың шың-құздарын орнитолог-биолог достарыммен аралап кетемін. Соның нәтижесінде «Күншығыс» атты үш тілде атлас дүниеге келді. Менің бір мамандығым география қой. Тауға барған сайын ұстазым есіме түседі.

Ұстазым Зәки Ахметов аса мәдениетті, эстет адам ғой. Скрипкада шебер ойнайтын. Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебінде оқитын қызыма скрипка таба алмай жүгіріп жүргенімді байқап, «сен қысылма, скрипка тапқаныңша менің скрипкамды ала тұрсын» деп өз скрипкасын берді. Сөйтіп балам бір жылдай академик атасының скрипкасымен дайындалды. Қазір сол қызым Әсел кәсіпқой скрипкашы-музыкант.

Ұстазым, академик Зәки Ахметовпен «әдебиет пен эстетика», «әдебиет пен философия» тақырыбына көп ой бөлісетінбіз. Кейін мен Алматыдан елге Семейге оралғанда соның нәтижесін көп көрдім. Әсіресе, «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясын дайындағанда. Ұстазым, академик Зәки Ахметов атақты «Лермонтов» тұлғалық энциклопедиясының дайындалу мәдениеті туралы көп айтатын. «Лермонтов» энциклопедиясын дайындауға өзі де қатысқан. «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясын ұстазым көрмеді, дегенмен «Шәкәрім» энциклопедиясына Шериаздан Елеукенов ағамыз үлкен бағасын беріп, ұстазыңның үмітін ақтадың деді. Бұл бір естен кетпес сәттер. Кейіннен, қазақ фәлсафасын, оның ішінде алаш фәлсафасын зерттеумен айналысқанда, «Ұғым мәдениеті», «Шәкәрімнің философиялық лирикасы», «Алаш фәлсафасы», «Еркіндік фәлсафасы: Абай мен Алаш алыптары» сияқты монографиялар мен зертеулерді жазу барысында

ұстазым Зәкеңнен алған үлгі тәрбие маған үлкен қолдау болды. Осы еңбектерді жазуға баулыған ұстазым, академик Зәки Ахметов әрқашан құрметпен еске аламын.

Қазіргі уақытта, «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығында еңбек етіп жүрмін. Ұстазым, академик Зәки Ахметовтың абайтануға қосқан үлесі ұлан-ғайыр екеніне күн сайын көзім жетіп отыр. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы академиктері Зәки Ахметов пен Серік Қирабаевтың жалпы редакциясын басқарумен шығарған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы» академиялық мәдениетпен ерекше дайындалғаны, қолға түспес сирек басылымға айналғанын атап айту керек. Осы басылымға алғы сөз ретінде жазылған академик Зәки Ахметовтың «Кемел ақын, кемеңгер ойшыл» атты мақаласы классикалық стилімен абайтану ғылымында дараланып тұрған ерекше туынды, зерттеу жұмыс.

Жалпы, ұстазым, академик Зәки Ахметовтың ғылымдағы тереңдігі мен қатар, шәкірт тарбиелеудегі мәдениеті өзгеше құбылыс болатын. Мен оны өзім сезінген соң айтып отырмын. Академик Зәки Ахметовтың биік адамдық қасиеті шәкірттерінің есінде мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Академик Зәки Ахметовтың «Лермонтов және Абай», «Қазақ өлең құрылысы», «Өлең сөздің теориясы», «О языке казахской поэзии», «Современное развитие и традиции казахской литературы», «М. Әуезовтің роман-эпопеясы», «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы, «Абайдың ақындық әлемі» сияқты мыңжылдыққа қол созған іргелі еңбектері қазақ теориялық әдебиеттану ғылымының асыл мұрасы.

Түйін сөз ретінде айтарым, Өскеменнен Айжан Маратбекқызы, Алматыдан Гауһар Саяділқызы, Астанадан Қайырбек Кемеңгер телефон шалып ұстазым, академик Зәки Ахметовтің туғанына 195 жыл толуына орай өздері ұйымдастырып жатқан конференцияларға шақырды. Баршаңызға үлкен рахмет айтамын.

Мен басқарып отырған Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы ерекше бір биік мақсатқа ұмтылып, соның негізінде музейімізге үлкен қонақтар келіп жатқандықтан қайсыбір конференцияларға қатыса алмағанымға алдын-ала кешірім сұраймын.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТЕОРИЯСЫ, ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТЕОРИЯ, ИСТОРИЯ И АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

ӘОЖ 323 (574)

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗ Н.Ә. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК БАҒЫТТАРЫ

Ахманов Ш.Ж.

Ғылыми жетекші: Бекіш А.Ә., философия докторы PhD
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: akhmanov2000@bk.ru

Мақалада алғашқы елбасы атанған Н.Ә. Назарбаевтың дара жолының тәрбиелік мәні жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеудегі маңызы туралы баяндалады. Ол кісі жөнінде жазылған мәліметтерге тарихи шолу жасалып, еңбектерінің тарихи деректік мәні, оларды мектеп курстарында пайдалану арқылы патриоттыққа тәрбиелеуге мән беріледі. Яғни, бұл мақалада жоғарыда айтып өткендей, жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде зор мәнісі бар тұңғыш елбасымыздың еңбектері жөнінде айтылады.

Түйін сөздер. Патриот, жолдау, стратегия, еңбек, саясаткер, қоғам қайраткері және т.б.

Замауи қазақстан тарихында тұңғыш президент атанған Н.Ә. Назарбаев тек ел басқарып қоймай, шығармашылық жағыда дамыған дара тұлға. «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол - тәуелсіз Қазақстан», - деді Елбасы [1, б. 13].

Атап айтқанда, 30 жылға таяу отырған елбасының көпшілікке таныс еңбектерінің бірі; «Әділеттің ақ жолы», «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы қоғамның идеологиялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан-2030», «Қалың елім, қазағым», «Қазақстан-Ресей қатынастары», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде», «Қазақстандық жол» т.б. Бұл еңбектер жанры жағынан заманхат, естелік, ойтолғау, сұхбат, теориялық негіздеме, аналитикалық талдау, теориялық болжам, тарихи талдау болып келеді.

Яғни, еңбектерінде кеңес одағы ыдыраған уақыттағы еліміздің тарихын дамытуға атсалысқаны жөнінде бейнеленген. Сондықтан да оның еңбектерін тәуелсіз Қазақстанда дерек көзі ретінде талдау өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Жалпы билікке келген уақыттан бастап, елбасы жөнінде публицистикалық мақалалар 1990 жылдардан бастап жариялана бастады. Олардың қатарында елген танылған тарихшылар М.Қозыбаевтың, К.Нұрпейістің, К.Есағамбетұлының еңбектері жарияланды. Оларда Елбасы Н. Назарбаевтың тарихи кезеңдегі атқарған істеріне талдау жасалынып, саясаткер ретіндегі қасиеттері айқындалды.

Жалпы, елімізге еңбегі сіңген қоғам қайраткерлері Д.Қонаев (Қонаев Д., «Ақиқаттан аттауға болмайды», Алматы, 1994), Ә.Кекілбаев (Кекілбаев Ә.

Тәуелсіздік толғауы, Астана, 2002) еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ҰҒА академиктері С.Зиманов, С.Сұлтанов, Ғ.Сапарғалиев еңбектерінде Елбасы Н.Назарбаевтың еліміздің Ата заңын дайындаудағы, президенттік билік жүйесін қалыптастырудағы рөлі туралы айтса, көптеген заңгерлердің еңбектерінде осы саладағы Елбасы саясатының дұрыстығы, өміршеңділігі нақты фактілермен дәлелденген [2].

Ел дамуындағы саяси-экономикалық реформаларды бастап, іске асырған Нурсұлтан Әбішұлының еңбектері жастарды ұлтжандылыққа яғни патриотизмге тәрбиелеудің негізі бола алады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жастардың оқу-тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу-тәрбие ісінде назар аударып отырған тәрбие салаларының бірі - патриоттық тәрбие. «Патриотизм» сөзі Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне бауыр басушылықты білдіреді. Отанға сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм - тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы деңгейді сипаттайтын аса маңызды рухани игілік. Ал, қазақ ұлттық энциклопедиясында: «Патриотизм - Оганшылдық, отансүйгіштік, адамның Оганына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», - деп анықтама берілген [3; б. 95]. Патриоттық тәрбие - жастармен жүріп жатқан қазіргі жұмыстардың басым бағыттарының бірі. Қазақстан қоғамында патриоттық тәрбие деген ұғым - Оганға деген, өзінің халқына деген махаббат, адалдық, азаматтық және қоғам игілігі үшін қызмет ету деген сияқты түсініктер ретінде қалыптасқан.

Әрбір адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Сондықтан Оган патриоты болу - барлық қазақстандықтардың парызы. Қазақтарда Қазақстаннан басқа Отан жоқ. Мен баршаңызға зор бақыт және біздің Оғанымыз-Қазақстан Республикасы үшін үлкен болашақ тілеймін. Біздің балаларымызға бақыт, сіздің барлық армандарыңыз бен тілектеріңізді орындау үшін амандық тілеймін. Өз елін қорғау - бүкіл халықтың міндеттемесі. Біздің ата- бабаларымыз: «біздің жерімізді қалай сақтап, тек қарсылық пен батырлықтың арқасында ғана сақтадық», - деді Елбасы [4].

Осындай рухани игілікті байыту, іргесі мықты мемлекет ұрпақтарының патриоттық сезімін дамытуға жету үшін Елбасы еңбектерін дұрыс оқытылуына ерекше мән берілуі керек. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент! - Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 2012 жылғы 15 желтоқсандағы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауының 7 тарауында «Жаңа Қазақстандық патриотизм» туралы: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек», - деген еді [5].

Тұңғыш президенттің мақалалары мен жолдаулары ел азаматтарын адамгершілік, патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға үндейді. Елбасының еңбектеріндегі мәселелердің бірі - патриоттық тәрбие беру ісі. «Өз Отанынды, туған

тілінді, түп-тамырыңды білмейінше нағыз патриот бола алмайсың», - дейді Елбасы [6]. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазақ тарихын іргелі тарих ретінде қалыптастыруға зиялы қауымды әрқашан бағыттап келді. Бұл «Халық тарих толқынында» еңбегінен бастау алып, кейінгі мемлекеттік ірі бағдарламаларда («Тарих және қуғын- сүргін жылдары», «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру») жалғасын тапты.

Елбасының «Тарих толқынында» кітабы жарыққа шыққаннан кейін жастардың дүниетанымы айтарлықтай жоғарылады. Еңбектің ерекшелігі сол әркімді ұлт есебінде өзін-өзі тануға, ұлтының тегін, тарихын, мәнезі мен қасиетін саралауға үндейді. Бірде арғы, бірде бергі тарих қойнауларына сүңгіп, бірде әлем кеңісіндегі әрқилы елдер беталысына зер сала отырып, Қазақстанның болашағына көз тігеді. «Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпы ұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір- қасиетінді қорлайтын жаттанды жаралардан арылу - міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бігінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар» деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұлттық дүниетаным мен халықтың біркелкілігі мәселесіне ерекше назар аударған.

«Тарих толқынында» еңбегінің негізгі мақсаты тәуелсіздіктің негізінің тарихи қайнарларын насихаттау мен талдау деп ұғынамыз. Еңбекте қазақ болмысының бір ерекшелігі - оның тарихшылдығы деп жазылған [6, б. 289]. «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» деген бір ауыз сөзінің өзі бізді ата-бабаларымыз үшін мақтаныш сезіміне бөлейді, қазақтың ендігі тарихында да сондай ізгі із қалдыруға шақырады. Елбасының сөйлеген сөздерін, жазған тарихи еңбектерін, жасаған баяндамаларын, берген сұхбаттарын зерделеп қарасақ, біз Ұлы Дала елінің бүгінгі биігі тарих тағылымын ұғынудағы дара даналықтың да арқасы екенін анық көреміз және ұғына отырып Елбасы еңбектері арқылы жастарға патриоттық тәрбие беру ұстаздардың қолында.

Патриоттық тәрбие ең алдымен өз Оғанының құндылықтарын танудан басталады. Жастарға патриоттық тәрбие берудің маңызы Елбасымыз өзі әрқашан мұрындық болып, қамқорлық жасап келе жатқан тәуелсіз Қазақстанның жаңа ұрпағын тарихпен тәрбиелеудің ерен үлгісі болып табылады. Өткен тарихымызды ұмытпай, тарихтағы есімі алтын әріппен қалған ерен тұлға Елбасын үлгі тұтсақ, болашағымыз жарқын болады. Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласын басшылыққа ала отырып, ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мен білім беруді егіз түрде қарастыру міндет болып табылады. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей озық дәстүрлерді жаңғырту, оны қолдану да педагогтар қауымы арқылы жеткізілетінін мойындауымыз керек. Себебі, негізгі білім мен тәрбиені бала мектептен алады және жеке тұлға болып қалыптасады. Бұл ретте педагогтар қауымы Елбасының еңбектері мен көшбасшылық қасиеттерін бала бойына игертуге міндетті екенін сезінгені және жұмыс жүргізгені абзал.

Туған елі мен жерін сүю, құрмет сезімін қалыптастыруды өлкетану жұмыстарының шегінде мектепте ұйымдастыруға болады. Атап айтқанда, ауыл-аудан-облыс көлеміндегі жер-су аттары мен белгілі тұлғаларды тарих сабақтары

барысында зерттеудің өзі туған жерге сүйіспеншілікті қалыптастырудың ең тиімді әдіс-тәсіліне айналады. Мысалы, Атырау облысының Исатай ауданына қарасты жер-су аттарына арналған мақалада мынадай ақпараттар бар: «Аудандағы өзен-көлдер мен сай-салаларға су әуел бастағы табиғи арнасымен келіп, суы мол, байлығы көп болды. Сулы- нулы жердің бірі Қамысқаладан 5 шақырым құбыладағы, Боксақ бойындағы «Шүрегей» қауымы қасындағы «Қарашығанак» қоныс-мекені болыпты. Бұл жер Бөкейліктер Жайықтың бергі бетіне өтіп қоныс тепкенде, Жәңгір ханның жаңа әкімшілік жүйемен ел басқару реформасынан кейін руы Бегіс Шығанбай атғы азаматқа иелік етуге беріліпті. Жәңгірдің қайын атасы есаул Қарауыл Қожа байлығы мен балығы мол Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің біраз жерін орыс помещиктері Безбородко мен Юсюповқа жалға бергенде, осы Қарашығанакқа Мартынов деген казак қожалық жасаған. Соның салдарынан әуелдегі төл аты - «Шығанбай сайы», «Шығанбай көлі» деген атаулар бірте-бірте ұмытылып, алғашқыда «Марток», одан кейінгі уақытта «Мартыши» атауларына ие болған. Шындығында бұл жердің аты «Мартыши» емес, «Шығанбай» болғанға ұқсайды. Қазіргі «Мартыши» кен орнының арғы тарихы осыдан туындаған» [7].

Қазақстанда Елбасының «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру мәселесінде тәрбиенің орны ерекше. Мектеп қабырғасынан бастап, оқушылар «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын бойына дарытуы керек. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы «Мен қазақпын» ұғымын жастардың бойына сіңірудегі ұрпақтар сабақтастығы жалғасының бір жолы. Сондықтан Елбасы еңбектерінде атап көрсеткен құндылықтары бұрыннан келе жатқан ел игілігіне күш біріктіруде негізгі тетік болып табылады.

Қорытындылай келе, халқымыздың тарихын ұлықтауда Елбасы Нурсұлтан Назарбаевтың еңбегі ерен. Әсіресе, тәуелсіздік тарихын жазуда Елбасының еңбектері мен сөйлеген сөздерін жастардарды патриоттыққа тәрбиелеуде басшылыққа алудың маңызы зор. Жас ұрпақты Оғанға деген сүйіспеншілік және Оғанға деген адалдық рухында патриоттық тәрбиелеу мәселелері күллі түркі жұртының мақганышы, «екінші ұстаз» атанған ұлы ойшыл-философ әл-Фараби дәуірінен бері білім мен тәрбиенің егіз ұғымдығы туралы ұстанымында басшылыққа алынады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Жылдар мен ойлар. - Алматы: «Алматыкітап», 2013. -349 б.
2. Зиманов С. Осыдан он жыл бұрын да Назарбаевқа тең келер тұлға болмады //Жұлдыз. - 2001. - №10. - 135-142 б.
3. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. - Алматы: Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. - 2001. - 95 б.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030». Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: «Білім», 1997.
5. Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы.
6. Назарбаев Н.Ә. Тарихтолқынында. - Алматы: Атамұра. 2003. - 296 б.
7. Кайргалиева Г., Абат А. Жергілікті жер-су атауларының тарихы (Исатай ауданы мысалында) // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы Ғылыми журнал. - №2(53). - Атырау, 2019. - 44-53 бб.

АЛҒАШҚЫ ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕСІ

Ахманов Ш.Ж.

Ғылыми жетекші: Бекіш А.Ә., философия докторы PhD

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: akhmanov2000@bk.ru

Мақалада, ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген оңтайсыз мәселелерді бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолын қарастырады. Яғни, алғашқы елбасымыздың жолдауындағы ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа жаңғырту мәселесі жөнінде айтылады.

Түйін сөздер. Жолдау, стратегия, еңбек, саясаткер, қоғам қайраткері, партия, ұлттық тәрбие және т.б.

Тәуелсіз Қазақстанда табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық санамен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары елімізді 30 жыл көлемде басқарып келген, тұғыш президентіміздің «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн», - деген талапты білдіреді. Олай болса, басты мақсат — жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу керектігі күн өткен сайын маңызды болып отыр. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік-деңгейге адамзат өркениетіне ұлттық тарихымызбен, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар негізінде қабілетті тұлға тәрбиелеу керек. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік-деңгейге шығару үшін: ана тілі мен дінін, тарихын, салт-дәстүрін, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру бағытында ғана басты мақсатқа жетеміз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген оңтайсыз мәселелерді бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие — ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын кұрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр [1, б. 12].

Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт Ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет

Яссауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Асанқайғы, Шәкәрім және т.б., қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне, өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жатуы керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Міне, осы бағытта жас жеткіншектерді адамгершілік дүниетанымдық құндылықтар тұрғысында тәрбиелеудің маңыздылығы туындайды. Өз елінің болашағынан мол үміт күткен даналарымыздың бірі емес бірегей тұлғасы, ұлт жандылықтың биік үлгісін көрсете білген, дана Шәкәрім мынадай өсиетін қалдырғандай:

Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар,
Кірсіз, ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек»,
«Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп.

Бүгінгі күні, аға буын ұрпақтар дәстүрінің көк жиегінен үлгі алған жастарымыз тәуелсіз еліміздің киелі тұғырын жасампаздықпен, ұлт-жандылықпен қырандай көздің қарашығындай сақтауда. Бүгінгі күні бұрынғы өткен көне тарихымыздың, өлең-жыр дастандары, жасаған аудармалары, еліміздің ертеңі жас жеткіншектерге таптырмайтын рухани қазына. Сондықтан да бүгінгі күнде жырау мен, ақындардың шығармаларына ерекше көңіл бөлген жөн. Өйткені, әр тарихи шығарманың табиғатында, ақиқаттың сәулесі жарқырап тұрады. Сол тұлғаларымыздың шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарымыздың идеялық ерекшеліктерінің мазмұнды тәрбиесінің ұлтжандылық тұғырын орнықтырамыз. Ерліктің биік шыңы болған батырлардың мұрасын, елін сүйген парасаттылық адамгершіліктерін, ұлы қасиеттерін жас ұрпаққа үлгі ретінде көрсету бүгінгі күннің парызы. Мұның өзі, бүгінгі жас ұрпақтың санасына ұлтжандылық пен ұлтаралық ынтымақтастық, діни үйлесімділік, ар-ұждан, әділдік, мейірімділік сияқты тәрбиелік мәні бар ең өзекті дүниетанымдық құндылықтарды қалыптастыруға жол ашады. Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар мәселесі негізінде қай ғасыр болсын ойшылдар мен ғұламалардың өзекті мәселелері алдыңғы орында болуы керек [2, б. 56].

Қазақ елінің бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі өз заманындағы дәстүрлі тәрбиелік мәні бар рухани құндылықтардың тарихи сабақтастығы мен өркендеп, қанат жаюда. Жастарымыздың бойында қазақи құндылықтарды тәрбиелеуде, әсіресе қазіргі жаһандық даму жағдайында қарқынды дамып келе жатқан батыс мәдениетінің негізінен аластатып, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеуге міндеттіміз. Қазіргі жаңа тарихи кезеңде халқымыздың алдында жаңа тарихи парыз тұр. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз — егемен тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтау біздің борышымыз [3].

Осы мақсатта тұлғаның бойында патриоттық құндылықтарды дамыту арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беруімізге, өмірдің өзі талап етуде. Ұлттық патриотизмнің негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасының

тарихында алғашқы президент атанған елбасының халыққа жолдауларында, Қазақстан Республикасының тарихи сананы қалыптастыруға арналған құжаттарында қарастырылған. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру тәрбиенің күре тамыры: Күлтегін, Тоныкөк, XVI-XVIII ғасырларда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б. батырлар ісінен бастау алады. Ел қорғаны болған батырлардың ерен ерліктері, ұрпақ бойындағы ерлік сезімдерін оятуға, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға негіз болады. Сонымен қатар, жастарға патриоттық тәрбие беруде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері арқылы жас жеткіншектердің патриоттық құндылықтарын қалыптастыру», тұңғыш елбасының Қазақстан халқына әр жылғы жолдаулары арқылы жеке тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға игі ықпал етеді. Ел басының Қазақстан халқына әр жылдарғы жолдауларын зерделей келе, Қазақстандағы әлеуметтік жағдайларының жылдан-жылға дамып отырғаны еліміздің ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік білім жүйесімен кіріктірілуі, экономикалық өсу, денсаулық мәселесі, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы, қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын, ұлтжандылығын қалыптастыруға игі әсер ететіні сөзсіз. Сонымен қатар, «патриотизм», «ұлттық патриотизм», «қазақ патриотизмі» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдары жаңа санатқа ие болып, қайта қолданысқа енуі ұлттық тәрбиенің маңыздылығын арттыратындығы дау туғызбайды [4, б. 108].

Қорыта айтқанда, қазақстандық патриотизмді әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп те айтуға болады. Осыған орай, патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұны «мәдениет, тарих, білім» деп аталатын ұғым қоғам дамуының негізгі үрдістері арқылы дамиды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік идеологиясының негізгі ұстанымы — Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Ұлттық идея мен мемлекеттік идеология тұрғысынан қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі өзегі ұлттық патриотизм болып табылады.

Жалпы бүгінгі күні жастарды тәрбиелеудегі мәні зор. Яғни тұңғыш елбасының егер өмірбаянын оқыған адамға өте бір әсерлі өзіндік шабыт береді. Мәселен, жастайынан қиындық көріп өсіп, жастай уақытынан металлургия саласында еңбек етіп, ол жерде қоғамдық жұмыстарға атсалысып көзге түскен тұңғыш елбасымыз бірнеше бригаданың лидері ретінде саналды. Сондай-ақ ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген оңтайсыз мәселелерді бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолын қарастырады. Яғни, алғашқы елбасымыздың жолдауындағы ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа жаңғырту мәселесі жөнінде айтылады.

Атап айтқанда, ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтарымыздың бойына сіңіре білу — уақыт талабы демекпіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар. 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18.01.2014 ж. 2–3 бб.

2. Әбішқызы, Сарманов Ж. «Ұлттық тәрбие — құндылығы мол дүние». 12 мамыр 2012 ж. Алматы, «Қазақстан мектебі», № 3, 2007.
3. Құдайбердиев Ш. Үш анық. Алматы, 1996. 44–45 бб.
4. Керімбаева М.С. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі. Астана, 2007. - 23б.

ӘОЖ 81'234

НЕЙРОЛИНГВИСТИКА – ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТЫҢ САЛАСЫ

Бердығожина А.Қ.

Ғылыми жетекші: Кайырбаева Ж.К., филология магистрі, сениор-лектор
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: arujanberd1990@gmail.com

Қазіргі уақытта тіл білімінің салалары интегративті ғылым ретінде қарастырылып жүр, соның бірі – нейролингвистика. Бұл сөз алғаш өткен ғасырдың 60-жылдарында пайда болған. Нейролингвистика тіл жүйесі мен мидың арақатынасын және тіл философиясының жалпы тіл білімімен байланысын зерттейді. Бұл сала қазақ тіл білімінде тың зерттеу объектісі ретінде танылып келеді. Мидың дамуында қандай да бір ауыртқушылықтар пайда болған кезде, ауызша сөйлеу жіті назарға алынып зерттеле бастайды. Бұл зерттеу саласын неврологиялық лингвистика деп те атауға болады. Аталмыш ғылым сөйлеуді, адам және оның миымен байланысын қарастырады. Сөйлеу әлемі туралы білімді жинақтаудың, жүйелеудің, өңдеудің және пайдаланудың негізгі құралдарының бірі ретінде ұсынылады.

Нейролингвистика - неврология мен лингвистиканың біріккен жерінде пайда болған ғылыми пән. Нейролингвистика компьютерлік технологияларды дамыту, сондай-ақ неврология және лингвистика сияқты пәндердің ғылыми қызығушылықтарын параллель жақындастыру арқылы пайда болған қазіргі заманғы пәндер санатына жатады. Когнитивті ғылымдар саласында қарастырыла отырып, ол коммуникациядағы мидың неврологиялық реакцияларына назар аударады. Қазақ тіл білімінде жаңа бағыт алып келе жатқан сала бола тұра, ми жаракатынан пайда болатын сөйлеудің бұзылуы орта ғасырлық медицинада белгілі бола бастаған. ХІХ ғасырдың екінші жартысында бұл сала жүйелі түрде зерделене бастады. Тілдік ауыртқушылықтарды қарастырған лингвист-ғалымдар И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.Лурия, Л.С.Выготский, В.А. Богородицкий афазияда байқалатын фонологиялық жүйенің құрылысын зерттеген [1, 13 б.]. Нейролингвистикаға афазияның келесідей түрлері жатады. Олар: фонологиялық, грамматикалық, лексикалық, семантикалық.

Фонетикадағы нейролингвистика қарастыратын мәселелер лингвистикалық модельдерге, классикалық немесе қазіргі заманға байланысты өзгереді. Неврология зерттейтін фонологиялық мәселелердің бір түрі-парафазия: «сөйлеудің немесе сөздердің қажетті дыбыстарын (әріптерін) басқалармен алмастыруда немесе жеке дыбыстарды (әріптерді) немесе ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөздерді дұрыс

қолданбауда көрінетін сөйлеу сөзінің бұзылуы. Парафазияның екі түрі бар: 1) литеральды парафазия - сөздердегі жекелеген дыбыстарды немесе буындарды қате ауыстыру; оның негізінде сөйлеудің сенсорлық немесе моторлық бұзылыстары жатыр; 2) вербальды парафазия - сөйлеудің мнестикалық немесе семантикалық бұзылыстарына байланысты мағынасына жақын кейбір сөздерді басқалармен алмастыру; әртүрлі сөздердің жекелеген элементтерінің бір-біріне қосылуы ретінде де көрінуі мүмкін».

Бұзылыстың антропофониялық түріне дыбысты мүлде айтпауы немесе қайталамауы жатса, ал дыбысты бұзып, орындарымен қателесіп шатастырып айтуы - фонологиялық бұзылыс. Мәселен, Ш мен С дыбыстарын шатастыру, сөмке сөзінің шөмке, қасық сөзінің қашық болып қате айтылуы. Ал бұл фонологиялық қателіктер мидың зақымдануына байланысты уақытша сипат алып жатса да, жазу қателіктеріне әкеліп соқтыруы мүмкін. Ендеше, бұл өз кезегінде оқушы немесе студенттің қазақ тіл білімін меңгеруіне кедергі келтіретіндігі анық.

Сөйлеу тіліндегі грамматиканың ерекшеліктері Н.Н. Трауготт, Р.Е. Левина, С.Н. Шаховская, Е.Ф. Соботович сынды зерттеушілердің еңбектеріне арқау болған [2, 27 б.]. Грамматикалық бұзылыс нәтижесінде балалар сөздерге жалғау, жұрнақтарын дұрыс жалғамайды немесе керсінше жұрнақ, жалғаусыз түбір сөздерді ғана қолданады, ойын жеткізуде сөйлемдердің морфологиялық өңделмеуі байқалады. Сөздерді өзгеріссіз күйінде, ешбір флексияларсыз («Қалам, жаз!») айтады және ым-ишара қолданады. Лексикалық бұзылысқа шектеулі сөздік қор, жадағай фраза, сөз бен сөз тіркестерінің өзара қиыспауы, жалпы сөйлеудің жетілмеуі жатады. Семантикалық кемшілік сөздерді, сөйлемді, мәтінді дұрыс оқыса да, олардың мағынасын түсінбеуімен сипатталады. Оқу үдерісінде сөздер, мәтіндер бұзылысқа ұшырамаса да, бала санасында оқыған ақпараты жайында түсінік қалыптастайды.

Нейролингвистикалық зерттеулерде зерттеудің нақты пәндік өрісі бар, өйткені зертханалық эксперимент тәжірибе кезінде мидың қай бөлігі қатысатынын көрсетеді. Нейролингвистиканың тікелей қызығушылығы сөйлеудің жұмысына жауап беретін сол жақ жарты шардың үш аймағын зерттеуге бағытталған: Брока аймағы (онда ауызша сөйлеуді басқару реакциялары жүреді); Вернике аймағы (қабылдау мен түсінуге жауапты); желке бөлігі (онда логикалық-грамматикалық есте сақтау орын алады). Біздің байланыс қабілетімізге жауап беретін аймақтарды анықтау нәтижесінде олардың әркім үшін әр түрлі дамығанын байқаймыз. Көрнекі мысал саңырау, мылқау адамның миы – сөйлеуді қалыптастыру мен қабылдауға жауапты болуы керек мидың бөлігі өзінің қабілетін жоғалтқандықтан оның орнында саңырау мылқау адамдарда перифериялық көру қасиеті мутацияға ұшырап, жақсы дамыған. Неврология мен тілді зерттеу ғылымы негізінде пайда болған нейролингвистика адамның миының жұмысын және оның сөйлеу әрекеті, ойлау, эмоционалды қабылдау кезіндегі қасиеттерін зерттеуге бағытталған. Мұндай ғылым әдетте психоллингвистика саласына жатады, дегенмен кейбір мамандар бұл екі ғылымды біртұтас пән ретінде қарастырады. Сонымен қатар, нейролингвистиканың мақсаты коммуникацияның негізгі құралы ретінде әрекет ететін тілді ми қалай қабылдайтынын зерттеу болып табылады және жаңа ғылым коммуникацияның ішкі жағдайлары мен факторларын зерттеуге назар аударады.

Мидың әр бөлігі қандайда бір іс-әрекет пен психикалық үдерістерге жауап беретіндігі белгілі. Мәселен, доға тәрізді фасцикулус деп аталатын мидың жүйке жолағы сөздерді қалыптастыруға, ұғынықты сөйлеуге және тілдік формадағы ұғымдарды түсінуге көмектеседі. Сөйлеудің жұмысына жауап беретін мидың сол жақ жарты шарының үш аймағында көптеген зерттеулер жүргізілуде. Тікелей Брока аймағында ауызша сөйлеуді басқаруға әсер ететін реакциялар пайда болады. Вернике аймағы әңгіме барысында естігенді қабылдау мен түсінуге жауапты [3]. Желке бөлігінде логикалық-грамматикалық есте сақтау процесі жүреді. Осы ми бөліктерінде туындаған ақаулар нәтижесінде тіл жүйесінің қағидаларына сай емес қиындықтар туындайды. Нейролингвистика мидың тілге қатысты ақпараттарын өңдейтін физиологиялық механизмдерін зерттейді.

Нейролингвистика мидың, яғни адамның сөйлеу әрекеті мен жады, зейін, эмоция сынды психикалық үдерістерімен байланысты және ауызша ойлау әрекетін де қарастырады. Сөйлеу – бір мезгілде болатын нақтылы сөйлеу. Оның дыбыстық және жазба түрлері болады. Нейролингвистиканың осындай кең ауқымдылығы біріншіден, оның пәнаралық қажеттілігімен, екіншіден, оның көп мәселелермен байланыстылығында.

Лингвистикалық энциклопедияда бұл ғылым саласына келесідей анықтама берілген: «Нейролингвистика - неврология мен лингвистика жігінде пайда болып, тіл жүйесін тілдік мінез-құлықтың мильқ субстраты арақатынасымен қарастыратын ғылыми пән» делінген [4, 11 б.]. Қазіргі нейролингвистикада тіл ерекшелігін материалдық және идеалдық, биологиялық, психикалық, индивидуальдық, әлеуметтік күрделі үйлесім ретінде түсіну қалыптасқан, бұл нәтижесінде нейролингвистиканың тек неврология және лингвистикамен байланысты деген жаңсақ пікірден алшақтады. Ол басқа да ғылым түрлерімен кеңінен байланысады.

Нейролингвистика өз ішінде бірнеше бағытта зерттеледі. Бұл саланың «табиғи одағы» ретінде қарастырылатын және ең жақын ғылымдары лингвистика мен психолінгвистика. Нейролингвистикалық зерттеулердің ешқайсысы дерлік бұл ғылым салаларынсыз жасалмайды. Сөйлеуді тілдің механизмдері мен олардың дамуының бұзылушылықтарын тілдік материалдың өзіне, бірліктеріне, ережелеріне, қағидаларына сүйенбей жасау мүмкін емес.

Жалпы сөйлеу кезіндегі қиындықтарды неврологияның әртүрлі бөлімдері – невропатология, нейрохирургия, нейропсихологияның бірлесе қарастыруын талап етеді. Неврологияның өзі ғылым ретінде қалыпты және ауытқушылық жағдайларындағы жүйке жүйесінің қызметтері мен құрылымын қарастыратын медико-биологиялық пәндер тобын қамтиды. Нейрофизиология адамның сөйлеуіне жауапты жүйке жүйе мен мидың құрылымдарын, тілдік жүйе қызметіндегі олардың атқаратын рөлін, ми қатпарларындағы сөйлеу қызметінің ерекшеліктерін анықтап, зерделеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар нейролингвистика педагогикалық ғылымның бір саласы болып табылатын, тілдегі жүйке жүйесі мен мидың бұзылушылықтарының механизмдері мен себептерін, олардан құтылу мен ескертпелерінің ғылыми негіздерін арнайы оқыту мен тәрбиесін үйрететін логопедиямен де тығыз байланысты. Логопедияның зерттеуіндегі мидағы бұзылушылықтар адамның

сөйлеу әрекетіне тікелей қатысты. Нәтижесінде логопедия ғылымы сөйлеу кезіндегі кемшіліктерді зерттеп, оларды саралап, алдын алу, қалыптастыру сабақтарын жүргізеді.

Тілдік қабілетті жетілдіруде лингвистиканың алатын орны ерекше, дегенмен нейроғылымның ерекшеліктері мен заңдылықтарын танып білмейінше, тілдік қабілеттің жоғарғы деңгейіне жету мүмкін емес. Яғни тіл білімінің нағыз маманы боламыз десек, тілдік қабілеттерді ұйымдастыру үшін психикалық функциялардың қағидаларын меңгерген жөн. Сөйлеу кезіндегі өзгешіліктер, ырғақ, эмоция, сөз тіркесі мен сөйлемдердің қатесіз құрылуы, сөйлеу кезіндегі іркіліс, тежелу, т.б. көптеген құбылыстар – ми қызметінің жемісі.

Қорыта айтқанда, нейролингвистика - бұл салыстырмалы түрде жас ғылым, оның ашылуы технологиялық прогреске байланысты. Соңғы бірнеше онжылдықта жүргізілген көптеген зерттеулерге қарамастан, біз ми жұмысының принциптерін әлі де нашар түсінеміз. Қазақ нейролингвистикасының сұлбасын жасау үшін шетел ғалымдарының нейролингвистика саласында жазылған ғылыми зерттеу жұмыстары мен зертханалық тәжірибелерін зерделеп, зерттеулер жүргізуіміз қажет болады. Соған сай, отандық медицина өкілдері мен лингвист-ғалымдар бірлесіп нейролингвистика саласының дамуына үлес қосса, қазақ тіл білімінің жетер жетістіктері мол болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. – Алматы, 2011. - 495 б.
2. Садовникова И.Н. Дисграфия, дислексия: технология преодоления. – Москва: Парадигма, 2012. – 279 с.
3. Вернике аймағы: функциясы және анатомиясы. <https://kk.warbletoncouncil.org/area-de-wernicke-8509>
4. Гируцкий А.А., Гируцкий И.А. Нейролингвистика. – Минск: Театра Системс, 2010. – 191 с.

ӘОЖ 82.01/09

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Дадашова Х.Х.

Ғылыми жетекші: Апышева К.А., филология магистрі

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: hamdamjonqyzy@mail.ru

20 – жылдардағы қазақ әдебиетінің дамуын сөз еткенде ,ондағы революцияшыл, солшыл бағыттың үстем болғанын атау орынды. Бұл бағыттың топ бастаушысы Сәкен Сейфуллин (1894-1938) азаттық үшін күрестің от жалынын кешіп келген болатын. Ол Омбы Омбыда оқып білім алған,ондағы орыс революциянерлерімен қарым-қатынас жасаған. 1917 жылы Ақмолада Кеңес өкіметін орнатуға қатысып, 1918 жылғы көтеріліс кезінде ақ гвардияшыл атаман

Анненковтың қолында, Колчактың Омбыдағы концлагерінде азап көрген. 1919 жылы қашып шығып, Оңтүстік Қазақстанға өткен. Орынборда Қазақ республикасының басшы қызметтерінде болған. Бұрын жинағы басылған («Өткен күндер». 1914, Қазан).

Сәкен Сейфуллин әдебиетке біраз тәжірибе жинақтаған күйінде келді. Ол ұлттық әдебиетімізде тұңғыш рет азаттық сүйгіш, күрескер қаһарманның бейнесін жасады. Оның лирикалық қаһарманы – озбырлық озбырлыққа жаны қас, әділет жолында барынша аямайтын тегеурінді жан. Ол революцияны еліне тәуелсіздік, бостандық әкелетін төңкеріс деп түсінеді де, соған араласады. Осы жолдары қиыншылықтың бәріне төзімділікпен қарайды.

Сәкен азаматтық саяси лириканың ғана емес, табиғаттың да шебер жыршысы, адам жаны мен сырын түсінетін ақын болған. Оның «Көкшетау» поэмасы Қазақстанның ең бір көрікті өлкесі – Көкше өңірінің табиғатын керемет суреттеумен халық арасына кең тараған.

Сәкеннің «Аққудан айырылуы», «Ақсақ киік» сияқты шығармалары адал махаббатты, өмірдің әсем көріністерін ардақтауға үндейді.

Сәкенмен бірге жаңа пролетарлық әдебиет жасауға қатысқан Б.Майлин (1894-1938) бұрын демократтық бағытта өлеңдер жазған ақын еді. 1920 жылдардан бастап ол да өкімет, қазақ кедейінің теңдік үшін күресін, өсу, жаңару жолын көрсететін өлеңдерімен көзге түсті. Мырқымбай атты кедей өмірінің әр қырын суреттейтін өлеңдер циклін жазды. Өзі де қарапайым қазақ отбасынан шыққан ақын:

Сенің зарың – зарлайтыным өмірде,

Сенің арың – арлайтыным өмірде.

Сен не көрсең, мен де соны көрмекпін,

Белді буғам ауырға да жеңілге.

Сен жыласаң, көзден жасым тамшылар,

Сен қуансаң, қайғы – шерім аршылар.

Айт өлеңді ен даланы жаңғыртып,

Қойшы- қолаң кеше жүрген жалшылар, -

- деп өзінің кедейлермен тағдырлас екенін айтты.

«Маржан» поэмасында кедей өмірінің қасіретті жақтарын көркем бейнеледі. Қазақ әйелінің теңдік алуын құттықтап өлеңдер жазды. Бейімбеттің өлең поэмалары қазақ әдебиетінде жаңа заманның ұнамды типтері тануға деген ұмтылысты көрсетеді.

Жаңа әдебиеттің негізгі идеясын қабылдап,оны жырлауға құлшыныс білдірген ақынның бірі – Илияс Жансүгіров (1894-1938) еді. Төңкерістен бұрын демократтық бағытта өлеңдер жазған ақынды идеясына тартқан да өкіметтің кедейлерге деген қолдауы болды.

Әдебиет майданында құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шығып, тез сөнген қазақ қызы Шолпан Иманбаеваның (1904-1926) өлеңдері де осы дәуірде кең тарады. Шолпан 2 қазақ әйелінің қоғамдық теңсіздік күйін, қалың малға сатылуын, жаңа дәуірде азаттыққа жетуін өлеңдерінің негізгі тақырыбы етіп алған.

20-жылдардың екінші жартысында Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Ө. Тұрманжанов, Ғ. Орманов, Ж. Сыздықов сияқты ақындар алғашқы шығармаларын жариялай бастады.

Жалпы алғанда, қазақ поэзиясы бұл жылдары халықты оятып, теңдікке үндеу, оқу-білім жолына шақыру сияқты үгіттік міндеттерді жаман атқарған жоқ. Сонымен бірге онда жаңа заман шындығын жырлаймыз деген ұранмен шығарманың тақырыптық жағына көбірек көңіл бөлу, көркемдік ізденістердің аздығы, тап күресін тым жадағай түсіну сияқты жайлар байқалатын еді.

Кеңестік идеядағы ақындар шығармашылығының осы олқылығын Мағжан Жұмабаев (1893-1938) шығармашылығы толықтырды. Ол жаңа заман тәртібін қабылдамаған, өзінің шығармашылығын демократтық әдебиет дәстүрінде жалғастырған ақын еді. Алғашқы олеңдері «Шолпан» деген атпен басылған

Қазақ халқының XX ғасыр басында шама-шарқына қарай өлең жазып, кітап басып, ел арасында атағы шыққан шығармалары ағартушылық бағыт, көзқараста болған бір топ ақын, жазушылар болды. Олар: Әбубәкір Шоқанов (1858-1912), Мақыт Қалтаев (1865-1916), Нұржан Наушабаев (1859-1919), Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857-1931), Шәді Жәңгіров (1865-1931), Шәңгерей Бөкеев (1847-1920), Мұсабек Байзақұлы (1849-1932), Нарманбет Орманбетұлы (1860-1918), Тұрмағанбет Ізтілеуов (1882-1939) т.б.

Бұл ақын-жазушылар көп уақытқа дейін кітаби, діншіл, ескішіл бағыттағы ақындар деп аталып келді. Прогресшіл идеясымен әдебиетке келген олар діни қараңғылыққа, надандыққа, ескі оқу-қадымға қарсы шықты: халықты әйтеуір оқытуды, оятуды арман етті, жаңа оқуды жақтады. Ел арасына осы жаңа бағыт идеясын жайды. Яғни, жаңа идеяны - оянушылықты, ағартушылықты жақтады, жаңалық үшін күресті. Бұл ақындар шығыс әдебиетінен нәр-азық, тәрбие-үлгі алды. Өз шығармаларын сол дәстүр бойынша қисса, дастан, мысал, назым етіп жазды. Жалпы ізгілікті, адамгершілікті насихаттады.

XX ғасыр басындағы кітап шығарып, газет-журналдарға өлең, жыр, әңгіме, мақала жазып көбірек көрінген, жалпы алғанда ағартушылық-демократиялық бағытта болған ақын, жазушылардың да әдебиеттен алар орны ерекше. Олар: М.Сералин (1872-1929), С.Торайғыров (1893-1920), Әріп Тәңірбергенов (1856-1924), С.Көбеев (1878-1956), С.Дөнентаев (1884-1933), Бернияз Күлеев (1899-1923), Бекет Өтетілеуов (1881-1925), Әкірам Ғалимов (1891-1913) т.б.

Бұл ақын, жазушылар қазақша-жаңаша, орысша оқыды, дүниежүзілік ғылым, білім алды, қазақтың, Орта Азия халықтарының, татар, орыс әдебиеті мен мәдениетінен үлгі алды, осылардың жақсы дәстүрінде тәрбиеленді, әлеумет қайраткері ретінде танымал болып отырды. Бұлар қазақ арасындағы ескілік қалдығын-дінді, теңсіздікті, патша өкіметінің отарлық саясатын, феодалдық, капиталистік қанауды сынады. Халықты оянуға, саяси, мәдени, шаруашылық жағынан жетілуге, еңбекке, өнер-кәсіпке, оқуға, орыс халқының өнерін, ғылымын үйренуге, отырықшылыққа, қала болуға үгіттеді, халықтың бостандығын, теңсіздігін, бақытты өмірін, әйелдің бас бостандығын, теңдігін аңсады және сол жолда қызмет етті.

XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихында бүкіл қоғамдық даму өзгеріске ұшырап, Ресей патшалығы әдейі тұмшалаған ой-сананың ояну дәуіріне

жол ашқан кезең. Бұл тұста Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы өзінің кемел шағына жетіп, шырқау биігіне көтерілсе, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Бернияз т.б. сөз өнерінің алыптары әдебиетті жаңашылдықпен байытып, биік көркемдік сипаттағы дүниелерін халық назарына ұсынды. Олардың шығармашылығына қозғаушы күш болған ғасыр басындағы бүкіл ой-арнаның алтын қазынасына айналған ұлт-азаттық идея еді.

Ұлт-азаттық идеяны сөз өнерінің өзегіне айландыру ХХ ғасыр басында пайда бола қалған жоқ, онын алғашқы белгілері, бастау арналары тіптен арыда жатыр. Ежелгі әдебиеттегі ерлік жырлары, жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік рух, Махамбеттің күреске үндеген азатшыл ұранды толғаулары, сол ұлт-азаттық идеяны жырлаудың дәстүрлік көріністері болып табылады. Осынау өлмес дәстүр ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылар шығармашылығынан жалғасын тауып, жаңаша сипатпен танылды. Өйткені олардың шығармашылығы, ең алдымен, ресейлік отаршылдыққа қарсы күрес идеясымен қуаттанған болатын. Оны заманаға үндестіре жырлау жаңа көркемдік талаптарды қажетсінді.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласындағы өзгерістер санасын оятқан ұлт зиялылары арасынан шыққан ақын-жазушылар өмір шындығын көркемдікпен айтуға талпынып, өмірдің өзінен ойып алған оқиғалардағы тарихи шындықты көркем ойға ұштастырып, қазақ қоғамындағы сан қатпарлық құбылыстың жұмбағы шешуге ұмтылыс жасады. Сөйтіп замана рухына сай шығармалар жазып, санасын серпілтуге даңғал жол ашты. Сондықтан болар көпшілігінің туындыларында көбіне көп ой басымдау келіп, тереңдік танытып тұратын. Міне осынау айтар ой тереңдігі мен көркемдік жетістіктеріне орай «алтын ғасыр әдебиеті» аталған кезеңді зерттеудің қызығы да, қиындығы да жетерлік. Қазақ әдебиетінің осы бір қайшылыққа, толы, күрделі де кемел кезеңін зерпіліспен тану ғасыр басында-ақ атап айтқанда, 20-30 жылдарда қолға алына бастады.

М.Әуезов, С.Мұқанов сынды дара даналарымыздан бастап, кейінгі толықан ғалымдар да жаңа ғасыр басындағы әдебиетке айрықша назар аударып, заманының сан соқтырған талай «соқтықдалы-соқдақты» қиянтұрыс құбылмағына орай ой айтып, қалай болғанда да, кезең тұсындағы жеткен жетістікті, кеткен кемшілікті нақты көрсетуге тырысты. Әрине, 90 жылдарға дейін еңбектерде көп нәрсе уақыт ығына жығыла айтылып, «жабулы қазан жабулы күйінде» кетіп, іштен тынған сәттің көп болғанын да жасыра алмаймыз.

Жалпы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеуге ерекше үлес қосқан, осы кезең әдебиетін тұтас күйінде қарастыруға айрықша көңіл бөлген ғалым Б.Кенжебаев. Ғылыми ізденісінің көп бөлігін осы тақырыпқа арнаған әйгілі ғалымның «Сұлтанмахмұт ақындығы» (1949), «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары (1958), Журналист Мұхамеджан Сералин, (1957), ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті (1976), т.б. еңбектері тікелей осы кезең әдебиетін зерттеуге арналған. Қазақ әдебиетінің алтын ғасырының асылын жарқыратып, жасығын ащы сынаған және тым асырмай, аса кемітпей турашылдығын танытқан ғалымның бұл жолда талай қиыншылыққа кезіккені рас.

XX ғасыр басындағы қазақ романының даму бағыттарын, басты проблемаларын қарап отырсақ. Европа, орыс романы әлеміне ене бастаған түрлі әдіс-тәсілдердің, тақырып пен проблематика /адам мен қоғам қарым-қатысы/, стиль мен пафос мәселелерінің қазақ романдарында да өзіндік ерекшеліктерімен қолға алына бастағанын байқауға болады. Мысалы, роман көркем мазмұны жұмбақтарына апаратын көп дауыстылық қазақ романы үшін белгісіз құбылыс емес.

Романдардың көбі жарық көргеннен кейін әдеби сын объектісіне айналды. Қоғамдық санада пікір туғызды. Түрлі әлеуметтік топтар, үкімет идеологиясы тарапынан бағаланды. Мысалы, С.Көбеев «Қалың мал», С.Торайғыров «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», Ж.Аймауытов «Қартқожа», «Ақбілек», С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу», М.Әуезов «Қилы заман», С. Мұқанов «Сұлушаш», «Адасқандар» т.б.

Біраз романдар XX ғасыр басындағы әдебиет тарихын, әдеби процесті зерттейтін монографияларға қосылды. Мысалы, «Қалың мал», «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» т.б. Олардың арасынан хрестоматиялық шығармаға айналған, талай еңбектерде талданған, оқулықтар мен оқу құралдарына енген, түрлі мақсатты жүйелі зерттеулерге де қосылған шығармаларды кездестіруге болады. Мысалы, С.Көбеевтің, С.Торайғыровтың, С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың шығармалары.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеудегі Еліміз тәуелсіздік алып, ұлттық идеология демократиялық жолмен дами бастаған XX ғасыр соңы мен XXI ғасырдың бас жағында қазақ әдебиетіндегі көзқарастарда жаңашылдық орын ала бастады. Жетпіс жыл бойына қазақ әдебиетінің бағыт-бағдарына тұсау болып келген бұрынғы идеялардың барлығы дерлік түгел қайта қаралып, қажеттісі алынып, қажетсізі де өз орнын тапты. Алдыңғы толқын ғалымдар зерттеушілерінде саяси қыспақтың салдарынан жіберілген олқылықтардың орындарын толтыру мақсатында көптеген ғылыми, зерттеу, сын еңбектері жазылып, әдеби танымның ауанын кеңітті, көптеген ақтаңдақтардың салдарын ашып, жаңаша концепция қалыптастырды. Мәселен, көрнекті ғалым, әдебиет тарихын зерттеуге ерекше еңбек сіңірген, дархан қайраткер Б.Кенжебаевтың әдеби мұраларын зерттеген академик Р.Нұрғалидің, ғалымдар З.Бисенғали, Ө.Әбдиманұлы, Б.Майтанов, Ж.Тілепов, Қ.Ергөбеков т.б. көлемді мақалалары жарыққа шықты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.- Қызылорда, 1932. - 360 б.
2. Кенжебаев Б. Мақыш Қалтаев // Әдебиет және искусство. – 1950. - №2. – 121-127 б., Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. - Алматы: Білім, 1993. - 248 б.
3. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары.- Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1958. - 307 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Санат, 1992. - 416 б.
5. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. - Алматы: Санат, 1993. - 34 б.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР
АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Әлиакбар Д.Б.

Ғылыми жетекші: Капышева Г.К.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: dinok5319@mail.ru

Шетел тілі қазіргі кезеңде заман талабына сай көптеген мектептерде 2 – ші сыныптан бастап жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір балаға психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, содан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтуын, білім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп, ерте мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік беретіндігінде. Шет тілін оқып, үйрену, бірден қалыптаса қалмайды. Өз ана тілін әлі толық меңгермеген балаға шетел тілін үйрету оңайға соқпайды. Бастауыш мектептің бастапқы сыныптарында баланы шетел тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуға, буындарды сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс меңгеріп, хат жазу, анкеталарды үлгі бойынша толтыру үйретіліп, негізгі грамматикалық категориялардан жалпы мағлұмат беріледі. Осы бастапқы сыныптарда-ақ оқушыларды түрлі тәсілдермен білім алуға үйрету қажет. Жоба әдісін қолдануда оқушылар өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттері артады.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты — оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту» деп көрсетілген. Өйткені қазіргі нарық жағдайында шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру, шетел тілінде сөйлей білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпаққа шетел тілін оқытуда әр түрлі әдістемелік жаңа тәсілдерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр.

Ағылшын тілі — әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым- қатынасты атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Негізгі орта білім деңгейіне арналған шетел тілі курсы жалпы орта білім деңгейінде оқыту дайындығына бағытталған, яғни ол шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық А1 деңгейіне сәйкестірілген. Шетел тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап,

өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері — философия, психология, лингвистика, педагогикалық еңбектер, әдістемелік еңбектер, озат педагогтардың іс-тәжірибелері. Зерттеу әдістері ретінде бақылау, мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін зерттеу, талдау мен қорыту, сөйлеу тілін дамыту, оқушылардың ауызша жауаптары мен жазба жұмыстарын талдау әдістері пайдаланылды.

Кейінгі кезде мультимедиалық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы шетел тілін тиімді оқыту үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Мультимедиалық технологиялар мәтіндік құжаттарға, графикалық суреттер, дыбыс және бейне-көріністерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Ауызша әдіс — теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.

2. Көрнекі әдіс — бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.

3. Практикалық әдіс — практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады.

4. Ойын әдісі — оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады.

Аталған әдістерді пайдалана отырып, түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды оқушыға меңгерту тиімді болып табылады.

Ауызша сөйлеуге үйретудің, біріншіден, белгілі бір көлемде диалогты түрде және монологты түрде сөйлеудің арасында айтарлықтай формасы жағынан да, мазмұны жағынан да қандай да бір байланыстың болуы; екіншіден, оқушының өзіне тиісті пәнді жетік меңгеруімен; үшіншіден, қандай да бір мәтін материалдары мен ауызша сөйлеуде едәуір байланысты болуы. Оқудың бірінші кезеңінде іштей оқуға көңіл бөлу керек. Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шетел тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. **Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады. Мысалы, белгілі бір мәтін бойынша жұмыс істеу үшін мына жаттығуларды беруге болады:**

- Мәтінді қатесіз, дауыс ырғағын сақтай отырып оқу.
- Мазмұнын түсіну.
- Тірек-сызба сөздері арқылы баяндау.
- Мазмұнын түсінуі бойынша сурет салып, суреттеу.

Келесі жаттығу түрі сөйлеуге үйрету. Диалогты сөйлеуде оқушылар сұрақ-жауап, өтініш айту, нұсқау беру және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс-әрекеттерді жасай алуы тиіс. Балалар бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр түрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы тиіс. Қазіргі кезеңде пән мұғалімдерінің кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «Warming up» жаттығуы жатады.

«Warming up» жаттығуы. «Do you know?»

What`s near the Capitol? What`s near the Houses of Parliament? What would you like to see in Wash- ington D.C.? What would you like to see in London?

Тілдік жаттығудың мақсаты — сабаққа деген бетбұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым-қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарлата түседі. Әдетте оқып болғаннан соң түсінік айтылады және жаттығулар жасалады. Сөйлей алудың әдістерімен қорытындыланады. Әңгімелесу балалардың логикалық ойлауын, тілдің қалыптасуына, қорытынды жасауға көмектеседі. Оқушылардың ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя білу мен әңгімені бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар жүргізіледі. Сондай-ақ берілген мәтіннің мазмұнын айту мен сөйлеу үлгілерін сауатты түрде құрастыра білуге, диалог арқылы сұхбаттасу сияқты жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Осындай жұмыс кең түрде жүрген тұста оқушының сөйлеу ерекшелігі күннен күнге дамып, жан-жақты артып отырады. Ал бұл оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: оқушы меңгерген лексикалық материалдар бойынша талқылауға қатысып, мәтін бойынша түсінгенін еркін жеткізе білуге дағдыланады. Қойылған сұрақтарға тез және нақты жауап беру және сурет бойынша әңгіме құрастыру, әр түрлі жағдаяттарға байланысты сұрақ қоя білу мен схема бойынша сөйлемдер құрастырып айту жұмыстары басты рөл атқарады.

Оқу біліктілігін меңгеру мақсатында ортадан жоғары деңгейде жұмысты күрделендіріп, көптеген жұмыстарды іске асыруға мүмкіндік туады. Сондықтан ауызша сөйлеуді меңгеруде мәтінмен жұмыстың да маңызы зор. Мәтінді ауызша мазмұндау үшін тіл үйренушілерді жазбаша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, жоспар құруға, сондай-ақ белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету, жаңа технологиялар және тәсілдерді қолдана отырып, ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту әдістері қолданылады.

Көлемді мәтінді оқып қана қоймай, көру арқылы мазмұнын түсініп мәтіннің мазмұны бойынша түсінгенін айта білу. Сондай-ақ өз бетімен әңгіме құрап, мәтінге

байланысты қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөйлеуге дағдыландыру. Бұқаралық, ақпараттық хабарларды оқып түсіну (газет, журнал материалдары, теледидар хабары) мен талқылауда белсенділік танытып, біліктілікті жоғарылату жұмыстары басшылыққа алынады.

Сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін, оқыған үзінділері бойынша негізгі кейіпкерлерге сипаттама беру, роман, эсселердің тақырыбын, идеясын талқылау, пікірсайыс, дебат барысында өз ойын әдеби тілде еркін жеткізе білуге дағдыландыру басты мақсат болып табылады (1-кесте).

Кесте № 1. Төмендегі мәтінді мысал ретінде алуға болады:

My friend Bill is a geologist. He does not stay in town in spring and summer. He goes on expeditions. There he lives in a tent and cooks his own meals. He thinks he is a very good cook and when he comes back to town he tries to teach his wife and mother in law the art of cooking. He tells everybody that canned meat and porridge are the best dishes. His wife in his opinion spends too much time on cooking. So he does not let her stay in the kitchen. Neither his wife nor his mother in law contradicts him, for he never stays long at home. When he lives his children are sorry to part with him but they are glad that grandmother will cook their meals again.

Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан жұмыс түрінің бірі — «Brainstroming» әдісі, яғни суреттеліп берілген белгілерді қолдану арқылы біртұтас әңгіме құрастыру, оны әңгімелеп айту болып табылады (2-кесте).

Кесте № 2. «Brainstorming» 2 әдісі.

Бұл әдісті ағылшын тілі сабағында қолдануға болады:

- *Describe the way something is said: whisper, cry, shout, yell, mumble,*
- *Think of as many things as you can that are*
- *How many methods of travel can you think of?*
- *What if you were caught in an avalanche?*
- *What if tobacco wasn't brought to Europe?*

Сабақта Интернеттен алынған әндермен қоса, ән туралы қызғылықты қысқаша деректер, әннің нотасын және фразаларды қолдануға болады. Әннің мәтінін қағазға шығарып оқушыларға таратып беру керек. Мысалы: «Twinkle, twinkle little star», «If you`re happy», «Spring is green» т.б. (3-кесте).

Кесте № 3. «Spring is green» әнін толықтыру: [http://lingualeo.com/]

*is green, spring is
is bright. Summer is*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан мемлекеті, №3, 2007ж.
2. Шетел тілін оқыту әдістемесі, №2, 2003ж.
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі, №5, 2007ж.
4. Мектептегі шет тілі, №3, 2006ж.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КӨРКЕМ МӘТІННІҢ РӨЛІ

Әлиакбар Д.Б.

Ғылыми жетекші: Капышева Г.К.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: dinok5319@mail.ru,

Аннотация. Мақалада көркем мәтіннің шет тілдерін оқытуда қолданудың маңыздылығы туралы айтылады. Көркем мәтінмен жұмыс зерттеліп жатқан тіл еліндегі сөйлеу әрекетінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен таныстыруға ықпал ететіндігі; студенттердің басқа қоғамның қазіргі өмірінің әртүрлі салаларын, оның тарихы мен мәдениетін түсінуін қалыптастыруға көмектеседі.

Түйін сөздер: танымдық қабілеттер, әдістеме, мотивация, негізгі дағдылар, әдеби жанрлар

Көркем мәтіндерді оқу-ақпарат алудың маңызды құралдарының бірі және коммуникативті дағдыларды дамытуға ықпал ететін тілдік қызметтің жетекші түрлерінің бірі. Шет тілін білу сол тілде оқылатын мәтіндердің саны мен сапасына тікелей байланысты деп саналады. Оқу қарым-қатынас дағдыларын ауызша және жазбаша түрде белсенді меңгеруге ықпал етеді.

Көркем әдебиет мәтіндері оқушыларды зерттелетін тіл елінің және бүкіл әлемнің мәдениетіне тарту құралы болып табылады, оларды жалпыадамзаттық моральдық-эстетикалық құндылықтар әлеміне тартады. Көркем әдебиет мәтіндерінің тілі тіл мәдениетін дамытуға, оқушылардың тілдік білімдерін байытуға, ауызша сөйлеу дағдыларын игеруге ықпал етеді. Көркем мәтін шет тілі сабақтарында лайықты орын алады. Шет тілін оқытуда әдеби мәтіндерді қолдану шет тілін оқытудың мақсаты болып табылатын шет тіліндегі коммуникативті құзыреттілікті дамытуда маңызды.

Соңғы жылдары ағылшын тіліндегі түпнұсқа мәтіндердің негізгі құрамдас бөлігі және көзі ретінде оқу бағдарламаларындағы көркем мәтіннің рөлі тағы да назар аударды. Шетел тілін оқыту үдерісінде көркем мәтінді пайдалану бірқатар себептерге байланысты қайта өрлеуді бастан кешіруде. Оқыту үрдісі оқытылатын тілдің функционалдық қолданылуына бағытталған әдеби материалдарды пайдалана отырып, шет тілін оқытудың дәстүрлі тәсілдерінің бір бөлігі танымал бола бастады. Дегенмен, шетел тілін оқытудың әртүрлі әдістерінде көркем мәтіннің рөлі қазіргі уақытта асыра бағаланады және көптеген мұғалімдер көркем мәтінді кең ауқымды лингвистикалық және мәдени ақпарат беретін, оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытуға тиімді ынталандыру ретінде қарастыра бастады. Өз ойларын басқа тілдерде жеткізу, сонымен қатар студенттерді ынталандырудың әлеуетті көзі ретінде.

Шет тілдерін оқытудың мазмұны білім алушыларды тілдік қарым-қатынастың жаңа тәсіліне ғана емес, сонымен бірге зерттелетін тілде сөйлейтін халықтың мәдениетіне, зерттелетін тіл еліндегі сөйлеу мінез-құлқының ұлттық-мәдени ерекшелігіне тартуға бағытталуы керек екені белгілі. Дәлірек айтсақ, олардың ұлттық мәдениеті мен диалогы арқылы. Бұл студенттерге басқа қоғамның

қазіргі өмірінің әртүрлі салалары, оның тарихы мен мәдениеті туралы түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Бұл ретте, Н.Д.Галскова атап өткендей басқа халықты оқыту пәнді зерттеудің алғашқы қадамдарынан бастап үнемі жүргізілуі керек. [1] Шет тілін үйренушілерді басқа халықтың әдебиетімен таныстыру және басқа мәдениеттер туралы түсінікті дамытуға көмектеседі, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарымен таныстырады, басқа қауымдастықтардың өкілдеріне толерантты көзқарасты тәрбиелейді. Сонымен қатар, әдеби шығармалардан үзінділерде әрдайым оқулықтардың негізгі мазмұнын қамтымайтын махаббат, соғыс және жоғалту сияқты әмбебап тақырыптар жиі талқыланады.

Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты- шет тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті мен дайындығы ретінде коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру. Осы мақсатқа жету, яғни коммуникативті қызметті жүзеге асыру оқытудың белгілі бір мазмұнын игеру арқылы мүмкін болады, оның құрамдас бөліктерінің бірі дағдылар болып табылады.

Әдеби мәтіндер практикалық тапсырмаларды құрастыру үшін лингвистикалық ақпараттың бай көзі болып табылады және студенттерге барлық негізгі дағдыларды дамытуға көмектеседі – сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу, грамматикалық құрылымдарды қолдануды және жаңа лексиканы қолдануды бейнелейтін тамаша қосымша ретінде. [2]. Қазіргі студенттер көрсетілген мәтінде сипатталған уақыт пен кезеңдерде де, стильдер мен жанрларда да ерекшеленеді, адам тәжірибесінің әртүрлі аспектілерімен (мысалы, философиялық, этикалық, эстетикалық) танысады. Бұл мәтіндердің ішінде көркем және публицистикалық, классикалық және заманауи шығармалар бар. Әдеби шығармалардың көркем тілі оқырмандарда эмоциялардың пайда болуына ықпал етеді және студенттердің танымдық қабілеттерін оятады, оларды мәтін мазмұнына батырады.

Көптеген шетелдік және отандық ОӘК (оқу-әдістемелік кешендер) READING бөлімі жалпыға бірдей қызығушылық тудыратын мәтіндердің кең спектрін ұсынады, жаңа ақпарат алуға және қоғамның қажеттіліктерін түсінуге ықпал етеді, өз елінің мәдениетін және зерттелетін тіл елдерін түсіну.

Әдеби мәтіндерді өз бетінше таңдау кезінде ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың қажеттіліктерін, мотивациясын, қызығушылықтарын, мәдени ортасы мен тілдік деңгейін ескеруі керек. Дегенмен, қарастырылатын негізгі факторлардың бірі-ұсынылған жұмыс оқушылардың қызығушылығын оятып, күшті, оң реакцияларды тудыруы мүмкін бе. Жаңа проблемалық ақпаратты қамтитын, басқа мәдениет әлеміне "терезе" ашатын, оның сезімдері мен эмоцияларына әсер ететін мәтін қызықты болады. [3]. Мазмұнды және қызықты мәтіндер лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктерді талдау дағдыларының дамуына оң әсер етуі мүмкін. Оқушылардың нақты тәжірибесі мен эмоцияларына қатысты кітаптарды таңдау да үлкен маңызға ие. Тілдік күрделілік туралы айтатын болсақ, әдеби шығарманың тілі қарапайым болса, әдеби мәтінді түсінуді жеңілдететіні анық, бірақ дайындалған оқырман үшін тілдің "күрделілігі" оқуға кедергі болмайды.

Әдеби материалды зерттеудің бірнеше тәсілдері бар. Классикалық және заманауи әдебиетшілердің шығармаларын бастапқы түрінде, түпнұсқада, сондай-ақ жеңілдетілген немесе қысқартылған нұсқада, Easy Reading жеңілдетілген оқу деп

атауға болады. Ағылшын және басқа шет тілдерін үйренушілер үшін оқырмандардың осы санаты үшін арнайы жазылған көркем шығармалар көбірек шығарылады.

Сабақта жұмыс істеу үшін де, аудиториядан тыс оқу үшін де қолдануға болатын әдеби мәтіндердің түрлеріне мыналар жатады:

- Қысқа әңгімелер
- Ертегілер,
- Романдар,
- Пьесалар,
- Ән мәтіндері.

Романдар, пьесалар немесе қысқа әңгімелер әлемі ойдан шығарылғанымен, ол көптеген әлеуметтік немесе аймақтық топтардың кейіпкерлерін сипаттай алатын толық және түрлі-түсті ортаны білдіреді. Мәтіндерді аудио мәтіндермен, музыкалық компакт-дискілермен, фильмге арналған клиптермен, подкасттармен толықтыруға болады, бұл материалды сезімтал қабылдауға оң әсер етеді. [4]. Жазбаша сөйлеу де әдеби мәтіндерді оқумен тығыз байланысты, бұл ынталандырушы көз бола алады. Жазбаша тілді қолдану студенттерге тереңірек назар аударуға мүмкіндік береді лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктер (сауаттылық, экспрессивтілік және т.б.), сыни ойлау дағдыларын, талдау қабілеттерін, тәуелсіздікті дамытуға мүмкіндік береді, бұл сөзсіз жалпы академиялық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. [5].

Осылайша, ағылшын тілінде көркем мәтінді оқуға үйрету студенттерге әдеби құзыреттілікті дамыту, пассивті сөздікті жақсы меңгеру және байыту үшін шынайы материалдың бай көзін ашады; зерттелетін тіл мәдениеті туралы білім дамиды және жалпы оқытудың негізгі мақсатына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранному языку: пособие для учителя / Н.Д. Гальскова – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: АРКТИ, 2003. – С. 11– 12.

2. Лытаева М.А., Талалакина Е.В. Academic skills: сущность, модель, практика / М. А. Лытаева, Е. В. Талалакина // Вопросы образования. 2011. № 4. С. 178–201.

3. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранному языку: пособие для учителя / Н.Д. Гальскова – 2-е изд., перераб.и доп. – М.: АРКТИ, 2003. – С. 133– 134.

4. Тарасова В.В. Ванягина С.В. Сказка как средство развития языковых навыков, учащихся на уроках английского языка / В.В. Тарасова С.В. Ванягина // TerraLinguae: Сб. науч. Ст. Вып. 2. – Казань: Издательство «ТАИ». 2015. – С. 237–240.

5. Daminova E.R. Tarasova V.V. Kirpichnikova A.A. Academic Writing as a key component of Academic Literacy // Turkish Online Journal of Design Art and Communication. – 2017. – Vol.7, Is. – P.698– 703.

6. Даминова Э.Р. Читаем, обсуждаем, пишем Reading, discussing, writing: учебно-методическое пособие на англ. языке / Казань. Изд-во Каз. гос. ун-та, 2006. 56 С.

7. Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам /Г.В. Елизарова. – СПб. КАРО. 2005 – С. 352.

8. Гильманова А.А. Никитина С.Е. Даминава Э.Р. Использование художественных текстов для обучения чтению на английском языке / А.А. Гильманова С.Е. Никитина Э.Р. Даминава // Международный научно-исследовательский журнал № 4 (46); Часть 3; Апрель; С.24 – 27 <http://research-journal.org/wp-content/uploads/2016/04/4-3-46.pdf>

9. Mace M. L'essailitteraire, devant le temps / Marielle Mace// Cahiers de Narratologie. 2008. – №14: Prose d'idées: formes et savoirs. – [<https://journals.openedition.org/narratologie/499>] (access date: 19.05.2018).

УДК 37

TEACHING LISTENING IN PRIMARY SCHOOL

Ислам А.А., Абдрахманова Т.М.

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова

г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: aminatt21@mail.ru

This article discusses a topic of great importance in the education system. Listening is one of the four types of speech activity that cause the greatest difficulties for students in the process of learning a foreign language, especially English. Therefore, in the course of the study, the main difficulties of various kinds that students experience when learning listening at school were identified. The paper emphasizes the importance of teaching listening at the initial stage of training, since at this stage the foundations of communicative competence are laid. Questions are also considered about how listening affects other types of language activities and what skills competencies are developed in the process of learning listening at an early stage. In particular, the game format is considered as one of the ways to form and develop the skills of understanding speech by ear.

Aim:

-Development of a methodology for teaching younger schoolchildren listening and testing its effectiveness and its theoretical justification;

Tasks:

- to carry out a theoretical analysis of psycholinguistic, psychological and pedagogical literature on the problem of research and on this basis to concretize the concept of "listening as a type of educational activity" in relation to younger schoolchildren;

- to specify the structural organization and subject content of listening as a type of speech activity, the features of the educational activity of listening of younger schoolchildren;

- to develop criteria, indicators and levels of the formed ability to listen in younger schoolchildren to determine it in the process of objective control;

- to develop a methodology for teaching younger schoolchildren listening as a type of speech and educational activity;

- to check the effectiveness of the methodology in the process of teaching listening to younger schoolchildren.

Key words: Listening, educational activities, primary school, features of listening, educational activity, listening comprehension, kinds of listening comprehension.

The article "Teaching listening and reading in English lessons in elementary school" (Mironova,2014) contains effective exercises and techniques for teaching listening, as well as various types of game exercises for teaching reading that English teachers can use in their lessons, which will be to promote students' interest and motivation to learn English.

The author of "Listening as one of the ways to learn English" (Zheleznova,2006) examines the importance of listening when teaching a foreign language, identifies approaches that can be used when listening to a text, presents listening strategies, and also offers the most convenient and common way of teaching listening in the classroom.

The article "Teaching listening in elementary school" (Tarasova,2008) is devoted to the basics of teaching listening at the initial stage and its place in the development of communication skills among students in primary school.

The article "Features of listening of younger schoolchildren" (Ibakaeva, 2013) examines the features of listening of younger schoolchildren as a mental process, as well as from the point of view of its development in educational activities, describes the levels of mastery of listening, specifies the skills that distinguish each level, and methodological tasks, the solution of which ensures the dynamics of students in the perception of speech.

The article "Listening as a type of educational activity" (Ibakaeva,2014) reveals the concept of listening as a type of educational activity, the main theoretical provisions of listening as a type of educational activity. The functions of listening in educational activities are defined. The barriers of listening and the mechanisms responsible for overcoming them are revealed.

The article "Teaching listening in English lessons in elementary school" (Biryukova, 2019) is devoted to the process and methodology of mastering listening as a type of speech and educational activity in primary school.

The article "Teaching listening in English lessons at the junior stage of school" (Alexandrova, Semenova, 2015) is devoted to the study of a topic that is quite an important subject of discussion in the education system.

The author of the article "Teaching listening in foreign language lessons in elementary school" (Sedova, 2003) believes that the study of this type of speech activity in the methodology is not deep enough, and the term "listening" is used in the methodological literature relatively recently.

The article "Introduction of the methodology of early English language teaching in the elementary school" (Shelestov, 2012) deals with the problems of the organization of early English language teaching in primary school in the conditions of Kazakhstan multilingualism.

The article "Teaching listening in English lessons and the typology of exercises for the development of this type of speech activity" (Malarova,2005) discusses the concept of listening, the relationship with other types of speech activity, types and stages of listening, and also provides sample exercises for the development and improvement of this skill.

Music improves listening skills

The main advantages of using songs to learn English:

In English lessons, children not only listen to music, but also sing songs all together.

The inclusion of such practice in the learning process helps:

- Improve pronunciation.
- Memorize words faster.
- Expand your vocabulary. Listening to songs in English, the student remembers

not only the sound of the word, but also its meaning, the context of use, the grammatical structure of whole phrases, and possibly the spelling. Feel more confident when using a foreign language.

Features of learning English with the help of movies.

Learning foreign languages with the help of movies and TV shows is a very popular practice in all countries of the world. It allows you to learn to perceive the language by ear, learn new words and phrases, as well as just spend time usefully. To study, it is enough to choose a movie and text accompaniment.

Advantages of learning foreign languages with the help of films:

- Such a training system has many advantages. Firstly, it allows you to learn a new language interactively. The process is not only informative, but also interesting. Thanks to this, even the most inattentive and restless people can learn something new.

- Secondly, words and phrases are remembered very well if they are heard in your favorite movie. In addition, the vocabulary is expanded due to real phrases used by native speakers.

- The last thing is the simplicity of the process. There is no need to look for teachers, premises, schools for training. You don't have to pay money either, because many TV series and movies are publicly available with subtitles in a variety of languages.

Audio lessons in English:

Modern technologies have given new opportunities to learn English. For example, you can learn English using audio lessons. This method makes it possible to quickly and efficiently learn a language even without attending full-time individual or group classes with a teacher.

This technique of learning English has a number of undeniable advantages:

- The training can take place anywhere and at a convenient time for the student. Listening to the audio lesson is possible while traveling on public transport, walking in the park or doing household chores. To do this, it is enough to have a smartphone and headphones at hand;

- You can independently adjust the duration of the lesson. Not everyone has the opportunity to fully engage in training for 2-3 hours a day. But it doesn't matter. Even short lessons will give results if you practice regularly;

- Audio English lessons help to develop an understanding of spoken language, improve the skills of listening to speech in a foreign language;

The disadvantages of audio tutorials can be called:

- Difficulties in perceiving information by ear, which may be related to the individual characteristics of a particular person;

- The audio course does not develop reading skills in a foreign language;

- The lack of an opportunity to fully study grammar and master the skills of making sentences independently within the audio course.

1. What topics should teacher use for listening?
2. What problems can they face during listening?
3. How often does teacher need to conduct listening?
4. What are the most effective methods for listening?
5. Since when is it worth conducting listening?

Analytical table 1.

Questions	Themes	Code
What tasks should teacher use before listening?	Listening Tasks	Tasks
What problems can they face during listening?	Problems during listening	Problems
How often does teacher need to conduct listening?	Listening frequency	Frequency
What are the most effective methods for listening?	Effective methods	Methods
Since when is it worth conducting listening?	Age to start listening	Age

Analytical table 2.

Codes	Quotations
Tasks	1. “Brainstorming. 2. Guess what’s happening. 3. Gap-fill
Problems	1. These difficulties can be grouped as follows: 1) difficulties caused by the nature of the language material; 2) difficulties caused by the way the audio text is presented; 3) difficulties caused by the conditions of perception 2. Grammatical difficulties caused by the discrepancy between the spelling and pronunciation of words are especially typical for the English language.
Frequency	1. Listening is an important component factor in language learning. At the initial stage, it is best to give tasks for hearings more and more often.
Methods	Introduction of new words, their explanation. Control of understanding of new words in sentences from audio text using visual clarity. Working out the reading technique on the material of the most difficult audio presentation of sentences from the audio text.
Age	Primary school age (6-10 years) it is the most favorable for learning English.

Determination of the level of development of listening skills in 4th grade students.

The purpose of the ascertaining experiment: to establish the level of development of the ability to understand foreign language speech by ear in 4th grade students. During the ascertaining experiment , the following skills were tested:

- Identify the topic and understand the general content of the text.
- Extract the requested information from the text.
- Fully and accurately understand the content of the statement.
- Formulate the main idea of the text.

The ascertaining experiment was conducted on the basis of one text for two lessons. The text was presented to the students once at each lesson before completing tasks. When selecting the text, the age characteristics of the students, interests, and the duration of the text were taken into account. The students completed the tasks in writing.

In the first lesson, students listened to the text once and completed tasks to determine the topic and understand the general content of the text, and to extract the requested information from the text. In the second lesson, students re-listened to the text and completed tasks aimed at testing the ability to fully and accurately understand the content of the statement, formulate the main idea of the text, establish logical connections within the text, express an opinion about the content of the text (to evaluate events, heroes).

Installation for students:

0 points:	1 point:	2 points:	3 points:	4 points:	5 points:
The students did not cope with the task, making more than 7 mistakes when placing proposals in the correct order.	The students did not cope with the task, making more than 7 mistakes when placing proposals in the correct order.	The students coped with the task by making 5 mistakes when placing the proposals in the correct order.	Students coped with the task, making 3-4 mistakes when placing proposals in the correct order.	Students coped with the task, making 1-2 mistakes when placing proposals in the correct order.	The students coped with the task without mistakes, placing all the sentences in the correct order.

Express an opinion on the content of the text (to evaluate events, heroes).

0 points: - did not complete the task.

1 point: - answered the question without arguing their opinion.

2 points: - answered and argued their opinion.

Students	Skills					
	1. Identify the topic and understand the general content of the text.	2. Extract the requested information from the text.	3. Fully and accurately understand the content of the statement	4. Formulate the main idea of the text.	5. Establish logical connections within the text.	6. Express an opinion on the content of the text (evaluate events, heroes)
	Number of points					
	Task No.					
Aidyn.Z.	3	0	2	0	3	0
Amantaeva M.	5	4	4	1	4	0
Zheniskhanova. A.	5	4	4	1	5	1
Zhunusbekov A.	4	4	5	0	4	2
Abilmanov B.	4	3	4	1	4	1
Bolatbek N.	5	5	4	1	5	1
Kaiyrzhan E.	4	2	1	1	3	0
Kabitkhanova M.	4	4	2	1	4	0
Niyazbekov T.	5	2	5	1	5	2
Keneskhanova D.	4.3	3.1	3.4	0.7	4.1	0.7
Nishanov K.	88%	55%	66%	77%	77%	55%

From the histogram No. 1 it can be seen that the 4th grade students have the highest level of formation of listening skills for determining the topic and understanding the general content of the text. The average level of formation of listening skills for the formulation of the main idea of the text, for the establishment of logical connections within the text and for a complete and accurate understanding of the content of the utterance. The students demonstrated the lowest level of formation of skills when performing tasks to express an opinion about the content of the text and to extract the requested information from the text.

Conclusion

In this way, in the decision it is desired to say that perception composes the basis of communication, the study of oral communication is tied to it. Possession of such a variant of verbal activity, as if listening, allows a person to comprehend what is being reported to him and adequately respond to what has been said, helps to specifically retell his protest to an opponent, which is the basis of dialogic speech. In the same spirit, perception has significance in the study of sounds, as they perceive everything from the voice, and it is important that the children clearly grasp the sound, and with the support of the teacher, manage to restore it. It is impossible to downplay the importance of listening when teaching a foreign language. However, as if the role of other variants of verbal activity, it is impossible to isolate perception through speaking, writing, or reading. The

communicative side of listening, as if a variant of verbal efficiency, has the dominant significance at all stages of teaching a foreign syllable and the constantly increasing conditions for the level of possession of foreign syllables asks from a modern teacher an indispensable connection in the edifying course of assignments for listening.

ӘОЖ 94:32] (574)

ҚАРҚАРАЛЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ОРЫН АЛҒАН ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Николай Кенже

Ғылыми жетекші: Өскембай А.Ә.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: kennikolay@mail.ru

Аңдатпа. Жалпы мақалада осы өңірде өткен маңызды тарихи оқиғаға қатысты құжаттық материал негізінде жазылған және Кеңес өкіметі жауларының қолынан қайғылы қаза тапқан Қарқаралықтарға арналған. 1921 жылғы Орталық Қазақстандағы қарулы көтерілістер мен көтерілісшілер қозғалысының проблемасын талдау. Яғни, мәселенің дереккөзі мен тарихнамасына сипатталады.

Түйін сөздер: Қарқаралы және қазақ қауымы, қазақ халқы, дін, саясат, мәдениет, және т.б.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу батыл қолға алынды. Отан тарихы егемен ел талабына орай зерттеліп, бұрмаланып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелер қайта қаралып, оған дерек көздерімен дәлелденген объективті бағасы беріле бастады. Соның нәтижесінде кеңестік идеология тыйым салып, қатаң бақылауға алған халық тарихы қайта зерделене бастады. Айрықша мән беріліп қайта зерттелуге тиісті тақырыптардың бірі 1921 жылғы Қарқаралы оқиғасы тақырыбын қайта зерделеу, айтылмаған, жазылмаған ақиқаттарды ашу - қазіргі заман талаптарының жаңа міндеті екені айқындалды. Оқиғаның басталуы және сол мезетте қайтыс болған құрбан саны және де сол оқиғаның салдарынан қаза болған алаш азаматы Сатылған Сабатаев пен Мәди Кеңесұлы осы кезде өткен жәндеттер де емес қызыл армия қолынан қаза тапқан. Осындай материалдар жөнінде ғылыми арнадан қайта зерделеу және бұрын айтылмаған деректерге сүйеніп тың деректерді қосқанымыз бұл зерттеудің маңызын арттырып, бүгінгі өмір талаптарының өзекті мәселесіне айналдырды.

Иә, Қарқаралы – Алаш қозғалысының саяси бесігі. Алаштың алыптары, осы өңірдің тумалары Ә.Бөкейханның, Ж.Ақбаевтың, Ә.Ермековтің, ағартушы-ғалым А.Байтұрсынның ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси қызметі Қарқаралымен тығыз байланысты. Тәуелсіздіктің алтын таңы атқаннан бергі уақыт ішінде аяулы есімдері халқымен қайта қауышқан олардың өмірі мен қызметі туралы сүбелі тарихи еңбектер, құнды зерттеулер жазылды, шаңға көмілген парақтар аршылып, отандық тарихтың төрінен орын алды.

Яғни, Қарқаралы өңірі Еуразиялық кеңістіктің кіндігінде орналасқан. Сондықтан Еуразиялық кеңістікте сонау сақ-ғұн дәуіріндегі қандай да болмасын

өткен тарихи кезеңдер мен маңызды оқиғалар осы өңірге өзінің әсерін тигізбей қалған жоқ. Сондықтан Қарқаралы – ежелгі дәуірдегі ғұндардың батысқа миграциясын, орта ғасырларда түркілер мемлекеттілігінің қалыптасуын, Дешті Қыпшақ даласындағы қанқұйлы жорықтарын, Қазақ хандығы тұсында қалыптасқан билер және батырлар институтын, патша үкіметінің отаршылдық саясатын, елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш зиялыларының іс-қызметін және Кеңестік дәуірдің зобалаңы мен даму ерекшеліктерін бастан кешірген өңір болғаны мәлім.

Сондай-ақ, қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің шырқау шыңы 1905 жылғы оқиғаларға байланысты екендігі тарихи ақиқат. Яғни, еліміздің тарихында тұңғыш рет отаршыл империяның ең биік билік орындарына жолданған саяси құжат «Қарқаралы петициясы» болатын. сол жөнінде осы төменде тақырыбымыздың алғашқы бөлімшесінен бастап, Қарқаралы оқиғасының тарихи маңызына дейін қаралған болатын.

Атап айтқанда, Қарқаралының тарихымен танысып, сондай-ақ, сол кездегі болған оқиға жөнінде де қысқаша сыр шерттік. Көріп отырғанымыздай сол кездегі оқиғалар жөнінде газет журналдар жазылған деректер ғана сақталған. Бүгінгі күні сол жердегі архив деректерімен айналысу өзекті болар еді.

Мұндағы зерттеу жұмысының өзектілігі ол 100 жыл арада өткен кеңестік тарих ғылымында 20 ғасырдағы оқиғаларды қамту ғылыми тұрғыдан гөрі идеологиялық тапсырманы көбірек орындады. осы ғасырдың тарихында 1918-1922 жылдардағы Кеңестік Ресейдегі азаматтық соғыс тақырыбы ерекше назар аударуға тұрарлық, өйткені бұл оқиға елдің одан әрі саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен әсер етті.

Азамат соғысы тарихнамасының негізгі сұрақтары мыналар болды: Коммунистік партияның жетекші рөлін зерттеу, Кеңес өкіметі мен Қызыл Армияның жеңісті тәжірибесін қорыту. Азаматтық соғыстың соңғы кезеңіндегі шаруалардың қарулы көтерілістері (1920-1922 жж.), Қазіргі тарих ғылымында «кіші азаматтық соғыс» деп аталды, «кулак социалистік-революциялық», «кулак-ақ гвардияшылар», «бандиттер» бүліктері деп түсіндірілді. 20-жылдардағы кеңестік Ресей территориясындағы антикоммунистік демонстрацияны кеңестік тарихнамада мұндай түсіндіру олардың табиғатын, қозғаушы күштерін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар олардың бағалары мен тарихи маңыздылығын анықтауға нұсқау берді.

Яғни, 1921 ж. Қарқаралыдағы қайғылы оқиға тек қаланың ішіндегі қырғынмен шектелмегені белгілі. Сол күндері-ақ банданың қолынан қаза болғандардың ішінде уездің алыс ауылдарының тұрғындары да көп зардап шегіп, шығынға ұшыраған. Мысалы, мұрағат құжаттары Карбышовка (бүгін Көктас болып атауы өзгерген) мен Комиссаровка селоларының біраз тұрғындарының қарақшылар қолынан қаза тапқанын көрсетеді.

Сондай-ақ тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев халыққа арнаған «Қазақстан - 2030» стратегиялық жолдауында Қазақстандық патриотизм идеясын ұлттық қауіпсіздік стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде атап көрсетті «Елбасы жолдауында, біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз», - дейді. Әрине бұл стратегиялық

идеялармен біздің ғылыми зерттеу жұмысымыз сәйкес келеді және аталған бағдарламалардың қолданбалы міндеттерін шешуге өз септігін тигізетіндігі анық.

Мақаланың зерттелу деңгейін қарастыра отырып, бұл мәселеге байланысты кеңестік кезеңде ғылыми әдебиеттердің көптеп шыққандығын көреміз. Бірақ, олардың барлығы ғылыми тұрғыдан объективті өлшемдерге сай деп айтуға болмайды. Зерттеліп отырған мәселенің шеңбері кең болғандықтан әдебиеттерді тақырыпқа байланысты бірнеше блокқа бөліп қарастыруға болады.

Тарихта «Қарқаралы петициясы» деген атпен белгілі болған талап-арыз (Шынында біреу ғана емес.) зерттеушілер назарына ерте-ақ ілінген болатын. Көрнекті ғалым Санжар Асфендияров «История Казахстана с древнейших времен» (Алматы, 1993 ж.) деген еңбегінде бірінші орыс революциясының дүмпуімен қазақ даласында отаршылдыққа қарсы наразылық бой көтерудің көрініс ретінде дүниеге келген бұл петиция туралы білген. Бірақ, өз кезіндегі идеология ықпалынан шыға алмай, бұл қозғалыстарға біржақты, тіпті немқұрайлы баға береді. Мысалы, аталған кітаптың 271-бетінде былай деп жазады: «...Қазақ газеттері шы-ға бастайды, қоғам қайраткерлерінің, «құрметті адамдардың», яғни, билер мен ақсақалдардың съездері жиналады. Көптеген съездер (Қарқаралы, Орал, т.б.) дәл сол «құрметті адамдар» мен интеллигенцияның съездері еді. Жиындарда үкімет атына петициялар мен тілек-өтініштер қабылданды. Әсіресе, отарлау саясатына көп орын берілді, өйткені қоныс аудару белгілі дәре-жеде қазақ қоғамының барлық қабаттарына залал келтірді».

Ал, екінші бір ірі қайраткер Тұрар Рысқұлов осы мәселе жөнінде: «1905 жылғы манифестке байланысты қазақтар арасында митингілер өткізілді, дін және жер тақырыбына петициялар жазылды...» [1] деп, - көрсетеді. Осылайша, көтерілген мәселелер «Дін және жер» тақырыбы төңірегінде шектеліп қалған деп білген. Бұған да коммунистік идеологияның салқыны тиген.

Шет елдерде жүріп отарлық езгідегі қазақ халқының мүддесін қорғаған, Кеңестік құрылысты үнемі сынап өткен көрнекті қоғам қайраткері Хасен Оралтай «Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» деген еңбегінде Қарқаралы петицияларының жазылуына байланысты жиындарды «Алаш» партиясының бастау шағы деп түсіндіреді. «Партиялық қызмет жасырын жүргізілгендіктен, - дейді Х.Оралтай, - Алаш партиясының тұңғыш (құрылтай) съезі 1905 жылы маусым айында 14500 қа-зақ түркісінің қатысуымен Қарқаралыда өткізілді. Бірақ, ресми түрде Алаш партиясының съезі болып есептелмейді. Солай бол-ғанмен де 1905 жылғы съезд Алаш партиясының съезі екендігіне күмән жоқ. Өйткені, 1905 жылы съезді ұйымдастырушылар, оның басқарушылары және онда шығып сөйлегендердің бәрі Алаш партиясының мүшелері еді. Бұл съезге Алаш партия-сының лидері Әлихан Бөкейханұлының өзі қатысты» [2].

Сондай-ақ осы оқиғада құрбаны болған. Алаш азаматы Сатыған Сабатаев жөнінде қысқаша баян ете кеткен. Ғалымдардың бірі, ғалым және музейтанушы Марат Абдешев «Казахстанской правде» 10 август 2005 жылы былайша сипаттайды екен:

«Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Сабатаев Қарқаралыда агроном болып жұмыс істеді. Ол 1921 жылы 15 сәуірде Қарқаралы ауданының Ботақара аймағында Қытай шекарасына қарай шегініп жатқан ақтардың қалдықтарын қуып

жүрген қызыл гвардияшылардың қолында абсурдтық апат салдарынан қайтыс болды. Бірақ, XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ баспасөзінің хабарлауынша, сол кезде Қарқаралыда қайғылы оқиғалар болды, дәлірек айтсақ, ақ гвардияшылардың қалдықтарын анықтау және бейтараптандыру деген желеумен қазақ зиялыларын аяусыз қудалау бастаған еді».

Сондай-ақ, даладағы жағдай өте қауіпті болды. Биліктің әлсіздігі кең таралған бандитизмге ықпал етті. Семейдің «Степная правда» газеті былай деп жазды: «Қызыл Армияның қарулы сарбаздары мен жылқы ұрлаушылары далаға асығады. Олар адамдарды тонайды, жылқыларды ұрлайды. Қырғыздар тауда жасырынып жатыр», - деп сипаттап өткен болатын.

Ал, Ж.Бектуровтың «Новь древнего края: Из истории Каркаралы» атты еңбегінде Қарқаралыда болған оқиғаны балалық шағында есінеде қалған естеліктерімен осы еңбегінде айтып өткен болатын онда ол кісі Қарқаралының тайбғатын және азамат соғысының зардаптарымен соның салдарынан Қарқаралыда болған 1921 жылы жендеттердің қолынан қаза болған азаматтарды да сипаттап өткен болатын.

1921 жылғы 6–12 сәуірдегі Қарқаралы трагедиясы және сол оқиғаның құрбандары жайлы алғашқы зерттеу жұмыстары, мақалалар өткен ғасырдың 20-шы жылдарында-ақ қолға алына бастаған еді. Алғашқылары Семей облыстық газеттері «Юный степняк» және «Степная правда» беттерінде жарық көрді. 14 мамыр 1921 ж. «Юный степняк» газеті (Семей РКЖҰ губкомы органы) Иосиф Малаховты еске түсіру жайлы некрологты жария етсе, 16 мамыр 1923 ж. «Степная правда» газеті Н.А.Блошицынның «Идеи бессмертны» атты мақаласын шығарды. Бұл мақалада автор Қарқаралының партия ұйымы 1921 ж. құрбан болғандарды туысқандар зиратының басында өткен митингімен атап өткенін хабарлайды. Осы газетте оқиғаның куәгері болған В.А. Алферовтың естелігі де бар. Ол 1919 жылдың 26 желтоқсанынан Қарқаралы ревкомының экономикалық бөлімінің жалпы бөлімшесінің меңгерушісі, кейін уисполкомда қызмет жасаған еді. 1926 жылы ол коммунарлардың қайтыс болғанына 5 жыл толуына байланысты «Черный кошмар» [3], ал 1930 жылы «Пир стервятников» [4] және тағы басқа мақалаларын жария етті. Тағы бір куәгер Д.Степняк (мүмкін, бұл автордың бүркеншек аты болар) 1926 ж. В.А.Алферовтың мақаласы шыққан «Степная правда» газетінде өзінің осы қайғылы оқиға жайлы ойын айтып, себептерін іздегендей болады. И.Кумач және Ф.Калюта екеуі бірігіп шығарған «В акмолинских степях» [5] атты кітабында азамат соғысы жылдарындағы оқиғалармен бірге Қарқаралы трагедиясы да баяндалады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында бұл мәселемен шұғылдануға ешқандай мүмкіндік болмады. Жаңа ізденіс жұмыстары тек Кеңес үкіметінің 40 және 50 жылдық мерейтойларына байланысты қайта өрбіді. Мысалы, А.Дубовицкий [6], журналист Ш.А. Мезгілбаев, Қарағанды облыстық тарихи өлкетану мұражайының қызметкерлері А.Ф.Семенов және Э.В.Сейтвалиевалар [7, 236] 1921 ж. құрбан болғандар жайлы алғаш биографиялық мәліметтер жинастыруға кірісті.

1965 ж. Қарқаралы мен Қарағанды қалаларына арнаулы ғылыми жолсапармен Қазақстан КП ОК-нің Партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкері Сүлеймен Құлбаев келді. Мақсат - 1921 ж. оқиғаны зерттеу. Нәтижесінде Қарағанды облыстық мұрағатының құжаттары зерттеліп, қайтыс болғандар жайлы биографиялық қысқаша мәліметтер жинақталды. Алайда бұл жұмыстардың қорытындысы белгісіз себептермен жарияланбай қалды.

Осы мәселе жөнінде 1960–1985 жж. зерттеу жұмыстарды кең түрде жүргізген журналист Ш.А. Мезгілбаев еді. Осы мәселеге ол өз өмірінде қазақша және орысша дайындалған біраз мақалаларын арнады [8]. 1968 жылы «Индустриальная Караганда» газетінде қарт большевик Н.А. Блошицын өзінің қысқаша естеліктерін жазды [9, 236].

1921 жылы болған трагедияға арналған тағы бір мақаланың авторы — журналист Жүніс Ыбыраев. Оның «Орталық Қазақстанға» шыққан «Қарқаралы құпиясы» атты очеркі біраз дәлелді құнды деректерді жарыққа шығарды [10]. Жалпы, 1921 ж. Қарқаралыдағы қанды оқиға үнемі зерттеушілердің қаламындағы маңызды тақырыптардың бірі болып қала берді. Кейінгі жылдары да осы мәселемен әдебиетшілер, журналистер, тарихшылар, өлкетанушылар, т.б. шұғылданумен келеді.

Сондай-ақ, журналдардың бұл санында «Қарқаралы құжаттары» айдары бойынша қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың «Қарқаралы сыртқы округіндегі болыстардың қыстақтары» атты тізбелерін қазақ тіліне аударып жариялауды жөн көрдік. Бұл тізбе Шоқан шығармаларының бес томдық жинағының 1985 жылы шығарылған төртінші томынан алынды. Шоқан Шыңғысұлы бұл архивтік материалды Қазақстан тарихы жөніндегі жазбақ іргелі еңбегінде пайдалану үшін жинаған болса керек. Біздің қазақ тіліне аударған кезімізде кейбір елді мекендердің аттарын белгілі себептермен қате көрсетіп алуымыз мүмкін. Ол үшін журнал оқырмандарынан алдын ала кешірім сұраймыз. Журнал оқырмандары Шоқан жинап, сұрыптаған ХІХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы бұл ресми статистикалық материалға содан бергі уақыт ішінде қаншалықты өзгерістер енгенін байқап көрер, әкімшілік-территориялық тұрғыда жасалған өзгерістер жайлы ойларын ортаға салар. Қарқаралы округінің жеріндегі бір жарым ғасырдан астам уақыт ішіндегі түрлі мақсатбағыттарда жасалған, іске асырылған өзгерістер жайлы ой-пікір толғар, ол ойларын журнал редакциясына жолдайтын болар деп сенеміз [11, 566].

Жоғарыда көрсетілген зерттеулердің ортақ кемшіліктерін де көрсеткен дұрыс сияқты. Бұл мақалалар мен еңбектердегі 1921 жылғы оқиға жайлы мәліметтерді бергенде, авторлар көпшілігінде жекелеген құрбандардың өмірі жайлы биографиялық хабарламаларды ұсынады. Оның өзінде олардың туған жылдарын, мекен жайларын, қызметтері мен қайтыс болған жерлерін т.б. көрсеткенде сәйкессіздік үнемі байқалады. Болашақ зерттеушілердің алдындағы басты бір міндет осы бағыттағы олқылықтарды жою болып табылады.

1980 жж. осы мәселе бойынша жарық көрген құнды зерттеу еңбектің бірі Қазақстан КП ОК-нің партия тарихы институтының қызметкері В.К. Григорьевтің «Разгром мелкобуржуазной контрреволюции в Казахстане (1920–1922 гг.)», (Алма-Ата: Казахстан, 1984, С. 176), атты монографиясы. Автор бұл еңбекте өте бай мұрағаттық деректерге сүйене отырып, 1920 жылғы Солтүстік Қазақстандағы эсер-кулактардың жасырын ұйымдарының іс-әрекеттеріне және олар ұйымдастырған бүліктердің зардаптарына тоқталады. Осы бүліктің барысында болған Қарқаралыдағы қырғын оқиға баяндалады. Ал оның «Вопросы истории КПСС» (Алма-Ата, 1974, вып. II) журналында шыққан «О Каркаралинской трагедии» атты мақаласы осы оқиғаға кең түрде ғылыми бағасын берді.

Сайып келгенде, аймақтық тарихты зерттеу КСРО кезінде нақты бір шарттарға қатысты ғана қаралып, аймақтық айырмашылықтар, спецификасы мен

жергілікті жерлердің ерекшеліктері әдетте шеттетіліп отырды. Тарихи талдаудың объективті көзқарас тұрғысынан қараудың жолы аймақтық тарихтың ерекшеліктерін зерттеу болып табылатындықтан, бұл зерттеу жұмыстарының ерекшелігі оның әлеуметтік және тұлғалық мәселелері тарихи ғылымдар саласының тоғысында қарастырылатындығында. Сол себептен, өңірдің тарихын жүйелі түрде зерттеу міндеті туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рыскулов Т. Избранные труды, Алма-Ата, 1984. С.150.
2. Хасен Оралтай. Алаш - Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны. // «Азат» 1991, №8.
3. Ижанов З. Бандылар // Егемен Қазақстан. — 2001. — 31 қазан. — 12-б.
4. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 344-б.
5. Қарағанды. Қарағанды облысы / Редкол.: Р.Н.Нұрғалиев, Ж.А.Адаев, Ж.Н.Әбішев т.б. — Алматы: Қаз. Сов. энцикл., 1990. — 351–352-б.
6. Борцам за власть Советов // Индустриальная Караганда. - 1967. - 26 нояб.
7. Мезгильбаев Ш.А. Молодость Каркаралы // Индустриальная Караганда. — 1967. — 3 нояб.; Соныкі. Из искры возгорелось пламя // Индустриальная Караганда. — 1977. — 6 марта.
8. Блошицын Н.А. Семь дней мужества // Индустриальная Караганда. — 1968. — 29 дек.
9. Ыбыраев Ж. Қарқаралы құпиясы // Орталық Қазақстан. — 1978. — № 237–240. — 12 қазан.
10. Шығыс Қазақстан облысының жаңа тарих құжаттары орталығы (ШҚО ЖТҚО. Семей қаласы). — 72-қ. — 1-т. — 6-б. — 13-іс. — 269-б.
11. Қазақстан Республикасының Президенті мұрағаты (ҚРПМ). — 17-қ. — 13-т. — 475-іс. — 14–15-б.

ӘОЖ 94:323.1] (574)

БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫНЫҢ КҮШЕЮІ

Николай Кенже

Ғылыми жетекші: Өскембай А.Ә.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: kennikolay@mail.ru

Мақалада қазақ халқының тарихын зерттеуде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кездері ең маңызды кезеңдерге жатады. Бұл кезеңдерде қазақ мемлекеттілігі жойылып, Қазақстан Ресей империясының отарына айналған еді. Патша үкіметінің орыс мұжықтарын қазақ жеріне қоныстандыру саяси қажеттілігі — қазақ халқын орыстандыру, орыстардың нәсілдік және мәдени жағынан қазақтардан басымдылығын дәріптеу, орыс халқының өлкедегі санын арттыру

болса, эканомикалық жағынан қазақ даласының табиғат байлығын тонап, талан-таражға сайлауға жол ашты.

Түйін сөздер. Бірінші дүниежүзілік соғыс, дерек, құндылығы, Ресей империясы, тарихы, және т.б

Қазіргі Қазақстан аумағындағы жер қатынастарының көне тарихы өте күрделі де қызықты тақырып. Ол іс жүзінде зерттелмеген. Бірақ бұл тақырып көптеген ғалымдардың, саясаткерлердің, тарихшылардың және заңгерлердің назарын аударады. Бұған жазба деректер, археология мен тарих деректері дәлел.

Яғни, еліміздің жер қатынастарының тарихы қоғамның өндіргіш күштерінің табиғатын, қоғамның өзінің ерекшеліктерін және шығыс түркі халықтарының мемлекеттілігін ескере отырып, жүйелі көзқарасты қажет етеді.

Жер қатынастарын реттеуде өзгерістер бар еді, сонымен қатар меншік пен жер пайдаланудың жаңа нысандары пайда болды. Жергілікті халық иеленген жерлер мемлекеттік жер болып танылып, оларға мемлекеттік қажеттерге берілді. Патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азияда жаңа жер-құқықтық тәртіп орната отырып, бұл аумақта өз позициясын нығайтып, отарлау саясатын жүргізуге ұмтылды [1].

Ресейде казак әскерлері мен әртүрлі отаршыл саясаттар үшін арнайы құқықтық жер режимі белгіленді. Осы мақсатта казак әскерлері мен Ресейден келген қоныс аударушылар қазақтардан тартып алынған ең жақсы жерлерге қоныстанды. Жергілікті халықтың миллиондаған жерлері тартып алынды, бұл орасан зор зиян келтірді, ондай зардап елімізге ешқашан өтелмеген. Жергілікті халықтың пайдалануында, негізінен, батпақты және құмды жерлер, қамысты тоғайлар мен тау етегіндегі алқаптар егіншілікке ғана емес, кейде мал жаюға да жарамсыз болып қалды.

Кейбір артықшылықтарды жергілікті байлар, шенеуніктер, билеушілер мен сұлтандар пайдаланды. Олар жерге жеке меншік құқығына ие болды, бұл меншік нысандарының бірі сайланған адамдарға берілген жерлер болды.

Жергілікті халық әдет-ғұрып құқығы бойынша жерге иелік ету құқығына ие болды.

Қазақстандағы Ресей үкіметі бекіткен жерлердің құқықтық режимінің Ресей жерінің құқықтық режимінен еш айырмашылығы болмады. Жер реформасы Ресей мемлекеті бекіткен жер жүйесіне сәйкес жүргізілді.

Мемлекет пен жер иеленушінің жерге деген меншігі негізінен бір типте болды. Азаматтық айналымнан алынбаған мемлекеттік жерлер оңай жеке меншік объектілеріне айналды.

Қазақстанның далалық бөлігіндегі қоныстанушылар жағдайының Ресейдің орталық губернияларындағы қандастарының жағдайынан айырмашылығы шамалы болды.

Жерлердің құқықтық режимі 1922 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» үкіметтің әртүрлі актілерімен реттелді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасының жер құқығының тарихы 1917 жылдан басталады, яғни кеңес өкіметі құрылғаннан бері.

1917 жылы 26 қазанда (8 қараша) Кеңестердің 2-ші Бүкілресейлік съезі қабылдаған «Жер туралы» Декрет бойынша барлық иеліктер, сондай-ақ барлық

жерлер, нақты, монастырлық, барлық тірі және өлі инвентарлары бар шіркеулер, мүліктер. құрылыстар мен барлық керек-жарақтар болыс жер комитеттері мен шаруа депутаттарының уездік кеңестерінің қарауына берілді.

Қарапайым шаруалар мен казактардың жерлері тәркіленуге жатпайды, олар өздерімен бірге еңбекпен пайдалануда қалды.

Жер туралы жарлық тез арада арнайы қаулылармен толықтырылды. Яғни, жердің және басқа да табиғи ресурстардың құқықтық жағдайын белгілейтін құқықтық актілермен қатар осы объектілерді пайдалану тәртібі туралы актілер қабылданып, жер, су, тау, орман және басқа да құқықтық қатынастар жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізілді.

Жер туралы декрет отаршылдық жер-құқықтық режимнің негізін жоюға бағытталды. Отаршылдық басқару органдарын жоюмен бір мезгілде бүкіл отарлау қорын кеңестік жер басқару органдарының қарауына беру жарияланды.

Қазаннан кейінгі алғашқы жылдары патшалықтың реакцияшыл аграрлық саясатының зардаптары көбірек белгілі болған Қазақстанда бұл мәселені түбегейлі шешуге әлі де жағдай болған жоқ. Патшалық отарлау саясатының нәтижесінде Қазақстандағы 28,2 млн, десятина құнарлы жер және 22,7 млн, десятина жергілікті халықтың пайдалануынан шығарылды.

Отаршыл биліктің жер мәселесін шешудегі қиянаты Жетісуда және Қазақстанның басқа да кейбір облыстарында ерекше өріс алды. 1916 жылғы қазақ және қырғыз шаруаларының көтерілісі мен 1917-1919 жылдардағы ішінара кулактардың аласапырандығын басып-жаншу салдары өте ауыр болған еді. Яғни оған көз жеткізу үшін келесі сандарға рұқсат ету жеткілікті. Егер 1915 жылғы мәліметтер бойынша Жетісу өңірінде қоныстанушыларды нақты пайдалану 985 мың десятин болса, 1917 жылғы статикалық есеп бұл жерлердің саны 2 жылға жетпей 1 миллион 200 мың десятинге дейін өскенін көрсетеді.

Ресми деректер бойынша 1896-1916 жж. (қоса алғанда) көшіп келушілер: Сібірге – 2742852, Орта Азия иеліктеріне – 1214206, барлығы – 3957058 адам көшті. Орасан зор жер аумақтары көшіп-қонушылардың осындай ағынына көшіп, «Бірінші дүниежүзілік соғыстың басында патша үкіметі қазақтардан 45 миллион гектардай жақсы жерлерді тартып алды».

Қарастырылып отырған жылдарда белгілі бір қоғамдық күштер болды, олардың өкілдері көшпелілердің аридті аймақта егіншілікпен айналысуы мен қоныстануы мәселесін балама түсінуімен ерекшеленді [2].

Демократияға қарсы қозғалыс ең алдымен қазақ қоғамының жоғарғы бөлігі мен қазақ интеллигенциясының арасында күшейді. Ең «революциялық» талап земствоны енгізу талабы болды. Буржуазияның, ұлттық интеллигенцияның ұстанымы негізінен орыс либералдық буржуазиясымен келісу саясатына негізделеді: олардың барлық үміттері кадеттердің қолынан бостандық алу.

Қазақ зиялылары екі үлкен топқа бөлінді. Бір бөлігі «Айқап» журналының төңірегінде топтастырылып, Д.Сейдалинов, М.Сералинов, Б.Қаратаев және т.б. белсенді қызмет атқарды. 1911 жылы шыға бастаған бұл журналда олар Ресейдің қоныс аудару саясатын қолдап, қазақ халқын қоныстандыруды жақтады. Көшпелілер арасында егіншілікті дамыту арқылы олар, өз ойынша, далалық өлкенің тез экономикалық дамуын және қазақтардың орыс мәдениетімен танысуын көрді. Ал,

зиялы қауымның тағы екінші бөлігі 1913 жылы шыға бастаған «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасып, оған негізінен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар қатысты.

Ең негізгісі, аграрлық мәселе бойынша жерге мемлекеттік меншікті жоюды және оны қазақтардың меншігіне беруді, жерді сатуға тыйым салуды талап етті. Олар қазақтың шаруашылық өміріндегі күрт өзгеріс қазақ экономикасы мен қоғамына аса зиянды және азапты әсер етеді деп есептеді.

Осы екі басылым беттерінде Қазақстандағы жер мәселесі кеңінен талқыға түсті.

Жер мәселесінің отаршылдық сипатын әшкерелей отырып, Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Қырғыздардың (қазақтардың – С. И.) бүкіл өмірі үшін және одан әрі дамуы үшін аса маңызды болып табылатын қоныс аудару мәселесін біршама тоқтату қажет.

Демек, даладағы аграрлық мәселе патшаның қоныс аудару саясатының әсерінен шиеленісе түскенін көреміз, бұл қазақтың табиғи-тұтынушы тұйық шаруашылығының тауарлық қабілетін арттыруға, технологияны дамытуға, т.б. Бұрынғы экономикалық жүйе өте баяу ыдырайды. Феодалдық-рулық қатынастар өндіргіш күштердің дамуын тежеп тұрды. Патшалықтың қоныс аудару саясаты қайсыбір дәрежеде қазақ халқының барлық топтарының мүддесін қозғады. Қазақ халқы орыс империализмінің езгісінде қала берді. Сондықтан қазақ халқының барлық топтары патшалықтың қоныс аудару саясатына қарсы болды [3, 48-56бб].

Патшалықтың қоныс аудару саясаты оның бүкіл отаршылдық саясаты сияқты реакциялық және жыртықшылық сипатта болды. Патшалық жергілікті халықтың экономикалық және мәдени артта қалуын, оның патриархалдық-феодалдық өмір салтын сақтап қалуға ұмтылды. Патша саясатының реакцияшылдығы жергілікті халықты жер жағынан жаппай тонау, орыс және қазақ халықтарының арасында ұлттық араздықты қоздыру, бір халықты екінші халыққа қарсы қоюдан да көрінді. Мұның бәрі патша үкіметіне тиімді болды, өйткені жергілікті халықтың сенімсіздігі мен қорғансыздығы, оның экономикалық және мәдени артта қалуы патша үкіметінің шекаралас облыстардағы халықтарды қанауын жеңілдетті.

Отаршыл өкіметтердің үкіметтік аграрлық комиссияларының көшпелі малшылардың көпшілігінің негізгі күнкөріс көзін дамыту үшін жағдайды ескеруді қаламауы, сайып келгенде, 1916 жылғы көтерілістің басталуы мен оның негізгі себептерінің бірі болды. Сол уақытта халықтың едәуір бөлігінің Қазақстанның оңтүстігіне және Қытайға қоныс аударуы басталған еді [4].

Сондай-ақ, бірінші дүниежүзілік соғыс уақытындағы тағы бір жәйт, ол ұлт-азаттық көтеріліс еді. Яғни, 1916 жылғы 25 маусымдағы басталғын көтерілістің себептердің бірі, «Облыс аймағында қорғаныс құрылыстары мен әскери коммуникациялар салу жұмыстарын жүргізу үшін Орта Азия мен Қазақстаннан және басқа да бірқатар облыстардан келген шетелдіктерді реквизициялау туралы жарлығы себеп болды».

Жалпы, жұмысқа 19 бен 43 жас аралығындағы еңбекке жарамды халық түгелдей тартылды. Осылайша, патша үкіметі орыс солдатты мен жұмысшыларының бұқарасын қорғаныс құрылыстарын салудан және басқа да тыл жұмыстарынан босатып, олардың орнына анағұрлым мойынсұнғыш әрі арзан жұмыс күші ретінде

«реквизицияланған шетелдіктермен» алмастыруды көздеді. Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мыңнан астам жылқышы реквизициялануы тиіс еді.

Патша жарлығына жауап ретінде стихиялы түрде, бір мезгілде дерлік ұлан-ғайыр өлкенің – Қазақстан мен Түркістанның халықтары көтеріліске шықты. Далада жергілікті патша әкімшілігінің анықтамасы бойынша «екі партия» — «бірі сол қара жұмысқа баруға азаматтарды жіберуге келіскен, ал екіншісі — бұйрықты орындауға келіспейтін» бағыттағы ұлт зиялыларынан құрылды. Сол уақытта, жоғарыда айтқан топтардың бірі, патша жарлығы жағында бейшара байлар, отаршыл жергілікті әкімшілік – болыс губернаторлары, ауыл старшиналары бар еді [5].

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов бастаған қазақ либералды-демократиялық зиялыларының өзегі басқа бағыт ұстанды. Олар халықты Ресей мемлекетіне бағыныштылар деп есептеді. «Бізге сеніммен, отанды қорғауда, - деп жазды олар 1916 жылдың тамыз айының ортасында халыққа үндеуінде, - жұмысқа шақыру туралы бұйрық жарияланды. Біз халыққа үндеу тастаймыз, біз бұл туралы бірнеше рет айттық, яғни шыққан жарлыққа қарсы шығып, бас тарта алмаймыз». Қозғалыс жетекшілері қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыруды, оны тиісті дайындық шараларынан кейін өткізуді ұсынды. Сонымен бірге олар соғыс жеңіспен аяқталған жағдайда өз халқының тағдырын жеңілдетіп, ұлттық автономия құруға үміттенді. Олардың көпшілігі заманауи, техникалық жабдықталған патша армиясының іс жүзінде қарусыз халқына қарсы тұру мүмкін емес деп санады. Олар қарусыз халық үкіметтің репрессиялық шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Олар 1916 жылы қазанда үндеуде «Бағыну қажет екенін, және сол жолда қан төкпеу керек», - деп үндеу жасаған болатын.

Сөйтіп, қазақтың революциялық-демократиялық бағытының жетекшілері отаршыл империямен парасатты ымыраға келу тактикасын жүзеге асырып, халықтың аман қалуы, оның этникалық тұтастығын сақтау идеясын алға шығарды.

Жетісу 1916 жылғы ұлт-азаттық революцияның ірі орталығы болды. Жағдайдың шиеленісуіне байланысты 1916 жылы 20 шілдеде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып генерал А.Куропаткин тағайындалды. Бұл кезде бүкіл ұлан-ғайыр өлке халық революциясының жалынына оранған болатын.

Отаршылдар «шетелдіктермен» күресудің сыналған әдістерін шебер пайдаланды. Патша әкімшілігі ұлтаралық қақтығыстарды тудыру шараларын қолданды.

12 тамызда өлкелік генерал-губернаторы Фольбаум, Қапал, Лепсі, Джаркент, Пржевальск уездік бастықтарынан жергілікті халықты құртулы ұйымдастыруды талап етті. 15 тамызда ол жазалаушы отрядтардың бастықтарына тапсырма берді: «Қырғыздардың ең кішкентай топтарын бүлік шығаруға дайын деп есептеңіздер, оны басындар, толқудың алғашқы белгісінде оны басып тастандар, кем дегенде кіші басшыларды тұтқынға алып, оларды далаға әкеліп дараға асындар, - деседі».

Жетісудағы халық қозғалысын басу үшін патша үкіметі құрамында 2 батальон, 33 жүздік, 42 атқыштар және 97 пулеметшілер бригадасынан тұратын тұтас жазалаушы экспедиция жасақтады. Генерал Куропаткин 1916 жылы 21 тамызда Фольбаумға жолдаған жеделхатында «Черняев, Романовский, Кауфман,

Скобелевтер Сырдария, Самарқанд, Ферғана облыстарын азырақ күштермен жаулап алды» деп ерекше атап көрсеткен.

1916 жылы қазанда генералдар Куропаткин мен Фольбаумның қатысуымен патша әкімшілігі «қырғыздарды көшіру туралы» шешім қабылдап, нәтижесінде Пішпек, Пржеваль және Жаркентте 2510366 десятина егістік құнарлы жерлерді басып алды [6].

1916 жылғы көтерілістің ірі орталықтарының бірі Торғай облысы болды. Мұндағы қазақ шаруаларының күресі әсіресе қатты қарсылас көрсетті.

Көтерілістің Торғай орталығы биліктің орталықтандырылуымен және көтерілісшілер қозғалысын басқарудың жақсы үйлестірілген жүйесімен ерекшеленді. Әскери дайындық мәселелері Әскери кеңес – Кеңестің назарында болды.

«Ә.Т.Жангильдинді кеңес, еске алады, - көтерілісшілерді қару-жарақпен және оқ-дәрімен қамтамасыз етумен қарқынды айналысты. Біз бірнеше ұсталарды дайындаған едік.

Мұнда біздің темір ұсталар жұмылдырудан Атбасардан, Ақмоладан, тіпті Семейден қашқан жұмысшылармен бірге бердандарды, аңшылық пен көне сіріңке мылтықтарын, соққан пышақтарды, балталарды, найзаларды қайта жасап, жөнделді. Өзіміз мылтық дайындадық, оқты жабдықтаған едік, және ер-тұрман, әбзелдер жасадық.

1916 жылы қыркүйекте Торғай уезінде Амангелді үлкен көтерілісшілер отрядын құрып, қару-жарақ жасауды ұйымдастырды, көтерілісшілерге әскери істерді өзі үйретті. Осы уақытқа дейін олардың жалпы саны 20 мыңға жетті. Көтерілісшілердің қатары Ырғыз, Қостанай, Ақтөбе, Байқоңыр руднигі, Шоқпарқұл көмір кеніштері, Орынбор-Ташкент темір жолының жұмысшыларымен толықты. Қазан айында Торғай және Ырғыз уездерінде 20-ға дейін көтерілісшілер отряды болды. Торғай әскери губернаторы Ішкі істер министрінің телеграф арқылы былай деп жазды: «Бір аптаның ішінде Торғайдан да жететін Шоқпарқұл көмір шахталарында зорлық-зомбылықпен, дүние-мүлкін ұрлаумен, бүкіл қырғыздар (қазақтар) қашып кеткен ауыр толқулар болды».

А. Иманов Торғай, Ырғыз, Ақтөбе уездерінің, ішінара Сырдария, Ақмола, Семей облыстарының бүлікшіл қазақтарының қатарын біріктірді.

Көтерілістің жеңілуінің негізгі себептері: оның стихиялылығы, аймақтық деңгейде ұйымдастырылмауы. Яғни, ХХ ғасырдың басы Қазақстанды отарлаудың одан әрі күшеюімен, ұлттық мәселенің шиеленісуімен сипатталады.

ХХ ғасырдың басында Қазақстанда казак әскерлерінің төрт орталығы шоғырланды: Орынбор – 553 мың казак, Орал – 235 мың, Сібір – 164 мың, Жетісу – 59 мың. 15,6 млн га казак жері Қазақстандағы казак әскерлерінің қарауына берілді. 1886-1891 жылдардағы патша отаршылдық әкімшілігінің «құқықтық» деп аталатын реформалары негізінде олардың кері кетуі жалғасты. «Ережеде» «Қырғыз көшпелілері басып алған жерлер мемлекет болып танылады» деп тікелей көрсетілген. Егер 1883 жылдан 1905 жылға дейін. Қазақ халқынан 4 млн десятина жер тартып алынды, кейін 1906-1912 жж. - 17 миллион гектардан астам. Барлығы 1917 ж. 45 миллион гектарға жуық ең жақсы құнарлы жер қазақтардан тартып алынды.

Саяси аренаға жұмысшы тобы, қазақтың саяси партиялары, ұлттық интеллигенция шығады. Әлеуметтік жағынан алғанда, 20 ғасырдың басындағы қазақ қоғамы дәстүрлі феодалдық бай элитасынан, шаруалар (шаруа), жұмысшы табы, қазақ интеллигенциясы, казактардан тұрды. Осы кезде Қазақстанның нарықтық капиталистік қатынастарға бейімделу процесі жүріп жатты.

Отаршылдық езгінің ұзақ жылдарында қазақ қоғамында алғаш рет әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы қайшылықтар күрт шиеленісе түсті. Қазақ халқы ұлттық мүдделердің ортақтығын жүзеге асыра бастап, ондағы қазақ мемлекеттілігін құруға ұмтылыс пайда болды.

Айта кету керек, ақпан төңкерісі жеңісінен кейінгі алғашқы кезеңде өлкенің еңбекші халқы жұмысшыларына 8 сағаттық жұмыс күнін тағайындады. Уақытша үкіметтің демократиялық ұрандарына сеніп, оның халыққа тыныштық, шаруаларға жер беру, ал егемендікке қол жеткізуге қабілетті екеніне үміт артқанын айта кеткен жөн. Еңбекші халықтың едәуір бөлігі Уақытша үкіметке үміт артты, олардың біразы Уақытша үкіметтің азаматтық комитеттері – органдарының мүшелері болды. Шынында да, Уақытша үкімет генерал-губернаторларды, әскери губернаторларды және отарлық әкімшіліктің шенеуніктерін биліктен кетірді. Оның орнына облыстық комиссарлар, азаматтық атқару комитеттері, коалициялық комитеттер және т.б. Болыстарда, ауылдарда, әлі де «болыс, ауыл, селолық және станицалық атқару комитеттері» деген «демократиялық» атаумен болыс және ауыл губернаторлары, ауыл старшындары мен станицалық рубасылары болды. Жаңа жергілікті билік органдарының таптық мәні өзгерген жоқ. Уақытша үкімет облыстардың басына бұрынғы патшалық отаршыл шенеуніктерді, сондай-ақ қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдерін қойды.

Сондай-ақ, Ә.Бөкейханов Торғай облысы Уақытша үкіметінің комиссары болып, М.Тынышпаев Жетісу облысының, М.Шоқаев Түркістанға комиссар болып тағайындалды. Қазақстанда жергілікті билік органдары 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында, яғни Ресейдің орталық облыстарына қарағанда біршама кеш құрылды. Семейде қалалық думаның өкілдері, офицерлер, айырбас комитетінің және кулак кооперативтер одағының мүшелері қоғамдық ұйымдар мен армияның Семей атқару комитетін, Петропавлда, Өскеменде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі коалициялық атқару комитетін және т.б. билік түрлері қалыптасқан болатын [7].

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген деректемелерге тарихи шолу жасай келе, біз бірінші дүниежүзілік уақытта жер мәселесімен қатар және саяси үдерістердің дамуын көре аламыз. Яғни, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында алғашқы мәселелердің бірі, ол жерімізді тәркілеп, көшірілген орыстың мужықтарына және помещниктерге құнарлы жерді, беріп қазақтарды езгіге салуы тоқтамаған кезі еді. Енді осы уақытта сүт бетіндегі қаймақтарымыз сынды ел ағаларының отан үшін басын бәйгеге тігіп, егемегіндігімізді сақтап қалу үшін барынша қоғамдық және мемлекеттік қызмет атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР ОММ. 504-қ. 1-т. 47-іс. 3-п.
2. ҚР ОММ. 333-қ., 1-т., 566-іс. 80-п.

3. «Қазақ» газеті. / Құрастырған Ү. Суханбердина. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 384-бет.
4. ҚР ОММ. 64-қ., 1-т. 1176-іс. 10-п.
5. ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 5926-іс., 80-п.
6. ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 5926-іс., 26-28-пп.
7. ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 5926-іс. 28-п.

ӘОЖ 821.751

МИСТИК ЖАЗУШЫ ҚОЙШЫБЕК МҮБАРАК ӘНГІМЕЛЕРІНДЕ «ПЕРІ» МОТИВІНІҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ

Аружан Қазыбек, филология факультетінің 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Балтабай Әбдіғазизұлы,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: kaz_aru@mail.ru

Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы мистика мен мифологияға ортақ мотивтер негізінде жазылған әңгімелерде «пері» мотивінің берілу сипаты талданып, мысалдар арқылы жазушы мистикасының сыры айқындалады. Мифтен бастау алатын «пері» мотивінің Қойшыбек Мұбарак туындыларындағы 3 түрлі сипаты талданып, дәйектеледі. Мистикалық әңгімелердің прозадағы рөлі айқындалып, қазақ мистикасының бағыты аңғарылады.

Тірек сөздер: мистикалық бейне, мотив, миф, пері, мистика.

Қазіргі қазақ прозасында мистика жанрында қалам тербеп, мистиканың үзілмей жеткен арқауы боп жүрген жазушы Қойшыбек Мұбарак мистикасы өзге қаламгерлерден жан-жақты сипатымен ерекшеленеді. Жазушының әңгімелерінде өлілер мен тірілер әлемі, миф пен мистикаға ортақ мотивтер, діни мистика бір-бірімен астасып жатады. Жазушы әңгімелеріндегі «пері» сипаты айқындалып, бір-бірінен ерекшеленетіні бір шоғыр.

Жазушының «Ай толған күндегі ақ қыз», «Пері көші», «Жат құшақ», «Би», «От аруы» әңгімелерінде пері мотивіне әр түрлі реңк бере отырып оқырманды тылсым күштерге жетелейді. Қойшыбек Мұбарак әңгімелеріне айтылар сындарда оның «тылсым күшті» көп қолданатынын, мистиканы қолдан жасайтынын айтады. Дегенмен бұл қаламгердің мистикасының сипатын аңғартатын әдістердің бірі болмақ. Жазушы әңгімелеріндегі «пері» мотивінің берілу сипаттарына талдау жасайық.

Негізгі бөлім. Қойшыбек Мұбарактың «Ай толған күндегі ақ қыз» әңгімесін оқи отырып, қарапайым жұмыс алмастырудан бастаған ер адамның пері қызына ғашық болып, перілер еліне сапар шеккісі келгендігі туралы ойды аңғарасыз, себебі, перілер көшін көбен көріп, пері қызына ынтыққан-тан асқан ер жігіттің тұмар арқылы перімен байланысын оқи отырып, қазақ танымында «тұмар тағу» үрдісінің бағзы заманнан келе жатқанын, жын-шайтаннан аластау мақсатында қолданылғаны туралы пайымдауларды аңғарасыз.

Әңгімедегі оқиға уақыты реалды әлемнен ирреалды әлемге сапар шегеді. Әңгіме Айна қолындағы ақ тұмарды жұлып алғанда: «...тура осы кезде Аспаннан шыңғырған ақ қыздың ащы дауысы жетті құлағыма. Мен айнаға қарай ұмтылдым...»[1, 49-б.] – деген сөздермен аяқтала отырып, періге қолы жетпеген жігіттің бейнесін сипаттаумен аяқталады. Мұнда жазушы «періге ғашық болу» мотивін қолдана отырып, перілерге тән сұлулықтың естен тандырырын сипаттайды.

Ал «Пері көші» аталатын әңгімесінде туындының аты айтып тұрғандай перілер көшін сипаттайды. Сәлімнің Жәми атты періге үйленіп, 5 бала сүюі, күйеуінің қазасынан кейін перімен қосылып, адамзат пен пері арасында жүретін Жәмидің ұл дүниеге әкеліп, есімін Бақбөр қоюы және перілердің Жәмиді өз еліне Бақбөрді ұйықтатып әкетуі, анасының қазасынан кейін Бақбөрге ес кіруі, Сәлімнің інісінің Кенжеқұлының пері қызына ғашық болуы сынды оқиғалар тізбегі арқылы әңгіме мазмұны ашылады. Сонымен бірге жазушы пері қыздарының диалогымен адам мен перінің некелесуі, артына ұрпақ қалдыруы арқылы екі әлем арасындағы байланыс жайы сөз болады.

Елден безіне жүріп, перілерге жақындасқан Бақбөр мен Кенжеқұлдың Сәлімнің әрекетін қайталауымен екі әлем арасындағы байланыс сипатталады.

Автор «түс көру» мотивін қолдана отырып, Кенжеқұлды түсінде көрген пері қызына ынтықтырып, оның қалдырған сақинасынан естілген дыбыс пен «перілер серттен таймасы» туралы ойлар арпалысы жазушының «пері» мотивін қолдану сипатын аңғартып тұр. Бұл әңгімеде періге үйлену, одан бала сүю, періге ғашық болу, адамдардың ерілердің құлағындағы сырғасын алып, басқа сырға тағып, періні дуамен ұстауы сынды мифологияда жиі кездесер мотивтерді селбестіре қолдана отырып, қаламының, жазушы мистикасының машығы аңғарылады.

Сонымен бірге перілердің диалогын бере отырып жазушы Адам ата мен Хауа ана жаратылысы туралы аңызды әңгімесіне тамызық етеді: «Жаратушы алғашқы Адамды тек өзіне құлшылық ету үшін, ал Хауа Ананы Адам атаға тек серік қылу үшін жаратқан...» – дей келе: «...махаббат, қуану, мұңаю, сүю, сүйдіру сезімдерін біз үйреткенбіз... алғаш қаза болған адамзатты жерлеуді де бізден үйренген... ең алғашқы адамның некесін біз қиғанбыз... біз оларға от сыйлағанбыз... біз оларды көк мұздан алып шыққанбыз... Біз олардың ешқашанда ойлары жетпейтін ғаламаттарды жасап бергенбіз... жер бетінде ең әлсіз тірлік иелері осылар... бұлар алғаш өмірге келгеннен бастап бір бірімен ғана селбесіп өмір сүреді... ешқайсысыда жеке-жеке күн көре алмайды... бұл дүниеде олар бізден кем... тек олар о дүниеге кетіп әуелгі жаратылысына қайтқанда ғана бізден жоғары тұрады... ол кезде біз оларға қажетсізбіз... сол үшін де... адамдармен қатар өмір сүру қиын»[1, 84-б.] – деген ойлары арқылы Адамның пайда болуын перілермен байланыстыра селбестіреді.

Зерттеуші П.Т.Әуесбаева «Түркі халықтарының хикаялары» атты ғылыми зерттеуінде: «Түркі халықтарында перілер көбіне ару қыздар түрінде суреттеледі, тіпті ертегілік перілер «сұлулық» символы болып табылады. Хикаяларда да олардың ерекше көріктілігіне мән беріледі, бірақ адами кейпінің өзінде зооморфты белгілері көрініс береді»[2, 228-б.] – деп пікір білдіреді.

Қойшыбек Мұбарак мистикасындағы «пері» мотиві түрлі реңкке боялып, әр әңгімесінде бояуы қаныға түседі. Жазушы мистикасында перілер сипаты көптеп бейнеленеді, перілер тылсымын қаламгер әр туындысында әр қырынан сипаттайды.

Қаламгердің перілер туралы бір әңгімесі «Жат құшақ» аталады. Бұл әңгімеде диалог көп қолданылады. Қаламгер мистикасының ерекшелігі диалог пен монологты араластыра қолдана отырып, «автор бейнесін» айқындап, 3 жақтағы әңгімеші сипатында береді.

«Қызылбасты» аталатын пері сипаты арқылы перілердің адамзатқа ынтықтығын бақсы мен бала арасындағы диалогпен селбестіре отырып, адамның періге ғашық болуының трансформациясын қолданады. Ер адамның киімін жағып, күліне аунаған соң перінің адамға сезілетіні, бірақ жарық жақса шынайы кейпінен адам шошитындығын аңғарта отырып, өз сұлулығын перінің сипаттайтын жолдары арқылы адамзаттан айырмашылығын айқындайды.

Сондай-ақ бұл әңгімеде «періден балалы болу» мотиві қолданылған, Сәбидің дүниеге әкелгеннен кейін, жігіт жарықты жандырғанда, әйелдің буға айналуынан, артынан шығатын дауысынан, перінің ер адамға деген өкінішін көрсетті. Автор бұл әңгімесі арқылы адамзат пен перінің балалы болу сипаты арқылы тылсым күштердің ерекшелік сипатын талдаған.

«Перілер – адамға дос та емес, адамға қас та емес аралық бейнелер. Олар азаматқа көрінбей, бұл дүние мен ол дүние аралығындағы тылсым әлемде өмір сүреді» [3].

«От Ару» атты әңгімесінде отқа ғашық болып, от ішіндегі аруды көрген, жақындаса жойылып кететін отты ұстау мүмкін еместігін көрсетеді. Алайда жігіт от арасындағы арудың қолын ұстамақ болып, жынды шал көмегімен пышақ алып, оны от арасына салып кеп жіберуі, отқа лақтыруы, қызға тиіп, оның шыңғыруы – мистиканың бір сипаты. От аруын көрген соң оған жақындамақ болғандағы екеуара диалог та соның айғағы: «Жақындама жаным, жазым боласың. Өртеніп кетесің, кет әрмен, кет әрмен, – деген қыздың даусына сәл тосылып қалды» [1, 257-б.], – деп қыздың жігітке тіл қатуынан соң жігіттің біз өмір сүріп жатырған өмірде әрмен қарай өмірін сүре алмасы айқын. «Жігіт өзін отқа бірақ атты. Қыз бен жігіттің құлында-құлын даусы шығып жанұшыра шыңғырған дауыстарын кең мойнақтың екі жағындағы ауыл да естіді. Сыртқа шыққан олар жотадан лаулаған оттың көз жеткісіз аспанға созылып жатқанын көріп аң-таң қалысты. Бірақ ешкім де жақын баруға батпады. Тек таң атқан соң ғана мойнаққа келгендер оттың орнынан жалқы сармойнақ пышақты тауып алды. Сабының аз жерін ғана күйік шалған екен» [1, 257-б.] – дегенді оқыған оқырман таңырқап, екеуінің бұл әлемнен бөлек әлемге кеткендігін байқап, От Ару екеуі өзге кеңістікке кеткенін аңғарады. Мұнда жазушы от мотивін қолдана отырып, От Аруға ғашық жігітті бейнелей, оның құмарын суреттей келе, отша құштар жынды көбелек сипатын аңғарамыз. Мистик қаламгер отқа ғашық жігітті сүйгенімен бірге өзге кеңістікке жіберу арқылы мақсатына жетіп отыр.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде, мистик жазушы Қойшыбек Мұбарак әңгімелерінде «пері» мотиві әрқалай қолданыс тапқан. Жазушы қолданысынан бұл мотив сипатының әрқилылығы айқындалды. Жоғарыда келтірілген әңгімелерінің үзінділері мен салыстырыла сипатталуынан бұл мотивтің әр түрлі сипатын

аңғардық. «Періге ғашық болу», «періге үйлену», «періге ынтық болу», «періден балалы болу», «балада пері сипатының басымдығы» туралы сипаттарынан бұл мотив қолданысының әңгімелердегі тылсым күшпен байланысы талданды. Жазушы әңгімелерінде перінің тылсым сипаты айқындалыр тұрғандығын туындыларда оқи отырып, талдадық.

Қойшыбек Мұбарактың «пері» мотивін қолданған әңгімелері бір-бірімен астасып, оқырманын тылсым күштер әлеміне жетелеп, автор мен оқырман арасындағы көпір «автор бейнесі» арқылы баяндалатын тылсым оқиғалардың арасында өмір сүргендей әсер сыйлайды. Мистикалық әңгімелердегі бұл мотив қолданысы жазушы шеберлігін айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұбарак Қ. Жат құшақ: мистикалық хикаяттар мен әңгімелер.– Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2012. – 272 б.
- 2 Ибраев Ш. Ахметбекова А. Әуеспаева П. Түркі халықтарының хикаялары. – Алматы, 2014. – 415 б.
- 3 Сейсенбекұлы Б. Пері. <https://adebiportal.kz/kz/characters/view/162>

УДК 94 (574) :37.091.3

ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Қаирғазина Б.Б.

Ғылыми жетекші: Өскенбай Ә.Ә., гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебі факультетінің деканы, т.ғ.к.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: rasul@mail.ru

Мақалада, тарих сабағында оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану жолдарын ғалымдардың енгізген әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оны тәжірибедегі берілетін деңгейлік тапсырмалар мен көрсете кеттік. Тек шетелдік ғалымдардың әдіс жолдары емес, еліміздің ортағасырлық ғалымдары және қазіргі отандық ғалымдардың еңбектерінен алынды. Мұндай, тәсіл қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Түйін сөздер. Жаңа технология, инновациялық әдістер, мультимедиялық электрондық оқулықтар, программа және т.б.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауының негізгі тірегі - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу, тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың білім алуына ерекше көңіл бөлді.

ҚР «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің

негізінде жеке адамды қалыптастыруға дамытуға және оның кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағымы күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып табылады. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу әрбір адамға қажет әрі пайдалы. Сонда ғана адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтайды, келешегін де болжай алады. Белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтпағандары кем де кем. Әбу – насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың ең басты кітабы» - дейді. Тарих сабағының неғұрлым тиімді жаңа түрлерін пайдалану оқушы белсенділігін арттыруда зор маңызды. Оқытудың жаңа технологиялары:

В.Ф. Шаталовтың технологиясының басты мақсаттары:

1. Оқушының білім беру дағдысын қалыптастыру;
2. Оқушылардың барлығын оқыту;
3. Жеделдете оқыту;

Принциптері:

• Үздіксіз қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, ірі блоктар бойынша оқыту, тірек сигналдарын пайдалану;

• Жекелей әрекет жасау;

• Ізгіліктік (барлық балалар дарынды);

• Мәжбүрсіз оқыту;

• Түзетуге, өсуге, жетістікке жетелеу, жетістігін жариялау, шиеленіссіз оқыту;

Мазмұндық ерекшеліктері:

• Оқу материалы ірілендіріп беріледі;

• Блоктық түрде беріледі;

• Оқу материалы тірек үлгі – конспект түрінде беріледі;

Тәрбиелік мәні:

• Еңбекке қатыстырылады;

• Еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді;

• Оқушының еркі дамытылады;

• Өзіндік танымдылығы, жауапкершілік, адалдық, жолдастық, қасиеттері қалыптасады.

Әдістеме ерекшелігі:

Теориялық блогі – Бағыттылық негізі (БН) – ақпаратқа кіріспе (түсіндіру) – айту – үйде өзіндік жұмыс орындау, I-қайталау (тірек сигналы конспектісін жаппай қабылдау), II-қайталау (түсінгенін сұрау), III – қайталау (өзара бақылау).

Ал, тәжірибе блогі – тәжірибелік жұмыс (жаттығу) – есеп шығару (жаттығу) – қорытынды: оқушылар білім беру дағдыларын және ойлау қызметінің әдісін жүйелі қолдану [1, 566]

Сондай-ақ, Ж.А. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы – нәтижеге бағытталған білім беру құралы.

Деңгейге бөліп оқытудың тиімділігі: біріншіден, оқушының психологиялық танымы, екіншіден, теориялық дайындығы есепке алынуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі. Соның нәтижесінде оқушыда намыс оты оянады, басқалардан қалып қалмауға тырысады. Бұл технология біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға көмектеседі, өйткені ол оқушының ойлау қабілетін, ынтасын, белсенділігін көтереді. Әр оқушының оқушылық деңгейде білім алуына мүмкіндік береді. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының мақсаты:

1. Мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі білуі;

2. Тиімді шешімді табуға үйренуі;

3. Оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез – келген жағдайда шешуі;

4. Ішкі өзіндік қажеттілігін қанағаттандыратын;

5. Әлемдік білім кеңістігінде көріне алатын;

6. Шығармашыл іс - әрекет жасай алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының ерекшелігі:

Оқушы білімі анық бағаланады. Белсенділігі артады. Ой еңбегі жетіледі. Белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді. Өзіне - өзі деген сенімділігі артады. Өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға тәрибелейді. Шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмталады, қызығушылығы артады. Зер сала қарасақ, оқушының білімді қабылдау деңгейі сыни баға беруге дейін көтеріледі. Технологияның тиімділігі мен ерекшелігі де осында.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы бойынша «Ғылыми мен білімнің дамуы» тақырыбындағы сабақта деңгейлік тапсырма – сұрақтар беру арқылы сабақты қорытындыладық.

Бірінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

- Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген қала: **Отырар**
- Жүсіп Баласағұн дүниеге келген қала – **Баласағұн**
- Махмуд Қашқаридың шын аты: **Махмуд Хусейн ибн Мұхаммед**
- Ахмет Иүгнекидің шын есімі: **Әбід Ахмет Махмұдұлы**
- Қожа Ахмет Иасаудің дүниеге келген қаласы: **Сайрам**

Екінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

1. Жүсіп Баласағұнидің атақты еңбегі: **«Құт негізі – білік»**
2. Ахмет Иүгнекидің бізге еңбегі: **«Құт негізі – билік»**

3. Қожа Ахмет Йайсаудің әкесі, атақты ғұлама ғалым: *Ибраһим*
4. Қожа Ахмет Йасауден қалған ұлы мұра – «*Даналық кітабы*» немесе «*Диуани – и хикмет*»
5. Мұсылман дінінің енуіне байланысты пайда болған ғимарат – Мешіт
Үшінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:
 1. Шығыстың аса көрнекті ғылымы Әбу Насыр әл – Фараби шығармаларын қай тілде жазды? *Араб тілінде*
 2. Өз еңбектерінде адам дүниені және оның мәнін өзінің сезім мүшелері мен ақыл – ойы арқылы таниды деп түсіндірген ғалым: *әл – Фараби*
 3. Махмуд Қашқаридың еңбегі қалай аталады? «*Диуани лұғат ат – түрік*»
 4. Жүсіп Баласағұни «Құтадғу негізі – білік» еңбегін Баласағұнда бастап қай қалада аяқтаған? *Қашқарда аяқтаған*
 5. Қожа Ахмет Йасаудің жолын қуған шәкірттерінің бірі – ғұлама ақын, ел ішінде Хакім ата аталған: *Сүлеймен Бақырғани* [2, 20б]

Сонымен қатар, Н.А. Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясы. Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясының мақсаты: білімді, ұлттық заңдылықтарды бағалай білетін ұстамды, алғыр, жан – жақты дарынды, шығармашылық ізденіс, зерттеу жұмысын жүргізе алатын тұлғаны қалыптастыру. Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясын Қазақстан тарихы пәнінен қоғам қайраткерлерінің өмірі туралы, дүние жүзі тарихы пәнінен әр мемлекет бойынша тақырыптарды өткенде берілген талдау бойынша жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдалану өте тиімді. Сабақ құрылымын жиі өзгертіп отыру – оқушылардың ойлау қабілетіне, өз ойын қорыта айтуға, тарихи деректермен жұмыс істеуге қозғау салады. Пәнге деген қызығушылығын туғызады. Пән бойынша жақсы нәтижеге көрсеткішіне жеткізеді [3, 98б]

Жалпы айтқанда, «...Бәсекеге қабілетті технологиялар инновациялық экономиканың өзегі ретінде өздігінен пайда бола қала алмайды. Бұл – ұзақ үрдіс, ғылыми зерттеулердің, күрделі де шығынды эксперименттердің және ақыр аяғында, ғалымдардың идеялық нұрлануының қиындықпен келетін жемісі...» деп айтқан тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағым келіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Давыдов В. В. Предисловие.- В кн.: Шаталов В. Ф. Куда и как исчезли тройки. - М.: Педагогика, 1979, с. 4.
2. Ж.А. Қараев Педагогическая технология дифференцированного обучения / Қараев Ж.А., Алматы. - 1999 ж. – 125 б.
3. Балтабаева Ж.Қ., Оразақынов Н.А., Жоғарғы оқу орында студенттер тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері атты док. дисс. / Ж.Қ Балтабаева., Н.А. Оразақынов – Алматы, 2009. 127 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қуанов Р.С.

Ғылыми жетекші: Шұршытпай Б., тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: Mma.rasul09@gmail.com

Мақалада қазақ әдебиетіндегі тарихи дәстүр мен жаңашылдық мәселесі қарастырылады. Көркем өнердің даму үдерісінде жаңалықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп, жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады. Дәстүр мен жаңашылдық әдеби процестің негізгі ерекшелігі екені тұжырымдалады. Мақалада қазақ әдебиетіндегі тарихи прозалардың қалыптасу тұсында көркемдік ойдың даму үдерісіне фольклор мен ауыз әдебиеті дәстүрінің үлкен ықпал еткені пайымдалады. 1970 жылдары әдебиетке келген Ә. Кекілбаев, О. Бөкеев, С. Санбаев, М. Ысқақбаев т.б. дарынды жазушылардың шығармаларындағы дәстүрлі аңыз-әңгімелерді, мифтік сюжеттер мен образдарды пайдалану тәжірибесі талданып, жаңашыл ізденістері айқындалады.

Түйін сөздер. Қазақ әдебиеті, дерек, құндылығы, орыс зерттеушілері, тарихы, және т.б.

Әдеби үдеріске тән ерекшеліктің бірі – дәстүр жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттанудағы ең өзекті мәселелердің қатарында саналады. Себебі ол қазақ әдебиетіндегі тарихи үрдісті дамытудың, өркендеуінің негізі, жалпы тіршілік дамуының тетігі. Мәселен, түрлі анықтамалық басылымдарда көркемдік дәстүрді өнерді дамытудағы, өткен дәуірлердің көркем тәжірибесін игерудегі сабақтастық деп қабылдайды. Яғни, ХХ ғасырға дейін қазақ әдебиеті өлең сөз шеңберінде дамып келді және оның жаңадан қалыптасқан проза жанрына әсер етті. Әдебиетімізде қара өлеңнің десі басым болғандықтан, ХХ ғасырдың басында қара сөз шеберлерінің туындылары поэзияға жақын болды. Бұл тұрасында Ә. Дербісәлин: «Қай салада болмасын, жалпы дәстүр атаулыға тән қасиет ол дайын күйінде тумайды, не өзге біреуден оңай алына салмайды, ол заманалар жемісі, тәжірибелер нәтижесі, уақыт сынынан, ұрпақтардың ақыл-ой елегінен мүдірмей өткен, халықтың тіршілік-тұрмысына жауап беру арқылы өміршең сипат алып, әрдайым өсіп, өніп, жалғасып отырған әрі тұрақты, әрі жанды, белсенді құрал» [1, б. 8] – деп жазады.

Ал, философиядағы «жоқтан бар болмайды» деген қағидаға сүйенсек, көркем өнердің даму үдерісінде жаңалықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп, жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады. Мәселен, А. Құнанбайұлы өзіне дейінгі баяғы замандардан келе жатқан шығыстың эстетикалық дәстүрі мен халқымыздың бай рухани мұрасынан сусындады, оны жоғары бағалады. М. Әуезовтің «Абай

жолындағы» фольклорлық дәстүрлер, І.Есенберлиннің «Көшпенділеріндегі» аңыздық баяндаулар турасында да осыны айтуға болады.

XX ғасырда қазақ әдебиетіндегі тарихи процестің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі жүрген жоқ. Мифологиялық желі XX ғасыр басындағы әдебиетте жақсы көріне бастады да, 1930-60 жылдар аралығында әдебиетте үстемдік еткен идеологиялық себептердің салдарынан үзіліп қалды, кейіннен 1970 жылдардан бастап қазақ прозасындағы осы сабақтастықтың қайта жалғасты. Аңыздық желі, мифологиялық сюжеттер, мотив пен образдар ірі суреткерлер шығармаларында жиі қолданылып, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесі жүрді. Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүр мен дінимифологиялық, аңыздық сюжеттердің типологиялық, тарихилық тұрғыдағы көркемдік функциясын зерттеген еңбегінде А. Жақсылықов қазақ әдебиетінде мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің генетикалық тұрғыдан сабақтастығы үзілмегенін, ол дәстүрдің А. Иассауи (12 ғ.), Асан қайғы (15 ғ.) шығармаларынан қоса алғанда XX ғасырдың басына дейін жалғасқанын дәлелдеп көрсетеді. Зерттеушінің тұжырымдауынша, бұл эстетикалық сабақтастық большевиктік идеология және әдебиеттегі репрессиялық тазалаудың, отызыншы жылдардың басында социалистік реализм әдісінің директивті енуінің нәтижесінде ғана үзіліп қалды да, тек жетпісінші жылдардың басында қайта жалғасын тапты [2, б. 31].

Сондай-ақ, мифтік, аңыздық сюжеттердің 1970-90 жылдары дамуы мен өрістеуіне жаңа серпін берген жазушылардың шығармаларында ортақ сипаттар болды. Қазақ жазушыларының туындылары халықтың өткен тарихына қатысты ауқымды философиялық пайымдауларға, толқаныстарға бейімділігімен; халық ауыз әдебиетінің поэтикасымен, эстетикасымен ішкі үндестігімен; көтеріңкі-эмоциялық, романтикалық стильге жақындығымен ерекшеленді.

Жалпы, дала адамдарының рухани өмірі – қаламгер шығармаларындағы негізгі тақырыптардың бірі. Жазушы шығармалары мифологиялық халықтық сананың ең терең қабаттарын бейнелейді. С. Санбаев туындыларындағы аңыз-әңгіме, мифтерден терең философиялық, адамгершілік бастаулар ашылып, бүгінгі күннің әлеуметтік-рухани мәселелерімен үндеседі. Бабалардың рухани өмірінің тарихын баяндайтын аңыз мәңгілік ұғымымен ұштасады. Қаламгер шығармаларында адамның туған жердің тарихымен, халқының өткенімен және бүгінгімен терең байланысы философиялық тұрғыда пайымдалады.

Яғни, қаламгерді тарихи тақырыптар қызықтырады. Бірақ рухани-эстетикалық қажеттілікке, жазушының дүниетаным ерекшелігіне орай әр тақырыптың игерілу сипаты мен сыры түрліше. Тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген қаламгерлерден С. Санбаевтың өзіндік ерекшелігі бар. Көшпелі елдің белгілі бір тарихи кезеңдері, өткен дәуір оқиғалары көрініс бергенімен, оның шығармалары үйреншікті мағынадағы тарихи туынды емес. Жазушы үшін поэтикалық мифтің адамгершілік-философиялық арқауы, оның қазіргі заман адамдары үшін көкейкестілігі маңызды. Өйткені жазушы үшін тарихи оқиғаларды нақты көрсету негізгі мақсат емес. Қаламгер одан гөрі өткен тарихқа, өмірге эстетикалық көзқарасын танытып, философиялық пайымдаулар жасауға ұмтылады. Халық аңыз-әңгімелерінің философиялық тереңдігі, ауыз әдебиеті дәстүрінің гуманистік мазмұны, қаламгер шығармаларында ерекше өрнек тауып, жаңа

қырынан көрінген. Оның «Ақ аруанасы» – қазақ сөз өнеріне өзіндік қолтаңбасымен, стильдік ерекшеліктерімен жаңаша леп әкелген шығарма. Ол сол тұстағы қазақтың тарихи прозасынан өзіндік ұқсамайтын даралығымен оқшауланды. Жазушы дайын мифтік сюжетті, аңыз-әңгімелерді сол күйінде пайдаланбағанымен, қазақ үшін киелі болып есептелетін аруана туралы өзінің авторлық мифологиясын тудырған.

Сондай-ақ, 1970 жылдары қазақ прозасында да тарихи тақырыпқа бет қойған жазушылар М. Әуезов негізін салған тарихи роман дәстүрін жалғастыра дамытып, қазақ тарихының әр қилы кезеңдерін жаңаша бажайлап, жанрлық, көркемдік, стильдік ізденістерге бой ұрып, көркем бейнелеуге бет қойды. Тарихи тақырыпқа қалам тартқан қазақ жазушыларының философиялық-эстетикалық концепциясында мифтік-фольклорлық дәстүр айрықша көркемдік қызмет атқарды. Қаламгерлер поэтикалық мифтің адамгершілік философиялық арқауын, оның қазіргі заман адамдарға қажетті өзекті сипатын, мәңгілік мәнін пайдаланды және өткен тарихқа, болмысқа өздерінің эстетикалық көзқарастарын танытып, тың философиялық пайымдаулар жасады, жаңа көркем бейнелер сомдады. Халық аңыз-әңгімелерінің философиялық тереңдігі, ауыз әдебиеті дәстүрінің гуманистік мазмұны, қаламгер шығармаларында ерекше өрнек тауып, жаңа қырынан көрінді.

1960-70 жылдардан бастап суреткерлердің халықтың өткен рухани тәжірибесіне, тарихи бастауларға, мифологиялық бағдарға бет қоюы ұлттық сананың оянуымен байланысты еді. Кеңес әдебиетінде дәуірлеген социалистік реализм әдісі тұйыққа тірелгенде, жазушылар мифтік шығармашылықты дүние, болмыс туралы ой толғаудың тәсіліне айналдырды. Қазақ жазушылары адам мен әлемнің сырын бейнелеуде қалыпты формалардан бас тартты да, оны философиялық пайымдаулар мен мифологиялық таным тұрғысынан игеруге күш салды. Мұның өзі жазушылардың белгілі бір мәдениеттің, белгілі бір тарихи дәуірдің құбылысы болуымен де байланысты болды.

Әдеби үдеріс бір ғана ұлт әдебиетінің шеңберінде ғана емес, әлемдік әдебиет ауқымында да бір мезетте бір-біріне ұқсас және бірін-бірі қайталамайтын әдеби кезеңдерден, дәуірлерден тұрады. Әдеби үдеріс үздіксіз жалғасып, әрбір жаңа дәуір өзіне дейінгі көркемдік жетістіктерге сүйенеді. Мысалы: әлемдік әдебиеттің көркемдік даму тәжірибесінде символизм, экспрессионизм романтизм әдісінің аясында қанат жайды, яғни ХХ ғасыр басындағы модернистік бағыттар романтизмнің көркемдік дәстүрлерімен нығая түсті. Жаңа тарихи тұс дәстүрлі құндылықтарды игере отырып, әдеби үдерісте жаңа дүние тудырады, яғни адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған көркемдік қазынасына өз үлесін қосады.

Әдеби үдерістің маңызды құрамдас бөлігінің бірі халықаралық әдеби байланыстар болады. Әдеби үдеріс аясында әдеби бағыттар мен ағымдардың белгілі бір ұлт әдебиетінде орын тебуінің бірнеше факторлары бар екені белгілі. Соның бірі – тарихи-әлеуметтік фактор, бірі – ұлттық дәстүр аясында пісіп жетілген қажеттілік (зандылық), енді бірі – әдеби байланыстар. ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби процеспен байланысы М. Әуезов, С. Талжанов, Ш. Сәтпаева, Е. Лизунова, Р. Қайшыбаева, С. Тойшыбаева, К. Канафиева, М. Маданова, Ө. Күмісбаев, Б. Мамыраев т.б. зерттеулерінде қарастырылады. Шетел әдебиетіне ықылас қазақ әдебиетінің әлеуметтік-тарихи және эстетикалық мақсаттарынан туындады.

Қазақ әдебиетіне әлемдік әдеби үдерістің, Шығыспен қатар Ресейдің және Батыстың эстетикалық байланыстарының әсері болды деуге болады және қазақ

әдеби үдерісін зерттеу барысында осындай әдеби байланыстарды ескеруіміз қажет. Ұлттық әдебиет жүйесінің өзінің көркемдік дәстүрлерін дамытудағы рөлі қаншалықты зор болғанымен, оны өздерінің жеке тәжірибесімен ғана шектеп қою әдебиеттің қарқынды дамуына кері әсерін тигізеді хақ. Ұлттық әдебиет жүйесіне әлем әдебиетінің көркемдік тәжірибесі де табиғи түрде кіреді [3, б. 262].

Әрине, біз осы орайда жай «еліктеу» немесе «шеттен алу» туралы емес, мәдениеттердің өзара әрекеті мен өзара ықпалы туралы айтып отырмыз. Сырттан орыс, еуропа әдебиеттерінен келген көркемдік тәжірибе өз бойына жаңаны құмарлана сіңіре білген қазақ топырағына механикалық түрде ауысқан жоқ, ол «өзімізге» айналып, ассимиляцияланды, ұлттық әдебиетіміздің бір бөлігіне айналды. Қазіргі қазақ әдеби процесінің ерекшелігі, әдебиеттанушылармыз атап өткендей, сан алуан эстетикалық жүйелердің: романтизмнің, реализмнің, модернистік ағымдардың өзара қатар, параллель, тіпті синхронды дамуында жатыр. Бұл жүйелердің өзара әрекетке түсуі олардың элементтерінің өзара кірігуіне алғышарттар жасады және соған сәйкес өз алдына жеке эстетикалық бағыттың әрқайсысын зерттеуде күрделілік туғызады

Жалпы айтқанда, әдеби процеске ең алдымен әлеуметтік тарихи құбылыстар әсер ете отырып, екі түрлі фактор басты бағыт береді: ұлттық-мәдени дәстүр мен жалпы адамзаттық, әлемдік мәдениеттің әсері. Ұлттық топырақтан сусындап, ұлттық дәстүрден қол үзбеу және әлемнің көркемдік даму тәжірибесін өз мүддесі тұрғысынан игеру әрбір ұлт әдебиетінің жемісті дамуының басты шарттарының бірі болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. // Ә. Дербісәлин., – Алматы: Ғылым, 1976. – 204 б.
2. Жаксылыков А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. // А.Ж. Жаксылыков., - Типология, эстетика, генезис: автореф. дисс. докт. филол. наук. – Алматы, 1999. – 52 с.
3. Неупокоева И.Г. История всемирной литературы. Проблема системного и сравнительного анализа. // И.Г. Неупокоева., – М.: Наука, 1976. – 262 с.

ӘОЖ 37

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мейірбек А.М.

ШҚО білім басқармасы Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі

Жамбыл орта мектебі КММ

«Методология» сөзі ежелгі гректің «methodos», яғни зерттеу жолы, «таным әдісі» деген сөздерінен шыққан. Тарихты оқыту әдістемесі – тарихты оқытудың негізін, заңдылықтарын жас ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу, дамыту мақсатында пайдалану мақсатында тарихты оқыту курсы, заңдылықтарын және басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін пән.

Тарихты оқыту әдістемесі ғылыми пән ретінде мектеп тұжырымдамасын, сапалы, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау міндеттерін басшылыққа ала отырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың мазмұнын, ұйымдастырылуын және әдістерін жасайды.

Мектепте тарихты оқыту күрделі, көп қырлы, қарама-қайшылықты педагогикалық құбылыс. Оның заңдылықтары оқушыны оқыту, дамыту және тәрбиелеу арасындағы объективті байланыс негізінде анықталады. Ал процестің негізі – оқушыларды тәрбиелеу. Әдістеме оқу материалын меңгеруді басқару әдістерін, тарихты оқыту процесінің негізгі бөліктері арасындағы объективті, үнемі қайталанатын байланыстарды оқып, зерттейді, білім берудің мақсаты мен мазмұнын айқын көрсетеді. Мақсаты мен мазмұнына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің қолайлы түрі таңдалады. Тарихты оқыту үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі жоғары сынып оқушыларының тарихи білімді меңгеруде жоғары нәтижелерге жетуінің тұрақтылығымен анықталады.

Оқыту мақсатын нақты анықтау оның тиімділігін арттырудың бір қыры болып табылады. Мақсат қоюда тек білім берудің жалпы міндеттерін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың дамуын, білімін, іскерлігін, оқу үрдісін қажетті материалдармен қамтамасыз етуді де ескеру қажет. Мұғалім әрқашан сабақта алға қойған мақсатына жете білуі керек. Мазмұн тарихты оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады. Тарих ғылымының дамуы мен оның әдістемесі, педагогика мен психологиясы, әдістемесі білім мазмұны мен көлеміне үлкен әсер етеді. Сондай-ақ заманның өзгеруі, жаңа заманның жаңаша өмір сүруін сұрау мектептегі тарих пәнінің мазмұнын да өзгертеді.

Тарихи білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық тиімділігі оның білім мазмұны мен мақсатына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және дайындық деңгейіне сәйкестігімен анықталады. Білім берудің әртүрлі бөліктері арасындағы объективті түрде белгіленген өзара байланысты зерттей отырып, тарихты оқыту әдістемесі білім беруді, тәрбиені, дамытуды біртұтас жүйе ретінде қарастырады, сонымен бірге оқушының санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер етуді тұтастай қарастырады. Гуманистік, ұлттық-патриоттық және неғұрлым объективті дүниетанымды қалыптастыру мақсаты – ой мен ерік-жігердің бірлігін жасау.

Әдістеме ғылым ретінде:

Неліктен оқыту керек, яғни оқушылардың жас ерекшеліктерін және мектеп курсының нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, қандай мақсаттарды қоюға болады және қою керек?

Нені оқыту керек, яғни оқу мақсатын неғұрлым табысты жүзеге асыру үшін ыңғайлы оқу мазмұны мен оның құрылымын қалай таңдау керек?

Қалай оқыту керек, яғни оқу іс-әрекетін қандай тәсілдермен тиімдірек жүргізуге, оқушыларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда жоғары нәтижелерге қалай жетуге болады? - деген сұрақтарға жауап береді.

Әдістеме оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін ұсынады, әртүрлі сипаттағы және мазмұнды материалдар арасындағы байланыстардың мәнін ашады және олардың оқу қызметін ұйымдастыру. Бұл байланыстарды білу мұғалімге көмектеседі.

Жаңа дәуірде тарихты оқыту әдістемесінің негізгі әдістемелік негізі гуманистік көзқарас болып табылады. Тарихты оқыту курсы оқығанда әдістемеді оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктері ескеріледі, педагогиканың жалпы теориясына көңіл бөлінеді. Тарих ғылымы академиялық пәннің негізі болып табылады, бірақ оның шағын үлгісі емес. Тарих мектеп пәні ретінде тарихнама пәнін қамтымайды және жекелеген даулы мәселелерді қамтымайды.

Оқыту әдістемесінің ерекшелігі – ол арнайы тарих ғылымы ретінде тарих заңдылықтарын зерттемейді. Оның өзіндік ерекше және күрделі міндеттері бар: тарих ғылымының негізгі деректерін мектепке қойылатын талаптарға сай іріктеу, тарихи білімді жас жеткіншектердің тарих мазмұнын неғұрлым толық және саналы түрде меңгеруі, солар арқылы олардың азамат ретіндегі көзқарастары мен ұстанымдары гуманистік бағытта қалыптасады.

Мектепте тарихи процесті оқытудың түрі, әдісі және құралдары ғылыми зерттеу әдістерінен ерекшеленеді, дегенмен орта мектепте қолданылатын әртүрлі «зерттеу» әдістері жасөспірімдердің зерттеу жұмыстарының алғашқы үлгілерімен танысуына мүмкіндік береді. Тарих сабағының мазмұнын пән ретінде тарих ғылымы анықтаса, педагогика ғылымы осы тарихи білімнің көлемі мен абстракциялану деңгейін анықтады. Сондықтан тарихты оқытуда, педагогикалық тәжірибеде, нені, қалай оқыту мәселесін шешуде табысқа жету үшін әдістемелік зерттеулер қажет. Тарихи түсінік – ғылыми білім жүйесінің өзегі. Тәрбие процесінде тарихи қиял мен тарихи түсініктің қалыптасуы қатар жүреді; түсіну қиялға негізделген. Дегенмен, олардың арасында айырмашылықтар бар. Тарихи аруақ әр бала үшін жеке, оның қалыптасуы балалардың мінезіне, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асады. Расында, бала санасында бейнелердің қалыптасуына мектептегі сабақтар ғана емес, теледидар, кино, көркем әдебиет, БАҚ, интернет те әсер етеді. Тарихи бейнелеу барлық оқушыларда бірдей деңгейде анық қалыптасуы керек. Тарихи түсінікті меңгеру көптеген тарихи фактілерді тұжырымдаудың қажетті шарты болып табылады.

Ұғымды қалыптастыру процесін тиімді басқару үшін оның жіктелуін білу қажет. Тарихи материалдың мазмұнына қарай ұғымдар бөлінеді:

А) экономикалық – әртүрлі тарихи кезеңдердегі шаруашылық өмірі мен құралдары, экономикалық процестер туралы;

В) әлеуметтік-саяси – қоғамдық қатынастарды және мемлекеттің саяси құрылымын көрсететін ұғымдар (монархия, демократия, деспотизм, абсолюттік монархия және т.б.);

В) тарихи-мәдени (қайта өрлеу дәуіріндегі гуманистік мәдениет, материалдық және рухани мәдениет және т.б.);

Д) идеологиялық (діни, утопиялық социализм, коммунизм, фашизм және т.б.).

Сонымен қатар, тақырыптың кең немесе тар болуына байланысты классификацияның басқа түрі болуы мүмкін:

жекелеген елдердің белгілі бір кезеңдеріне тән жеке тарихи ұғымдар (сфинкс, мушкет, смерд, хан, төре және т.б.). Бұл тарихи ұғымдарды оқушы 1-2 сабақ материалдарынан біле алады.

бір дәуірдегі бір немесе бірнеше елдерге тән ұғымдар (қарапайым өндіріс, буржуазиялық нарықтық қатынастар, феодализм және т.б.);

элеуметтік ұғымдар – бір немесе бірнеше тарихи дәуірлерге тән тарихи процестің жалпы байланыстары мен заңдылықтарын көрсетеді. Олар ең жоғары қалыптастырушы ұғымдар. Студенттердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, ол барлық тарих курстарында ашылады. Бұл ұғымдардың толық қалыптасуы бітіруші сыныпта жүзеге асырылады.

Тарихи концепция – ең маңыздылардың санадағы көрінісі, тарихи фактілердің жалпылама жүйеленген белгілері, оларды ашып көрсету, әдетте бірінші қабылдауда көрінбейтін ішкі болмыс. Тарихи ұғымдар объективті. Бұл олардың болуы керек дегенді білдіреді әр оқушы үшін шамамен бірдей. Оның негізінде жатқан ұғымдар тарихи білім. Тарихи танымның әдістемесі бойынша білімге білім жатады себеп-салдар байланыстары, тарихи даму заңдылықтары және туралы білім тарих ғылымы. Мұнда студенттердің жолдар туралы білімдерін де қосуға болады тарихи материалмен жұмыс және оларды жұмыста пайдалана білу. Басқаша айтқанда, бұл дағдылар мен дағдылар туралы. Дағдылар мен дағдыларды меңгеру деңгейді көтерудің маңызды құралы болып табылады. Сонымен, тарихи таным күрделі қатынас болып табылады. Тарихи идеялар, концепциялар, тарихи даму заңдылықтары және тарихи материалмен жұмыс істеу тәсілдері.

Кез келген мектеп пәнін оқыту әдістемесі оны оқу басталғаннан кейін жасалады. Оқыту әдістерін түсіну және жетілдіру үшін оларды талдау қажеттілігі туындағанда әдіс мәселесі назар аударады. Дүниежүзілік тарихты оқыту да солай болды: ол әдістеме әзірленбес бұрын басталды. Бұл Қазақстан тарихын оқыту әдістемесіне қатысты. Біз жаңа жүйелік курсты оқыту үдерісін әлі мұқият зерттеп үлгермей тұрып, 1992 жылы оқыта бастадық.

Қазақстан тарихын оқыту барысында кейбір эмпирикалық жалпылаулар әлі де жинақталуда, нақты жағдайға лайық практикалық кеңестер құрастырылуда, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру бойынша жекелеген ережелер ұсынылуда. Әдістеменің элементтері осылай туады. Бірақ бұл әдістемелік рецепттер мен ерекше ережелер ұлттық тарихты оқыту әдістемесін әлі де нағыз ғылыми пәнге айналдырған жоқ, өйткені бұл процесс тарих ғылымының өзінің даму деңгейімен байланысты. Бірінші орыс әдістемесінің авторы Я.Г.Гуревич «Тарих методологиясының тәжірибесі» атты кітабында: «Әрбір оқу пәнінің әдістемесінің даму дәрежесі оның ғылыми даму дәрежесіне тікелей байланысты. »¹. Сондықтан Қазақстан тарихының ғылыми негізделген әдістемелік жүйесін жасау қазіргі мектептің ең өзекті міндеті болып табылады. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі ғылыми пән деңгейіне көтерілгенде ғана бұл міндетті ойдағыдай орындауға болады.

Қазақстан тарихы пән ретінде тарихпен ғылым ретінде тығыз байланысты, өйткені пән ғылым негіздерінің таныстырылымы болып табылады. Кез келген басқа пәндердің әдістемесі сияқты Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ұлттық тарихты оқыту әдістемесі жүйесінде екі негізгі бөлікті бөліп көрсетуге болады: курстың жалпы әдістемесі және курстың жеке бөлімдерін оқытудың жеке әдістері. Қазақстан тарихын оқытудың бірінші (жалпы) әдісіне толық емес орта және орта мектептер шеңберіндегі орта мектепте ұлттық тарихты оқытудың бүкіл процесі жатады, ал жеке әдістер жеке бөлімдерді оқытудың арнайы

мәселелерін әзірлеумен айналысады. Мысалы, Ежелгі Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі, ортағасырлық Қазақстанды оқыту әдістемесі, т.б.

Қазақстан тарихы курсының мазмұны да, оның әдістемесі де жалпы мектептің алдында тұрған міндеттермен және оның ішінде осы пәнді оқытумен анықталады. Өйткені, ұлттық тарихты оқытудың түпкі мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырмаған, Қазақстан тарихының мектеп курсының құрылысын, материалды іріктеу принциптерін, түрлі әдіс-тәсілдердің құндылығын білмеген мұғалім еріксіз жүргізеді. терең ойластырылған жоспарсыз оның практикалық жұмысы. Ол Қазақстан тарихын қаншалықты жақсы білсе де, оның жұмысы мақсатсыз болады. Кейде теориялық әдістердің құндылығына күмән келтіретін жас мұғалімдерді кездестіруге тура келеді. Олар ең бастысы - пәнді білу, ал қалғаны «қолданады» дегеннен шығады. Көбінесе мұндай мұғалімдер мектепте немесе университетте қалай оқытса, солай оқытуға тырысады, көбінесе университет жұмысының әдістерін мектепке ойланбай ауыстырады. Олардың ең іскерлері оқытудың ұтымды жолдарын табуға тырысады, бірақ әдістемелік теориямен таныс емес, олар бұрыннан белгілі нәрсені іздеуге уақыт пен күш жұмсайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.
5. Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңы.

ӘОЖ 821.512.122.09

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Набиева Ш.Қ.

«С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Жоғары колледж қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы педагог-модератор

Абай еңбектерін танып, зерттеуде ерекше маңызы зор мәселенің бірі ақын шығармаларына текстологиялық ізденістер жасап, басылымдарда азат алынған, қате кеткен сөздерді түзету.

Мақалада Абай Құнанбайұлының шығармаларының жинақталып, реттеліп, баспадан шығу барысы қысқаша баяндалады. Сондай-ақ осы жинақтарда ала-құла алынған атаулар мен орфографиялық, мағыналық қателіктерге тоқталып, Абай шығармаларының ең алғашқы басылымы мен кейін шыққан жинақтарындағы кей сөздердің айырмашылықтары сараланды. Абай өлеңдерін зерделеу барысында текстологиялық және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қазаққа мол мұра қалдырған ақын, жазушы, философ, музыкант. Оның шығармашылығы терең зерттеуді талап етеді. Өйткені ақынның өзі секілді шығармалары да талай қиындықтан өткен.

Зерттеу еңбегінің мақсаты Шәкәрімнің өзгеріске ұшыраған өлеңдерін талдап, салыстырып, дұрыс нұсқасын ұсыну. Басты бағыты және идеясы әлі күнге қате таралып жүрген поэзиясын бір ізге түсіру.

Жұмыстың құндылығы философ-ақынның өлеңдерінен басқа да шығармалары, ән-күйі, философияға негізделген трактаттары, драмалық шығармалары бар екенін таныту, көрсету.

Зерттеу әдісі: ақынның бірнеше кітабындағы өлеңдерін салыстыру. Өзгертілген жерлерін кестемен көрсетіп, айырмашылығын анықтау және қандай себеппен өзгертілгеніне үңілу.

Ғылыми зерттеу еңбегінің нәтижесінде мынадай қорытынды шығарылды: Шәкәрім Құдайбердиев жалған жаламен қудалауға ұшыраған. Сол себептен жазған шығармаларын да өртеп, жыртып, көзін жоюға тырысқан. Алайда ұлдары Ахат және Зият Шәкәрімұлы мұндай ұянатқа жол бермей, әкесінің қолжазбасын көшіріп алып қалып, кейін кітап етіп бастырған. Ислам дініне қатысты сөз қозғауға тыйым салынған уақытта шыққан кітаптары бұрмаланып, сөзі, мағынасы өзгертілген. Осы сөздерді бүгінгі таңда қайта өңдеп, дұрыс нұсқасын шығару ұсынылады.

Жұмыс қорытындысының тәжірибелік мәні амантқа қиянат жасамай, ата-бабамыз басын бәйгеге тігіп, бізге қалдырған мұрасын өз деңгейінде бағалау.

Тірек сөздер: Шәкәрім, поэзия, мәтінтану (текстология), мұра, аманат.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақтың көрнекті ақыны, пәлсапашы, тарихшы, аудармашы. Ол артына мол мұра қалдырып кеткен, алайда оның шығармашылығын зерттеген ғалымдар бірді-екілі мақала жазғаны болмаса, іргелі зерттеу еңбегі шыға қойған жоқ. Өйткені Шәкәрімнің көп туындысы жарық көрмей, қолжазба күйінде қалып қойды. Ол заманда қазіргідей қалтасы қалың азаматтар кітап шығара беруін елестетудің өзі мүмкін емес еді. Себебі баспалар толығымен мемлекеттің қатаң бақылауында болды, бір кітап шығуы үшін саяси жетекшілер рұқсатын беруі керек. Сөйте тұра Шәкәрім Құдайбердиевпен бір заманда ғұмыр кешкен Абай Құнанбаевпен салыстырғанда, оның жолы болған. Бұлай дейтін себебіміз Абай көзі тірісінде тек бірнеше өлеңін бастырып шығарған. Ал Шәкәрім көркем аудармаларын, поэмаларын, тарихқа арнаған шығармаларын бөлек кітап етіп басып шығарған. Сөзімізге дәлел ретінде Ахат Шәкәрімұлының естелігінде жазған сөзін мысалға келтірсек болады. Ол бұл жазбасында әкесінің басылған шығармаларының ішінде білетіндерім деп бақандай қырық бір туындының тізімін жазып, әрқайсысына тоқталып, қысқаша түсіндіріп өтеді [1, 220 б].

Шәкәрім шығармалары баспа бетін көргенімен, сол түпнұсқасы бізге жетпеді. Ақынға жазықсыз жала жабылып, қудалауға ұшыраған кезде еңбектерін де өртеп, көзін жойды. Оны баласы Ахат Шәкәрімұлы басын қатерге тігіп, өзіне төнер қауіпті ойға алмастан әкесінің мұрасын сақтап қалу үшін қолынан келгенін жасады. Әкесінің кітаптарын, жазған өлеңдерін шамасы жеткенінше көшіріп жазып, жасырын ұстады. Шәкәрімнің баласы Зият Шәкәрімұлы да кеңес заманында қудалауға ұшырап, Қытайға қашып барған. Сол кезде әкесінің қолжазбаларын сақтап қалған. Алтай өлкесіндегі Алаш қозғалысына жетекшілік еткен Кәрім Дүйсебаев және Кәрімнің шәкірті, Алтай өңіріндегі тілші, ақын, жазушы Асқар Танайұлы, міне, осы кісілер Шәкәрім мұрасының сақталып, осы күнге жетуіне

елеулі еңбек сіңірді. Бізге жетіп қана қоймай, қазақ әдебиетінің теңдессіз қазынасына айналуына тікелей себепкер болды.

Осындай теперіш көріп, “өлім аузынан” аман қалған Шәкәрім шығармалары бізге жеткенше түрлі өзгертуге ұшырады. Бір жерде білместікпен, шатасу әсерінен өзгертілсе, енді бір жерінде әдейі, идеология тұрғысынан бұрмаланып, өзгеріске түскен. Енді осыны тереңірек талдап көрейік. Түсінікті болуы үшін, алдымен кестемен ұсынуды жөн көрдім. Шәкәрімнің үш кітабында үш түрлі жарияланған “Еріншек” өлеңінде сегіз айырмашалық бар екен.

Кесте 1

Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы (бірінші бөлім) – Семей: Абайдың мемлекеттік қорық мұражайы, 2013. – 105 бет. (1912 жылғы «Қазақ айнасының» факсимиле нұсқасы)	Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Атамұра, 2003. – 296 бет.	Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. Т. 1. – 480 бет.
Орынды іске жүргізбей ,	Орынды іске кіргізбей	Орынды іске кіргізбей
Сонымен-ақ жүре сал,	Осымен-ақ жүре сал,	-Осымен-ақ жүре сал,
Рахымы күшті деп еді	Бұл жол алынып тасталған	Рахыметі күшті деп еді
Көндігу керек жасыңда,	Көндіру керек жасыңда,	Көндіру керек жасыңда,
Құлақ салсаң сөзіме,	Құлақ қойсаң сөзіме,	Құлақ қойсаң сөзіме,
Жай істермін ақыр деп,	Жай іздермін ақыр деп,	Жай іздермін ақыр деп,
Бар керектен айырылтып ,	Бар керектен айырылып ,	Бар керектен айырылып ,
Іс қылдырмас еселі,	Іс қалдырмас еселі- ,	Іс қалдырмас еселі - ,

Түпнұсқа туынды болмаған соң Шәкәрім өлеңдері сан түрлі өзгеріске ұшыраған. Бір қарағанда тек бір-екі әріпте айырмашылық бар секілді көрінеді. Алайда қазақтың бір сөзінің өзі бірнеше мағына беретінін ескерсек, бірнеше әріп өзгеруі өлеңнің мағынасын түпкілікті өзгертіп жіберетіні түсінікті.

Енді тағы бір “Партия адамдары” өлеңін алып қарастырайық, бұл өлеңі де бір кітаптағы жыры екінші кітаптағы жырына мүлдем ұқсамайтынын кестеден байқауға болады.

Кесте 2

Шәкәрім Құдайбердиев Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С. Дәуітов, [А.Құдайбердиев.] – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 бет.	Шаһкәрім Құдайбердіұлы «Жол табалық ақылмен» шығармаларының бір томдық жинағы. «Халықаралық Абай клубы», Жидебай, 2006	Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. Т. 1. – 480 бет.	Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы (бірінші бөлім) – Семей: Абайдың мемлекеттік қорық мұражайы, 2013 – 105 бет. (1912 жылғы «Қазақ айнасының» факсимиле нұсқасы).
Ауыз дәмін кіргізер дәмі бар ма,	Ауыз дәмін кіргізер дәмі бар ма,	Ауыз дәмін кіргізер дәмі бар ма,	Ауыз дәмін кіргізер нәрі бар ма,
Алты бақан алауыз иттей үрді,	Алты бақан алауыз иттей үрді,	«Алты бақан алауыз иттей үрді»,	«Алты бақан алауыз иттей үрді»,
«Соқпағына түсті ғой дәл дозақтың »,	Соқпағына түсті ғой дәл дозақтың ,	Соқпағына түсті ғой дәл дозақтың ,	Соқпағына түсті ғой дәл тозақтың ,
Белгісіз есі шыққан сандалақтың,	Белгісіз есі шыққан сандалақтың,	Белгісіз есі шыққан сандалақтың,	Белгісі есі шыққан сандалақтың,
Кім кіреді дозаққа бұлар кірмей,	Кім кіреді дозаққа бұлар кірмей,	Кім кіреді дозаққа бұлар кірмей,	Кім кіреді тозаққа бұлар кірмей,
Бұл шумақ алынып тасталған.	Бұл шумақ алынып тасталған.	Бірін арам демейді бұл бейшара . Залымдарды кәпірмен қосып айтқан,	Бірін арам демейді бұл бишара . Залымдарды кәпірмен қосып айтқан,
Соңғы байдың төбеті бұлай болар, Үйір қылып алған соң көңлі тынар,	Соңғы байдың төбеті бұлай болар, Үйір қылып алған соң көңлі тынар,	Соңғы байдың төбеті бұлай болар, Үйір қылып алған соң көңлі тынар,	Соңғы байдың төбеті бұ да болар, Обыр қылып алған соң көңлі тынар,

Итті көп жи , ел саған жорғаласын ,	Итті көп жи , ел саған жорғаласын ,	Итті көп жи , ел саған жорғаласын ,	Итті көп жый , ел саған қорғаласын ,
Қазақтың бәрі бірдей құтырған ба, Іс қылмақ артын ойлап ұмтылған ба?	Қазақтың бәрі бірдей құтырған ба, Іс қылмақ артын ойлап ұмтылған ба?	Қазақтың бәрі бірдей құтырған ба, Іс қылмақ артын ойлап мұтылған ба?	Құдая бәрі бірдей құтырған ба? Іс қылмақ артын ойлап мұтылған ба?
Ағайынға ұқсайды қай арасы?,	Ағайынға ұқсайды қай арасы?	Мұсылманға ұқсайды қай арасы?	Мұсылманға ұқсайды қай арасы,
Жалған сөзін құлағым тіпті алмайды,	Жалған сөзін құлағым тіпті алмайды,	Жалған сөзін Құдайым тіпті алмайды,	Жалған сөзін құдайым тіпті алмайды,
Сонда тура шындыққа жол табасың	Сонда тура шындыққа жол табасың	Сонда тура шындыққа жол табасың,	Сонда тура құдайға жол табасың

Өлеңдегі «Құдайым» сөзі – құлағым, мұсылманға сөзі – ағайынға, «құдая» сөзі «қазақтың» сөзімен, енді бір шумақта «құдайға» сөзін «шындыққа» деген сөзбен алмастырған. Ал «Құран» деген сөзі бар шумақты толығымен алып тастаған.

Ақын өлеңдерінде мұндай өзгертулер өте көп. Мысалы, «Ақ ісіңе құдай жақ, Адамнан тіпті шошыма» деген жолдарды мағынасын өзгертіп, «Ақ ісіңе адам жақ, Адамнан тіпті шошыма» десе, тағы бірде: «Күрмеуін алла шешеді» – «Күрмеуін тағдыр шешеді», «Аллаға дайын мінезім» – «Адалға дайын мінезім», «Оңдасын құдай ақырын» – «Оңдасын істің ақырын», «Кетпес дәулет осы ғой құдайға хақ» – «Кетпес дәулет осы ғой әмбеге хақ», «Жүрген алар деген ғой бір құдай да» – «Жүрген алар деген ғой осындайда», «Құдай таза жаратты, сен таза бол» – «Баста таза жаратты, сен таза бол», «Ащы сөзім достығым – дінге нансаң» – «Ащы сөзім достығым – маған нансаң», «Бір құдай неше түрлі жан жаратты» – «Табиғат неше түрлі жан жаратты», «Құдай өзі-ақ береді» – «Өмір өзі-ақ береді», «Жардың жүзін дәл тауып» – «Жердің жүзін дәл тауып», деп бұрмалаған.

Бұл өзгертулерге бір қырынан карағанда ақынның мұрасына қиянат жасалғандай көрінеді. Өз сөзін өзгертп, өңін ауыстырып беруге бүгінгі заманның еш адамы келіспес еді. Ал енді екінші қырынан қарар болсақ, шаң басқан архивтерден табылғанша, жарық көріп, кейінгі ұрпаққа азық болуы үшін сөздері өзгертілсе де, мағынасы сәл ауытқыса да, осы қалпында шығаруға рұқсатын берген басшылыққа алғыс айтуға да болады. Тіпті екінші қырынан қарасақ, ақын поэзиясына нұқсан келтірмей, діни сөздерді ауыстыру барысында редакциялық жұмыс асқан шеберлікпен жасалған деп бағаласақ, артық айтқанымыз емес. Құдай, мұсылман деген сөздерді айтуға тыйым салған кезеңде бұл өлеңде осындай сөздер бар деп,

тасада қалдырмай, әрлеп, өңдеп, сыннан өтпейтін жерінің терісін ауыстырып, керегін қалдырған баспагерлерге бас иіп тағзым етуіміз де керек.

Шәкәрім Құдайбердіұлының артына қалдырған мол мұрасы болса да, оны мәтінтану ғылымы тұрғысынан алып, зерттеген ғалым некен-саяқ кездеседі. Сол себепті біздің бұл жұмысымыз қай кезеңде де өзектілігін сақтап қалады. Шәкәрімді көбі тек Абайдың шәкірті, ақын ретінде таниды. Ал оның философияға тұнған трактаттарын, әуенмен орындалатын төрт эпикалық шығармасы, екі күйі, он бес әні бар екенін қалың көпшілік біле бермейді. Ән-күйі де бүгінге жетуіне өлшеусіз үлес қосқан – Ахат Шәкәрімұлы. Ал оны алғаш рет нотаға түсірген голландиялық этнограф ғалым, қазақ музыка шығармасын жинақтаушы Альвин Эрнестович Бимбоэс екен. 1966 жылы Шәкәрімнің ұлы Ахат М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөліміне Шәкәрімнің он төрт әні мен сегіз жыр мақамын айтып, музыкатанушы Талиға Бекхожинаға жаздырады. Араға біраз уақыт салып, 1989 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Аманат» әндер жинағы жарыққа шықты. Осы орайда, 1959-1960 жылдары Алматы консерваториясының фольклорлық лабораториясында лабарант болып істеген Теміржан Базарбаев Шәкәрім ақынның бірнеше әнін нотаға түсіріп, жинақ етіп дайындағанын, оны Қазақ ССР Ғылым академиясының қорына тапсырғанын айтады. Бірақ, неге екені белгісіз, бұл жинақ әлі күнге дейін баспа бетін көрмеген екен. Шәкәрім Құдайбердіұлының нотаға түсірілген ән жинағын құрастырып, 1989 жылы жарық көрген «Аманат» ән жинағына жинақталған шығармаларымен біріктіріп, толық әндер жинағын әзірлеу мәселесін мемлекеттік деңгейде көтеруге болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары үкімет қаулысы бойынша ақталғанына ширек ғасырдан асты. Отыз жыл ішінде әртүрлі баспадан бірнеше кітабы басылып шықты. Алайда оның қай жері қате, қай жері бұрмаланып берілгенін зерттеп жатқан ешкім жоқ. Осы тұста пунктуациялық қателерден бөлек, әріптердің орны ауысқан жерін, сөздердің мағынасы өзгертілген тұстарын өңдеп, қалыпан келтіретін уақыт жетті. Мемлекет деңгейінде бір жылды Шәкәрімге арнап, халықты оның поэзиясынан бөлек трактаттарымен де, музыкасымен де танысуға үндеген абзал. Ата-бабамыз біздің қамымыз үшін басын қатерге тігіп, осы шығармаларды сақтап, кейінгі буынға жеткізу үшін қасық қаны қалғанша қызмет етті. Енді аманатқа қиянат жасамай, барды бағалап, келер ұрпаққа түпнұсқаға жуық түрін қалдыру – біздің ақын алдындағы да, ұлт алдындағы да азаматтық борышымыз боп есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 1-т. - Алматы: Раритет, 2007. – 448 бет.
2. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы (бірінші бөлім) – Семей: Абайдың мемлекеттік қорық мұражайы, 2013 – 105 бет. (1912 жылғы «Қазақ айнасының» факсимиле нұсқасы).
3. Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Атамұра, 2003. – 296 бет.
4. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. Т. 1. – 480 бет.

5. Шәкәрім Құдайбердиев Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, кара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С. Дәуітов, [А.Құдайбердиев.] – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 бет.

6. Шаһкәрім Құдайбердіұлы «Жол табалық ақылмен» шығармаларының бір томдық жинағы. «Халықаралық Абай клубы», Жидебай, 2006.

УДК 82.02

ЖЕНСКИЕ ОБРАЗЫ В МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Пропова И.П.

Научный руководитель: Демченко Л.Н., кандидат филологических наук, асс. профессор кафедры казахской, русской филологии и журналистики Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: pronova.i@icloud.com; dln1968@bk.ru

Женский образ во все времена являлся своеобразным отражением содержания эпохи, аккумулировал в себе лучшие традиции национальной культуры, ее истории и современности. Начиная со Средневековья образ женщины воплощал в себе эстетический идеал эпохи, являя собой образец красоты, целомудрия, служил предметом вдохновения для поэтов и художников. Перед Прекрасной Дамой преклонялись, ее благодотворили. В эпоху Возрождения появлялись полотна с изображением мадонн, иллюстрирующие библейские сюжеты, но с яркостью возрожденческого человека.

В русской литературе сентиментализма женский образ воплощается как образ чувственный, тонкий, полный нюансов и драматизма, вспомним образ бедной Лизы Н. Карамзина.

В литературе XIX века «женский вопрос» предстает с разных позиций. «С одной стороны, то как «символ красоты», самоотречения, даже женского подвига (см. жёны декабристов), то как - образ несчастной женской доли в лирике Н. Некрасова, мы слышим жалобы на судьбу, на изнурительный «неженский» труд. С другой - у А. Островского («Гроза», «Бесприданница» и др.), Н. Лескова («Леди Макбет Мценского уезда») женские образы поданы с точки зрения зависимости от обстоятельств. У Л. Толстого, И. Тургенева создана целая галерея женских портретов. Таким образом, мы наблюдаем, что отношение к женщине формировало содержание целой эпохи, причем, в большей степени с точки зрения социологического подхода» [1, с. 95].

В мировой художественной литературе женский образ предстает в произведениях ряда писателей. Наш интерес сосредоточен на сопоставлении женских образов в романе французского писателя XIX века Г. Флобера и русских авторов А. Островского и Н. Леского.

Эмма Бовари из романа Г. Флобера «Госпожа Бовари», Катерина Кабанова Лариса Огудалова из пьес А.Н. Островского («Гроза», «Бесприданница»), Катерина Измайлова из повести Н. Леского «Леди Макбет Мценского уезда» - это четыре

знаковых литературных персонажа, ставшие символами женской неудовлетворенности и страданий, которыми были наполнены их судьбы.

Рассмотрим каждую героиню более подробно.

Эмма Бовари - женщина с непомерными амбициями и стремлениями к роскоши и безудержной страсти. Она живет во французской провинции в XIX веке и страдает от ощущения, что ее жизнь скучна и однообразна. Она ищет свободу и счастье в романтических мечтаниях, во внебрачных связях, но в итоге она настолько пропадает в своих мечтах, что приводит ее к отчаянию и трагической гибели.

Безусловно, Эмма Бовари является сильнейшей характером героиней.

Она с высоко поднятой головой встречала все трудности своего положения – столкновение желаемой любви и любви, которую получила; при желании быть женой богатого человека и не нуждаться ни в чем, она без остановки скупает предметы роскоши, тем самым вгоняя себя в долги; жажда любви из прочитанных романов и песен, услышанных в юности, толкают ее на измены своему мужу.

Катерина Кабанова - молода девушка, с высокими нравственными качествами. В становлении ее характера большую роль сыграл отчий дом, в котором она росла в любви и свободе. Стоит отметить, что хождение в храм с ранних лет привило ей устои, что за содеянные грехи следует неминуемая кара. Но годы жизни в «Темном царстве» - с семьей своего мужа, приводят к ее увяданию как личности. Из свободолюбивой девушки она становится олицетворением птицы в клетке, на которую еще и оказывает давление мать мужа с постоянными упреками в адрес девушки. Она является той героиней, нравственные устои которой не ломаются под гнетом общественности, она остается верна своим убеждениям после встречи с Борисом, и желает как можно скорее покаяться в измене мужу, надеясь, что тем самым она сможет избежать кары, но сталкивается с еще большим осуждением. Она не может выдержать такого позора, трагически уходит из жизни. Название драмы весьма показательно. Именно на образе грозы и сосредоточен основной конфликт драмы, с одной стороны – гроза – это стихия, свобода, неудержимая сила борьбы, но с другой – гроза олицетворяется как божье наказание. Этот контраст - свободы и наказания - раскрывает образ Катерины.

Лариса Огудалова – юная, добрая девушка. Она не прямолинейна и не скрывает свои истинные чувства, не способна хитрить и обманывать. Не лишенная красоты во всех ее проявлениях, но с главным недостатком для девушек, живших в том времени – бесприданница. Она не боится любить и ищет любовь, несмотря на свое положение в обществе. Лариса отчаянно нуждается в искренней любви. Она осознает, что привлекает людей лишь в качестве красивой игрушки, ее моральные устои не дают принять такую судьбу, и она соглашается выйти замуж за небогатого чиновника Карандышева. Она терпит от него неуважение, считает, что если не любит, то уважать – должна.

Лариса влюбляется в Паратова, но и для него остается лишь красивой игрушкой. Она не может проститься с жизнью в первый раз, говоря, что ее что-то удерживает, возможно – вера в то, что все же появится человек, способный разглядеть в ней не только красивую оболочку, но и внутренний мир. Разочарование в людях не оставляет ей выбора, и увидев пистолет, она принимает главное решение в своей жизни – простить всех и покинуть бранный мир.

Как зверь загнанный в угол, она пыталась найти выход и жить той жизнью, о которой всегда мечтала – честной, чистой и с любимым мужем рядом, но реальность оказалась суровее и перечеркнула все ее попытки, не просто загнав в угол, а посадив в коробку без окон и дверей, лишив ее воздуха – свободы и любви.

Пьесу «Бесприданница» характеризует кольцевая композиция, само действие сосредоточено на открытой площадке, что подчеркивает доступность и откровенность происходящего, где решается судьба героини пьесы, и значение имеет здесь общественное мнение. Как утверждает исследователь драмы, конфликт сосредоточен на трех постулатах: «деньги – общество - приличия» [2, с. 29].

В то же время трагизм судьбы героини «Бесприданницы» заключен в невозможности вырваться из оков общества, что раскрывается через метафоричность повествования – все попытки тщетны, именно такой преградой в драме «Бесприданницы» становится Волга-река. «Стремление вырваться за реку, за пределы города, в вольный мир характеризует героинь волжских пьес: для одних это заканчивается гибелью (Катерина Кабанова, Лариса Огудалова), для других становится началом новой, свободной жизни (Параша из «Горячего сердца»)» [3, с. 84].

Катерина Измайлова («Леди Макбет Мценского уезда») – статная девушка, хоть и не красавица. Также является бесприданницей, которая вынуждена выйти замуж не по любви, а от потребности в ней. Она скучает, ее жизнь непримечательна и можно сравнить с Рапунцель, которая, как известно, была заперта в башне. Катерина поддается на ухаживания Сергея и встает на свой путь, путь – убийцы. Такой поворот говорит о «двойничестве» героини. Ослепленная новой влюбленностью она «марает руки в крови» нескольких людей, в отчаянной надежде на долгую и счастливую жизнь с возлюбленным. Но ее путь отмечен предательством и приводит ее к трагической кончине. Охваченная эгоистичной любовью, страстью, она убивает не только невиновных, но и саму себя.

Таким образом, все четыре героини имеют общую черту - они не могут найти свое место в жизни и страдают от ощущения неудовлетворенности. Однако, каждая из них страдает по-своему и ищет свои пути к счастью и свободе. Они не перестают бороться и не опускают руки, с достоинством принимая все тяготы жизни, терзаясь, идя навстречу собственной гибели, утрачивая нравственные ориентиры. Они стараются получить хотя бы крохи той желаемой жизни. Но общество слишком жестоко к девушкам, оно их не просто испытывает – ломает, ломает до тех пор, пока они не опустят руки; пока для них единственным выходом не станет – трагическая кончина.

Две из них охвачены эгоизмом и жадной, обезумевшей любовью, которая перекрывает им взор на достойную жизнь – Эмма Бовари и Катерина Измайлова.

Катерина Кабанова и Лариса Огудалова – стараются не потерять себя и свою веру в лучшее, сохраняя в сердце своем искреннюю любовь, возможно, что именно эта черта отличает героинь А. Островского.

Литература

1. Демченко Л. Н. «Женская проза» в контексте литературы постмодернизма (на материале произведений Л. Улицкой) // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 4(84), 2020. – Алматы. – С. 90-100.

2. Красникова О. Н. Калинов и Бряхимов: Волжские города, созданные А.Н. Островским // Филологические науки. Вопросы теории и практики. 2019. Том 12. Выпуск 1. – С. 26- 30.

3. Купцова О. Н. Художественная картография А. Н. Островского: город // Уральский исторический вестник. 2018. № 2 (59). С. 78-86.

UDC 37

APPLICATION OF ONLINE PLATFORMS IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE

Rezhabova A.M.

Zhorabekova A.N., Associate Professor, PhD

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

e-mail: zhorabekova.ainur@okmpu.kz

This paper deals with information about online platforms in distance teaching: types and functions of online platforms in teaching English language. Due to Covid-19, it is imperative to develop the effectiveness of online classes. Therefore, the effectiveness of online platforms in distance teaching have become relevant. This article deals with some types of modern platforms for distance teaching and their adaptability in online classes.

Keywords: online platforms, distance teaching, e-learning

The president of Republic of Kazakhstan K.Tokayev in one of his declaration mentioned about distance learning: “We are well aware of the technical errors as well as mistakes made by the government in organizing distance learning. In particular, there is still no specific single online platform for distance learning with all possible solutions to these issues” [1]. Distance teaching appeared in the late of 20th century, but lately it has become more popular, thus its importance has gained lots of attention since 2019. With the help of online platforms, which allow many opportunities in distance teaching, namely in teaching FL, students as well as teachers may like non-traditional classes anymore.

The term “e-earning” has also become trend, but by saying this word, teachers may have misunderstandings, such as learning through WhatsApp, YouTube or other private sources where a teacher or a student follows the link and reaches the course.

E-learning is the process of organizing educational activities by making use of data in a database. These activities are then used to implement educational programs that make use of information and telecommunication networks, which transmit data and allow students and teachers to interact with one another. Such platforms that can be used during e-learning or distance education: [2]

- Skype
- Zoom
- Moodle
- Google Classroom
- Microsoft Team
- Google Meet

The term "distance educational technology" refers to a type of educational technology that primarily makes use of information and telecommunications networks to facilitate the indirect interaction between students and faculty. The process of distance learning, which the law defines as e-learning, and the methodological basis for the application of distance learning technologies can be separated using this method of definition. [2]

The term "distance learning" refers to a focused, organized, and interactive process of learning at a distance within the framework of the educational system with all of its inherent components - goals and objectives, approaches, content, principles, methods, educational resources, and so on - that is carried out at a distance education, implying that everyone involved in the learning process works together consistently and systematically with the help of current information and communication technology. [3]

The number of platforms, massive open online courses at the university, allowing students from all over the world provides with the opportunity to study at a convenient time in a convenient place, improve their qualifications and make the study habit more pleasant. However, format of these platforms were considered one of the most popular and challenging in global education, as it provides with access to quality education and have lots of function, so that a teacher should know. [3]

Main body

Today, open-source learning platforms like Moodle, Zoom, and Google Classroom are beneficial to English teachers in numerous ways. Teachers must motivate their students more than ever when presenting any material in the classroom because traditional education is no longer as effective. Books are taking a back seat, and new technology allows classes to be more interactive and rich in content than ever before.[4]

Regarding this, this paper is expected to make some recommendations for English teachers who want to create successful English teaching using open-source learning platforms such as Moodle, Zoom and Google classroom based on the findings of our research and the most recent status of computer technologies. When taking a course via distance learning, the teacher must also clearly establish goals and objectives for each lesson as well as the course as a whole what you want to teach. There is one important side to mention about feedback. Feedback should never be forgotten by educators: letting students know how far they have come and where they are having trouble. In an online group lesson, give every student the opportunity to speak. English teachers can also make use of the following resources to help students improve their speaking abilities while they are enrolled in online courses:

- Voki is a program that lets teachers make characters that talk.
- Padlet is a bulletin board that students can use to record and share audio files.
- Jamboard is a platform that allows the teacher make students attach home works or project works within the classroom.
- Flipgrid is a platform for video discussions in which educators can set up a class and use video to ask and answer questions.
- SpeakPipe allows you to track students' progress by recording and saving audio files.
- Wordwall is a platform with many free activities to discuss during the online classroom.

Conclusion

In conclusion, any platform chosen for organizing distance learning has its advantages and disadvantages. The use of the platform depends on the degree of its adaptation to the teacher needs and the ability to use all the existing capabilities and functions of the system. Online platforms have proved that distance education can be fun and effective.

References

1. www.zakon.kz
2. M.G Moore, W.G.Anderson, Handbook of distance education, L. Erlbaum Associates, 2007, p. 15-25.
3. R. Bohnsack, A. Margolina Teaching Models via Blended Learning, Journal of Blended Learning, 2019, p. 25-32.
4. R. Borekci, S. Aydin, Foreign Language Teachers'interaction with students on facebook, Computer Assisted Language Learning, 2019, p. 20-26.

ӘОЖ 37

ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Сапарова Н.Б., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1-курс магистранты,

Ғылыми жетекші: Жұбай О.С., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проф. м.а.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: saparovanuray@gmail.com

Тарихи-салыстырмалы, қазіргі функционалды зерттеулерде талас тудырып жүрген тақырыптардың қатарында етістіктің шақ категориясы бар. Мақалада шақ категориясының қазақ тіл білімі тарихында зерттеуші ғалымдардың қандай ішкі топтарға жіктегені, қандай ұстанымдарға сүйенгені, қандай морфологиялық көрсеткіштерді танығандығына сипаттама жасалады. Функционалды-семантикалық өріс, контекстік тұрғыдағы шақты зерттеудің маңыздылығы түсіндіріледі.

Кілт сөздер: шақ категориясы, морфологиялық формалар, семантика, сөйлеу сәті, темпоралдық категориясы, дейксис.

Әлемдегі барлық ұлт өкілдеріне, халықтарға ортақ ұғымдарды білдіретін жалпыадамзаттық әмбебап категорияның қатарына «уақыт» ұғымын жатқызуға болады. Морфология саласы бойынша уақытты білдіретін ең басты сөз табы – етістік. Етістік ұғымдық атауларды немесе іс-әрекет ұғымдарын білдіретін лексикалық бірлік болғандықтан, бұл сөздер тобына кіретін сөздер әрқашанда белгілі бір дәрежеде мезгілдік ұғымдармен тығыз байланысты. Шақ категориясы етістікті басқа сөз таптарынан ерекшелейтін негізгі грамматикалық категория.

Тіл үздіксіз дамып отыратын жанды жүйе болғандықтан қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы да басқа грамматикалық категориялар сияқты бірте-бірте даму үстінде.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулерде етістіктің категорияларының ішінде жиі талқыланатыны және мәселе тудырып жүргені – етістіктің шақ категориясы. Тіл – тілдің барлық грамматикаларында етістіктер шақтарының үшке бөлінуі тіл білімінің тарихында ертеден келе жатқан құбылыс. Сонымен қоса, әртүрлі тілде әр тілдің ішкі өзінің даму ерекшеліктеріне қарай шақтардың ішкі бөлінісі де кездеседі. Шақ категориясы айқындалған морфологиялық формалар негізінде анықталады.

Грамматикалық шақ категориясында өткен шақ, осы және келер шақ өзара іс-әрекеттің, қимылдың хабарлау сәтіне байланысы бойынша ерекшеленеді. Демек, **сөйлеу сәті** (момент речи) әртүрлі сәттердің қайта тірілуінің орталығы және шақтарды бөлудің негізі ретінде саналады. Осы шақ сөйлеу сәтіне тура келетін іс-әрекетті, өткен шақ сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекетті, келер шақ сөйлеуден кейін орын алған іс-қимылды білдіреді.

Бүгінгі таңда қазақ тіліндегі грамматикалық шақ категориясы «формадан мағынаға» бағытында зерттелуде. Құрылымдық грамматикадағы уақытты тілдік ортадағы грамматикалық шақ формаларының мағыналарын анықтап, оларды осы шақ, өткен шақ, келер шақ деп топшаға жіктеумен шектелді. Жеке кейбір ғалымдардың зерттеулерінде болмаса, шақтардың контекстік мағыналары ескерілмеді. Бұдан тілдік бірліктерді құрылымдық жағынан да, функционалдық жағынан да семасиологиялық бағытта қарастыруға болатынын көреміз.

Елуінші жылдарда етістіктің осы категориясын зерттеген ғалым **Т.Қордабаев** зерттеудің маңызы туралы былай дейді: «Әдеби тіліміздегі шақ категориясы - әрбір саласы күрделі еңбекке тақырып боларлықтай көлемді, күрделі категория. Мұның ұшан-теңіз формалық байлықтары әр алуан мағыналық байлықтарымен ұштасып жатады. Сөз таптары категориясы ішіндегі етістіктің алатын орны қандай көлемді, күрделі, әр жақты, кең салалы болса, жеке сөз таптарына тән категориялар ішінде шақ категориясының алатын орны да сондай маңызды. Мұның ғылыми дұрыс шешілуі – кезек күтуді көтермейтін теориялық жағынан да, практикалық жағынан да ерекше мәні бар, қазақ тілі ғылымының бүгінгі таңдағы толғағы жеткен қажетті мәселелерінің бірі» [1, 37 б.].

Түркологияда етістіктің шақ категориясы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап А.Троянский, А.Казембек, Алтай тілі грамматикасы, С.В.Ястремский, З.Алексеев т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылады. Кеңестік дәуірге дейінгі қазақ тіл білімінде М.Терентьев, П.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский, Н.Созантов еңбектерінде шақ категориясы түркологиялық еңбектердегідей үш түрге бөлініп қарастырылды.

Т.Қордабаев өз еңбегінде шақ категориясының кеңестік дәуірге дейінгі практикалық грамматика шеңберінде ғана қолданылып, қысқаша берілген, олардың көпшілігінде шақ түрлері аталып, оның формалары мен бір-екі мысалды қоспағанда, семантикалық ерекшеліктерін ашып көрсететін ғылыми анықтама жоқ деп пікір білдіреді. Сонымен қатар түркітанушы ғалымдардың бір бөлігі етістіктің барлық түрлерін шақтық көрсеткіш деп таныса, енді бірі шақтарды тек есімше пен көсемшенің формаларына байланысты қарастырады [1, 16 б.].

Қазақ тіл білімінде етістіктерді зерттеуді **А.Байтұрсынұлы** еңбектерінен бастау керек. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасаған ғалым. 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл құралы» оқулығында автор

етістікке төмендегідей анықтама береді: «Кей сөздер нәрсенің істейтін ісін айтады. Мәселен: арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, соқ, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз т.б.мұндай сөздер етістік сөздер деп аталады». Ғалым етістіктің шақ көрсеткішін ашық раймен байланыстыра қарастырады. Осы шақтың екі түрін көрсетеді де, айтулы қалып етістіктерінің жіктелген түрін нағыз осы шақ деп бөліп айтады. Ал өткен шаққа етістіктің – ды, (-ді, -ты, -ті) жұрнақтары арқылы жіктелген түрін және есімшенің – ған, (-ген, -қан, -кен) тұлғалы түрін келтіреді. Келер шаққа - ар тұлғалы етістіктің жекелеген дара, күрделі түрлерін жатқызады. Ғалым есімшені үш топқа бөліп, осы шақтық есімше, өткен шақтық есімше, ұйғарынды есімше деп айқындайды [2, 238 б.].

Ғалым **Қ.Жұбанов** зерттеуінде етістіктің шақтарын басқа зерттеушілерге карағанда көптеген белгілеріне өз түсінігі бойынша қарай жіктейді. Себебі ғалым шақ көрсеткіштерін жіктеуде олардың мағыналарына назар аударып, мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес тарамдалып берілген. Ғалым шақ түрлерін әдеттегідей үш топқа бөліп қарастырады да, әрі қарай оларды жік-жікке бөліп таратып береді. Мысалы, өткен шақты «сөйлеп тұрған кезден бұрын болған іс» [3, 96 б.] деп атап, тоғызға бөліп, әр түріне жекелей атау береді. Яғни, мұндай ажырату ерекшелігі қазіргі тіл білімінде өте сирек кездеседі және шақ атаулары қазір қолданылмайды. Өткен шақты тоғыз түрге бөледі: *айзақ өңді өткен шақ, аулақ өңді мойындау өңді, күмән өңді, айзақ баяғылық, аулақ баяғылық, әдетше баяғылық, опық баяғылық, арман баяғылық*, [3, 233 б.] негізінен -п тұлғалы көсемше және -ған тұлғалы есімше арқылы, -ушы, -атын тұлғалары арқылы жасалатынын мысалдар арқылы көрсетеді.

С.Аманжолов «Қазақ тілінің грамматикасында» етістіктердің өзін *осы шақтық етістік, келер шақтық етістік, өткен шақтық етістік* деп топтастырады. Бұл жұмыста автор есімшелердің, көсемшелердің және рай формаларының шақтық мағыналарына назар аударады. Онда бұйрық рай және шартты райдың тек келер шақта, қалау рай мен ашық рай барлық шақта қолданылады, ал тұйық рай шақты білдірмейтінін айтады. Ғалымның рай формаларының мағыналары туралы ой-пікірлері морфологиялық формалардың жанама қызметін, сондай-ақ форманың жұмсалып сипатын көрсететін қазіргі функционалдық грамматика теорияларымен ұштасады. Алайда **С.Кеңесбаев пен С.Жиенбаев** 1942 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінде С.Аманжоловтың райлардың шақтық қызметі туралы пікірлеріне қарсылық білдіреді: қалау райының барлық шақта қолданыла алуы ол форманың өз қызметі емес, қалау рай өздерінен кейінгі көмекші етістіктердің жәрдемі арқылы ғана түрлі шақтық мағынаға ие болады. Сондай-ақ ол С.Аманжоловтың шартты рай тек келер шақты ғана білдіреді деген пікіріне қарсы шығып, бұл форманың өткен шақ мағынасында жиі қолданылатынын атап көрсетеді [1, 33 б.].

Қазақ ғалымы **Н.Сауранбаев**: «Осындай істің әртүрлі уақытта істелгенін, я істелетіндігін, я істеліп тұратындығын адам санасының дәл ажыратуы – етістіктің шақ категориясының көп салалы болуының негізгі себебі», - деп көрсетеді [4, 198 б.]. **Н. Сауранбаев** етістіктің шақ категориясын етістіктің ашық райының құрамында қарастырып, **өткен шақты**: *ескі өткен шақ, жедел өткен шақ, бұрын өткен шақ, тыянақсыз өткен шақ* деп төрт түрге, **осы шақты**: *ауыспалы, нақтылы*

осы шақ деп екіге, **келер шақты**: шексіз келер шақ, шекті келер шақ, мақсатты келер шақ деп үшке бөліп қарастырады.

Морфологияға және оның қиындық туғызып жүрген мәселелерін талқылағанда осы салаға қатысты зерттеулердің ішінде **А. Ысқақовтың** еңбегін айрықша атап өту керек. А. Ысқақов: «Шақ формаларының сыртқы тұлға-түрлеріне қарай да, ішкі мазмұн өзгешелігіне қарай да жіктеуге (таптастыруға) болады. Бірақ, қашан да болсын, мазмұн түрге жетекші болатынын ескергенде, шақтарды да мағыналарына қарай жіктеу әрі олардың мазмұнын тану үшін, әрі баяндау жүйесі ықшам болу үшін қолайлы да, ұтымды болады» [5, 328 б.] деген уәждеме айтып, семантикалық сипаттарына қарай **өткен шақты** – анық (айғақты) өткен шақ, танық (айғақсыз) өткен шақ, неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ; **осы шақты** – жалпы осы шақ, нақ осы шақ, неғайбыл осы шақ; **келер шақты** – жалпы (анық) келер шақ, болжалды келер шақ, мақсатты (арнаулы) келер шақ деп жіктейді.

Ы.Маманов қазақ тіл білімінде дәстүрлі грамматиканың әр түрлі мәселелерінің функционалдық шеңберін түсіне білген бірден-бір ғалым болды: «Грамматикалық шақ категориясының қарастыратын мәселесі, объектісі – істің, қимылдың болған нақты мезгілі де емес, нақты мезгілін білдіретін жеке сөздер де емес, шақтық мағына білдіретін етістіктің қалыптасқан грамматикалық формалары. Шақ формалары істің, қимылдың нақтылы өту кезін дәл көрсетпейді. Олардың шақтық мағынасы абстракт түрде сөйлеу кезімен өлшенеді. Былайша айтқанда, етістіктің шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын, сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болатын қимылдың, уақиғаның уақытын жалпы түрде көрсетеді» [6, 156 б.].

Т.Р.Қордабаев «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» атты монографиясында қазақ тіліндегі шақ категориясына және етістіктің шақтарының жіктелуіне жан-жақты талдау жасай отырып, өз жіктемесін береді. Жалпы, қазақ тіліндегі етістіктің сөздік қоры кең, сөздік құрамы күрделі болғандықтан оның мәселесі де көп. Сондықтан ғалым өзінің еңбегінде етістіктің етістік екенін көрсететін грамматикалық көрсеткіштерді сипаттап, *жалпы категория, грамматикалық категорияны* түсіндіреді. Етістіктің ең маңызды қасиеті – сөйлемдегі іс-әрекетті білдіретіндігі болса, келесі бір қасиеті – шақтық қасиеттің етістіктің табиғатына қаншалықты қатысы бар екендігінде дегенді айта келіп, «шақ категориясы — етістікке тән категория дейді. Бұл етістікті басқа сөз таптарынан ерекшелетін негізгі белгілердің бірі. Ал етістіктің жақталу немесе жаққа жіктелуі барлық етістіктерге тән ортақ қасиет емес», - деп қорытынды жасайды [1, 40 б.].

Ғалым Т.Р.Қордабаев етістіктің шақтарын, оның ішінара мағыналық түрлерін төмендегідей топтастырады:

1. *Өткен шақ (айғақты, айғақсыз);*
2. *Осы шақ (нақ осы шақ, жалпы осы шақ, ауыспалы осы шақ);*
3. *Келер шақ (сенімді келер шақ, сенімсіз келер шақ).*

Т. Қордабаев қалып етістіктерінің мағыналық ерекшеліктеріне қарап, “жатыр”, “жүр” етістіктері **жалпы осы шақ** деп, “тұр”, “отыр” етістіктері **нақ осы шақ** деп аталса дұрыс болады дейді. Бұларды бөлудегі көрсеткіш етіп, “жатыр”, “жүр” етістіктерінің ұзақ мерзімді іс-әрекеттерді білдіруі ғана емес, іс-әрекеттердің арасында үзілістердің болуы және дәл сөйлеу сәтінде ол әрекеттердің орындалмайтынын негізге алады. Осы пікірлеріне қарап, ғалым Т.Қордабаевтың

етістік шағына қатысты тұжырымдарының Қ.Жұбанов пікірімен үндесетінін байқауға болады.

Функционалды бағыттың зерттеушісі, ғалым **А.Жаңабекова** Т.Қордабаевтың шақ категориясын зерттеудегі атап көрсететін үлкен бір жаңалығы ретінде - автордың жекелеген шақ формаларының, шақ формаларын жасаушы есімше, көсемше формаларының, сонымен қатар қалып етістіктерінің шақтық мәндерін анықтауын көрсетеді: «Ғалым осы орайда жекелеген формалардың (-ған, -ген, -ып, -іп, -а, -е, -й, -ар, -ер т.б.) түрлі шақтық мағыналарын таратып жеке-жеке сөз етеді. Мұндай талдау біздің қазіргі нысанға алып отырған функционалды грамматикадағы «формадан мағынаға қарай» функционалды-грамматикалық сипаттама түріне сәйкес келеді», - дейді.

Сонымен қатар Т.Қордабаев еңбегінің грамматикадағы функционалдылық мәселесімен ұштасатын тағы бір ерекшелігі шақ мағыналарының контекстік мағыналарын танып, арнайы тақырыпшада сөз етуі. Шақ тұлғаларының контекстік мағыналарын автор диалектика заңдылығы тұрғысынан түсіндіре келе: «Практикалық жұмыста (оқыту ісінде), әдетте, белгілі бір етістіктің қай шақты білдіретіндігі контекстке қарамай, сол етістікте қай шақтық көрсеткіштің барлығына қарай, оны сөйлемнен жеке алып, тек өз басындағы шақтық мәніне қараушылық жиі кездеседі. ... Кейде белгілі бір формада тұрған етістіктің қай шақта болған іс-әрекеттерді білдіріп тұрғандығын ашуға тұтас бір сөйлемнің өзі жеткіліксіз болатындығы, оның мағынасы алдыңғы бірнеше сөйлемдер арқылы дұрыс танылатындығы, не белгілі бір шақтың көрсеткіші болатын формаға ие боп тұрған сөздердің басқа бір сөздермен синтаксистік бірлікте тұрған жағдайда өзіне тән шақтық мәннен айрылып қалатыны немесе шақтық көрсеткіштердің ешқайсысының тобына қосылмайтын өзінде шақтық мән жоқ сөздердің (формалардың) контексте белгілі бір шақты білдіретіндері - тілімізде жиі кездесіп отыратын фактылар», - дейді [1, 93 б.]. Ғалым етістік шақтарын сөз еткенде формаларды өз ортасынан бөліп алып, жеке қарамай, контекстке байланысты қарау қажет дегенін, сонда ғана шақтық көрсеткіштердің мағынасын дұрыс түсінуге, дұрыс талдауға болатынын атап көрсетеді.

Шақ категориясын зерттеушілердің қатарында ғалым **А. Жаңабекова** шақтың анықтамасын бере отырып, осы категорияға тікелей қатысты «темпоралдылық» терминіне анықтама жазады: «Шақ – іс-әрекеттің сөйлеу тілі сәтіне қатысты анықталатын етістіктің грамматикалық категориясы. Темпоралдылық – іс-әрекеттің сөйлеу сәтімен өлшегендегі болып жатқаны, болып өткенін, алда болатынын ұғымдық деңгейде жалпы тілдік семантикалық категория, яғни грамматикалық шақ – шақ формаларынан көрінетін мағыналарды ғана қарастырса, семантикалық шақ – темпоралдылық – сөйлеудегі, тұтас мәтіндегі шақтық мағыналарды қарастырады. Бірінің өрісін шақ категориясының грамматикалық көрсеткіштері құраса, екіншісінің өрісін осы грамматикалық көрсеткіштермен қоса, шақ мағынасын білдіретін лексикалық бірліктер (үстеу), синтаксистік конструкциялар құрайды» [7, 265 б.].

Функционалды-семантикалық категориялар құрылым тұрғысынан өріс ретінде қарастырылады. Осы себептен «функционалды-семантикалық категория», «функционалды-семантикалық өріс» терминдері өзара бірге қолданысты жүр.

Темпоралдылық – сөйлеушінің сөйлеу сәтіне не басқа бір бастау нүктеге қатысты адамның уақыт туралы жағдаяттар мен оның элементтерін қабылдауы мен қорытуын, яғни қимылдың өту мерзімін білдіретін семантикалық категория. Темпоралдылық – осы семантикалық категорияға негізделген функционалды-семантикалық өріс болып табылады, ол осы категорияның әртүрлі түрлерін беру үшін қолданылатын әртүрлі тілдік құралдардың жиынтығынан тұрады.

«Темпоралдылық» терминіне ғалым осындай түсініктеме бере отырып, оларды өз ішінен семантикалық топтарға бөлінеді. Темпоралдылық – дейктикалық категория, өзінің дейктикалық сипатына қарай шақтық шегі болып табылатын сөйлеу сәті функционалды грамматикада «шақтық дейксис» терминімен аталады. Яғни, *шақтық дейксис (сөйлеу сәті)* темпоралдылық категориясының негізгі мағыналық шекарасы, өлшем бірлігі болып табылады. Осыған орай, А.В.Бондарконың классификациясына сүйене отырып, ғалым өз зерттеуінде шақтық дейксиске қатынасына қарай темпоралдылық қатынастарды бірнеше түрге жіктеген: 1) актуалды және бейактуалды шақтық қатынас; 2) абсолютті және қатыстық шақтық қатынас; 3) контактілік (алшақтық) шақтық және дистанттылық қатынас.

Қорытынды. Аталған ғалымдардың әртүрлі зерттеуімен пікірлеріне қарап шақ категориясын функционалды бағытта зерттеу бүгінгі күннің ғана жемісі емес, қазақ ғалымдарының құрылымдық грамматикамен бірге зерттеулерінің нәтижесі. Өйткені олар міндетті түрде тілдің механизміне ғана емес, тілдің қолданылуына да мән берген. Екіншіден, функционалдылық, яғни қазақ немесе түркі тілдеріне ғана емес, жалпы тіл біліміне де ортақ тілді зерттеудегі негізгі бағыт ретінде мағынаға ұмтылу, өйткені функционалдық грамматика жалпыға ортақ, концептуалды және логикалық категориялар жатқанның ескеруден туады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қордабаев Т.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. – Алматы, 1953. – 112 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Атамұра, 2010. – 608 б.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1964. – 200 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. – 332 б.
6. Маманов И.С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 640 б.
7. Жұмсалымды грамматика (монография-оқулық). – Алматы, 2016. – 507 б.

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ БҮГІНГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУ

ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАУКИ И СОВРЕМЕННОЕ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ РАЗВИТИЕ

ӘОЖ 8-1751

РУХАНИ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Ақыл А.А.

Ғылыми жетекші: Күркебаев К.Қ., аға оқытушы
әл-Фараби атындағы ҚазҰу, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: Ainabayevna@mail.ru

Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы, ал мәдениет – форманың ішкі дүниесі. Осы тұрғыда тіл мен мәдениетті бір-бірінен ажырата қарауға болмайтын тұтастық деп қарастыруға болады. Тіл мәдениет, сөйлеу мәдениеті арнайы тіл білімінің бір бөлігі ретінде жеке қарастырылып, ондағы тілдік құралдар мен экспрессивті сөйлеу, жазу тілін зерттейді. Тіл қоғаммен бірге өмір сүреді. Тіл – қоғамдық өмірдің айнасы. Тілде қоғамдық өмірдің кез келген өзгерістері мен өзгешеліктері айқын көрініс табады. Әсіресе, тілдегі лексика бұл жағында өте сезімтал болып, қоғамның саяси, экономика, мәдениет, ағарту ісі, өнер, идеология сияқты салалардағы өзгерістер сөз жоқ лексикада бейнеленеді [1, 16].

Лингвомәдениеттану ұлттық тіл деректерінің бойынан мәдени нышанды тауып, қарастырып, сол атаудың ұлт мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігін танытуға көбірек бет бұрады. Ресей ғалымы А. Маслова лингвомәдениеттануға былайша анықтама береді: «Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке [2, 8].

«Тіл мен мәдениет біртұтас» деген қағидатқа сай қазақ тілінің ұлттық мәдениеттің танытатын рухани және материалдық лексиканың барлық жиынтығын іштей сала-салаға жіктеп, жүйелеп сан алуан ұғым-түсініктердің мән-мағынасын ашып, ұлттық дүниетанымдық таным-талғамы тұрғысынан түсіндіру тіл ғылымы үшін қашан да өзекті мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда тіл ғылымындағы лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың рөлі ерекше. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара қатынасының тілдегі көрінісін қарастырады. Ол – тілдік және тілдік емес (мәдениет) мазмұнды бірліктерді біртұтас құрылым ретінде кешенді әдістемелер көмегімен және қазіргі заманның басты бағыттары мен мәдени ұстанымдарын негізге ала отырып жинақтаушы түрінде зерттейтін кешенді ғылым.

Лингвомәдениеттану бағытын қолдана отырып оқытудың тиімді тәсілдері Ф. Оразбаева мен Ә. Әлметованың зерттеулерінде қарастырылған. Қазіргі кезеңде халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше

мән беріліп отыр. Тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді.

Ә. Әлметова «адамның сөйлеу тілі арқылы көрінетін ұлттық мәдениет қана лингвомәдениеттанудың нысаны» бола алатынын, «тіл ұлттың негізгі белгілерінің бірі болғандықтан, сол халықтың мәдениетін» көрсететін нақты факторлар арқылы дәлелдейді. Ғалымның пікірінше, шынайы тілдесу тілдік құзыреттілікпен шектелмейді, «ол лингвоелтанушылық білімді қажет» етеді және тілді үйретудегі лингвомәдениеттанудың рөлі айқындалуы тиіс. Ғалымның тұжырымы бойынша, қазақ халқы туралы мәдениеттану мәліметтері сөйлеу әрекетінің кез келген түрін оқытуда, өнімді түрі болсын, баяндау түрінде болсын, маңызды рөл атқарады.

Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, ол халықтың тұрмыс-салтымен тығыз байланысты. Ол сол елдің тарихына, мәдениетіне ғана емес, өркениетті құрайтын талғамдар жинағына, өмір сүру әдісіне, руханият, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктеріне де байланысты. Сондықтан тіл ақыл-ойдың хабаршысы қызметін атқарып қоймай, тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды насихаттайды [3, 91]. Лингвомәдени бірліктер немесе лингвокультуремалар әр түрлі салалы сөздердің топтарынан көрінеді. Ұлттық салт-дәстүр, жөн-жоралғы, ұлттық көзқарастар, ұлттық болмыс, бір сөзбен айтқанда ұлттық мәдениетті, ұлттық мінезді білдіретін сөз және сөз тіркестері. Салт-дәстүрлер – рухани мәдениеттің негізгі аспектісі. «Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттарының бірі. Оның негізгі бір сипаты – оның тұрақтылығы, ол оңайлықпен өзгермейді, тіл арқылы ол ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Солай ұлт өмірінің желісі өзгермейді [4, 5].

Әдеби көркем шығарманың ұлттық тілді барлық бітім-болмысымен, өзіндік ерекшеліктерімен, байлығымен жан-жақты толық ашып көрсететіні белгілі. Шығарманы дүниеге әкелуші тіл оның ұлттық белгісінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады.

Дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындайтын лингвомәдени бірліктерді анықтай оңай емес. Себебі кейбір сөздердің мағыналық құрылымында лингвомәдени компоненттер ашық көрінсе, енді біреулерінде мәдени ақпараттар мағына тасасында қалады. Сөз мағынасындағы көрінбейтін мәдени компоненттер зерттеуде образдар, эталондар, стереотиптер, семалар, концептілер, тілдік бірліктердің ішкі формалары аялық білім арқылы ғана ұғынықты болады.

Эпостық материалдың негізін құрайтын «Айман – Шолпан» пьесасы – көркемдік мазмұны жоғары, автордың эстетикалық принциптерін толық жүзеге асырған, жанрлық табиғаты әлемдік драматургияның озық үлгілерімен деңгейлес шығарма. Драмадағы семиотикалық белгілер көркемдік немесе тәрбиелік қызмет атқарып қана қоймай, ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттаушы да. Пьесада *жол беру, бата беру, сауға, өкіл ата, өкіл күйеу, өкіл ана* сияқты этнографиялық мәнді метатіл атаулары болып табылатын лингвокультуремалар қолданылған [5].

«Жалпы метатіл мәтіннің мағыналық жағын айқындап, оның түрлі элементтерін біріктіреді. Ол «тіл-құрал көмегімен объект тілдің сипатталуы» деген мағынаны білдіреді. Метатіл белгілі бір тілдің заңдарына бағынады және оның бірліктерінен қалыптасып, сол тілдің бөлігі болып табылады. Метатіл дегеніміз –

зерттеу объектісі болып отырған тіл жөніндегі пікірді баяндауда пайдаланылатын тіл. Зерттелетін тілді «берілген метатілдің заттық тілі» деп атайды [6].

Тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын танытуға болатыны белгілі. Мысалы:

Жол беру (ғұрып). *Ендеше, арамызды жол шешеді. Қандай жан жолдан шығып егеседі. Алдымен бұрын келген жол менікі.* Бұл жерде *жол* деген лексикалық бірлік өзінің бастапқы заттық мағынасынан алшақтап, салттық мағынаға ие болып тұр. Және оны автор: *Жөн білген мұны теріс демес еді,* – деп нақтылап тұр.

Бата (дәстүр). *Батадан аттап қайтеді, батыр да бұған тұрақтар, батаны бала емсе де, байлау дейді. Біз емес, бұрынғылар дәл сүйдепті.* Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Ата-бабамыздың қасиетті өсиеті бата – замандар мен ғасырлар бойы жиналып, ақыл елегінен өткізіліп, тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспеттес. Ерте кезден жалғасып келе жатқан бата беру, тілек тілеу рәсімі – халқымыздың ұлттық болмысы мен дүниетанымы аясындағы аса бағалы, қасиетті де киелі, мән-мағынасы айрықша ұлттың рухани қазынасының, мәдени игілігінің бірегейі, тәрбиелік мәні аса жоғары ежелгі дана салты. Қазақ баталарының тақырыптық шеңберінде этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, молшылық, қонақжайлылық, амандық-саулық сияқты мәселелер қозғалады. Сол себепті қазақ халқының тойы да, берекелі ісі мен жақсылыққа толы шаралары батасыз өтпейді. Сондай-ақ бұл жерде біз емес, бұрынғылар дәл сүйдепті, – деп ата-бабаға арқа сүйейді. Бұл жерде автор әлемнің ұлттық бейнесін халықтың шындық болмыс туралы жалпы түсініктері арқылы бейнелеген.

Әрбір ұлттық мәдени әлемде қайталанбас, өзіне ғана, тек сол халықтың ұлттық санасына тән лингвомәдени бірліктер бар. Халқымыздың салтындағы құда түсу, қыз ұзату секілді әдемі дәстүрлер туралы тың мағлұмат алуға болады.

Киіз сәукеле киген құда (жоралғы). *Жарас-ау, мына сәнді көрмейсің бе? Сыбаға сәукелеге бермейсің бе?* Бұрын-соңды келген құданың басына киіз киетіні туралы естіп, білмеген адресат бұндай жоралғының барын «пьеса» арқылы біледі.

Бетіне құрт жағылған құда (жоралғы). *Қыз айттыру, қыз көру, құда түсу қыз мүлкі дейді мыңды айдағаның, қыз көру болғанменен, ел жорасы, жігітті қыз көретін біз көрейік* деген сияқты дүниенің тілдік бейнесінен өшіп бара жатқан ырым-жоралғыларды көрсету арқылы автор олардың ұлттық мазмұнын аша түседі. Бұл жерде автор адресатқа логикалық-танымдық ақпарат береді: «...Тарихтың сан толқын дерегін, сан тарау дерегін білу арқылы біз ең алдымен өзімізді өзіміз танимыз. Біздің ата-бабаларымыздың өмір салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болмаған» [7, 60].

Араағайын. Қақтығысқа қатысушы жақтарға басу айтып, бітімгершілікке шақырады. Араағайындық дәстүрі – қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан ұғым. Көршілес екі рудың немесе ағайындар арасында жер дауы, жесір дауы сияқты жанжалдардың өршіп, қантөгіс қақтығысқа ұласар шағында үшінші, бейтарап рудың беделді, сыйлы өкілдері басу айтып, татулыққа шақырған.

«Абай» пьесасында Абай араағайын ретінде тағайындалады. Керім жеңіліп бара жатқан сәтте Абай өзі араағайындыққа араласады. Осыған дейін араағайын дегеннің не екенін білмейтін жас ұрпаққа халқымыздың мәдениетінен, дүниетанымынан мол ақпарат беріледі.

Сауға – олжа, тілек. *Сауғаға қыз алғалы келдім дейді, адаспасын бұл жерде, бұрынғының жолынан бермес болса – жолымен. Тартып та алам қолынан.* Көшпелі халықтарда қалыптасқан рәсім бойынша соғыстан түскен олжаның «сауға» деп аталатын бестен бір бөлігі ханға тиесілі болады да қалғаны соғысқа қатысқандарға, олардың ерлігіне, жауды жеңуге қосқан үлесіне қарай бөлінетін. Соғысқа қатыспағандар да батырлардың әскери олжаларынан сауға сұрап алатын болған. Сауға институтының, сауға сұрау дәстүрінің қалыптасуы ел ішіндегі асыраушылары жоқ, жарлы, кемтарлардың әскери олжадан үлес алуға мүмкіншілік беруден туған. Батырлар осылайша өз олжаларынан бөлісу арқылы елді асырайтын болған, сондықтан қазақта «Батырдан – сауға, аңшыдан – сыралғы» деген мәтел осы күнге дейін сақталып келе жатыр.

Халық өмірінен сипат беруді, ел тұрмысын танытуды мақсат еткен драмалардың бірі – «Ақан – Зайра» пьесасы. Мысалы:

Серек құлақ. *Олай болса, біз бұндайда серек құлақ дейтін бір ойынды ойнаушы ек...*

Ит-құс. *Ендеше, мына қасқырдың жатағы, басы аман, малы түгелінде ит-құстан аман болатұғын жеріңді тап, көш.*

Осы мысалдардан кейін автор серек құлақ ойынының ойналуын бейнелеген. Ең маңыздысы – автор кейіпкерлердің әңгімелері арқылы ұлтқа тән этнографиялық элементтерді бере білуі. Жоғарыда айтылған серек құлақ, ит-құс деген сөздердің барлығы қасқыр сөзіне байланысты туған тыйым, яғни табу сөздер болып саналады. Бірақ та ит-құс сөзі бұл мысалда қасқырдан қорқып, қойға қасқыр шабады деген үрейден емес, автордың қайталамаға ұшырамауы үшін синоним ретінде жұмсалудың нәтижесінде қолданылған. Яғни тіліміздегі қарақұлақ, ұлыма, ит-құс сияқты сөздер кейбір түркі халықтары кие тұтқан қасқырдың атын атамау ниетінен туған. М. Әуезов ит-құс, серек құлақ сөздерін қасқыр сөздерімен бір синонимдік қатарда қолдану арқылы олардың мағынасын оқырмандарына айқынырақ ашады. Бұл мысалдағы серек құлақ сөзі – ойын атауы. Ұлттық ойын атаулары – бүгінде ұмыт болған этнографизмдер. Н. Шанский: «Этнографизмы – такие диалектные слова, которые обозначают предметы и явления быта и труда, специфичные для определенной местности и неизвестные литературному языку», – деп тұжырымдайды [8].

Этноатаулар көркем шығармада тіл мен мәдениеттің ғана байланысын көрсетпей, оқырманға ұлттық болмыс ұлттық белгіні де танытады.

Лингвистикадағы тіл мен сөз – тіл ғылымы дамуының заманауи, антропоэзектік деңгейінде тілдік таным мен қатысымдық қатынас түрінде ашылады. Тіл білімі пәнін бұлайша түсінудің нақ ортасында тілдік тұлға, яғни тұтынушының тілдік мәдени және қатысымдық қатынас құндылықтарын, білімін жинақтаған бейнесі тұрады.

Лингвомәдени бірліктерге жасалған талдауларда халықтың рухани мәдени өрісін айқындайтын ұлт танымындағы дүниенің тілдік суреті сараланды. Тіліміздегі

лингвомәдени бірліктерді талдау арқылы ұлттық ғалам бейнесі мен жеке ғалам бейнесінің сабақтастығы көрінеді.

Тіліміздегі лингвомәдени бірліктер мәдениет пен тіл сабақтастығында, танымдық негізде қаралып отырғандықтан, оны тану қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағытпен бірлікте қараудың маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Толстой Н.И. Этнолингвистика. – М. 1993.
2. Маслова А. Лингвокультурология. Москва, 1997.
3. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985, №10.
4. Вейсгербер Л. Язык и философия // Вопросы языкознания. – 1993. – №2.
5. Кушкимбаева А.С. М.О. Әуезов драмаларындағы лингвомәдени бірліктер // «V мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистиканың мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2013, сәуір. – Т.1.
6. Кушкимбаева А.С. М.О. Әуезов драмаларындағы лингвомәдени бірліктер // «V мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистиканың мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2013, сәуір. – Т.1.
7. Сейдімбеков А. Күмбір-күмбір күмбездер – Алматы: Жалын, 1981.
8. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. СПб.: Специальная литература, 1996.

ӘОЖ 342.4(574)

АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Алтаева А.М.

Ғылыми жетекші: Садықанова Ж.Е.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: alsualtayeva@gmail.com

Азаматтың конституциялық мәртебесі саясаттану мен құқық үшін үлкен маңызға ие тақырып. Конституциялық азаматтық ұғымы адамның мемлекеттегі құқықтық және саяси мәртебесін, сондай-ақ осы мәртебеге байланысты құқықтары мен міндеттерін білдіреді. Азаматтың конституциялық мәртебесі оның мемлекетпен қарым-қатынасының, сондай-ақ оның құқықтары мен заңмен қорғалуының негізін құрайды.

Адамның конституциялық-құқықтық мәртебесі - Конституциямен Конституциясымен қамтамасыз етілген және адам мен мемлекет арасындағы кепілдендірілген құқықтар мен бостандықтардың, сондай-ақ белгіленген міндеттердің жиынтығы.

Азаматтың конституциялық мәртебесі адамның белгілі бір елдегі құқықтық және саяси құқықтары мен міндеттерін білдіреді. Бұл мәртебе елдің қатынастардың негізі болып табылады.

Азаматтың конституциялық мәртебесі әр елде әр түрлі болады, бірақ ол әдетте заңмен қорғалатын негізгі құқықтар мен бостандықтардың жиынтығын қамтиды. Оларға сөз бостандығы, дін және жиналыс құқығы, сондай-ақ дауыс беру, мүлікке иелік ету және құқықтық қорғауды іздеу құқығы кіруі мүмкін.

Соңғы жылдары азаматтардың конституциялық мәртебесін және олардың құқықтары мен қорғалуының мемлекет тарапынан қаншалықты қолдау көрсетілетінін түсінуге қызығушылық артуда. Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – азаматтың конституциялық мәртебесін зерттеу.

Азаматтық ұғымын Ежелгі Греция мен Римнен бастауға болады, онда азаматтық саяси өмірге қатысумен тығыз байланысты болды. Ежелгі Афинада азаматтық әскери білімі бар ересек еркектерге ғана берілген. Екінші жағынан, Ежелгі Римде азаматтық, байлық, білім және әскери қызмет сияқты белгілі бір қасиеттерге ие, еркін туылған еркектерге ашық болды. Азаматтық құқықтық жағдаймен және қорғаумен де байланысты болды.

Еуропадағы ортағасырлық кезеңде азаматтық негізінен гильдиялар мен қалалық қауымдастықтарға мүшелікпен байланысты болды. Азаматтық жергілікті өзін-өзі басқару органдары беретін артықшылық болды және белгілі бір экономикалық және әлеуметтік артықшылықтарды қамтамасыз етті, мысалы, сауда жасау, меншікті иелену және жергілікті басқаруға қатысу құқығы. Алайда азаматтық бұрынғыша жеңілдік шеңберімен шектелді, өйткені ол мүлікке иелік етумен және салық төлеумен байланысты болды.

Азаматтық ұғымы 18 ғасырдағы ағартушылық дәуірінде елеулі өзгерістерге ұшырады. Азаматтық концепцияда жеке құқықтар, теңдік және халықтық егемендік идеялары орталық болды. Азаматтық енді мемлекет беретін артықшылық ретінде емес, әрбір адамға тән табиғи құқық ретінде қарастырылды. Азаматтықтың бұл жаңа тұжырымдамасы әлеуметтік келісім теориясы идеясын да қамтыды, оған сәйкес адамдар мемлекет қамтамасыз ететін қорғаныс пен қауіпсіздіктің орнына саяси процеске қатысуға міндетті.

Ағарту дәуірінен кейінгі дәуірде және қазіргі дәуірде азаматтық әлеуметтік, экономикалық және саяси құқықтардың кең ауқымын қамту үшін дамыды. Азаматтық енді тек құқықтық мәртебе мен қорғаумен шектелмейді, ол сонымен қатар сайлау құқығын, сөз бостандығын, білім алу мен денсаулық сақтауды қамтиды. Көптеген елдерде азаматтық әлеуметтік қамсыздандыру және жеңілдіктер құқығымен де байланысты.

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен қорғалуы демократиялық қоғамды қолдаудың негізі болып табылады. Бұл құқықтар мен қорғаулар ұлттық конституцияларда және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда бекітілген және билікті асыра пайдалану мен жеке адамның бостандықтарын бұзуға қарсы қорған болады. Бұл бөлімде азаматтардың конституциялық құқықтары мен қорғалуы, соның ішінде сайлау құқығы, сөз және пікір бостандығы, әділ сот талқылауы, заңның тиісті тәртібі және жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы қарастырылады.

Дауыс беру құқығы азаматтықтың негізгі құқықтарының бірі болып табылады, ол азаматтарға өз өкілдерін таңдау және оларды жауапкершілікке тарту арқылы демократиялық үдерістерге қатысуға мүмкіндік береді. Дауыс беру құқығы

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы сияқты адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда бекітілген және көптеген ұлттық конституцияларда танылған. Көптеген елдерде дауыс беру құқығы белгілі бір талаптарға сай келетін резидент еместерге де таралады.

Сөз және сөз бостандығы – ұлттық конституцияларда және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда бекітілген азаматтардың тағы бір негізгі құқығы. Бұл құқық адамдардың цензурадан немесе қудалаудан қорықпай өз пікірін білдіру және ақпаратпен бөлісу мүмкіндігін қорғайды. Бұл құқық абсолютті болмаса да, ол демократиялық қоғамның ірге тасы болып табылады және азаматтарға қоғамдық пікірталасқа қатысуға және өз үкіметтерін жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Әділ сот ісін жүргізу құқығы демократиялық қоғамның ірге тасы болып табылады және ұлттық конституцияларда және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда бекітілген. Бұл құқық заңға сәйкес қылмыс жасады деп айыпталған адамдарға, оның ішінде оларға тағылған айыптар туралы хабардар болу құқығына, қорғаушы құқығына, ашық сот талқылауына және шағымдану құқығына кепілдік береді. Әділ сот ісін жүргізу құқығы азаматтарды үкіметтің озбыр және әділетсіз әрекеттерінен қорғау үшін қажет.

Тиісті құқықтық рәсім – бұл әділ сот ісін жүргізу құқығымен тығыз байланысты қағида. Бұл принцип сот процестерінің белгіленген ережелер мен рәсімдерге сәйкес жүргізілуін және жеке тұлғаларға белгілі бір процессуалдық кепілдіктердің берілуін талап етеді. Тиісті процесс азаматтардың негізгі құқығы болып табылады және ұлттық конституцияларда және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда бекітілген.

Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы – азаматтардың жеке өміріне негізсіз мемлекеттің араласуынан қорғайтын азаматтардың негізгі құқығы. Бұл құқық ұлттық конституцияларда және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда бекітілген және негізсіз тінту мен басып алудан азат болу құқығымен тығыз байланысты. Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы азаматтарды биліктің билікті асыра пайдалануынан қорғау және демократиялық қоғамды сақтау үшін қажет.

Азаматтық құқықтар мен артықшылықтар туралы ғана емес; мемлекет пен қоғам алдындағы белгілі бір міндеттер мен жауапкершіліктерді де білдіреді. Бұл бөлімде біз азаматтардың кейбір негізгі міндеттері мен міндеттерін талқылаймыз.

Азаматтықтың негізгі міндеттерінің бірі – заңға бағыну міндеттілігі. Бұл міндеттеме азаматтар мен мемлекет арасындағы қоғамдық келісім-шарттан туындайды, сол арқылы азаматтар мемлекет беретін қорғаныс пен жеңілдіктерге айырбас ретінде өздерінің кейбір бостандықтарынан бас тартуға келіседі. Азаматтар заңға бағыну арқылы демократиялық мемлекеттің жұмыс істеуі үшін қажетті қоғамдық тәртіп пен заңдылықтың сақталуына үлес қосады.

Азаматтар өздерінің дауысы естіліп, мүдделерін білдіру үшін саяси процеске қатысуға міндетті. Бұл қатысу көптеген нысандарда болуы мүмкін, соның ішінде сайлауға дауыс беру, бейбіт наразылықтарға қатысу, саяси партияларға немесе мүдделі топтарға қосылу және сайланған шенеуніктерге қол жеткізу. Саяси

процеске белсене араласа отырып, азаматтар мемлекеттік саясатқа әсер етіп, жалпы игілікке ықпал ете алады.

Азаматтар мемлекеттің жұмыс істеуі және қоғамдық тауарлар мен қызметтерді қамтамасыз ету үшін салық төлеуге міндетті. Бұл міндеттеме өзара әрекет ету принципіне негізделген, оған сәйкес азаматтар ортақ игілікке өздерінің төлем қабілетіне сәйкес үлес қосады. Салықтарды төлемеу азаматтар мен мемлекет арасындағы әлеуметтік келісім-шартқа нұқсан келтірумен қатар, заңды санкцияларға әкелуі мүмкін.

Кейбір елдерде азаматтар елін қорғау үшін әскери немесе басқа да мемлекеттік қызметте қызмет етуі керек. Бұл міндеттеме ұжымдық қорғаныс принципіне негізделген, оған сәйкес азаматтар ұлттық дағдарыс кезінде мемлекеттің ортақ қорғанысына үлес қосуы тиіс. Міндетті әскери қызмет жоқ елдерде де азаматтар өз елінің қорғаныс күш-жігерін қолдауға және әскери қызметшілер жасаған құрбандықтарға құрметпен қарауға міндетті.

Жалпы, азаматтық құқықтар мен артықшылықтарды ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілік пен міндеттерді қамтиды. Осы міндеттерді атқара отырып, азаматтар қоғамдық тәртіпті сақтауға, демократияның жұмыс істеуіне, жалпы игіліктің алға жылжуына үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандай, азаматтығы жоқтардың азаматтарға қарағанда конституциялық мәртебесі басқаша. Бұл бөлімде біз бұл мәселені толығырақ қарастырамыз.

Азаматтығы жоқ адамдар, әдетте, азаматтарға қарағанда аз құқықтары мен қорғалуына ие. Мысалы, олардың сайлау құқығы немесе белгілі бір мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығы болмауы мүмкін. Олар сондай-ақ қозғалыс пен сөз бостандығына шектеулерге тап болуы мүмкін. Сонымен қатар, азаматтығы жоқ адамдарға иммиграция және депортация заңдары қолданылуы мүмкін, бұл олардың өмірі мен өмір сүруіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Азаматтық емес адамдардың конституциялық мәртебесі әр елде әртүрлі. Кейбір елдерде азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары шектеулі болуы мүмкін, бірақ олар әлі де конституциямен қорғалады. Басқа елдерде азаматтығы жоқ адамдардың конституциялық құқықтары аз немесе мүлдем болмауы мүмкін. Бұл азаматтығы жоқ адамдар зорлық-зомбылыққа, кемсітушілікке және қатыгездіктің басқа түрлеріне осал болатын жағдайларға әкелуі мүмкін.

Адам құқықтарының халықаралық құқығы барлық адамдардың азаматтық мәртебесіне қарамастан белгілі бір негізгі құқықтар мен қорғауларға құқығы бар екенін мойындайды. Мысалы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында «әркімнің өмір сүруге, бостандығына және жеке басының қол сұғылмауына құқығы бар» (3-бап) және «әркім осы Декларацияда көрсетілген барлық құқықтар мен бостандықтарға ие болады» делінген. Нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де көзқарасына, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, тууына немесе өзге де жағдайына қатысты» (2-бап).

Сонымен қатар, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде «барлық адамдар заң алдында тең және ешбір кемсітусіз заңның тең қорғалуына құқығы бар» (26-бап) делінген. Сондай-ақ АСҚХК «ешкім де негізсіз қамауға

алынбайды» (9-бап) және «әркімнің ой, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар» (18-бап) бекітеді.

Осы халықаралық құжаттардан басқа, азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарын қорғайтын аймақтық адам құқықтары жөніндегі құжаттар да бар. Мысалы, Еуропа елдеріндегі адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция (ЕСХР) азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарын қорғайды.

Жалпы алғанда, азаматтығы жоқ адамдардың конституциялық мәртебесі азаматтардың мәртебесінен ерекшеленуі мүмкін болса да, олар әлі де негізгі адам құқықтарына және халықаралық құқық бойынша қорғалуына құқылы.

Азаматтардың конституциялық мәртебесі демократиялық қоғамның қызмет етуінде маңызды рөл атқарады. Ол азаматтарға өз бостандықтарын жүзеге асыру үшін қажетті құқықтар мен қорғауды, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажетті міндеттерді қамтамасыз етеді. Азаматтардың конституциялық мәртебесін қорғау заң үстемдігін сақтау және үкіметтердің өз халқының мүдделеріне сай әрекет етуін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Осыған байланысты, азаматтардың конституциялық мәртебесі тұрақты емес, керісінше өзгермелі қоғамдық құндылықтар мен нормаларды көрсететін дамып келе жатқан тұжырымдама екенін мойындау маңызды. Сондықтан үкіметтер конституциялық құқықтар мен азаматтардың қорғалуының өзгеретін әлеуметтік қажеттіліктер мен күтулерді көрсету үшін жүйелі түрде қаралып, жаңартылып тұруын қамтамасыз етуі керек.

Бұл мақалада азаматтардың конституциялық мәртебесі қарастырылып, азаматтардың құқықтары мен қорғалуына, олардың жауапкершілігі мен міндеттеріне, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың конституциялық мәртебесіне баса назар аударылды. Біріншіден, азамат мәртебесінің тарихи эволюциясы қарастырылды, оның барысында Ежелгі Греция мен Римнен ортағасырлық Еуропаға, Ағарту дәуіріне және қазіргі дәуірге дейінгі жол қадағаланды, азаматтардың конституциялық мәртебесіне, оның ішінде олардың құқықтары мен қорғалуына, жауапкершілігі мен міндеттеріне, азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесіне шолу жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. United Nations. (1948). Universal Declaration of Human Rights: <https://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/>
2. International Covenant on Civil and Political Rights. United Nations General Assembly, 1966.
3. Goodwin-Gill G.S., McAdam J. The Refugee in International Law / G.S. Goodwin-Gill and J. McAdam; 3rd edition, Oxford University Press, 2007. P. 786
4. "The Right to Vote." International Foundation for Electoral Systems, <https://www.ifes.org/topics/right-vote>.
5. "Freedom of Expression." United Nations Human Rights Office of the High Commissioner, <https://www.ohchr.org/en/issues/freedom-expression>.
6. "The Right to a Fair Trial." United Nations Human Rights Office of the High Commissioner, <https://www.ohchr.org/en/issues/fairtrial>.

7. Right to Privacy." United Nations Human Rights Office of the High Commissioner, <https://www.ohchr.org/en/issues/privacy>.

8. Маршалл, Т. Х. (1950). Азаматтық және әлеуметтік тап. Кембридж университетінің баспасы.

ӘОЖ 37

АУТИСТІК СПЕКТРДІҢ АУЫТҚУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Ахайдар С.Д.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында әлеуметтік өзара іс – әрекет және қарым-қатынас дағдылары бұзылған балалар санының өсу үрдісі байқалады, олардың қатарына аутистік спектрдің ауытқулары (әрі қарай- АСА) бар балалар жатады. Облыстық психологиялық-медициналық- педагогикалық кеңестің (бұдан әрі – ПМПК) деректері бойынша тек Қарағанды облысында ғана 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыста АСА бар 389 бала анықталды. 2015 жылдан бастап балалар саны 4 есеге өскен.

Біздің елімізде АСА бар балаларға тиімді кешенді қолдау көрсету мәселелері толық көлемде шешілмеген. Бұл тек инклюзивті білім беру туралы ғана емес, сонымен қатар арнайы білім беру туралы да сөз болып отыр, өйткені осы санаттағы балалардың жалпы білім беретін сыныптарда да, инклюзивтік тәжірибені енгізумен қатар арнайы сыныптар, арнайы білім беру ұйымдары жағдайында да білім алу бірдей қиын.

Қазіргі таңда педагогикалық ұжым «қолайсыз» баланы білім беру процесінен тыс шығаруға немесе осы баланың оған қатысуын айтарлықтай шектеуге тырысатын жағдай кең таралған. Мұндай мінез-құлық бірінші кезекте білім беру ортасындағы балалардың бейімделу процесінің ерекшеліктеріне қатысты педагогтардың жеткіліксіз хабардар болуымен, оқу-тәрбие процесін түзете-педагогикалық қолдауды қажетті көлемде қамтамасыз етудің жоқтығымен немесе жеткіліксіздігімен түсіндіріледі.

Қиындықтан шығу көбінесе мұғалімдерге баланың интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін арнайы оқу бағдарламасы бойынша үйде жеке оқытуға ауысуда көрінеді. Себебі, өз үйінің әдеттегі жағдайы оқушыға оқу қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді деп қате болжануда. Тәжірибе көрсеткендей, үйде жеке оқыту оң нәтиже бермейді, өйткені АСА бар баланың әлеуметтік дамуына ықпал етпейді. Мұндай оқушы үшін білімді жинақтау және дағдыларды игеру ғана емес, басқа адамдармен қарым- қатынас жасау және нақты өмірлік жағдайларда білім мен іскерлікті пайдалану мүмкіндігіне ие болу маңызды. Соның салдарынан, АСА бар баланы үйде жеке оқыту оның жағдайын одан әрі күрделендіруі мүмкін.

АСА бар балалар үшін көпвекторлы үлгі барынша оңтайлы болып табылады, онда инклюзивті білім беру жағдайында да, жалпы білім беретін мектептегі арнайы сынып жағдайында және арнайы ұйымда да аутистік көріністердің айқын көрінуіне, баланың даму деңгейіне және ата-аналардың сұраныстарына байланысты сапалы білім алуға әртүрлі мүмкіндіктер бар. Мұндай білім беру бағыты оқушы үшін де, мұғалімдер үшін де барынша ыңғайлы болады, бұл бейімделу кезеңінен өту мүмкіндігін (жарты жылға дейін созылуы мүмкін), жеке топтан кіші және үлкен топқа өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Осы әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – жалпы білім беретін мектепте АСА бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін болжанып отырған оң нәтижеге бағытталған кешенді жүйе ретінде ашу, атап айтқанда оңтайлы дамуға қол жеткізу, әлеуметтендіру, сапалы білім беру болып табылады.

АСА бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне және құрдастарының ортасында табысты оқуына кедергі келтіретін негізгі мәселелерге тоқталып өтсек. Әлеуметтік-эмоциялық өзара іс-әрекеттердің айқын қиыншылықтары байқалады. Өз қызметін және мінез-құлқын ұйымдастырудағы қиындықтар, әртүрлі дәрежедегі мінез-құлық бұзылыстары болады. Психикалық функциялардың айқын көрінген әркелкі даму ерекшелігі, жалпы танымдық қабілеттерінің даму ерекшелігі. Қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар [1].

Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер, осы санаттағы балалардың әртүрлілігі оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларында, бейімделген білім беру кеңістігін ұйымдастыруда, оқу кезінде арнайы тәсілдер мен әдістерді қолдануда және АСА бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің қажеттігін білдіреді.

Арнайы психологияда мұндай бұзылыстар бұрмаланған дамудың түрлі нұсқаларына жатады. Бүгінгі күні бұрмаланған дамудың тобын бөліп отыр:

көбінесе аффективті-эмоциялық саланың бұрмалануы (О.С. Никольскаяның жіктемесі бойынша ерте балалар аутизмінің 4 тобы). Бұл жіктеу мінез-құлық пен сананы аффективті ұйымдастырудың авторлық моделіне негізделген; когнитивтік саланың бұрмалануы (атиптік немесе процессуалды аутизм) [2].

Әр нұсқада балада аффективті, танымдық және реттеушілік салалардың дамуы мен мінез-құлқының ерекше болуы көрініс табады.

Аутизмі бар балаларға арналған білім беру бағытын таңдау үшін педагогтар мен психологтар жұмысындағы практикалық маңызы зор О.С. Никольскаяның жіктемесіне жүгінеміз.

Автор түрлі мінез-құлықтары бар аутистік балалардың төрт тобын бөледі. Аутизмнің сипатына, ауырлығына, баланың бейімделу дәрежесіне және оның әлеуметтену мүмкіндіктеріне байланысты әрбір нұсқа басқасынан ерекшеленеді. Төменде көрсетілген төрт топқа бөлу АСА бар балаларды оқытуды ұйымдастыруға саралап қарауға мүмкіндік береді [3]. Бірінші топ. Бірінші топтағы балаларға терең аффекті патология тән. Олар ештеңені көрмейтіндей, естімейтіндей болады, тіпті физикалық ыңғайсыздық әсер етпейді, ештеңеге мән бермейді. Алайда, кейбір жағдайларда күтпеген нәрселерді түсінетіндей болады.

Мақсатты шоғырландыру қабілетінің айқын бұзылуы балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету және коммуникация дағдыларын қиындықпен меңгеруіне әкеледі.

Мутизмнің болуымен сипатталады, бірақ олардың көбі басқа да қызықтырған сөзді немесе фразаны қайталай алады, ал кейде үн қатып, тіпті күтпеген жерден болған оқиғаны айтуы мүмкін. Бірақ бұл сөздер қарым-

қатынасқа жатпайды және одан әрі белсенді сөздік қорында пайдаланылмайды, көрген немесе естілгеннің көрінісі болып қалады. Өзінің белсенді сөйлеу тілі жоқ болса, олардың сөйлеуін түсіну үлкен мәселе болып қалады. Мысалы, балалар өзіне айтылған ең қарапайым нұсқауларды түсінбеуі мүмкін, бірақ, сирек жағдайларда болса да, оларға қатысы жоқ айналасындағылардың әңгімелерінен естіген күрделі ақпараттарды қабылдай алады.

Сонымен қатар, бірінші топтың аутистік балалары қоршаған ортадан адамды бөліп, ажырата алады, оларда қарым-қатынас қажеттілігі мен жақындарына бауыр басу болады. Олар жақындары мен бөтен адамдарды ажыратады, бұл тактильді байланыстан және кеңістіктегі ара қашықтықтан көрінеді. Балалар ересектермен қарым-қатынасты барынша білдіруге тырысады: қолдарынан ұстайды, ересектердің қолымен оларға қажетті нәрсені көрсете алады, сол арқылы оны беруді талап етеді.

Екінші топ. Келесі сатыда аутистік дизонтогенез ауырлығы бойынша балалардың екінші тобы орналасқан. Бұл балалар қоршаған ортамен қарым-қатынасты дамытуда белсендірек болады. Екінші топтағы балаларда өздерінің үйреншікті өмір түрлері қалыптасады, алайда олар қатаң шектелген ережелерін өзгертпеуге тырысады. Балалардың қоршаған ортадағы тұрақтылықты сақтауға, өмірдің әдеттегі тәртібімен, атап айтқанда: тамақтағы, киімдегі, серуендеу бағытындағы таңдаулылық тән [3].

Балалар қалыпты жағдайда қарым-қатынас жасауда тыныш және ашық болуы мүмкін. Бұл жағдайда олар әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды оңай

игереді және оларды болжамды жағдайларда қолданады. Қалыптасқан дағдылары өте берік, бірақ олар қалыптасқан әдеттегі жағдайларға өте қатты байланысты және жаңа өмірлік жағдайларға қиындықпен ауыстырылады.

Сөйлеу тілі штамптармен сипатталады. Баланың талаптары мен өтініштері сөздермен және сөз тіркестерімен екінші немесе үшінші жақта айтылады. Бұл сөздер эхололиялар немесе әндер мен мультфильмдерден алынған сөздер негізінде қалыптасады. Сөйлеу тілі стереотипті, коммуникативтік қызметке жатпайды және белгілі бір жағдаймен байланысты болады.

Моторлы және стереотиптік сөйлеу әрекеттері, аутостимуляциялар екінші топтағы балаларда айқын білінеді. Бұл қарапайым стереотиптік әрекеттер, сондай-ақ күрделі математикалық операциялар болуы мүмкін. Кез келген жағдайда, бұл стереотипті түрде бір әрекеттің қайталана беруі. Баланың стереотиптік іс-әрекеттері оған ішкі күйлерді тұрақтандыру және сырттан келген қауіпті әсерлерден қорғау үшін маңызды. Сәтті түзету жұмысы кезінде мұндай аутостимуляцияға қажеттілік бала үшін маңыздылығын жоғалтуы мүмкін, тиісінше стереотиптік әрекеттер барынша азайтылады. Баланың іс жүзінде іске асырылмайтын мүмкіндіктері бар, олар: бірегей жады, музыкалық есту қабілеті, әртүрлі сипаттағы дарындылық болуы мүмкін. Түзете оқыту жағдайында балалардың бір бөлігі бағдарламаны арнайы ғана емес, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде де меңгере алады. Алайда,

бұл білімді нақты өмірде бала пайдалана алмайтын механикалық білім болуы да мүмкін.

Екінші топтағы балаларға тән әлем көрінісінің шектеулілігі, кішігірім өмірлік стереотиптер, қоршаған орта туралы түсініктердің фрагменттілігі оларды білім беру ортасына қосу үдерісін қиындатады. Дегенмен, балалардың мектепке баруға, балалар ұжымында болуға деген ықыласы басым. Нәтижесінде балалардың мінез-құлқы жақсарады, айналадағы адамдарға еліктеп, тұрақты іс-әрекеттері жеңілдей түседі. Әлеуметтік даму мәселелері, қарқынды өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделудегі қиындықтар көп жағдайда білім беру ортасында оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын жасау кезінде еңсеріледі.

Клиникалық классификация бойынша бірінші және екінші топ балалары Л. Каннер сипаттаған балалар аутизмінің қарапайым түрлеріне жатады [6].

Үшінші топ. Үшінші топтың балалары жетістікке жетуге ұмтылады, олар әлеммен белсенді қарым-қатынас жасауға қабілетті, олардың мінез-құлқын мақсатты деп атауға болады. Олардың бірінші және екінші топтағы балалардан айырмашылығы, компенсаторлық қиялдарында, қызығушылықтарының қалыптасуында және аффективті қорғанудың неғұрлым күрделі формаларында. Үшінші топтағы балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі жоғары. Жетекші патопсихологиялық синдром аффективті патологияға қарсылық білдіру үшін алмастырылу болып табылады [3].

Осы топтың балалары белгісіздікке, қауіп-қатерге төтеп бере алмайды, оларға жетістікке жетуге толық кепілдік керек. Мұндай бала үшін әрдайым табысқа жету маңызды, ал қалыпты жағдайда баланың өзін-өзі бағалауы сәттілік пен сәтсіздіктің тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Бұл топтағы балаларда зерттеуге, түрлі жағдаяттармен кездесуге деген қабілеттері өте аз, олар тек өздері шеше алатын міндеттерді ғана қабылдайды.

Балалар үшін адамдармен шынайы байланысқа түсу қиын болғанымен, олар монологқа қабілетті болады. Олардың сөйлеу тілі анық және ересек адамдарша болуы мүмкін, өйткені ол грамматикалық дұрыс құрылған, жақсы сөздік қорынан тұрады.

Үшінші топтағы балалардың зиятының дамуы жиі жақсы әсер қалдырады. Балалар ақпаратты ретімен қалыптастырудан, оны жүйелендіруден ләззат алады, бірақ бұл қызығушылықтары мен ақыл-ой әрекеттері де стереотипті және олар үшін ауто стимуляцияның түрі болып есептеледі [7].

Бұл топтың балаларына моторлы сфераның біршама дамымауы тән, олар ебедейсіз болады, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары қиын қалыптасады, бұл зияты мен сөйлеу тілінің дамуындағы оң нәтижелерге қарама-қарсы ерекшеліктер болып табылады. Әлеуметтік дағдылардың дамуының, берілген нұсқаулықтарды түсіну мен талдаудың қарапайым бұзылуы байқалады. Адамдармен қарым-қатынасқа түсіп, достасуға ұмтылғанымен, оларды түсіну қиынға соғады.

Үшінші топтағы балалардың әлеуметтік бейімделуі бірінші және екінші топтағы балаларға қарағанда табыстырақ. Балалар инклюзивті білім беру жағдайында мектептің жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқиды. Үнемі үздік бағалар ала алады, бірақ олар қарым-қатынасқа түсу дағдыларын, қоршаған орта туралы білімдерін, қызығушылықтарын, өмірлік құзыреттілік дағдыларын

арттыру үшін үнемі арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қажет етеді.

Төртінші топ. Төртінші топтағы балаларда аутистік белгілер аз болады, аффектілік және сенсорлық салалардағы бұзылыстар да аз білінеді. Негізгі патопсихологиялық синдром ретінде айналадағылармен қарым-қатынастың қиындығы болып табылады. Төртінші топтағы балалардың аутизмінің ерекшелігі болып айналадағылардан қорғану емес, бірінші кезекте қарым- қатынас қиындығы, осалдық, әлсіздік, байланысқа түсе алмау мәселелері болып табылады. Балаларда алаңдаушылық, жеңіл сенсорлық ыңғайсыздық байқалады, сәтсіздіктер кезінде және әдеттегі іс-әрекеттің өзгеруі немесе бұзылуы кезінде қорқыныш сезімі пайда болады [3].

Осы топтың балалары әлеммен қарым-қатынасын ересек адам арқылы жанама түрде құруға ұмтылады, олардың ерекшеліктері осыд.

Тек төртінші топтың балалары байланысқа түсудегі үлкен қиындықтарға карамастан, адамдармен қарым-қатынас орнатып, сөйлесуге тырысады.

Балалардың психикалық дамуының тежелуі біркелкі жүреді. Ірі және ұсақ моториканың нашарлығы, іс-қимылдар жасаудың қиындықтары, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеру, сөйлеу тілінің дамуының тежелуі, баяу болуы, зиятының біркелкі дамымауы, ойын мен қиялдың шектеулілігі – төртінші топтағы балалардың жарқын сипатты белгілері. Олардың жетістіктері бұл жерде бейвербалды аймақта байқалады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, аутизмі бар балалар санаты аутистік көріністердің ауырлығы бойынша әртүрлілігімен, қосарланған зият және сөйлеу тілі бұзылыстарының кең ауқымымен сипатталады. Әрине, аутизмі бар балалар білім беру бағытын анықтау кезінде терең сараланған көзқарасты қажет етеді.

Ерекше білім беру қажеттілігінің сипатына қарай, аутизмі бар балаларды оқыту - жалпы білім беру бағдарламасы, қысқартылған жалпы білім беру бағдарламасы, инклюзивті білім беру жағдайында қарапайым сыныпта арнайы жеке оқу бағдарламасы бойынша, кешенді психологиялық- педагогикалық қолдау ала отырып (сабақтарда жеке ықпал жасаудан, психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог мамандары іске асыратын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуіне дейін), сондай-ақ арнайы сыныптар, арнайы мектептер және арнайы мектептер жағдайында, баланың ата-анасының (заңды өкілдерінің) таңдауына байланысты арнаулы білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Семаго Н.Я., Соломахина Е.А. Психолого-педагогическое сопровождение ребенка с РАС. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://psyjournals.ru/autism/2017/n1/semago_solomahina_full.shtml.

2. Никольская О.С., Костин И.А. Еще раз про особые образовательные потребности младшего школьника с расстройствами аутистического спектра // Дефектология. – 2015. – № 6. – С. 17-26.

3. Никольская О.С. Психологическая классификация детского аутизма. Альманах №18. Детский аутизм: пути понимания и помощи. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://alldef.ru/ru/articles/almanah-18/psihologicheskaja>

klassifikacija-detskogo-autizma.

4. Баранова Г.А. Характеристика особенностей развития детей с расстройствами аутистического спектра. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://multiurok.ru/files/karakteristika-osobennostei-razvitiia-detei-s-ras.html>.

5. Википедия. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki>.

6. Малофеев Н.Н., Никольская О.С., Кукушкина О.И., Гончарова Е.Л. Единая концепция специального федерального государственного стандарта для детей с ограниченными возможностями здоровья: основные положения. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://s49novouralsk.edusite.ru/DswMedia/fgos_koncepciy.pdf.

7. Психологическая классификация синдрома детского аутизма. [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://studwood.ru/1764625/psihologiya/psihologicheskaya_klassifikatsiya_sindroma_detskogo_autizma.

ӘОЖ 37

ШӘКӘРІМНІҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Балғабаева Ә.Т.

Ғылыми жетекші: Апышева К.А., филология магистрі
С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Шәкәрім Құдайбердіұлы Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Шәкәрім Абай бағытын ұстанды. Шәкәрім Құдайбердіұлы жастайынан қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін, туған әдебиетінің таңдаулы туындыларын үзбей оқи жүріп, орыс және Батыс Еуропа әдебиетіне үлкен ықыласпен назар аударды. Дүние мәдениетінің тарихына туған халқының ой-сана, рухани қабілет, парасатын бар болмысымен танытқан даналардың танымы мен тағдыры – өзі тіршілік кешкен заманның топырағынан тамыр тартады. Ұлылар барлық дәуірлік, өмірбаяндық, шығармашылық қайшылықтарды басынан кеше отырып, жаратылыстың адамға сыйлаған қасиеттерін бойына сіңірген сәтте ғана замандық тұлға дәрежесіне көтеріледі. Шынайы дана – өз ұлтының қадым заманнан бергі зейін-зердесінің, түсінік-түйсігінің іріктеліп келіп ұйыған мәйегі. Даналардың өмірі халқының тағдырымен біте қайнасып, қоса құйылады. Олардың тағдырын елінен, елінің тағдырын олардан ажырату мүмкін емес.

Сол сияқты Шәкәрім Құдайбердіұлының танымы да сол ұлттың тамырынан нәр алды. Тілі мен діні арқылы жанына сіңген көне шығыстың ғұламалық әфсаналарын, шағатай, түрік, парсы, араб тіліндегі даналардың мұрасын, ислам әлемінде ғана емес, дүние ғылымына бетбұрыс әкелген жәдидшіл ғалымдар Мұхаммед Ғабдуку, Жалаладдин Ауғани, Шаһабуддин Маржани, Исмағил

Гаспаралы іспетті тұлғалардың дүние, жалған, адам, тарих, рухани азаттық, мінез, бостандық, діни таным мен қоғам, ұлттық азаттық, түрікшілдік, исламшылдық ілімдерін сіңіріп, олардың пікірлерін салыстырып, санасына сара жол іздеді. Ғылым, білім іздеп шетелдерді аралаған кезінде оның көне шығыс туралы ғұламалық ойлары мен білімі толығымен түсті.

Көне грек даналары Аристотель мен Сократтың парасат пайымдарымен бала жасынан танысып өсті. Талқылаған, өздерінше сынап, қорытынды шығарған. Үлгі ретінде балаларға айтып отырған. Бұған негіз қалаған – Абайдың дәстүрлі тағылымы. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» атты пәлсафалық ғақлиясының дүниеге келуіне әсер еткен де сол үлгі. Шәкәрім сол арқылы Толстойдың атын ғана емес, ілімінің негізін де ұғынып өсті. Ол өзінің жазушылық шеберлігінің қалыптасу барысында кейіпкерлер бейнесін сомдауда, қоғамдық құбылыстардың қат-қабатын суреттеуде шет ел әдебиетіне ерекше ден қойып, оған шеберлік мектебі ретінде қарауының себебі де осында. Шәкәрім дүние жүзі, орыс классиктерінің таңдаулы деген шығармаларын ана тілінде сөйлете бастады. Шәкәрімнің өскен ортасында әбден сіңісті, үйреншікті боп кеткен дәстүр орыс әдебиеті еді. Соның ішінде ХІХ ғасырдағы Толстой, Достоевский, Тургенев, Пушкин, Лермонтов, Лесков іспетті классиктерді жанына жақын тұтты. Өзі де сондай биік шеберліктің сатысына көтерілген тұста да Пушкиннің романдарын қазақ тіліне аударды.

Қашанда халықтың эстетикалық ой-арманы жаңа биіктерге ұмтылады, беймәлім жайлардан сыр тартуға, жаңа қайнарлардың көзін ашуға талпынады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Шәкәрімнің шығармашылығы да соншалық бай қайнарлардан сусындаған, халықтың рухани ғұмырнамасындағы жауһар-жақұт қазыналардың асыл қасиеттеріне суарылған, дәстүрлік арналары бай мұраларымыздың бірінен саналады.

Көбіне көп бір ел мен екінші елдің әдебиеттері арасындағы байланыс аударма өнері арқылы жүзеге асады. Үндінің асыл мұрасы “Калила мен Димнадан” алынған мысалдар, әйгілі “Шаһнаманың” үзінділері, орыс ақыны А.Пушкиннің “Капитан қызы”, “Дубровский”, “Боран”, “Евгений Онегин”, М.Лермонтовтың “Қашқын”, “Үш терек” атты шығармалары, И.Крыловтың, В.Жуковскийдің, Л.Толстойдың түрлі туындылары аталған қаламгерлер арқылы қазақ ортасына жетті. Әрине, ол шығармалардың аударылу сапасы, аударманың әдеби-көркемдік жетістігі, әр аудармашының тәржімалау таланты біркелкі жоғары болды деп айта алмаймыз. Осы қатарда Шәкәрім ақынның шоқтығы биік тұрды. Шығармашылық сапардың мұндай соқпағына Шәкәрімді өзінің биік парасаты мен дариядай мол білімі алып келді.

Ол Шығыстың ұлы шайырларының бірі Қожа Хафиздің өмір философиясына суарылған сұлу жырларын, орыстың әйгілі сөз зергері Л.Толстойдың сырлы әңгімелерін, А.Пушкиннің “Дубровский” мен “Боранын”, Шығыстың “Ләйлі-Мәжнүнін”, американ жазушысы Гарриэт Бичер Стоудың “Том ағайдың балағаны” романын қазақ ортасына көркемдей жеткізді. Олардағы нәрлі сурет, өрнекті оқиғалардан туындайтын небір ғибратты ойларды сахара оқырмандарының жүрегіне рухани сусын етіп сіңірді.

Шәкәрімнің көркем аударма принциптері мен жүйесінің өзі үлкен рухани тәжірибе, тағылым, үлгі. Ол тәржімалаған қай шығарманы алсақ та, одан түпнұсқа

тілінен гөрі қазақ жұртының ұғымына жақындықтың иісі аңқып тұрады. Көп жағдайда қазақ өмірінен алынған оқиғалар жайындағы төлтума туындылар секілденіп кетеді. Шәкәрімнің он төртінші ғасырда ғұмыр кешкен парсы елінің әйгілі ақыны Хафизден тәржімалаған өлеңдерінің жалпы көлемі шамамен үш жүз жолға жуықтайды. Қазақ ақыны ең алдымен Хафиздің ғазалдарындағы көркем өрнектер мен терең ойды жете пайымдаған. Осынау екі ұлы ақынды осылайша жалғастырған күдіретті құбылыстың құпиясы бұдан әлдеқайда тереңде жатса керек деп ойлаймыз. Біздіңше, Шәкәрімнің Хафиз жырларын қазақша сөйлетуінің негізгі себебін екі ақынның өмірге, тіршіліктің сырларына, құдай жолына, адамның көңіл күйлеріне қатысты ішкі философияларының, ой-толғаныстарының үндестігінен іздеген жөн. Шәкәрім аударған Хафиз жырларының барлығы да тақырыптық жағынан бірімен-бірі сабақтасып жатыр. Олардың қайқайсысында да ақынның көңіл күйінің терең қатпарлары көрініс тапқан.

Шәкәрім Хафиз ғазалдарының өрнек-бояуын сақтай отырып, ұлы ақынның ойларын дәл жеткізуге тырысқан. Әрине, “... арақидік еркін кеткен жерлері де бар.”

Онда да ақын Шығыс ғазалының ой жүйесін, құрылымын бұзбайды. Жекелеген сөздерді қазақы ұғымға жақындата аударарды. Атап айтқанда, Хафиз жырларындағы “шейх” сөзінен гөрі Шәкәрімнің аударма нұсқасындағы “пір” сөзі қазақ жұртына жақынырақ екенін дәлелдеп жатуды қажет етпесе керек. Сондай-ақ, Меккедегі қағба тасын Шәкәрім “құбыла” ұғымымен, “шарап” дегенді “қымыз” сөзімен алмастырған. Шәкәрім Шығыс ақынының ғазалдарында түйінделген өмірлік философияны дәл жеткізе білген. Ол Хафиз жырларынан адам туралы, адамгершілік пен имандылық принциптері төңірегіндегі терең сырларды сүзіп алуға тырысады. «Егер сүйікті сол бала» деп басталатын Шәкәрімнің Хафизден алған аудармасы құрылысы, сыртқы, ішкі пішіні жағынан шалыс ұйқаспен жазылған қазақ өлеңінің санатына жатады. Небәрі отыз екі жолдан тұрады. Хафизде бұл өлең он сегіз жолдан құралған. Хафизде арнайы тақырып болмайды. Тақырыбы ғазалдың бірінші жолы боп саналады. Автор түпнұсқадағы орамдарды қазақы қалыпқа түсіріп, Хафиз ғазалының эстетикалық көркемдік сапасын сақтап, қазақша жатық баламалар жасайды. Сөйтіп, ол өз ғасырындағы қазақ тыңдарманы, оқырманы үшін түпнұсқаның өрнекті ерекшелігін қазақ ұғымымен үйлестіріп барып, таңдай тұщытатын тәржіма жасайды. Сөйтіп, қазақ қауымының ортасына лириканың жаңа түрін әкелді. Шығыстың, Еуропаның, орыстың поэзиясын жетік меңгерген Шәкәрім Хафиз ғазалының қазақ тіліндегі тың үлгісін сомдап кеткен. «Кел, аяқшы, қымыз күй» деп басталатын Шәкәрім тәржімасы Хафизде «Сақы, нұр шашқан шараптан күй» делінген. Парсы шайырының төрт жолы қазақ ақынында сегіз жолға айналып келеді. Аудармашы жолма-жол аударуды мақсат етпеген. Түпнұсқаны терең түсіне отырып, онымен тепе-тең жарыса келе, өзіндік өрнек жасаған. Егер атақты атамыз Хафиздың көлеңкесінде қалып қойса, мұншалықты дербес, жатық жыр шықпаған болар еді. «Кешегі басшы піріміз» аудармасы да Шәкәрімнің лирик, ойшыл екенін және бір танытып, дәлелдеп өтеді. Асыл нұсқадан тікелей тартқан аудармасы оның ірі талант иесі екендігін көрсетеді, ақыл парасатына жүгіндіреді. Шығыс мәдениетінің маржандарын тандап, талғап терген Шәкәрімнің осы тараптан тағы бір назар аударған дүниесі әйгілі “Ләйлә-Мәжнүн” хикаясы болды. Қолда бар деректерге қарағанда, Шәкәрімнің “Ләйлә Мәжнүн”

дастаны 1907 жылы дүниеге келген. Ақынның дастанда “Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған” деуіне қарағанда, Шәкәрімді Ләйлә мен Мәжнүн басындағы ғашықтық хикаясы, махаббат трагедиясы ғана емес, сол оқиғаны түрлі дәуірлерде бірін-бірі қайталай жырлаған әралуан ақындардың ішіндегі Физулидің көркем нұсқасы да ерекше қызықтырғанға ұқсайды. “Ләйлә-Мәжнүн” поэмасы алғаш рет жарыққа шыққаннан бастап-ақ ол Шәкәрімнің Физулиден аударған туындысы емес, көрнекті қазақ ақынының Шығыс шайырларымен өнер жарыстыра отырып жазған төл шығармасы ретінде бағаланды. Оның “Ләйлә-Мәжнүні” Шығыстың классикалық поэзиясындағы нәзира дәстүрінің қазақ топырағындағы үздік көрінісі болып табылады. Шәкәрім жырлаған "Ләйлә-Мәжнүн" ұлттық әдебиетіміздің көркемдік көкжиегін кеңейткен, ежелгі шығыс аңызын дала өміріне, қазақ халқының ұғымына барынша жақындатқан көрнекті туынды болды.

керек мәселелердің бірі болып табылады. Ақын туындыларына оның сол кездегі дәуірі айналасы мен қоғамдық құбылыстардың әсер етуі орынды. Зерттеуші Б.Кенжебаев Тұрмағамбет Ізтілеуұлы өмір сүрген уақыт туралы ХІХ ғасырдың ақырынан, әсіресе ХХ ғасырдың басынан қазақ арасында оқу-ағарту жұмысы артады,- деп тұжырымдайды[8;3]. Қоғам өзгерісі, жаңаша даму үрдісі қоғамдық ой-санаға әсерін тигізді. Ақындар білімге, өнерге өрістеп, жаңаша ұмтылуға үндеді. Сол кезден бастап ағартушылық бағыт пайда болды. Әдетте, ағартушылық әдеби бағыт өкілдерін үш топқа бөліп көрсететіні белгілі, олар мыналар: діни-ағартушылар, демократ-ағартушылар және ұлт-азатшыл бағыттағылар. [1;7]. ХХ ғасыр басындағы халық арасындағы оқу-ағарту жұмысы екі түрлі болады: оның бірі – мұсылманша оқу, екіншісі – орысша оқу еді. Біз айтып отырған Тұрмағамбет Ізтілеуұлының өлеңдері рубаилары, нақылдары көбінесе діни-ағартушылық сарында, сол бағытта жазылды. Ал соңғы сәтіне дейінгі кезеңінде жазылған өлеңдерінде демократтық көзқарас басым болып келеді. Сол кезде Ленинге, Қазан төңкерісіне арналған өлеңдері жазылды (Ленин-күн, Құтты болсын октябрьдің он жылы). Бастапқы кезде мектептегі балаларды оқыту ісмен айналысқан ақын біраз уақыттардан кейін басқа да қаламгерлер секілді мемлекеттік қызметпен де айналысады. Сондықтан, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы – екі жақты да қамтыған туындыларды шығарған. Бұл мәселе жайында ой өрбіткен Т.Кәкішев сынды ғалымның пікірмен келісеміз. Ол былай деп сөз қозғаған: демократшыл – ағартушылық бағыт пен діни-ағартушылық бағытты қоса отырып, екеуін ағартушы-азатшыл бағыт деп айтуды жөн санайды [1;44].

Тұрмағамбет ақын ағартушылықтың діни де, демократтық та бағытында да сонымен қоса азатшылдық тақырыпта да қалам ұстаған. Ағартушы ақын деп аталатын жандардың қатарынан саналатын Тұрмағамбет Ізтілеуұлы қазақ халқының мықты елдердің қатарына қосылуы үшін білімге ұмтылудың мол пайдасы тиерін түсініп, өлеңдерін халыққа түсінікті етіп жеткізе білді. ХХ ғасыр басындағы ақындар тобындағы ағартушылық сарынды дамытқан Тұрмағамбет Ізтілеуов шығармашылығында білім-ғылымды насихаттайтын өлеңдер молынан кездеседі. Мысалы, «Ұлдарым», «Шәкірттерге», «Абайды оқығанда», т.б өлең өнерінің өміршеңдігін үлгі болатын бірсыпыра өлеңдерде ақын мұрасының біршама бөлігін толықтай қамтиды. «Жөңдеймін деп бұзасындар», «Жырыңды жаз жөрмелеп», «Әр елдің бар бұлбұлы», «Сөз берсем», «Назым» сияқты жырлары сөзіміздің мысалы болары анық. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының білім-ғылым тақырыбына бағытталған өлеңінің бірі – Арқаның аруы не қозбайтұғын? деген сынды шығармасы бар.

Ақыл тон, аңдағанда тозбайтұғын,
Ғылым – кен, күнде өніп қозбайтұғын,
Иелік екеуіне еткендердің
Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын. [2;29]

Автор оқу-білімнің ізденіс, еңбек нәтижесінде көрінетіндігін айтып, жаңалыққа ілеспенген жалқау, надандарды кішкене бір-екі ауыз сөзбен сынай отырып, оларды көшке ермей қалған алыста қарап боздаған ботаға балайды. Ақын бұл жерде Ақыл тозбайтын тон, ғылым сарқылмайтын кен мақалын орынды қолдану арқылы инверсиялау негізінде бір сарынды дидактиканы үлгіөнеге етеді. Қазақ әдебиетінде ағартушылық идеяны биік дәрежеде ұстаған Абайдан соң өлең

әлеміне аяқ басқан жандардың көпшілігі ақынның поэзиясынан сусындап, айшықты сөз өрнегін үлгі тұтатыны белгілі. Осы себепті де ХХ ғасыр басындағы кез-келген ақынның шығармашылығы Абай поэзиясымен сабақтас болып келеді. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының өлеңдері тек оқу-ағарту тақырыбы тұрғысынан ғана емес, сөз өнерін биікке көтеру, діни сипатты жырлау, қазақтың мінез-құлқын ашып көрсету жағынан да ұлы ақын шығармашылығымен ұштасып келеді. Абай ақын айтқандай «Тіл өнері дертпен тең» деп, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы да сөз өнерін бағалы санап, жоғары бағалаған. Ақындық өнердің бастамасы деп танып, сөз қадірін ұғынуға шақырған. Абайды ұстаз санап, ұлы ақын сияқты халқына өлеңмен қызмет жасауды, соңына асыл сөз қалдыруды мақсат тұтқан Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Абай жинағы жарық көргеннен бір жылдан кейін, яғни 1910 жылы «Абай оқығанда» атты өлеңін жазып, ақын поэзиясының төменге түспейтіндігін сөз етеді. Сөз өнерінің қадір-қасиеті мен сынын арттыра жырлауда, Абай мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының ұқсас тұсы былайынша айқын көрінеді.

Артында атақты ердің қалса сөзі,
Өлді деп өкінбеймін анық өзі. [2,30]

Абай ақынның өлеңдерінің өмейтін асыл мұра екендігін айтарда үнемі оның:
Өлді деуге болама ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,- деген жыр жолдарын өзіне қарай бағыттасақ, осы сынды Тұрмағамбет Ізтілеуұлының да бастапқы екі тармағында айтылған ойға негізделіп, сонымен шектеліп қана қоймай, ақындар негізі ұқсастығының нақты сипаты болады. Абайды оқығанда деп айтылатын жыр діни толғаныстардан құралады. Ауызша өрбіген сөз өнері және бұрынғы түркі жазба ескерткішінен бастау алатын, жыраулық поэзияда кемелдене бастаған Абай ақынның туындыларындағы биік дәрежеге көтерілген дидактика, және оны жырлау дағдысы Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығының бір айғағы болып табылады.

Сыр елінде өмір сүрген атақты халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Х ғасырда өмір сүрген тәжік ақыны Әбілқасым Фирдаусидің әлемге белгілі «Шаһнамасын» аударғаны белгілі. Түркітану ғылымынң зерттеушісі, философ Ә.Қоңыратбаев өзінің «Шаһнама» жыры туралы ғылыми зерттеуінде «Шаһнама Х ғасырда өмір сүрген тәжік ақыны Әбілқасым Фирдаусидің эпостық жыры болған. Оның Шаһнамасы Мутакариб бойынша жазылған аңыздық тарихи жыр болып келеді. Жалпы 120 мың жолдан тұрады. Бәрі екі жолдық бәйіт ұйқасымен берілген. ХІХ ғасырда оны барлық жер жүзі қарай бастады. 1870 жылдары оны әуелі Ораз молда аударып көрді. «Рүстем-Зарап» деп аталатын бөлімін 1914 жылы М.Сералин «Айқап» журналында Жуковскийден аударды. Ақын Тұрмағамбеттің еркін аудармасы бұл мұраны тұңғыш рет қазақтың сюжетті қылды» [3;211] - деген ой білдірген. Ақынның одан басқа «Мәрді Діқан», «Данышпан қарт», «Рауа бану», «Әшкәбус», «Тұтқын қыз» деп аталатын дастандары дәстүрлі түрде жалғасын одан әрі тапты.

Халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылығындағы толғау, терме, мысал өлеңдері, хикая, қисса-дастандарының оқиғасы шығыстық тақырыптағы кейіпкерлер мен сюжеттер көп болып келеді. Ол мол мәдени мұраларды, әдеби қазыналарды араб халқының әлем классикасына жататын «Мың

бір түнді», үндінің «Тотынамасы», парсының «Шаһнамасын», Шығыстың жеті жұлдызы атанған Омар Хайям, Хожа Хафиздің сопылық лирикасымен, Шайхы Сағди мен Низамидің, Рудаки мен Физулидің, Жәми мен Биделдің жауһар жырларын, хикая, қисса-дастандарынан нәр алып, құмарта жүріп алатындай қорда етіп, өз бойына сіңіре білген ақын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тұрмағамбет Ізтілеуов. Таңдамалы шығармалар. А., «Жазушы», 1972 жыл. Құрастырып, баспаға әзірлеген Мардан Байділдаев.
2. Байділдаев М. «Шаһнама» қазақ топырағында // Білім және еңбек №7, 1962. – 272 б.
3. Жүсіпов Б. «Шаһнама» туралы шындық // Қазақ әдебиеті 15.12.2004ж. №51,52. – Б. 35-36.

ӘОЖ 347.963

АДАМНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ МӘНІ ПЕН ПӘНІ

Ерланова И.Е., Садықанова Ж.Е.

Ғылыми жетекші: Калиакперова Е.Н., з.ғ.д., профессор
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: zhan_na_sad@mail.ru

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1, 6, 83-баптарына сәйкес "Прокуратура мемлекет атынан Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асырады. Заңдылықтың кез келген заң бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға, өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды. Прокуратура сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңдармен белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады".

ҚР Конституциясының 3-бабының 4-тармағына сәйкес Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас. Ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Прокуратураға қатысты ережелер ҚР Конституциясының "Соттар және сот төрелігі" бөліміне енгізілген [1]. Бірақ, бұл жерде прокуратура соттармен қатар сот билігіне ие болады дегенді білдірмейді. Прокуратура органдарының міндеттері мен функцияларының сипаттамасы прокуратураны биліктің сот тармағына, сондай-ақ басқа атқарушы мен заң шығарушы тармақтарына жатпайтынына ешқандай күмән

келтірмейді. Прокуратура органдары биліктің үш тармағының әрқайсысымен функциональды байланысты болса да, ешқайсысына толығымен жатпайды. Мемлекеттік құрылымдағы прокуратураның мұндай өзіндік жағдайы билік тармақтарының қызметін теңестіруге және олардың оңтайлы іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мемлекеттік қызметтің жеке түрі ретінде прокурорлық қадағалаудың ерекшелігі туады.

Осы айтылғандардан диссертациялық зерттеу жұмысының мақсатын айқындаудағы маңызды бірнеше ережелер шығады.

Біріншіден, прокурорлық қадағалау - бұл прокуратурадан басқа мемлекеттік, қоғамдық, дербес немесе өзге ұйымдар, мекемелер немесе лауазымды адамдар жүзеге асыра алмайтын мемлекеттік қызметтің дербес, ерекше түрі.

Екіншіден, прокурорлық қадағалау Қазақстан Республикасының мемлекеті атынан жүзеге асырылады. Осы ережелердің маңыздылығы прокурордың қадағалауды іске асыра отырып, құқық бұзушылықтарды анықтау, оларды жоюға және жергілікті өзін-өзі басқару, атқарушы немесе сот биліктерінің жеке органдары атынан емес, олардың барлық жиынтығына сәйкес кінәлі адамдарды жазалауда шараларды қолдануы.

Үшіншіден, прокурорлық қадағалау - мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі. Оның басқа мемлекеттік қызмет түрлерінен өзгешелігі ҚР Конституциясының дәлме дәл сақталуын қадағалау, заң талаптарының орындалуын, өзге де құқықтық актілердің заңға сәйкес келуін және тек прокуратураға ғана берілген құралдардың көмегімен анықталған құқық бұзушылықтарды жоюға шаралар қабылдайтын іс-әрекеттердің ерекше мазмұнымен айқындалады.

Прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің басқа нысандарынан, ең алдымен, мемлекеттік функцияларды орындаудағы өзіне тән міндеттерімен де ерекшеленеді.

Мемлекеттік басқарудың жеке органдары мен сот органдарына жүктелген кейбір қадағалау міндеттері осы қызметтердің бір бөлігін ғана құрайды: мемлекеттік басқару органдары үшін - бұл атқару және бөлу қызметі; сот органдары үшін - сот әділдігі. Прокурорлық биліктің мемлекеттік басқару билік органдарынан және әділ соттан ерекшелендіретін өзінің өзгешелігі бар. Прокуратурада қадағалауды іске асыру кезінде, заңда аталғандарды қоспағанда, басқа органдардың шешімдерін өзінің шешімдерімен ауыстырмайды, құқық бұзушыларға жазалау шараларын қолданбайды, керісінше құзыретті органдардың, лауазымды адамдардың, ұйымдардың заң бұзушылықты жоюын талап етеді. Атап айтқанда, прокурорлық шара қолдану жолымен мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың қызметіне бақылау жасамай, олардың әкімшілік қызметіне араласпай заң бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қолданады. Заңдардың және жарлықтардың дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалаудың субъектісі Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты прокурорлар болып табылады.

Осыған байланысты, прокурорлық қадағалауды заң бұзушылықтарды анықтау және жою үшін шаралар қолдану, кінәлі адамдарды жауапқа тарту, қылмыстық қудалауды іске асыру жолымен заңдардың дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды іске асыруды қамтамасыз ететін арнаулы

өкілетті адамдардың - прокурорлардың қызметтері мемлекет атынан іске асырылатын мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде сипаттауға болады.

ҚР Конституциясының 83-бабының 2-тармағына сәйкес Республика прокуратурасы төменгі тұрған прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Қазақстан Республикасының Президенті прокуратураға қатысы бойынша жоғарғы мемлекеттік саты болып табылады.

«Президент туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13-бабына сәйкес Президент Парламент Сенатының келісімімен Бас Прокурорды бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды және қызметтен босатады [32].

Осы аталған Конституциялық заңның 19-бабына сәйкес Президент прокуратура органдарының қызметкерлеріне сыныптық шендер береді. Осыған байланысты Республикасының Президенті прокуратура органдарын тікелей қалыптастырады және олардың қызметтеріне бақылау жасайды.

Прокурорлық қадағалау Республиканың барлық аумақтарында және үкіметке, барлық министрліктер мен ведомстволарға, оларға бағынышты мекемелерге, барлық кәсіпорындарға, меншік нысанына қарамастан атқарушы органдарына және лауазымды адамдарға, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен Республиканың азаматтарына, шетелдіктерге азаматтығы жоқ адамдар мен қатысты әрекет етеді.

Заңдармен белгіленген тәртіп пен негізде енгізілген прокурорлық қадағалау актілері барлық органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тиісті.

Прокурорлық қадағалаудың маңыздылығы ол мемлекет атынан жүзеге асырылады, жергілікті органдарға тәуелсіз, тек Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына ғана бағынышты. Прокурорлық қадағалау Республиканың барлық аумақтарында және үкіметке, барлық министрліктер мен ведомстволарға, оларға бағынышты мекемелерге, кәсіпорындарға, атқару және бөлу органдарына, сондай-ақ қоғамдық ұйымдарға, лауазымды адамдарға және азаматтарға қатысты әрекет етеді.

Прокурорлар жоғары аталған субъектілердің заңдарды бірыңғай орындауын бақылауға және айқындалған заң бұзушылықтарды жоюға тиіс.

Заңда белгіленген тәртіппен және негізде енгізілген прокурорлық қадағалау актілері барлық органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдарға және азаматтарға міндетті.

Прокурорлық қадағалаудың мәні, сондай-ақ біздің қоғамдағы құқықтың ролімен анықталады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы 11 қазандағы «Қазақстан-2030. Өркендеу, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың әлауатын жақсарту» Қазақстан халқына жолдаған жолдауында "Қазақстандағы мемлекеттік құрылыстың болашағы тікелей қазіргі кезеңде шешілетін әлеуметтік-экономикалық міндеттерге тікелей байланысты" [33] деп көрсетілген.

Сонымен, прокурорлық қадағалау мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Президентінің бақылауында іске асырылады, жергілікті органдардан тәуелсіз, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына ғана бағынышты. Прокурорлық қадағалау мемлекеттік барлық аумақтарында және барлық министрліктерге және ведомстволарға, оларға бағынышты мекемелер мен кәсіпорындарға, атқару және

бөлу органдарына, қоғамдық ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға қатысты әрекет етеді.

Осы әлеуметтік рөлді атқару құқығы көп жағдайда заңның дәл орындалуына байланысты. Заңды іс жүзінде қамтамасыз ету заңдардың қолданылуына және оны бұзғаны немесе орындамағаны үшін жазаға тартуда қатаң қадағалауды іске асыруға байланысты. Осыған орай, прокуратура тәрізді орган құру қоғам мен мемлекетті дамытудағы құқық пен заңдылықтың әлеуметтік рөліне қатысты объективті қажеттілік болып табылады.

Осыған сәйкес, прокурорлық қадағалау - бұл тек кез келген қол сұғушылық пен заңсыздыққа қарсы ғана емес, сондай-ақ құқықты қамтамасыз ететін қатынасқа қарсы әрекеттің мықты және сенімді кепілі. Құқықтық мемлекет құрудағы заңдарды қолдануды жоғары қадағалау болып табылады.

Прокурорлық қадағалаудың мақсаты мен міндеттері «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес анықталады. Оның мақсаты Конституция мен заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау болып табылады [4].

Прокурорлық қадағалаудың мақсаты мен міндеттері өзара тығыз байланысты. Прокурорлық қадағалаудың мақсаты деп, тұтас алғанда, прокуратураның барлық қызметтері бағытталған жетістіктерінің нәтижесі, соның ішінде оның маңызды функциясы прокурорлық қадағалау болып түсіндіріледі. Прокурорлық қадағалаудың мақсаты прокуратураның мәртебесі мен мемлекеттегі оның алатын орны және рөлімен анықталады. Нәтижесінде, олар ҚР Конституциясымен, «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық заңымен, ҚР прокуратура органдарының қызметтерін реттейтін басқа заң актілерімен анықталады.

Прокурорлық қадағалаудың міндеттері өте көп және бір-бірінен деңгейі, мазмұны, шешімдерінің құралдары, осы міндеттерді шешетін және алға қоятын прокуратура органдарының күзіреті бойынша бөлінеді.

Прокурорлық қадағалаудың міндеттері үш түрге бөлінуі мүмкін: жалпы, арнаулы және жеке (нақты).

Аталған міндеттер бір-бірімен өзара байланысты және әр деңгейде. Жеке міндеттерді шешу (ең төменгі деңгей) прокурорлық қадағалаудың арнаулы міндеттерін шешуге себепші болады. Өз кезегінде арнаулы міндеттерді ойдағыдай шешу прокурорлық қадағалау міндеттерінің ең жоғары деңгейі жалпы шешімдерге бағынышты.

Прокурорлық қадағалаудың жалпы міндеттері ҚР Конституциясымен, Прокуратура туралы ҚР Конституциялық заңымен, басқа да нормативтік құқықтық актілермен, айталық, ҚР Қылмыстық-процестік кодексімен, ҚР Азаматтық-процестік кодексімен айқындалады.

Прокурорлық қадағалаудың жалпы міндеттері жоғары қадағалауды іске асырудан тұрады және оларға мыналар жатады:

- республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын қадағалау;

- жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің заңдылығын қадағалау; кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау жою жөнінде шаралар қолдану;
- әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығын қадағалау;
- республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар өзге де құқықтық актілерге наразылық жасау;
- сотта мемлекеттің мүддесін білдіру және сот актілерінің заңдылығын қадағалауды іске асыру;
- заңда белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;
- мемлекеттік құқықтық статистика құру және құқықтық статистика саласында қадағалауды іске асыру.

Прокуратураның қадағалау функцияларын орындайтын әрбір прокурор жалпы міндеттерді шешеді. Прокурорлық қадағалаудың орындалуына қадағалауды жүзеге асыратын заңдардың мазмұнымен ерекшеленетін бірнеше бағыттардан тұрады. Осыған сәйкес, прокурордың алдында толығымен тұрған жалпы міндеттер осы бағыттардың әрқайсысының да міндеттері болып табылады. Жалпы міндеттер толығымен тек прокурорлық қадағалау қызметінде ғана шешілуі мүмкін. Прокурорлық қадағалаудың әрбір біртұтас бағыты (саласы) жалпы міндеттерді шешу кезінде өз үлестерін қосады. Осы үлестің көлемі мен мазмұны прокурорлық қадағалаудың нақты бағыттарының (салалармен) алдында тұрған арнаулы міндеттерімен анықталады. Олардың мәні жалпы міндеттерден шығады және әрбір прокурорлық қадағалау бағыттарындағы прокурорлардың құзіретімен анықталады.

Арнаулы міндеттер көбінесе Бас прокурордың шығарған бұйрықтарымен және өзге де құқықтық актілермен реттеледі.

Көбінесе, бұл міндеттер тергеу және анықтауды қадағалау саласында ҚР Бас Прокурорының 2001 жылғы 19 шілдедегі № 88 «Прокурорлық қадағалау» деп аталатын саласында «алдың ала тергеу және анықтау заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» бұйрығында анықталған.

Прокурорлық қадағалаудың жалпы және арнаулы міндеттерін шешу кезінде прокурор прокурорлық қадағалаудың белгілі жеке міндеттерін қоя отырып, оларды шешу барысында прокурорлық қадағалаудың құқықтық құралдарын қабылдау жолымен іске асырылады. Бұл міндеттер ғылымда прокурорлық қадағалаудың жалпы және арнаулы міндеттері болып бөлінеді. Жеке міндеттер прокурорлық қадағалаудың бағыттарына (салаларға), қолданатын прокурорлық құралдарға, прокурордың қадағалау қызметін іске асыратын нақты жағдайларына қарай ерекшеленеді.

Әдетте, жеке және нақты міндеттер Бас прокуратураның, облыстық және аудандық деңгейіндегі прокуратуралардың жұмыс жоспарларында белгіленеді.

Прокурорлардың өз міндеттерін орындау заңмен берілген құқықтарды іске асыру жолымен жүргізіледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (1998 жылғы 7 қазандағы, 2022 жылы 5 маусымда өзгерістер мен толықтырулар

енгізілген) // «Заң» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі. - Астана.-2023.

2. ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алулар комитеті // Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми сайты. - қол жетімді режим. pravstat.prokuror.kz. - Астана. - 2014.

3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы //Егемен Қазақстан. -Астана. -2014. -18 қаңтар. -№11 (28 235).

4. 2022 жылғы 5 қарашадағы «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық заңы// «Заң» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі. - Астана.-2023.

5. "Құқық қорғау жүйесін одан әрі реформалау шаралары туралы" 1997 жылғы 22 сәуірдегі Президент Жарлығы // «Заң» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі. - Астана.-2014.

6. 1998 жылғы 30 шілдедегі "Атқару өндірісі және сот атқарушылардың мәртебесі туралы" ҚР Заңы.

7. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексі // «Заң» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі. - Астана.-2014.

ӘОЖ 37

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбіш Марина

Ғылыми жетекші: Кашей Ардак, педагогика ғылымдарының магистрі

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті»

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: ardak.kashei@mail.ru

Бүгінде балаларды тәрбиелеудің, оларға дүние танытудың алуан жолдары бар. Бұл реттен мектепте музыка өнері мен көркем әдебиеттің бірігуі, олардан шыққан туындылар- басты құрал болып табылады. Көркем әдебиет пен музыканың мәні мен құнын арттыратын ең қолайлы нәрсе- мектеп сахнасы екені даусыз, яғни балалар көркем әдебиеттен көркемдікті, тілді, ой- сана мәліметтерін үйренетін болса, ал музыка саласынан әсемдікті, өнер атты әлемнің құпияларын, оның адам санасына әсерінің қандай екенін біледі. Мектептегі көркем әдебиет пен музыка саласымен тығыз байланыста өткізілетін тәрбие шараларының кең таралған формасы түрлі тақырыптарда өткізілетін кештер, кездесулер, ойын сауықтар болып табылады. Бұл істерді сыныптан тыс сабақ уақытында тақырыппен байланыстыра жүргізіледі. Халқымыздың ұлы перзенті Абайдың “Артыңа із қалдырғың келсе, кейінгі ұрпаққа білім нұрын сеп, білімге тәрбиелеу, болашағымызды өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын” деген өсиеті де болашақ ұрпақты өнер білім арқылы тәрбиелудің қажеттігі мен маңыздылығын дәлелдейді. Бүгінгі оқушы, тәрбиеленуші- ертеңгі дүние тұтқасын ұстап, халық мәдениетін көтеретін азамат.

Ұстаздықтың, соның ішінде музыка мұғалімі қызметінің қиындығы да осында. Мектептегі музыка мұғалімі өз сабағында білім беруші, білікті маман ғана емес, музыкалық- тағылымдық жұмыстарды жүргізуші Мерекелік кештер мен концерттерді, түрлі кештерді үйірмелерді ұйымдастырушы.

Оқушылардың өткізілетін әрбір тақырыптық, өнертанымдық кештерді әзірлеу барысында балалар өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілетін танытуға мүмкіндік алады. Өнерпаздық қабілеттері ұшталып, арман қиялдарына қанат бітеді. Сондықтан жалпы білім беретін қазақ мектептерінде оқушыларды дәстүрімен, өнер атты әлемнің шоқтығы биік жұлдыздары шығармашылығымен таныстыру, олардың ой- пікірін оқу тәрбие ісінің тірегін айналдыру- бүгінгі күннің өзекті мәселесі деуімізге әбден болады.

Сыныптан тыс шаралардың тәрбиелік қызметі- дара және қоғамдық қажеттіліктердің байланысы негізінде базалы (мектептік) дайындық пен мектептен тыс сабақтар арасындағы сабақтастықты; тұлғаны тәрбиелеуде әр түрлі жақтардың арасындағы және тәрбиенің кешенді тәсілдеріндегі өзара байланыс, үйлестілікті, білім мен тәжірибелік әрекеттерді меңгеру процесінде оқушылардың музыкаға деген белсенділігі мен шығармашылығы, дербестігі және педагогикалық ықпалының өзара байланысын; тәрбиеленушілерге дифференциалды жолы мен балалардың жасы мен тәжірибесін есептеумен уақытша әр жастағы ұжымның, балалардың мұқтаждықтарын педагогтардың мүмкіншіліктерін ашу болып табылады.

Алайда мектептердің іс- тәжірибесінде оқушылармен сыныптан тыс уақытта жұмыс жүргізу жүйесінде музыка мәдениетіндегі рухани дәрежесі мен тәрбие деңгейін қалыптастыру негізінде жүргізілетін жұмыстарда кемшіліктер мен қайшылықтар да жоқ деп айта алмаймыз. Атап айтсақ, мектеп педагогикасында ғасырлар бойы ерекшелініп, өмір сынынан өтіп, келер халықтық ұрпақ тәрбиесіндегі жинақталған тағылымы, тәлім- тәрбиесі мен салт- дәстүрінің озық үлгілерін пайдаланбау- жастар арасында өрескел мінез- құлықтың етек алып, тәрбиелік мәні, мағынасы таяз жат рухани кедейшілікке әкеп соқты. Халқымыздың ауыз екі әдебиетінде, халық ән- күйінде, толғау термелерінде қаншама педагогикалық мәдениет бола тұра, оны тәрбие мәселесіне дұрыс қолдана алмағандықтан ар- ожданымызға, инабат- ізетіміздің таяздап бара жатқанын енді ғана аңғардық.

Сондықтан өскелең ұрпаққа музыкалық тәрбие берудегі біздің алдымыздағы ең басты міндет- оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай толық, өнер шығармалырының, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру. Осы мақсатта әрбір оқу пәнінің, әсіресе, зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиет, музыка өнерінің эстетикалық мүмкіндіктерін жақсы пайдалану қажет.

Музыкалық тағылым мен эстетикалық тәлім- тәрбие беру жөнінде көптеген айтарлықтай тәжірибе жинақталды. Осы мәселе жөнінде оның түрлері, ұйымдастыру әдістері О.А.Апраскина, Л.Арчажникова, Е.Я.Гембицкая, Д.В.Кабалевский еңбектерінде және басқалардың зерттеулеріне көрініс тапты.

Бүгінгі таңда оқушылардың тыс шараларды жүргізуде музыкалық- эстетикалық тәрбие мәселесі Қазақстан ғылым педагогтары А.Нұғманова,

М.Момынов, С.Ұзақбаев, Ж.Өтемісов,М.Балтабаев т.б еңбектеріне елеулі орын алған.

Ал мектеп сахнасына арналған тәрбие жұмыстарының әртүрлі формаларын өз еңбектерінде көрсетіп, әр түрлі тақырыптарда, кештерге, мерекелерге және сынып сағаттарына сценарийлер жазып жинақтаған көптеген ақын жазушыларымызды атауға болады. Солардың ішінде Ә.Табылдиев, оның “Тәрбие очерктері”, “Көңілді кештер” атты еңбектерін, Т.Боранғалиевтың “Мектеп кеші көңілді”, Б.Ысқақовтың “Әлімнің әлегі”, Қ.Боқаевтың “Өнерлі өрге жүзер” т.б. жинақтарын айта кетуге болады.

Іс әрекетті ұйымдастыру әдістері- оқушылардың күнделікті пайдалы іс-әрекеттері (оқу- тәрбие, спорт, ойын, еңбек, көркемөнер, жарыс ұйымдастыру т.б.) тәжірибеде іскер асырылады. Олар– үйрету, жаттығу, машықтану (ситуация тудыру, жол беру, кешірім сұрау,мәдениетті қарым –қатынас, тапсырманы орындау, уәдеге тұру т.б) Музыка маманының оқушыларды сыныптан тыс жұмыстарды жүзеге асыру барысында ұйымдастыру әдістері үлкен қажеттілікі талап етеді.

Іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері- оқушылардың оларға берілген белгілі әрекеттерді орындаудың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру мақсатында пайдаланылады. Адамгершілік нормалары мен ережелері қалай талап етсе, күнделікті өмірде дәл солай істеуге жағдай жасап мәжбүр ету, жүйелі дағдыландыру, жаттықтыру, керекті мінез- құлықты тәжірибеде қайталау, бекіту арқылы бірте-бірте әдетке айналдыру.

Мадақтау мен жазалау әдістері- бұлар әділ болса, оқушылардың сезіміне күшті әсер етеді.Мақтау – ауызша, жазбаша (алғыс, сыйлық кітап т.б.), мақтау грамотасы, оқудағы үздік табыстары мен үлгілі тәртібі үшін алтын, күміс,медальмен наградтау) т.б. болады.Мадақтау әдісі музыка сабағындағы сыныптан тыс шараларда жазалау әдістерінен көрі көбірек пайдаланылады.Қандай да бір мәдени іс-шара жұмыстарының қорытындысында өнерлі,өз ісін жоғары деңгейде көрсеткен оқушылар мадақталып отырады.

Мадақтау әдісі- оқудағы тәртіптілігі, жарыстағы (спорттағы, еңбектегі, көркемөнердегі) табысы үшін қолданылады.

Жазалау әдісі- қойған талапты, берген тапсырманы орындамағаны, тәртіп бұзғаны үшін қолданылады.Олар: ескерту, сөгу,мінеп-сынау, кіналау, айыптау, жиналысқа салу,сөгіс жариялау, педагогикалық кеңеске салу немесе сабақтан соң қалдыру,сынған мүлікті жөндету, орнына келтірту т.б.

*Жазалау әдісі-*тән азабын шектіру емес, санаға әсер ету мақсатын көздейді.Сондықтан әділ, орынды, жеке ерекшелігі ескеріле қолданылса ғана нәтижелі болады. Жаза жеке оқушыға да, топқа да қолданылуы мүмкін, тым жеңіл, тым ауыр жаза ықпалды әсер етпейді. Жазалау- негізгі емес, қосымша, көмекші әдіс болып табылады.

Ынталандыру әдісі — мақұлдау, мінеп – сынау, кіналау, көтермелеу, мінез-құлқына баға беру арқылы іске асырылады.Ынталандыру мадақтау - әдісімен тығыз байланысты. Жастардың жақсы іс- әрекетін мақұлдау, кемшілігін мінеп-сынау, мінез-құлық тәртібіне қойылатын талаптарды терең меңгеруге үйретеді.

Мұнда “Адамға барынша талап қою және барынша құрметтеу” сияқты педагогиканың принципіне сүйенеді.

Мақұлдау - мінеп-сынау оқушылардың жақсы іс істесем деген тілегіне туындайды да, бірте-бірте мінез-құлық тәртібіне ауысуына жалғасады.

Мақұлдау әдісінің ең қарапайым түрі оқушы іс-әрекетінің дұрыстығын қолдау. Ол жеке сипатта және ұжымдық сипатта болады. Оқушыларды тәрбиелеуде сынып жетекшісінің мақұлдауы, көтермелеуі, бағалауы үлкен роль атқарады. Мақұлдаудың тәрбиелік күші- тек бір оқушыға ғана емес белгілі топтағылардың барлығына әсер етіп, іс-әрекетке жұмылдырады.

Мақұлдауды қолданғанда оқушының жеке ерекшелігін ескерген жөн. Мысалы өз күшіне сенбейтіндерге мақұлдау дер кезінде айтылуы керек. Егер музыка пәні мұғалімі кешігіп қалса, мұндай оқушылардың өзіне сенімсіздігі оның күшін тежейді, тапсырманы орындағыны келмейді, оның себебі, тыңдамаушылық емес, өз күшіне сенбеушілік. Орындай алмай, ескерту алудан жасқанушылық. Мақұлдау істелген іс-әрекеттің қорытындысынан асып кетпей әділ болып, талап қоюмен, баланың жеке басының мүмкіншілігін ескерумен, құрметтеумен қарап жүріп отырғаны жөн.

Кіналау- ықпалды әдіс. Бірақ ол әділ болмаса, оқушыға қайғы-қасірет шектіреді. Бұл да мақұлдау сияқты дер кезінде қолданылса, нашар әрекеттен аулақ болуға ынталандырады. Кіналаудың түрлері – ескерту, сақтандыру, сөгу.

Ескерту - жасау кемшілікті оңай жөндеуге болатын кезде қолданылады. Ал жиі қолданылса, тәрбиелік мәнін, ықпал күшін жояды. Егер оқушы қойылған талапты біле тұрып, оны екінші рет бұзса, ескертумен қатар сақтандыру әдісі қолданылады. Қорқыту арқылы емес, ережені орындауын талап ету арқылы өтеді.

Сөгу - кіналаудың күшті түрі. Сөгу өтірік, ұрлық, дөрекілік, тәртіп ережелелрін орындаудан бас тартушылық кезінде қолданылады (жеке немесе ұжым алдында). Кейде сөгіс әңгімемен жалғасады, онда тәрбиелік әсері күшті болады. Егер оқушы дөрекілігін қайталай берсе, сынып жетекшісінің талабына бағынбаса, еріксіз көндіру, күштеу әдісі қолданылады. Бұл - тәрбие әдісі және жазалаудың түрі. Жазалау ретінде ешуақытта баланы жұмыстан, сабақтан, тамақтан шектеуге болмайды, еңбек процесінің өзінің ұйымдастырушылық, тәрбиелік ықпалының күшті екенін ескеру жөн. Тәрбие практикасында бұл сан түрлі әдістер бірімен бірі байланыстырылып, қиылыстырылып, үйлестіріліп, алмастырылып қолданылады., бұлай қолдану оқушыға әсер етудің ең маңызды шарты. Осы тәрбиелеу әдістерінің барлық түрлері музыка сабағындағы сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілу барысында қолданылады.

Тәрбие ісі сан түрлі формада ұйымдастырылуы мүмкін. Тәрбиенің ұйымдастыру формасы дегеніміз- тәрбие процесін ұйымдастыру түрлері. Тәрбие процесін ұйымдастыру формасы кең мағынада және тар мағынада түсініледі. Кең мағынадағы тәрбие жұмысының формасы тәрбие жұмысының тұтас ұйымдастырылуымен сипатталады: оқыту процесінде тәрбиелеу, сыныптан, мектептен тыс жұмыстарда тәрбиелеу, отбасында тәрбиелеу формасы түгел қамтылады. Тәрбие процесінде сынып оқушылары түгел қатысуы, қатыспауы, түгел ұйымдастырылуы, топпен және жеке ұйымдастырылуы ғылыми негізде, педагогикалық әдебиеттерде қалыптасқан және кең тараған. Соңғы жылдары

тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа формалары көрініс тапты: әр түрлі клубтар, ғылыми қоғамдар, мәдениет университеті, мектептегі көркем - өнер театры, кино студиялар, алқалы жиындар т.б жарыстар (“Ал, қанеки қыздар!”, “Өнерпаздар жарысы”, “Алтын сақа”, “Мамандықты қорғау”, “Ән жарысы” т.б.).

Тәрбие сияқты күрделі процесте бір формамен шектеліп, қанағаттануға болмайды немесе кез келген өмірдегі жағдайға байланысты тәрбиенің жаңа формасын қолдана беруге де болмайды. Қандай жаңа болса да, дайын бір ғана тәрбие формасы арқылы жас ұрпақты баулудың барлық мәселелерін шешуі мүмкін емес, сондықтан аталған тәрбие формалары үнемі бір-бірімен алмастырылып, кезектесіп ұйымдастырылады.

Еліміздегі көптеген мамандық иелерінің жеке тұлғасының “Сегіз қырлы, бір сырлы” дамуы алдымен сабақ процесінде (Әр түрлі пәндерді оқу үстінде) іске асса, ал сыныптан тыс кездерде тәлім- тәрбиенің өзге формалары қолдану арқылы түрлене түседі.

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының тиімді ұйымдастырылуының шарттары:

- Тәрбиенің барлық бағыттары бойынша жүргізілетін жұмыстар бірімен - бірі тығыз байланысты, кешенді тұрғыда, бірін-бірі толықтыра, бірізді, жүйелі жүргізілуі тиіс.

- Адамды тәрбиелеу үшін оны жан-жақты түгел зерттеп, психофизиологиялық дамуын, мінез-құлқын, қажетін, мүмкіндігін біліп, оған жеке-дара келгенде ғана табысқа жетуге болады.

- Тәрбие шараларын белгілегенде жеке ерекшеліктерін түгел тескеріп, тәрбие әдістерін таңдау қажет.

- Жеке адамға ықпал ету әдістерін таңдағанда оның бойында қалыптасып қалған тәрбиесін ескерген дұрыс.

Осы аталған тәрбие шарттары мен принциптерін ескеру, тәрбие әдістері мен формаларын дұрыс таңдау сынып тыс жұмысының нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Сонымен жалпы білім беретін мектептердегі сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстың негізгі формалары төмендегіше болады:

- Оқу жұмысы - оқу бағдарламасын орындау үстінде іске асырылады.

- Идеялық - құқықтық тәрбие - бүгінгі таңдағы ішкі, сыртқы экономикалық әлеуметтік мәселелер, қоғамдық құрылыстың онан әрі дамуы туралы, қазіргі кездегі халықаралық қозғалыстар туралы, шетелдердегі жағдайлар туралы оқушылардың терең оқып, үйренуін қамтамасыз ету.

- Көпшілік жұмыстары, лекторилер, конференциялар, мәдени және өнер тарландарымен, жазушылармен, өнер қайраткерлерімен кездесу, сұрақ-жауап кештері, диспуттар, тақырыптық кинофильмдер, спектакльдер көру, талдау, жинау.

- Клубтық үйірме жұмыстары (көркемөнерпаздар, үйірмелері, спорт секциялары, спорт клубтары, педагогика, психология, әдеби-драмалық үйірме жұмыстары).

- Жеке жұмыстар.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысының негізгі өзегі, әрине сапалы білім, дағдыны меңгерту, өнерге деген, музыкаға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру,

қандай да бір жүргізілетін мәдени іс-шара жұмыстарына күштарлығын арттыру. Өйткені оқушылардың эстетикалық тәрбиені қалыптастырудың көзі-осылар. Жалпы білім беру оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарының аталған формалары мен әдістерін жүзеге асыратын басты тұлға- музыка пәні мұғалімі.

Музыка пәні мұғалімі тәрбие жұмысының әсерлі әдістерін қолдана отырып, ықпал еткенде әрбірі оқушының саналылығын көтеру, жауапкершілігін арттыру проблемасын негізгі мәселе етіп қоюы керек.

Музыка пәні мұғалімі 1-сыныптан бастап оқушыларға үздіксіз басшылық жасап, лайықты талап қойып, оның орындалуын бақылап, өзара көмек ұйымдастырады. Ол мезгіл-мезгіл оқу үлгерімінің қорытындысын шығарып, оны топта қарап, алдағы күннің міндеттерін белгілейді.

Музыка пәні мұғалімі тәрбие жұмысының әсерлі әдістерін қолдана отырып, ықпал еткенде әрбір оқушының саналылығын көтеру, жауапкершілігін арттыру проблемасын негізгі мәселе етіп қоюы керек. Мамандығына бағыттау, қызықтыру жүйелі түрде іске асырылып отырса, оның тиімділігі айқын. Тәрбие жұмысында музыка пәні мұғалімі үйірме, саяси хабар, кездесу, экскурсия, диспут, психологиялық апталықтар өткізудің мәні зор. Бұл жұмыстарда қосымша әдебиеттермен, зерттеу жұмысының элементтерімен танысады, практикалық іскерлігі мен дағдысын тереңдете түседі.

Музыка пәні мұғалімі апта сайын топтағы оқушылардың түрлі педагогикалық шаралар өткізеді. Педагогикалық журналдарды талқылап, ата-аналармен әңгімелер жүргізеді. Саяси хабар - тәрбие жұмысының ең көп тараған формасы. Оның екі түрі бар: шолу және тақырыптық мәдени- саяси хабар. Шолу хабары еліміздегі мәнді оқиғаларды, шет ел жаңалақтары, еліміздегі елеулі жұмыстарын қамтиды. Тақырыптық саяси хабар күнтізбедегі атаулы күндерге, меркелерге, оқиғаларға арналады. Дайындық кездерінде мерзімді басылымдарды пайдаланған жөн. Дүниедегі еліміздегі болып жатқан жағдайлармен таныс болып, оны түсінуге, бағлауға мүмкіндік береді. Тақырыпты айқындау, материалдарды дұрыс жинау, түсінікті, сенімді етіп айтып беру оқушылардың санасына із қалдырып, отаншылдық, достық сезімін тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кішібеков Д, Сыдықов Ү. Философия. А., 1994, 202 б 1991, 117 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экология және табиғат қорғау. А., 2002, 321 б 13.
3. Скалон В.Н. Формирование экологической культуры младших школьников во внеучебной деятельности): автореф. дисс... канд. пед. наук.: 13.00.01. - Саратов, 2001. - 190 с.
4. Захлебный А.Н. На экологической тропе: Опыт экологического воспитания. - М.: Знание, 1986. - 80 с.
5. Омар Е.О. Қазақстандағы мектептен тыс мекемелердің қалыптасуы мен дамуы (1917-1990жж): дис... докт. пед. наук: 3.00.01.-Алматы, 2002. 215б.
6. Мектептен тыс ұйымдар туралы ереже. - Алматы, 2002.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Әбубәкір М.Н.

Ғылыми жетекші: Раимбеков Ж.С., э.ғ.д., профессор
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: marlen_abubakir@mail.ru

Мақалада Қазақстанның экономикалық өмірінде қолдану мүмкіндігі мақсатында Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік ынталандырудың және қолдаудың шетелдік тәжірибесін пайдалану жолдарын іздеу мәселелері қарастырылады. Қазіргі уақытта біздің еліміз үшін нарықтық экономикасы бар елдердің шетелдік тәжірибесін терең зерттеу және талдау маңызды рөл атқарады. Шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсететін мемлекеттік мекемелер мен билік органдарының барлық деңгейлеріндегі байланыстардың кеңеюі шет елдердегі шағын кәсіпорындарға қалай қолдау көрсетілетіні, ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпорындардың үлесін арттыру үшін қандай шаралар қолдану керектігі, сондай-ақ шағын және орта кәсіпорындардың қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қосқан үлесі туралы түсініктерді едәуір кеңейтті.

Түйін сөздер: шағын және орта кәсіпкерлік, шағын бизнесті ынталандырудың мемлекеттік жүйесі, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау, шағын бизнесті несиелендіру.

Шағын және орта бизнес (ШОБ) қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының, орта таптың қалыптасуының негізі болып табылады. Әлемнің дамыған елдерінде шағын және орта бизнестің үлесі жоғары. Бұл елдердің көпшілігінде ол жалпы ішкі өнімнің 50% - дан асады [1]. Айта кету керек, бұл елдердегі шағын және орта бизнес инновациялық технологиялар саласында ерекше белсенділік танытады, көбінесе серпінді технологиялар саласындағы ізашар болып табылады.

Шетелде бизнестің дамуы жылдам қарқынмен жүруде, өйткені ұлттық билік шағын бизнеске үлкен мән береді және оларға федералды қолдау көрсетеді. Дамыған елдердегі шағын бизнес қазіргі уақытта экономиканың тұрақты дамуына негіз болатын орта тап болып табылады.

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті (ШОБ) дамыту бағдарламалары мен мемлекеттік қолдау нысандарын әзірлеу мен іске асыруда шет елдердің нарықтық экономикамен тәжірибесін терең зерделеу мен талдау маңызды рөл атқарады.

Еуропадағы шағын бизнес ЕО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізін құрайды. Еуропалық Одақта жалпы айналым мен қосымша құнның жартысынан көбін беретін 23 миллионнан астам шағын және орта бизнес кәсіпорындары бар. Еуропаның шағын бизнесінде жұмыспен қамтылған халық саны шамамен 70% құрайды, жалпы айналымның 57% және қосылған құнның 53% береді. Америка Құрама Штаттарында 20 миллионнан астам фирма жұмыс істейді (Ауыл шаруашылығы құрылымдарын есепке алмағанда деректер). Шамамен 5

миллион фирма – Еуропалық одаққа кірмейтін мемлекеттерде – Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Азия (Жапониясыз), Таяу Шығыс және Африка, Қытайда 4,3 миллионнан астам шағын және орта кәсіпорындар және 27,9 миллион жеке кәсіпорындар бар, оларда қала халқының жұмыспен қамтылғандардың 75 пайыздан астамы жұмыс істейді. Бұл елдегі жалпы кәсіпорындардың 99% құрады, бұл ЖІӨ-нің 60% құрайды [1].

Кесте 1- Шағын кәсіпкерлік рөлінің негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	АҚШ	Жапония	Германия	Ұлыбритания	Үндістан	Сингапур
1	ЖІӨ-дегі шағын бизнестің үлесі, %	52	51,6	57	52	6,9	53
2	Жалпы жұмысбастылықтағы шағын бизнестің үлесі, %	50,1	69,5	69,3	55,4	4,5	62,3
3	Жалпы кәсіпорындардағы шағын бизнестің үлесі, %	97,6	99,2	99,3	99,1	89,2	98,5

Жоғарыда келтірілген деректер әрбір елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі шағын кәсіпкерліктің іргелі рөлін көрсетеді, өйткені шағын кәсіпкерлік секторында кәсіпорындардың басым көпшілігі жұмыс істейді, экономикалық белсенді халықтың көп бөлігі шоғырланған және ЖІӨ-нің жартысына жуығы өндіріледі.

Бүгінде шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсететін мемлекеттік мекемелердің барлық деңгейлеріндегі байланыстар шет елдердегі шағын кәсіпорындарды қалай қолдау керектігі, ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін ұлғайту жөніндегі шаралар және шағын және орта кәсіпорындардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге қосқан үлесі туралы түсініктерін едәуір кеңейтті. Нарықтық экономикасы бар елдерде шағын және орта кәсіпорындарды қолдауды мемлекет бірқатар облыстарда қамтамасыз етеді. Капиталистік елдерде ШОБ-тың қазіргі жағдайы төменнен пайда болған эволюция процесінің нәтижесі болды. Салыстырмалы түрде жақында ғана мемлекет экономиканы дамыту үшін шағын және орта кәсіпорындардың маңыздылығы мен қажеттілігін түсініп, оларға ықпал ету жолдарын іздеуге кірісті. Бұл ретте шағын және орта кәсіпорындар барлық деңгейлерде — ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде билікпен тұрақты өзара үйлесімді жұмыс істеуі қажет.

Жапония. Шағын және орта бизнес экономиканың маңызды элементі болып табылатын Жапониядағы ШОБ-ты мемлекеттік қолдау тәжірибесі зерттеуге белгілі бір қызығушылық тудырады. ШОБ-ты қолдау мен дамытудың бүкіл жапондық инфрақұрылымын басқаруды Жапония Үкіметінің ШОБ саласындағы жаһандық стратегиясын жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпорындар жөніндегі мемлекеттік агенттік (SMEA) жүзеге асырады. Бұл құрылым бірқатар ірі жеке және мемлекеттік ұйымдармен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен белсенді түрде

ынтымақтасады, олардың арасында Жапониядағы ШОБ инновациялары мен дамуы жөніндегі ұйым (SMRJ) шешуші рөл атқарады. SMRJ құрамына төрт технологиялық парк, бизнес-инкубаторлар, тоғыз технологияны жетілдіру және ШОБ басқару институттары кіреді. Жапония билігі ШОБ дамуы мен өсуі үшін қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударады. Жапония J-Net21 жүйесін кеңінен қолданады, ол ШОБ-тың дамуы мен жағдайын үнемі бақылауды қамтамасыз етеді. Жүйелік деректер негізінде зерттеулер жүргізіледі, мемлекеттің ықпал ету және реттеу шараларының барлық кешенінің тиімділігі талданады және бағаланады.

Жапония Үкіметінде шағын бизнесті қолдау Жапонияның сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігінің құрамына кіретін шағын бизнесті басқару арқылы жүзеге асырылады. Билік органдары орталықта және жергілікті жерлерде кредиттер, кредиттер бойынша кепілдіктер беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлауға көмек көрсету және ШОБ субъектілерінің шаруашылық қызметін жүргізу үшін қажетті ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы жаңа және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорындарды құруға және дамытуға жан-жақты жәрдем көрсетеді. Жапониядағы шағын бизнесті дамытудың мемлекеттік корпорациясы елдің шағын және орта кәсіпорындарына материалдық көмек көрсетуде де маңызды рөл атқарады, бұл мемлекеттік құрылым шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кәсіпорындардың айналым капиталын және негізгі капиталын жеңілдікті шарттармен ұлғайту мақсатында ұзақ мерзімді (бір жыл және одан да көп мерзімге) кредиттер береді.

Сонымен қатар, Жапонияда жекелеген өңірлердің экономикасын дамыту және кәсіпорындар арасындағы өнеркәсіптік және технологиялық ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін жаңа ШОБ құруға үнемі назар аударылады. Жапония Ұлттық қаржы корпорациясының қызметі шағын және шағын кәсіпорындарға несиелік беруге бағытталған. Бүкіл елде орналасқан сауда-өнеркәсіп палаталарының кең желісін қолдана отырып, корпорация жыл сайын шамамен 500 миллиард иенге несиелік береді.

Soko-Chukin Банкі-Жапония Үкіметі шағын және орта бизнестің кооперативтік бірлестіктеріне қаржылық көмек көрсету, сондай-ақ осындай кооперативтер құрған ұйымдарға көмек көрсету мақсатында құрған мамандандырылған несиелік және қаржылық мекеме. Мемлекет қосымша мемлекеттік несиелік жүйесі арқылы шағын және орта бизнеске берілген несиелерді сақтандыруға кепілдік береді.

Шағын және орта кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бақылау мақсатында ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді қолданудағы жапондық озық тәжірибе Қазақстан үшін өте қажет және өзекті болуы мүмкін. Бүгінгі таңда Жапония барлық деңгейлерде және барлық бағыттарда шағын және орта бизнесті қолдаудың әмбебап жүйесін әзірледі, енгізді және өте сәтті қолданады.

Қытай. Қытайдың шағын бизнесті қолдау тәжірибесі де қызықты. Шағын және орта бизнесті белсенді қолдау және ілгерілету Қытай үкіметінің басымдықтарының бірі болып табылады. Қытайдағы барлық шағын және орта кәсіпорындарды басқару жүйесінде "ұжымдық басқару" бұрыннан қолданылып келеді, онда іс жүзінде бірыңғай басқару орталығы жоқ, бірақ салалық басқару

органдары құрылды және Қытайдың шағын және орта кәсіпорындарының сыртқы нарықтарына шығу мүмкіндіктерін келісетін арнайы орган бар — Қытайдағы шағын және орта кәсіпорындардың сыртқы ынтымақтастығын үйлестіру орталығы.

Сонымен қатар, ҚХР-ның барлық аймақтарында өз қызметін жүргізетін China SME Online (CSMEO) қоғамдық ақпараттық қызметі жұмыс істейді, оның қызметіне күн сайын 200 000-нан астам клиент жүгінеді. CSMEO ақпараттық желісі өз пайдаланушыларына қолданыстағы ережелердегі ағымдағы өзгерістер мен тенденциялар, жаңа реттеуші құжаттардың пайда болуы, қажетті жеткізілім көлемі және шетелдік және жергілікті нарықтардағы сұраныс туралы қазіргі уақытта ең өзекті ақпаратты ұсыну үшін құрылған. Желіде шағын бизнес өнімдері нарығының жай-күйі, ШОБ сегменті өндіретін ең сапалы өнімдердің сипаттамалары туралы ең толық және өзекті ақпарат көрсетіледі. CSMEO елдің әртүрлі аймақтары мен қалаларындағы шағын және орта бизнестегі бос жұмыс орындары туралы хабарлайды.

Еуропада шағын және орта бизнес инфрақұрылымын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Англияда консультациялық қызметтер көрсету және ғылыми-техникалық ақпарат беру бойынша кең желі жұмыс істейді (төмен ақыға немесе ақысыз). Онда келесі институттар ұсынылған:

- ✓ шағын фирмалардың қызметі;
- ✓ жергілікті агенттіктер;
- ✓ жұмыссыздарға бизнесті ұйымдастыруға көмектесетін еңбек орталықтары;
- ✓ бизнесті дамытуға жәрдемдесу жөніндегі бастамашыл топтар.

Франция мен Германияның жетекші еуропалық елдер ретіндегі мысалдарын да ескеру қажет. Францияда, көптеген басқа капиталистік елдердегідей, ұйымдар белсенді жұмыс істейді, олардың қызметі шағын және орта бизнесті қолдаумен тікелей байланысты. Олардың бірі-Франция үкіметінің қолдауымен құрылған кәсіпкерлік агенттігі (APCE). Агенттік шағын және орта бизнесті қолдаудың көптеген құралдарын ұсынады. Маңызды факторлардың бірі-кәсіпкерлік бойынша онлайн-кеңес алу мүмкіндігі: кәсіпкер банктермен несиелер мәселелері бойынша байланыса алады, сақтандыру компанияларымен кеңесіп, бухгалтер таба алады. Кәсіпорынды тіркеуге, жарғыға өзгерістер енгізуге немесе шаруашылық қызметті тоқтатуға қажетті құжаттардың онлайн-нысандарын интерактивті түрде толтыруға болады.

Экономика, өнеркәсіп және жұмыспен қамту министрлігі құрған NACRE бағдарламасына ерекше назар аудару керек. Бағдарлама белгілі бір жобаларға пайызсыз несиелер мен сараптамалық қолдау көрсетеді. Бұл негізінен компанияларды олардың қызметі басталғаннан кейінгі алғашқы үш жыл ішінде құруға немесе қалпына келтіруге бағытталған әлеуметтік жобалар.

Елдің экономикасы тұрғысынан дамымаған аудандарында жаңа бизнесін ашқан Франциядағы кәсіпкерлер әлеуметтік қорғау қорларына төлемдерден толық босату түрінде мемлекеттен ерекше жеңілдік алады. Германияда барлық ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер мемлекеттен 20 жыл ішінде өтеу мерзімімен 50 мың еуро мөлшерінде жеңілдікті кредиттер алуға мүмкіндігі бар.

АҚШ. Қазіргі уақытта шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау АҚШ-та 1953 жылы құрылған АҚШ Президенті жанындағы шағын бизнес Әкімшілігінің (Small Business Administration-SBA) тікелей қатысуымен тиімді жүзеге асырылады.

SBA келесі негізгі міндеттерді шешеді:

- ✓ шағын кәсіпорындарға қаржылық қолдау көрсетеді;
- ✓ мемлекеттік тапсырыстарды алуға жәрдемдеседі;
- ✓ жаңа кәсіпкерлік идеяларға сараптама жүргізеді;
- ✓ басқару саласында консалтингтік қызметтер және техникалық көмек көрсетеді.

Қазіргі қазақстандық бизнесті дамытудың басты проблемалары экономикалық саясаттың сипаты мен мазмұнына, оны мемлекеттің қолдауына тікелей байланысты. Экономистер шағын бизнеске қатысты мемлекеттің экономикалық саясатын іске асыруда бірнеше жүйелі проблемалардың болуы туралы жан-жақты және дәлелді тұжырымдар жасады. Шетелдік тәжірибе Қазақстан үшін шағын бизнесті қолдаудың мынадай маңызды элементтерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- ұйымдастырушылық, ақпараттық, құқықтық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді қамтитын қолдаудың институционалдық сипаты;

- мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың және қайырымдылық қорларының күш-жігерін біріктіру;

- қызмет саласының ерекшеліктерін (ғылымды қажетсінетін және экологиялық технологияларға ерекше назар аударылады), кәсіпкерлердің әлеуметтік мәртебесін (жастар, әйелдер, мүгедектер, зейнеткерлер үшін ерекше жеңілдіктер) және өңірді дамытуды (депрессиялық өңірлер үшін жеңілдіктер) ескере отырып, салық салуды саралау;

- өнеркәсіптік аймақтар ірі және шағын бизнестің ынтымақтастық саласы ретінде;

- шағын бизнесті ынталандырудың жанама нысандарының пайдасына субсидиялардан бас тарту.

- тест тапсырмаларының педагогикалық дұрыстығы (тапсырмалар оқу бағдарламасының (білім беру стандартының) талаптарына сәйкес келуі, білім алушылардың белгілі бір білім деңгейіне есептелуі, қиындықтары бойынша өзгермелі және оңтайлы болуы тиіс) [2, 726].

ҰБТ-ға дайындық – бұл өте күрделі процесс. Онда көп нәрсе мұғалімге және оқыту әдістемесіне байланысты. Информатика мұғалімдерінің алдында міндет тұр: оқушыларға берік пәндік білім беру, белгілі бір әмбебап жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар оларды белгілі бір құрылым – емтихан сынағы түрінде бақылау формасына дайындау.

Емтихан мектеп информатикасының бүкіл курсы бойынша материалды тексереді: бағдарлама жаза білу, математикалық логика негіздерін білу, ақпаратты кодтау принциптері, санау жүйелері, ақпараттық технологиялар негіздері. Тапсырмалар тәжірибеге бағытталған.

Тест тапсырмаларының типтік конструкцияларын біле отырып, ҰБТ тапсырарда оқушы тест тапсырмаларының нұсқауларын түсінуге уақыт жұмсамайды. Бұл оған тапсырманың мазмұнына және сұраққа жауап дайындауға назар аударуға мүмкіндік береді. Негізгі мектептен жауап бланкілерін толтыруға, белгіленген уақыт жағдайында жұмыс істеуге, әртүрлі нысандағы тапсырмаларға жауап дайындауға қойылатын талаптарды пысықтай отырып, мұғалімдер түлектердің информатика пәні бойынша емтихан жұмыстарын орындаудағы табыстылығын едәуір арттыра алады.

Жұмыстың келесі аспектісі – пән бойынша тесттің сипаттамасы. Спецификация – оқу пәні бойынша тесттің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын құжат. Спецификация тесттің мақсатын сипаттайды, тапсырмалардың мазмұны, қызмет түрлері және қиындық деңгейі бойынша бөлінуін белгілейді, жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау жүйесін бекітеді, тақырыптық бақылау нәтижелерін жүргізу және тексеру шарттарын белгілейді [4].

Тақырыптық тесттердің мақсаты. Тақырыптық тесттер оқушылардың бағдарламаның белгілі бір бөлімдерін меңгеру деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Мазмұнды іріктеу тәсілдері, тақырыптық тест құрылымын әзірлеу. Тестте тексерілетін мазмұнды таңдау негізгі білім беру бағдарламаларының мазмұнының міндетті минимумына және информатика бойынша негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында тіркелген түлектердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Тесттер курстың тақырыптық бөлімдерінің мазмұнын тексеретін тапсырмаларды қамтиды. Біздің жұмысымызда бұл информатика курсындағы «ақпараттық процестер мен жүйелер» бөлімін қамтитын тест түрі болуы маңызды. Төменде 1-сызбада көрсетілгендей 2023 жылы ҰБТ-да барлығы 35 сұрақтың ішінен 7 сұрақ осы бөлімнен келеді. «Ақпараттық процестер мен жүйелер» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады [4]:

- 1) реляциялық деректер қоры;
- 2) мәліметтер қорын құру;
- 3) құрылымдалған сұраныстар;
- 4) ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер.

1-сызба. Информатика пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест жоспары (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

№	Бөлім	Саны
01	Компьютерлік жүйелер	4
02	Ақпараттық процестер	9
03	Компьютерлік ойлау	7
04	Аппараттық және программалық қамтамасыз ету	1
05	Ақпараттық процестер мен жүйелер	7
06	Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	7
		35

Тест тапсырмаларын іскерлік түрлері мен іс-әрекет әдістері бойынша бөлу. Тест жұмысы әр түрлі деңгейдегі оқушылардың білімі мен дағдыларын игеруді тексеруді қарастырады: білімді жаңғырту, өзгертілген және жаңа жағдайларда білім мен дағдыларды қолдану.

Білімді таныс жағдайда қолдану терминдерді қолдану, ақпараттарды анықтау, салыстыру, жіктеу дағдыларын игеруді қамтиды.

Білімді өзгертілген және (немесе) жаңа жағдайда қолдану оқушылардың себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жүргізу, білімді жүйелеу және интеграциялау, жалпылау, қорытынды жасау қабілеттерін пайдалануды көздейді [5].

Тест тапсырмаларын қиындық деңгейіне қарай бөлу. Тестілік тақырыптық жұмыста негізгі, орта және жоғары деңгейдегі тапсырмалар қолданылады. Базалық деңгейдегі тапсырмалар келіп түсетін ақпарат ағынында бағдарлау қабілетін қамтамасыз ететін ең төменгі деңгейде және көлемде бөлінген тақырыптардың неғұрлым маңызды мазмұнын игеруді тексереді. Орта деңгейдегі тапсырмаларды орындау үшін информатикадан білім беруді сәтті жалғастыру және информатика саласында одан әрі мамандандыру үшін қажетті ең аз мазмұнмен бөлінген тақырыптардың барлық мазмұнын меңгеру қажет. Жоғары деңгейдегі тапсырмалар білім мен дағдыларды шығармашылық қолдану қабілетін қамтамасыз ететін деңгейде минималды мазмұнмен бөлінген тақырыптардың барлық мазмұнын игеруді білдіреді [5].

Ең соңында тестті бағалау жұмысы орын алады. Түріне және қиындығына байланысты тест жұмысындағы тапсырмалар әртүрлі балл санымен бағаланады.

Айтылған ақпараттарды сараптай келе, ең бірінші оқушылар ҰБТ-да тест тапсыру ережесімен және бөлім бойынша ұқсас тесттік тапсырмалармен жіті танысуы керек. Ол уақытты үнемдеп, тест тапсырмасының мазмұнын түсінуіне көп уақыт кетірмей, тапсырманың шешімін тез табуына септігін тигізеді. Бұл орайда арнайы ҰБТ спецификациясына сәйкес тест жұмыстарын дайындық барысында жиі пайдалану ҰБТ-дан жоғары балл алуына кепілдік бере алады. Сонымен қатар, бөлім бойынша әрбір тест жұмысын бағалау аяқталған соң мұғалім тапсырмаларды оқушыларға ашып түсіндіргені абзал. Себебі тест жұмысы болғандықтан кездейсоқ дұрыс жауап берілген жағдайлар оқушылар арасында орын алып жатады.

Қорытындылай келе, ҰБТ спецификациясына сәйкес бөлім бойынша әзірленген тесттер информатика мұғалімдеріне пән бойынша білімге тақырыптық бақылау жүргізу және оқушыларды емтиханға дайындау үшін де, оқушыларға да – тақырыптық білімді өз бетінше бағалау және информатика пәні бойынша емтиханға дайындық үшін пайдалы болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Боранбаева А. Ұлттық біріңғай тестілеу – заман талабы // Білімдегі жаңалықтар. – 2004. – № 2.
2. Уразова П. Б. Тестілеу жүйесі – сапалы білім кепілі. Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия физико-математическая. № 6. 2014. 69-72 б.

3. Чельшкова М.Б. Теория и практика конструирования педагогических тестов: учеб. пособие. М.: Логос, 2002. 432 с.

4. Спецификация теста по предмету информатика для Единого национального тестирования (для использования с 2023 года). <http://www.testcenter.kz/upload/iblock/2c4/Informatika-rus.pdf>

5. Ликсина Е.В., Смирнова А.А. Технологические аспекты разработки программы-тренажера для подготовки будущих абитуриентов к ЕГЭ по информатике и ИКТ. Международная научно-практическая конференция. Пензенский государственный технологический университет. 2015 <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=24874770>

УДК 004.652

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ПРИМЕНЕНИИ БАЗ ДАННЫХ

Нуржанов Б.Е.*

Научный руководитель: Жантасова Ж.З., к.т.н.,

ассоциированный профессор

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова

г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: n_bolatov@mail.ru

Компьютеризация человечества выступает главной сферой автоматизирования промышленной, управленческой и научной работы, где обязательны сохранение, обработка, получение, передача и сбор в единое целое всей информации. Автоматизирование на персональных компьютерах изменяет стандарты переработки данных, придавая слаженную работу промышленности и организаций на базе более новейшей информационной технологии. Применение персонального компьютера в виде механизма обработки информации в разных областях человеческой деятельности повышает информационную культуру общества, способствуя без осложнений перейти к информационному обществу, где информация является самым ценным материалом наравне с финансовыми, энергетическими и другими ресурсами. В нужное время полученная, правильно обработанная и четко представленная информация зачастую увеличивает эффективность принимаемых решений и, следовательно, их результат. Автоматизированные информационные системы (АИС), в основу которых положены базы данных, появились в 60-х годах 20 века первоначально в военной промышленности, а затем перешли в бизнес — туда, где были накоплены большие объемы исходных данных. Первым базам данных нашли применение в химии, ядерной физике, космонавтике и остальных науках, которые требуют систематического подхода к работе с информацией. Последующая эволюция компьютеризации и компьютерных характеристик привело человечество к тому, что базы данных оказались в разработке фактически во всех областях занятости человека, и стали повседневно использоваться в разных экономических объектах: от сельского хозяйства до финансовых систем. Последними нововведениями применения баз данных стала всемирная сеть интернет, которая по всей сути

является самой крупной и обширной базой данных. Вот несколько примеров приложений нового поколения, которые определяют потребности в новых средствах разработки баз данных и возможностях их применения в современном мире.

В настоящее время большинство баз данных попадают в одну из двух категорий: системы управления реляционными базами данных или РСУБД (RDBMS) и более новые неструктурированные и/или специальные прикладные базы данных. Первая существует с 1970-х годов и состоит из связанных таблиц, которые, в свою очередь, состоят из строк и столбцов. Управление реляционными базами данных осуществляется с помощью языка структурированных запросов (SQL), де-факто стандартного языка для выполнения функций создания, чтения, обновления и удаления (CRUD).

РСУБД является доминирующим типом базы данных для корпоративных вычислений, а ее язык SQL является стандартом для общения с базами данных. Согласно недавнему опросу, проведенному ScaleGrid.io, РСУБД на основе SQL по-прежнему составляют 60,5% развертываемых баз данных. Фактически, эта неизменная популярность языка SQL привела к появлению предложений для работы с большими данными, таких как SQL-on-Hadoop и Apache Hive, которые используют этот язык, и это лишь некоторые из них.

Появление облачных технологий привело к горизонтальному масштабированию возможностей обработки данных, как никогда раньше, как раз вовремя, чтобы поддержать стремительный рост производства как структурированных, так и неструктурированных данных, вызванных Интернетом. По мере того, как последние приобретали известность, некоторые утверждали, что нужна новая парадигма базы данных. Так родился NoSQL — широкая категория, которая сегодня включает все базы данных, кроме тех, которые используют SQL в качестве основного языка. Поскольку к базам данных NoSQL не предъявляются требования к схемам или структуре, они идеально подходят для современных программных сред, использующих наборы инструментов DevOps и конвейеры CI/CD.

По данным Expert Market Research, мировой рынок систем управления базами данных (СУБД) оценивается почти в 63,1 млрд долларов США в 2020 году и, по прогнозам, достигнет 125,6 млрд долларов США к 2026 году, увеличившись в среднем на 12,4% за этот период.

Остановимся на современных решениях в области баз данных. Snowflake — это хранилище аналитических данных, предоставляемое как программное обеспечение как услуга (SaaS). Хранилище данных Snowflake использует новый механизм базы данных SQL с уникальной архитектурой, разработанной для облака. Для пользователя Snowflake во многом похож на другие корпоративные хранилища данных, но содержит дополнительные функции и уникальные возможности. Snowflake — это готовое решение для управления инженерными и научными данными, хранилищами и озерами данных, а также для создания приложений данных, включая совместное использование данных внутри компании и за ее пределами. Snowflake предоставляет единую платформу, которая обеспечивает безопасную интеграцию, управление и совместную работу в рамках

различных рабочих нагрузок. Он также масштабируется вместе с вашим бизнесом и может беспрепятственно работать в нескольких облаках.

Amazon Redshift — это полностью управляемая облачная служба хранения данных объемом в петабайты. Amazon Redshift — это экономичное решение для:

- выполнения высокопроизводительных запросов для улучшения бизнес-аналитики .
- генерации оперативной аналитики событий, приложений и систем в режиме реального времени.
- безопасного обмена данными внутри и за пределами организации.
- создания прогнозной аналитики данных в хранилище данных.

PostgreSQL, обычно называемая Postgres, представляет собой бесплатную систему управления объектно-реляционными базами данных (ORDBMS) с открытым исходным кодом, в которой особое внимание уделяется соответствию стандартам и расширяемости. PostgreSQL заработал прочную репутацию благодаря своей проверенной архитектуре, надежности, целостности данных, надежному набору функций, расширяемости и приверженности сообщества открытого исходного кода, стоящего за программным обеспечением, для последовательного предоставления производительных и инновационных решений. База данных PostgreSQL имеет много преимуществ:

- Пользовательские функции на множестве языков;
- Широкий набор типов данных и возможность создания новых типов;
- Надежный контроль доступа, аутентификация и управление привилегиями;
- Поддержка представлений и материализованных представлений.

MySQL также является бесплатной СУБД с открытым исходным кодом. MySQL работает практически на всех платформах, включая Windows, UNIX и Linux. Популярная модель базы данных, используемая во всем мире, MySQL предлагает множество преимуществ:

- Ведущая в отрасли защита данных;
- Гибкость по запросу, которая позволяет использовать склад меньшего размера или большой;
- Отдельный механизм хранения, обеспечивающий высокую производительность;
- Круглосуточная безотказная работа с рядом решений высокой доступности;
- Полная поддержка сделок.

Microsoft SQL-сервер - это база данных СУБД, которая поддерживает широкий спектр аналитических приложений в корпоративных ИТ, обработке транзакций и бизнес-аналитике.

Организации могут внедрить Microsoft SQL Server локально или в облаке, в зависимости от структурных потребностей. Он также может работать в системах Windows, Linux или Docker. Многие приложения и программное обеспечение Microsoft, входящие в набор инструментов Microsoft, хорошо интегрируются с Microsoft SQL Server.

Существует несколько современных тенденций в использовании баз данных, некоторые из наиболее заметных включают:

1) Облачные базы данных: Облачные базы данных становятся все более популярными благодаря их масштабируемости, надежности и низкой стоимости эксплуатации. Многие организации отходят от традиционных локальных баз данных и внедряют облачные базы данных для своих критически важных для бизнеса приложений.

2) Базы данных NoSQL: базы данных NoSQL приобрели популярность в последние годы благодаря своей способности обрабатывать большие объемы неструктурированных данных, таких как документы, изображения и видео. Базы данных NoSQL часто используются в приложениях, требующих обработки и анализа данных в режиме реального времени, таких как онлайн-игры и социальные сети.

3) Графические базы данных: Графические базы данных используются для хранения взаимосвязей между данными и управления ими, что делает их хорошо подходящими для приложений, которые предполагают сложные взаимосвязи, таких как системы рекомендаций и социальные сети.

4) Базы данных NewSQL: базы данных NewSQL стремятся объединить лучшие возможности традиционных реляционных баз данных и баз данных NoSQL. Они обеспечивают масштабируемость и гибкость баз данных NoSQL при сохранении надежности и согласованности реляционных баз данных.

5) Многомодельные базы данных: Многомодельные базы данных позволяют организациям хранить несколько типов данных, таких как документы, графики и пары ключ-значение, и управлять ими в единой системе баз данных. Это облегчает организациям интеграцию различных источников данных и выполнение сложного анализа данных.

В целом, тенденции использования баз данных направлены на создание более гибких, масштабируемых и универсальных систем, которые могут обрабатывать большие объемы разнообразных данных и поддерживать современные приложения. Независимо от типа или разновидности базы данных будут продолжать функционировать как стержень современных интернет-приложений, обеспечивая надежную и эффективную обработку и хранение больших объемов данных.

В общем, наборы данных, которыми нельзя управлять с помощью традиционных электронных таблиц, идеально подходят для СУБД. А с постоянно растущим спросом на базы данных, поддерживающие специализированные варианты использования, такие как временные ряды и геопространственные приложения, вы можете ожидать увидеть множество новых функций как новых, так и традиционных предложений СУБД на ближайшем горизонте.

Список использованной литературы

1. <https://www.datamation.com/big-data/current-database-trends/>
2. https://gb.ru/posts/databases_trends
3. <https://www.evkoval.org/referaty/napravleniya-i-tendentsii-razvitiya-baz-dannyih-osnovyi-proektirovaniya-baz-dannyih>
4. <https://habr.com/ru/post/533880/>

5. <https://highervista.medium.com/trends-in-database-technology-and-database-security-part-1-b1600b1d491e>

ӘОЖ 37.017.922

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» МӘСЕЛЕСІ

Нұртай А.Н., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс докторанты

Ғылыми жетекшісі: Тымболова А.О., ф.ғ.д., профессор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: aroka98@mail.ru

«Хакімдер – болмыс құбылысы мен себебін анықтап, адамзатты түзу жолға салушылар»

Ғ. Есім

Қазақ әдебиетінде, тарихында Абайдың рухани танымы, рухани әлемі жоғары бағаланады. Абайды хакім деп бағалап, қазақ арасында бір ғасырда бір рет дүниеге келетін тұлға деп танылады. Абайдың хакімдігі өлеңдері мен қарасөздерінен бағаланып, «толық адам» ілімі негізінде сараланған болатын.

Мағжан «Алтын хакім Абайға» деп өлең жазғанда, бұл ұғымды аспаннан алған жоқ, ол қазақ халқының ойлау менталитетінен, бұл ұғымның баршама жртқа түсінікті болғаны үшін алған. Хакім деген Абайдың заманындағы ел аузындағы түсінікте ақыл-ойдың аса үздік дара адамына қатысты айтылған. Қазақтар: Ұлықпан хакім, Платон хакім, Аристотель хакімдерді білген. Екіншіден, Абайдың өзі «хакім» деген ұғымды тек қолданып қоймай, оны байытқан. Ол отыз сегізінші сөзінде: «хакім дегендер әрбір істің себебін іздеушілер» дейді де, Сократты хакім деп атаған [1, 3].

«Дүниеге бой алдыру» - дегеніміз адамның пендешілігі. Өмір болған соң, оның ағысына түспейтін жан болмақ емес. Өмір сүру үшін кресте адам не түрлі іске барып, әртекті харекеттер жасап, оның салдары жақсылыққа да, жамандыққа да бастайды. Бой алдырып алған жанның дертті болары да хақ [2, 11], - деп зерттеуші Абайдың мына өлеңін келтіреді:

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма, айтындаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған [3, 75], - деп осынау бір шумақты талдайды. Зерттеушінің пікірінше, артына сөз қалдыратын күнсіз періште емес, пенде екенін айтып, дүние дертіне өзі бой алдырмаған болса, дүние жайындағы түсініктері қалай қалыптасатынын айтады. Сонда, надан адамның қайғысыз болатынын айтып, өмірдің сүрудің мәні рақат өмір кешуден бұрын, ғұмыр жайында терең ойлану, ойға түсу екенін жеткізеді. Сонымен қатар, Абайдың өлімге қимайтыны артына сөз қалдырған хакімдер екенін көреміз. Сондай-ақ, зерттеуші Ғ.Есім Абай философиясын зерттей келе, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деген сөзін ренессанстық тұлғасын анықтаудағы тезис екенін айтады. Осы биік ойды,

яғни адамзатқа ортақ мүддені насихат етеін идеяны, ғұлама, данышпандардың бәрі айтқан. Сондықтан бұл Абайдың жанашылдығы немесе ойға, идеяға оның авторлығы емес, Ренессанстық ойлау кеңістігіне көтерілуі. Сондықтан Абай сияқты тұлғалар тек ұлттың ойлау кеңістігінде ғана қалып қоятын ойшыл емес, ол ренессанстық тұлға. Ренессанстық деген биік ой, идеяларға тыныс, тіршілік беріп тұратын, заман немесе сол заманның даналарына қатысты айтылатын түсінік. Абайды біз осы мәнде Ренессанстық тұлға дейміз. Ренессанс деген әлемдік ойдың жаңғыру өрісі [4, 15]. Сонымен қатар, Ғ.Есім «Хакім Абай» еңбегінде [5] мынадай пікірлерді келтіреді: «...Ақыл табылмай тұрып ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шындалмайды. Ар-намыссыз азамат, өзгелердің көсегесі түгілі, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл» [5, 68], - деп ар-намыс жайын қозғап өтеді. «Әуелі мал тап!»... Әйтпесе, «...Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?» Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен» [5, 89], - дейді. «...Халық түзелу үшін әркім жеке-жеке өзін-өзі түзеуі керек. Ол үшін «қуанбасқа қуанып, ұялмасқа ұялатынын» қоюы керек. Одан арылтатын жалғыз дауа - еңбек» [5, 96], - деп Абай философиясындағы терең ойлардың басын ашып көрсетеді. Сондай-ақ, Абай шығармаларындағы еңбек тақырыбын зерттеген О.Жәлел де еңбектенудің, еңбектену арқылы бай болу жайын қозғайды. Қалайда болса, харекет етіп, байлық жолына түсу керектігін, бай адамның руханиятты қолдаудағы қызметтерін де атап өтеді [6].

Сонымен, зерттеуші Ғ.Есім Абайды XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде туылғаны тарихи қажеттілік деп атап, қазақтың танымын қалыптастыруда маңызы жоғары екенін айтады. Абайдың таным тұрғысынан жоғары рухани мұрасының бірі – «Толық адам» ілімі. Ендігі кезекте, ілім жайын қарастырсақ.

Абайтанушы М.Мырзахметовтің келтіруінше, Абайдың «Толық адам» іліміне дейін қазақ жерінде төрт түрлі ілім болған. Сонда «Толық адам» ілімінің бастау арналары сонау еретеді екенін көреміз. Ең біріншісі – Ақи ілімі. «Ақи ілімі немесе жомарттықтан жәуанмәртлік іліміне өтудің көпірі. «Ақи» сөзі көне түрік тіліндегі мағынасы жомарттық, дархандық» [7, 213], - деп Ер Тоңа сынды Тұранның ұлы қағанының өсиетінен соң жас толқын «Ақи ілімін» терең түсініп, кәсіппен айналысып, қайырымдылық жасау жолына түседі. Солай, ақилар ізгілікті, қайырымды әрекеттердің көзі ретінде қоғамда орныға түседі. Рухани ізгілік дәстүрі ретінде жәуанмәртлік ілімін, Әл-Фарабидің парасатты адам ілімі, Яссуаидің Хал ілімі және Абайдың «Толық адам» ілімі қалыптаспайтынын айтады. Екінші бастау негізі Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарынан» құралады. Парасатты адамның танымын, ойын анықтап, қоғамның саналы мүшелерінің өзін-өзі рухани тазартуға ұмтылған пенде ғана жете алатынын жеткізеді. Үшінші негіз Жәуанмәртлік ілімінің негізі Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі негізінде қалыптасқан. Шығармада жәуанмәртлік термині айтылмаса да, «Ақи», «Ерсик Тоңа» деген сөздер қолданыс тапқанын айта келе, жәуанмәртлік ілімінің төрт негізі ретінде ділет, ақыл, қанағат, дәулет деп анықтайды. Зерттеуші және былай дейді: ««Әсемпаз болма әрнеге» деп аталатын танымал өлеңінде ақыл, қайрат, әділет, шафқат жайлы ой толғанысының түп-төркіні «Құтты білік» дастанындағы төрт кейіпкерлің ой-танымдарымен үндесіп жатуы, елеулі түрдегі рухани бірліктен

тамыр тартып жатуы ғана жай құбылыс емес» [7, 217], - деп шығармалардағы ұқсастың негізі тереңде жатқанын көреміз. Сондай-ақ, Ғ.Есім Ж.Баласағұн шығармасындағы дәулетті анықтай келе, өмір сүрумен қатар, ақыреттің қамын ойлауға жасалған мүмкіндік дейді. Әрі дәулетті адамдарды иманы бар жан деп таниды [5, 220]. Төртінші бастау қазақ жерін XII ғасырлар шамасында өмір сүрген А.Яссауидің хәл ілімі екенін көреміз.

«Һу» алқасы құрылды,
Ей, дәруіштер, келіңдер!
Хақ сыпырасы жайылды,
Одан үлес алыңдар.
Қал ғылымын оқыппын,
Хәл ғылымға жетіппін.

Бәрінен де алыңдар! [7, 217], - деп Яссауидің сопылық бағытының негізін көреміз. Сондай-ақ, Ғ.Есімнің пікірінше, Яссауидің ілімі Аллаға ғашықтықтың философиядағы көрінісі екенін аңғарамыз. Сонымен қатар, Яссауи ілімінде адам еркі қозғалып, Алланың құдіретін тануда адамның еркін өзін тануда үлкен қызмет атқаратынын жеткізеді [2, 4]. Солай, Абайдың «Толық адам» ілімі қазақ жерінде өмір сүрген халықтардың мақсаты болғанын, Дешті Қыпшақтың даласында «адам болу, адамгершіліктің» маңызды екенін аңғарамыз.

М.Мырзахметов Абайдың толық адам жайындағы пікірлері қарасөздерінде көбірек кездесетінін айта отырып, былай дейді: «Ұлы ақын «адам болудың алғышарты неден басталады?» деген сұраққа: «Қашан бала ғылым, білім, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады»» [7, 221], - деп ғылым-білімнің маңыздылығын көреміз. «Толық адам» болмысына қарсы жарым адамдардың да барын көреміз. Олар ақыл мен қайратты қайырымдылық, ізгілік жолына жұмсауды емес, қиянат пен зұлымдыққа жұмсап, өзгеге зиян келтіру. Абайдың айтуынша, бұл жолдан құтылудың әрі сауығу ғылым, рахым мен әділетте жатыр. сондай-ақ, кәмалат ғазамат деп аталатын ұғым Абайдың 38-қарасөзінде Алланың жинақталған сегіз сипаты деп танылып, өмір, ғылым, құдірет, көру, есіту, қалау, болдыр, сөзді сипаттары анықталады. Сонда, М.Мырзахметовтің жеткізуінше: «Абайдың айтуынша, осы сегіз сипаттың кемелденіп толыққан жиынтығы ретіндегі кәмалат ғазаматтың ұшқындары аз да болса, оның пенделерінің бойында да болуы керек сипаттар» [7, 223], - дейді. Сондай-ақ, ақын әділеттілік пен рахымды, ғылымды жоғары көтеретінін байқаймыз. Осы негізден толық адамның ақылымен, білімімен, дәулетімен өзгелерге әділеттік жасап, шафағатымен жақсылық жасай алуы әрі тек ізгі істерде қызмет ету деп танылады. Толық адамның бір көрінісі мына өлең жолдарынан көрінеді:

Ғылымға ойы зерек-ті,
Ғылым оқып білгенше,

Тыным, тыныштық таппаты [3, 104], - деп ғылымды үйрену, оқу, іздену толық адамның бір сипаты екендігін аңғарамыз. Одан бөлек:

Тура сөзді жақтаған,
Бала айтса да хақ сөзді

Бұрылмастан тоқтаған [3, 106], - деп толық адамның бойында әділет, рақым, шыншылдық қасиеттердің болуы қажеттігін айтады. Сонымен қатар, Абай толық

адамға қарсы тағы бір ұғымды қояды. Ол – пенделіктің кәмалаттығы. Бұл екі ұғым бір-біріне табиғатынан қарсы. Бүгінгі өмірден қол үзіп, о дүниенің жолына түскен, адамның тіршілігіне, қоғамға пайдасы жоқ, үміті үзілген жандардың жолы екенін көреміз. Абай бұл туралы былай дейді: «пенделіктің кәмалаты әулиелік бірлан болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқталы, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді... Олай болғанда ол жұртта жоқ ғұмыр жоқ болса керек» [8, 152], - деуі арқылы дінге фанат сынды берілудің керек еместігін айтады. Осылай айта келіп, қоғам үшін хакімдердің маңыздылығын айтып, хакімдердің құндылығын түсіндіреді. Солай, толық адам ілімі ақыл ұғымына келіп тіреледі. «Абайдағы ақыл мен қайратты жүрек қалауымен жүргізіп, оларды үнемі ізгілікке қызмет жасайтын, толық адам бейнесін көреміз» [7, 231], - деп ұлы ойшылдың сонша жыл армандаған гуманистік идеясы ақыл, қайрат, жүректің байланысына негізделгенін аңғарамыз. Солай, толық адам ілімінің хронологиялық дамуын қарастырсақ. Ақын ең алғаш «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде осы тақырыпты көтереді. Яки толық адам болу үшін «бес асыл іс» пен «бес жаман істің» парқын айырып, асыл іске жақын болып, жамандықтан алыстау керектігін ұғынамыз. Толық адам үшін талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым керектігін айтады. Өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сынды қасиеттерден аулақ болуға шақырады. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға [3, 18], - деген жолдардан қайрат пен ақылды, әділет пен рақым мәселесін көтереді. Ақынның «толық адам» ілімі «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» деген өлеңінде жалғаса түседі:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жарыместі жақсы демек [3, 86], - ақыл, қайрат, жүректі бірге қарастыра отырып былай дейді:

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек [3, 86], - деп ақын 1888 жылы жазылған өлеңінде ғылымды қосады. Сонда ақынның дүниетанымы қалыптасып, ақыл, қайрат, жүрек, әділет, рақымға ғылымды қосып, адам баласының болмысы ғылым іздеуден танылатынын анықтап көрсетеді. Әрі ақынның өзі алғашқы қарасөзінде қолына қалам алуының себебі де ұрпаққа мұра қалдыру деп айтады. Сонда толық адамның бір болмысы ұрпағына мол мұра қалдыру деп ұғынамыз. Сонымен, ақын «толық адам» болмысын он жетінші, отыз сегізінші қарасөздерінде бекіте түседі. Солай, «толық адам» ілімінің кейінгі жастар үшін маңыздылығын көреміз.

«Қоғамның үштен бірі – отызға толмаған жастар. Тек сауатқа сәйкес қабілет, білімге сәйкес сана, жастыққа лайық жалын, жігер, жасампаздық болса...» [5, 223], - деп жастардың жігері мен жасампаздығын қалыптастыруда Абайдың «Толық адам» ілімінің маңызы жоғары екенін көреміз. Ыстық жүрек пен суық ақылды қайратпен бірге қолдану арқылы «толық адам» ілімін терең ашылатынын көреміз.

Қорытындылайтын болсақ, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында дүниеге келіп, Алланың берген еркін пайдаланып, жаратушыны, әлемді, адам болмысын тануда ғылымның маңызын терең түсінген Абайдың танымы қашанда маңызды. Ақынның «Толық адамы» ақыл, қайрат, жүректі ғылым арқылы бірлікте ұстаған жан екенін анықтаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Есім Ғ. Абайдың хакімдігі туралы. Ұлы дала мұрасы. - 2020. - №1. 4-14 б.
2. Есім Ғ. «Көп адам дүниеге бой алдырған». Абай. №1, 2008. 11-13 бб.
3. Абай. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар. Алматы: «Атамұра», 2020. – 288 бет.
4. Есім Ғ. АБАЙ туралы философиялық трактат. Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 83 бет.
5. Есім Ғ. Хакім Абай. Астана: Фолиант, 2012. – 400 бет.
6. Жәлел О. Харекет:Монография. Шымкент, «Дария» баспасы, 2018. – 415 бет.
7. Мырзахметұлы М. Абайтану. 10-том. Абайдың адамгершілік мұраттары. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. – 340 бет.
8. Абай. Қарасөздері. Алматы, Халықаралық Абай клубы, 2015. – 504 бет.

ӘОЖ 373.091.64:54

ХИМИЯНЫ ОҚУ КЕЗІНДЕ КӨП ДЕҢГЕЙЛІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Орынбекова А.Е.*

Ғылыми жетекші: Шаихова Б.К., п.ғ.к.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: orynbekova.00@bk.ru

Қазақстандағы білім беру аймағы өз дамуындағы жаңа деңгейге жетті деп есептеуге болады. Заманауи білімнің мақсаттық, бағалылық, функциональді және құзыреттілік және т.б. басқа да аумағындағы өзгерістер шынайы теңдестіруді және ғылыми- педагогикалық жолмен түсіндіруді талап етеді. Қоғамдағы болып жатқан бағдарлар мен өмірлік құндылықтардың белсенді түрлену үрдісі кеңінен көрініс табуда. Білім беру парадигмаларының жаңартылуымен, жаңартылған білім беру тұжырымдамасының пайда болуымен, мемлекеттің, қоғамның өзгерген талаптарымен және білім берудің жаңа мазмұнына оқушы тұлғасының әсеріне байланысты бұл өзгерістер білім беру жүйесінде негізгі өзгерістерді тағайындайды.

Тұлғаға бағытталған тәсіл идеяларын көрсететін оқыту технологияларының бірі-көп деңгейлі оқыту. Көп деңгейлі оқытуды анықтауға бірнеше тәсілдер бар. Біз осы технологияның келесі анықтамасын ұстанамыз.

Көп деңгейлі оқыту технологиясы-бұл оқу материалын меңгерудің әртүрлі деңгейі болжанатын оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясы, яғни бір оқу материалының тереңдігі мен күрделілігі а, б, с деңгейлерінің әр түрлі

топтарында ерекшеленеді, бұл әр оқушыға оқу материалын мектеп бағдарламасының жекелеген пәндері бойынша әр түрлі деңгейде (А, В, С), бірақ базалық деңгейден төмен емес, әр оқушының жеке басының қабілеттері мен жеке ерекшеліктеріне байланысты игеруге мүмкіндік береді.; бұл технология оқушының іс-әрекетін бағалау критерийі ретінде оның осы материалды игеруге, оны шығармашылық қолдануға деген күш-жігері қабылданады. Білім беру стандарттарында белгіленген тақырыптар оқытудың барлық деңгейлері үшін бірдей болып қала береді.

Мақсаты-әр түрлі деңгейлік оқыту технологиясы болып табылады меңгеру оқу материалын әр оқушының аймағында оның жақын даму негізінде ерекшеліктерін, оның жатты тәжірибе. Деңгейлік оқыту әр балаға өз білімін өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланатындай етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Деңгейлік саралау мұғалімнің назарын балалардың әртүрлі санаттарымен жұмыс істеуге аударуға мүмкіндік береді.

Біздің уақытымыз адам өмірінің барлық салаларында: материалдық өндірісте, қоғамдық қатынастарда, рухани мәдениетте терең өзгерістермен ерекшеленеді. Осы ғасырдың соңы мен келе жатқан ғасырдың басындағы үлкен міндеттерді бүгін мектеп партасына отырғандар шешеді. Осыған байланысты оқушылардың ойлау икемділігі, тапқырлық, жаңа сезім, таңдау сезімі сияқты қасиеттерін қалыптастыру мектептен талап етіледі. Мұндай белгілер ғылыми дүниетанымы бар адамға тән. Осыған сүйене отырып, қоғам мектептен оқушылардың ғылыми дүниетанымын тәрбиелеуді талап етеді деп санау керек. Сондықтан мектептегі химиялық білім беру тұжырымдамасы дәл осы мәселені шешуге бағытталуы керек.

Біздің заманымыздың объективті шындығы-оқытудың тиімді нысандары мен әдістерін қолдану қажеттілігі. Дәстүрлі әдістер көп жағдайда ескірген, оқу мотивациясын, ынтымақтастық пен мұғалім мен оқушылардың тиімді кері байланысын, оқу процесін тиімді басқару мүмкіндігін қамтамасыз ете алмайды.

Мектептің алдына қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін оқытудың жаңа әдістерін жетілдіру және табу, оқытудың тиімділігін арттыру құралдарына көп көңіл бөлу қажет.

Химияны оқыту процесінің маңызды буындарының бірі-оқушылардың танымдық белсенділігін жандандыру, олардың назарын, есте сақтау қабілетін, ойлауын, сөйлеуін дамыту, сонымен қатар пәнді оқуға деген қызығушылықты ынталандыру, мүмкін, жоғары деңгейдегі студенттердің мамандандырылған білімі аясында осы пәнді оқуға бағытталған профильді таңдау. Оқушылардың біздің айналамызда болып жатқан заттар мен құбылыстар туралы салыстырмалы-қарапайым, ғылыми-дұрыс идеялар мен түсініктердің қалыптасуына ықпал ететін ұйымдастырушылық формалардың, әдістер мен әдістемелік әдістердің дұрыс үйлесуі негізгі химиялық білімнің жүйелі қорын жинақтауды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде студенттерге қол жетімді көлемде ашатын жаңа ұғымдар, пікірлер мен тұжырымдар үшін негіз болады.

Қазіргі уақытта химияны оқытудың ең перспективалы және тиімді педагогикалық технологиясы білім берудің жеке тұлғаға бағытталған сипатына негізделген мектеп оқушыларын оқытудың көп деңгейлі технологиясы болып қала береді.

Химияны оқытудың көп деңгейлі технологиясын енгізу бағдарламасы. Технологияны енгізу бойынша жұмысты жоспарлау кезінде инновациялық идеялар жеке оқыту жүйелерін құрудан, білімді әлемді шығармашылық дамыту құралына айналдырудан, оқу процесінде ғылыми-зерттеу, шығармашылық, ізденіс қызметін қосудан тұрады.

Әрекеттер тізбегі. Оқу курсы жүйе ретінде ұсынудан бастау керек, яғни, мазмұнды бастапқы құрылымдауды жүргізу. Мазмұнның құрылымында басым негізгі білім беру идеялары, принциптері, ережелері көрсетілген кезде, химиялық білімді нақты таңдау оңайырақ болады (өйткені негізгі идеялар мен принциптер негізгі тіректердің рөлін атқарады, оқу материалдарын жалпылау, "орау" жүргізілетін бағдарлар), шамадан тыс жүктеме мен қайталануды жою мәселесін сәтті шешеді. Осы мақсатта мұғалім бүкіл курстың негізгі сызықтарын анықтайды, содан кейін әр сынып үшін әр сызық бойынша қарастырылған сызық бойынша идеялардың дамуын қамтамасыз ететін мазмұнды бөледі.

Келесі қадам-көп деңгейлі бағдарламаны құру. Ол кешенді дидактикалық мақсаттан және көп деңгейлі оқу сабақтарының жиынтығынан тұрады.

Көп деңгейлі бағдарламаны құру үшін үлкен тақырыпты немесе бөлімді таңдап, теориялық және практикалық бөліктерге бөліп, олардың көлеміне байланысты сағаттарды бөліп, бөлек зерттеу керек. Бұл тақырыптың (бөлімнің) бірінші, теориялық бөлігін тез, жинақы өтуге және тақырып (бөлім) туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Практикалық тапсырмалар негізгі деңгейде орындалады, бұл негізгі ұғымдарды, жалпы заңдарды жақсы игеруге мүмкіндік береді.

Тақырыпты (бөлімді) игерудің екінші кезеңі - оқушылардың жеке қабілеттерін практикалық деңгейде дамыту. Практикалық дағдыларды дамытудың алғашқы сабағында блок-схема беріледі, онда:

- базис (ұғымдар, заңдар, формулалар, қасиеттер, шама бірліктері және т. б.);
- оқушының бірінші деңгейдегі негізгі дағдылары;
- әр оқушының өз қалауы бойынша тәуелсіз дамуына негіз болатын жоғары деңгейге өту жолдары.

Практикалық бөлім деңгейлік бақылау жұмысымен аяқталады.

Көп деңгейлі оқыту әр сабақта және оның барлық кезеңдерінде көрінуі керек.

Егер бұл жаңа материалды ұсынудың сабақ сабағы болса, онда үш кезеңді бөліп көрсету керек:

- Білімнің негізгі негізгі мазмұны, пәннің теориялық мәні, негізгі ақпарат. Бұл кезеңнің дәстүрлі мағынасы-мұғалім дайын ақпаратты әртүрлі тәсілдермен жеткізеді, ал студенттер бұл ақпаратты қабылдайды, түсінеді және есте сақтайды (түсіндірме-иллюстрациялық кезең). Мысалы, "қышқылдар электролиттер сияқты" тақырыбындағы сабақта ол келесідей болады.

Жаңа материалды қабылдау және түсіну. Біз студенттерге үстелдерде орналасқан нұсқаулықтармен жұмыс жасау арқылы жаңа материалды зерттеуді ұсынамыз. Карточкалармен жұмыс жасай отырып, оқушылар дәптерлеріне жазбалар жасайды. (Жұмысты топтарда жүргізуге болады.)

Жол көрсеткіш-карточкасы

1. Сутегі иондарының болуымен анықталатын қасиеттер

Металдармен әрекеттесу.	Түтікке мырыштың бір бөлігін салыңыз да, қышқыл ерітіндісін құйыңыз.
Металл оксидтерімен әрекеттесу.	Көргендеріңіз туралы қорытынды жасаңыз және реакция теңдеулерін толық иондық және қысқартылған түрде жазыңыз.
Негіздермен өзара әрекеттесу.	Демо-тәжірибені талдаңыз, қорытынды жасаңыз және иондық реакция теңдеуін жазыңыз.
	Демо-тәжірибені талдаңыз, қорытынды жасаңыз және иондық реакция теңдеуін жазыңыз.

2. Қышқыл қалдықтарының болуымен анықталатын қасиеттер

Сапалы реакциялар.	<p>I қатар: барий сульфатының ерітіндісін күкірт қышқылының ерітіндісіне құйыңыз;</p> <p>II қатар: күміс нитратының ерітіндісін тұз қышқылының ерітіндісіне құйыңыз;</p> <p>III қатар: алюминий хлориді ерітіндісін ортофосфор қышқылының ерітіндісіне құйыңыз;</p> <p>Көргендеріңіз туралы қорытынды жасаңыз және реакция теңдеулерін толық иондық және қысқартылған түрде жазыңыз.</p>
--------------------	--

3. Қышқыл молекулаларының қасиеттеріне байланысты қасиеттер, мысалы, қышқылдың күші, молекуланың беріктігі, құбылмалылығы

Кальций карбонатының тұз қышқылымен әрекеттесуі.	Демо-тәжірибені талдаңыз, қорытынды жасаңыз және иондық реакция теңдеуін жазыңыз.
--	---

Бірінші кезеңде оқушыларға белгілі бір білімді игеру міндеті қойылды. Мұғалім осы кезеңде оқушылардың жұмысына жалпы бақылау жасайды, оларға жедел көмек көрсетеді және олардың әрекеттерін түзетеді.

Оқытудың эвристикалық (ішінара іздеу) әдісіне негізделген екінші кезеңде оқушыларды проблемаларды өз бетінше шешуге дайындаймыз. «Электролиттер сияқты қышқылдар» сабағына оралайық.

Жаңа материалды түсіну. Жолсілтеме карточкаларымен жұмыс жасай отырып, оқушылар карточканың әр бөлігі бойынша есеп (ұжымдық әңгіме) жасайды. Сонымен қатар, біз бүкіл сыныппен бірге ұсынылған есептерді талқылаймыз.

Қышқылдардың химиялық қасиеттерін талқылауды зертханалық және демонстрациялық тәжірибелермен толықтырамыз, әр тәжірибені түсіндіріп, талдаймыз.

Осы кезеңде алынған ақпарат жалпы көріністі неғұрлым тұтас етеді. Екінші кезеңнің (II деңгей) мақсаты — оқушылардың белгілі бір сабақта алған білімдерін мұғалімнің түсіндіруі кезінде ғана емес, сонымен қатар қосымша әдебиетке жүгінуді; өз білімдерін біріктіру дағдыларын қалыптастыру.

Үшінші кезеңде дамушы ақпарат ұсынылады, ал материал айтарлықтай тереңдей түседі. Ұсынылған тапсырмалар табиғатта зерттелуі керек.

Қорытынды:

1) әрбір бастапқы оқу материалын оның логикалық күрделілігінің әртүрлі деңгейлеріне дидактикалық түрде қайта өңдеуге болады;

2) бұл әр оқушыға материалдың кез-келген күрделілігін игеруге мүмкіндік береді;

3) материалдың деңгейлік орналасуы білім алушылардың математикалық қабілеттерін жетілдіре отырып, оны меңгеру үшін қиындық дәрежесі бойынша әртүрлі таным тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әбенбаев С. Педагогика: Оқу құралы / С. Әбенбаев, Ж. Әбиев. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б. 216 – 219 бб.

2. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – А : 2007.

3. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері / А. Мырзабайұлы. – Алматы: Білім, 2004. – 224 б.

4. Бабаев С.Б. Тұлғалық педагогика. Педагогикалық теория негіздері. Монография / С.Б. Бабаев. – Алматы, 2011. – 312 б.

5. Байжанова З.Т. Жалпы педагогика: Оқу құралы / З.Т. Байжанова. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 168 б.

6. Тантыбаева Б.С. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру / Б.С. Тантыбаева, Г.Ж. Шаматова // «Білімді ел». - 2017. - №3. - 24 қаңтар.

УДК 37

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН «БИОЛОГИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ СЫНИ ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫ ДАМУ

Сабитова К.Ж.

Ғылыми жетекші: Шарипханова А.С., б.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

XXI ғасырдың икемді дағдылары адам кәсіби мансабын бастамас бұрын қалыптасады. Бұл олардың дамуына мектеп те қатысуы керек дегенді білдіреді. Мұндай дағдылардың ішінде сыни және шығармашылық ойлау ерекше орын алады. Бұл екі дағды стандартты емес өмірлік жағдайларда тиімді әрекет етуге көмектеседі және функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі болып табылады [2].

Педагогикалық қызметімізде сыни және креативті ойлауды дамыту үшін келесі білім беру құрылымдарын қолданамын (әдістер, жаттығулар):

"Бұрыштар" білім беру құрылымы. Әдіс сыни ойлауды дамытуға бағытталған, бұл оқушыларға көзқарастар мен пікірлердің айырмашылығын бағалауға және қабылдауға үйренуге көмектеседі.

Мұғалім балаларға талқылау сұрағын ұсынады және әр бұрышқа балама жариялайды. Оқушыларға ойлануға, қабылдау және дәптерге жазу үшін аз уақыт беріледі. Әрі қарай, олар таңдалған бұрышқа жақындайды және мұғалім бір бұрыштағы оқушылар мен басқа бұрыштардағы қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастырады, осылайша олар өз таңдауының себептерімен бөліседі. Мысалы, "Жердегі тіршіліктің Даму гипотезасы" тақырыбын зерттеу кезінде бұрыштар "креационизм гипотезасы", "панспермия гипотезасы",

"стационарлық өмір жағдайының гипотезасы", "тіршіліктің өздігінен пайда болу гипотезасы", "биохимиялық эволюция гипотезасы" деп белгіленеді [3]. Талқылауға арналған сұрақ: "Сіз өмірдің пайда болу гипотезаларының қайсысын ең ықтимал деп санайсыз? Неліктен?" Бірнеше секунд ішінде оқушылар өздерінің таңдауының себебін бір-бірімен өз бұрыштарынан түсіндіреді, содан кейін басқа гипотезаны таңдаған топпен пікір алмасады.

"Қараңыз. Ойланыңыз. Сұраңыз" әдісі. Жаттығу сабақтың тақырыбын, қызығушылығын, бақылау дағдыларын үйренуге мотивацияны дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушыларға көрнекілік ұсынылады. Мысалы, "бактериялар патшалығы" тақырыбын оқығанда бірінші сабақта бактерияның микрографиясы ұсынылады. Содан кейін оқушыларға үш сұрақ қойылады: Сіз не көрдіңіз? Сіз бұл туралы не ойлайсыз? Бұл сізді не туралы ойландырады? (немесе сіз бұл туралы не білгіңіз келеді?). Әр сұраққа жауаптарды балалар жазады және келесі сұраққа өтпес бұрын талқылайды. Үшінші сұрақ бойынша балалардың пікірі "бұл туралы не білгіңіз келеді?" сабақтың міндеттерін қоюға ықпал етеді. Оқушылардың айқын жауаптары келесідей болды: "ол қайда тұрады?", "Олардың құрылымы қандай?", "Олар не жейді?", "Олар пайда немесе зиян келтіре ме?». Балалар тұжырымдаған сұрақтар- бұл Сабақтың міндеттері.

Келесі әдіс – крестик және нолик. Сыни және шығармашылық ойлауды дамытумен қатар, әдістеме зерттелген ұғымдарды, процестерді, құбылыстарды бекітуге мүмкіндік береді.

Жаттығуды орындау үшін сабақтың тақырыбына қатысты сөздер (сөз тіркестері), терминдер жазылған 9 карточка дайындау керек. Карточкаларды мұғалім немесе оқушылардың өздері дайындайды. Олар 3x3 форматында орналастырылған және нөмірленген. Әрі қарай әр бала тігінен, көлденеңінен немесе қиғашынан үш сөзді пайдаланып сөйлем құрайды. Маңызды шарт: сөздерді жай ғана үтірмен бөлуге болмайды, сөйлемдер күрделі, ортақ болуы керек. Бірақ бұл сөздердің сөйлемдегі грамматикалық формасы мен тәртібін сөзбен өзгертуге рұқсат етіледі. Балалар құрайтын сөйлемдердің санын мұғалім анықтайды. Мысалы, «Фотосинтез» тақырыбын оқу кезінде (9, 10-сыныптар) карточкалар нұсқасы ұсынылады. Оқушылар 5 сөйлем құрайды. Бұл әдісті емтиханға дайындық кезінде сабақтан тыс жұмыстарда да қолдануға болады. Сөйлемдерді құрастыру арқылы балалар биологиядан қорытынды мемлекеттік аттестацияда жоғары деңгейлі тапсырмаларда талап етілетін толық жауап беруге үйренеді.

«Дейін және кейін» білім беру құрылымы сыни тұрғыдан ойлауды дамытады, сонымен қатар оқушыларды жаңа ақпаратты қабылдауға ынталандырады.

Мұғалім сабақтың тақырыбы бойынша мәлімдемелер тізімін дайындайды (4-тен 10-ға дейін). Әр мәлімдемеде мүмкін болатын жауаптар көп емес, бір ғана жауап болуы керек. Дайындалған материалды оқу немесе қайталау алдында студенттер «Бұрын» бағанында бұл мәлімдемені ДҰРЫС немесе ЖАЛҒАН деп санайтынын (+\-) белгілейді.

Мысалы, «Дөңгелек құрттар түрі» (8-сынып) сабағына арналған мәлімдемелер тізімі берілген.

Бейнероликті көргеннен кейін (оқулық мәтінімен жұмыс, мұғалімнің түсіндірмелері) оқушылар "кейін"бағанында жауаптарын белгілей отырып, бірдей мәлімдемелер жиынтығымен жұмыс істейді. Олар жауаптарын өзгерткен тармақтар

талқыланады. Осы техниканы орындаудың соңында балаларда тақырып бойынша дұрыс ақпарат болуы үшін кестенің барлық жауаптарын талқылау маңызды.

"Фрейер Моделі" әдісі. Ойлауды дамытуға ғана емес, сонымен қатар оқушыларға жаңа ұғымдарды, процестерді, құбылыстарды тереңірек түсінуге көмектеседі, маңызды ақпаратты екінші ақпараттан бөлуге үйретеді.

"Мейоз және Митоз" тақырыбына арналған осы әдісті қарастырыңыз (9, 10 сынып). Орталық ромбта зерттелген "Мейоз" ұғымы жазылады. Бұл тұжырымдама: "Міндетті сипаттамалар" - мейоздың жасушаның бөлінуінің басқа әдістерінен ерекшеленетін тән белгілері;

"Қосымша сипаттамалар" - бұл тұжырымдамаға тән сипаттамалар, бірақ олардың болмауы Тұжырымдаманың сенімділігіне әсер етпейді (мейозға тән оқиғалар, бірақ міндетті емес). "Мысалдар" - бұл міндетті сипаттамаларды қамтитын заттар немесе құбылыстар (мысалдар, олардың негізінде жасушаның бөліну тәсілі мейоз болып табылады). "Қарама-қарсы мысалдар" бұл қосымша сипаттамаларды қамтитын нәрсе, оларды зерттелетін Тұжырымдаманың мысалдарына жатқызу жеткіліксіз (мейоздың негізі деп санау арқылы қателесуге болатын мысалдар).

Әр қабылдау көп дайындықты қажет етеді. Бірақ балалармен жұмыс жасай отырып, мұғалімнің өзі ойлауға, шығармашылыққа икемділік танытуы керек. Мұғалімнің өзі жеткізуге тырысатын нәрсеге қаншалықты құмар болады; оның өзі әр сабақтың құндылығын қаншалықты айқын көрсететіні соншалық, мұғалім өз оқушыларының жүрегінде резонанс тудырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Биология: Введение в общую биологию. 9 кл.: учебник / В.В.Пасечник, А.А.Каменский, Е.А.Криксунов, Г.Г.Швецов. – 5-е изд., стереотип. – М.: Дрофа, 2018. – 228.: ил.

2. Компетенции «4К»: формирование и оценка на уроке: Практические рекомендации / авт.-сост. М.А. Пинская, А.М. Михайлова. — М.: Корпорация «Российский учебник», 2019. — 76 с.

УДК 316.6

ИГРОМАНИЯ – КАК РАЗРУШЕНИЕ ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕКА

Сайлаубекова А.

Научный руководитель: Смаилова И.Е., к.ю.н.,

ассоциированный профессор

Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова

г. Усть-Каменогорск, Казахстан

e-mail: nartova.alina0202@mail.ru; Indikosha_A@mail.ru

Мания – это не о том, что ты делаешь, а о том, что ты НЕ делаешь из-за замещения этого привязанностью. [1]

Что такое игромания, и что предстоит знать людям, которые хотят подвергнуться этим слабостям?

Что именно представляет собой лудомания? Разберем!

Игромания разрушает жизнь человека так же быстро, как наркомания и алкоголизм. Человек зависимый игроманией, постепенно отдаляется от друзей, семьи, а также теряет интерес к работе. При всём этом у страдающего человека появляются и накапливаются денежные долги. Участие в том или ином варианте в деятельности таковых игровых центров – это способствование разрастанию данной проблемы. Всем, кто повелся на огромный доход, следует помнить о реальной уголовной ответственности. Ст. 307 Уголовный Кодекс РК.

Организация незаконного игорного бизнеса

1. Незаконное открытие либо содержание игорного заведения или незаконная организация деятельности в сфере игорного бизнеса, а равно предоставление помещений для незаконного игорного бизнеса либо организация и проведение азартных игр вне мест, установленных законодательством Республики Казахстан об игорном бизнесе, либо осуществление деятельности в сфере игорного бизнеса без лицензии – наказываются штрафом в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до шестисот часов, либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества.

2. Те же деяния, совершенные:

1) с использованием несовершеннолетнего или с его участием в азартных играх;

2) группой лиц по предварительному сговору;

3) с извлечением дохода в крупном размере;

4) лицом с использованием своего служебного положения, – наказываются штрафом в размере до пяти тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до одной тысячи двухсот часов, либо ограничением свободы на срок до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества.

Игромания, типичная болезнь 21 века.

Игромания встречается чаще у людей мужского пола. Чем же она вызвана? У каждого человека есть азарт, кто-то останавливается после неудачи, а у кого-то включается азарт, который поглощает мышление, а точнее разум.

Болезнь ли это? Да. Выявили что Игроманы, а точнее Лудоманы, психически больные люди, которые срочно нуждаются в лечении, иначе бывают огромные последствия, которые влекут за собой смерть, либо самоубийство.

Представим картину, в каждом городе есть лото, казино и так далее, где люди играют, делают ставки и выигрывают огромные суммы.

Молодой человек, который ни разу не ставил деньги на что-либо, поимел с вноса 100.000 тысяч, но, поставил всего лишь 1000, от этой суммы загораются глаза, и мысль одна «дальше больше». Но, в каждой такой истории есть момент, где твой разум поглощен.

Также, пример с игроманов, которые 24/7 играют в компьютерные игры. Вопрос, похожи ли они с теми, кто играет на деньги? Конечно, одна и та же психическая болезнь.

Человек не выходя из комнаты, играет в компьютерные игры, мозг полностью перестает понимать что вокруг есть реальность, мозг видит лишь виртуальность. Какие же у них последствия? Проблемы с глазами, нарушения речи и проблемы с видением.

Рассмотрим причины появления игромании у человека:

